

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

**ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК**

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі

Ақпарат және мұрағат
комитетінде

08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204 - Ж

Бас редактор
профессор Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
п.ғ.д., проф. Қожахметова К.Ж.

Редакциялық алқа

Тастемірова Л.Ө. - ф.ғ.к., доцент
Таубаева Ш.Т. -п.ғ.д., профессор;
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
м.а.

Қожакеева Л.Т. – т.ғ.к., доцент

Қалыш А.Б. – т.ғ.к., доцент

Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., доцент

Бурханова Ж.С. – т.ғ.к., доцент

Құсаинова Р.Т. – доцент

Жауапты редактор

педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент .

Б.Д.Жұмақаева

Редактор

тарих ғылымдарының кандидаты,
доцент м.а. **Р.Т.Айтбай**

© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99.
Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)
Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

№ 2 (5)

2010

МАЗМҰНЫ

Қожахметова К.Ж. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕ-
ТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
ТУРАЛЫ..... 6

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ТАРИХ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ ПРОФЕССОР,
КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ
КЕҢЕС НҮРПЕЙІСҰЛЫ НҮРПЕЙІСТІҢ
ТУҒАНЫНА 75 ЖЫЛ*

Аширбекова Ж.Б. ҒАЛЫМ САЛҒАН ЖОЛ..... 13

Бегімқұлова Ш. САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА АРНАҒАН ҒАЛЫМ 16

Бурханов Д.С., Қожакеева Л.Т. ДЖАДИДЫ И
НАЦИОНАЛЬНАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ
КАЗАХСТАНА КОНЦА XIX НАЧАЛА XX ВЕКОВ 18

Ахметова Ж. Қ. «АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ» ЖӘНЕ
АКАДЕМИК КЕҢЕС НҮРПЕЙІСҰЛЫНЫҢ
ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ КӨТЕРІЛГЕН ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕР..... 22

Тақабаетова Б.М. КЕҢЕС НҮРПЕЙІСТІҢ ӨМІРІ
МЕН ҚЫЗМЕТІ..... 26

*ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫ*

Тортаев С.Ә., Ғабжалилов Х.М. МОҢҒОЛ
ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ДУЛАТТАР.. 31

Саурықова Ж.С. ТАРИХ ТОРАБЫНДА ТАҢБАСЫ
ҚАЛҒАН - ТАРАЗ ШАҒАРЫ..... 34

*ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ*

Бегалиева А.А. Н. НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІН
ҚҰРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН
ЖОЛДАРЫ..... 37

Меңілібаев Ғ.А. XIX ҒАСЫРДАҒЫ КІШІ ЖҮЗДІҢ
РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ..... 42

Сайлан Б. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ
ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ
АШТЫҚПЕН КҮРЕСІ (1920-1925 жж.)..... 47

Туменова С. М. ДЕКАБРЬСКИЕ СОБЫТИЯ 1986
ГОДА..... 52

ЖАЛПЫ ТАРИХ

<i>Аймбетов Б.С.</i> II дүние жүзілік соғыстан кейінгі Жапонияның сыртқы саясаты.....	54
<i>Айтбай Р.Т.</i> XI-XV ғғ. Византияның мәдениеті.....	59
<i>Бисембаева Л.А.</i> Патрис Лумумбаның Африка халқының тарихындағы орны	63
<i>Ата-Мирзаев О.Б., Муртазаева Р.Х.</i> Современная демографическая ситуация Узбекистана и перспективы ее развития.....	67
<i>Сманова А.М.</i> Польшадағы 80 жылдардың соңындағы «дөңгелек стол» келіссөздері.....	79

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

<i>Жылқышыбаева Қ.Қ., Бижанова К.Қ.</i> «Жеті жарғы» және оның тарихи маңызы.....	82
<i>Исаева Ә.И.</i> Отандық ғалымдардың қазақ ою-өрнегіне қатысты ғылыми зерттеулері.....	88
<i>Қосдәулетова С.Қ.</i> Ұлт дәстүріндегі азаматтық қоғамның көріністері.....	92

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Қусайнова Р.Т.</i> Тарих сабағында оқушылардың өздік жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі.....	97
--	----

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

<i>Байганатов М.К.</i> Роль колесного транспорта на территории Евразии в древности и средневековье.....	101
<i>Басшыбаева А.</i> Әбубәкір диваевтың қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығына қатысты жазбалары.....	105
<i>Бекенова Г.М.</i> Қазақ халқының бала өсіру ғұрпы.....	110
<i>Досымова М.К.</i> Жамбыл облысының меркі ауданындағы мектептерде қазақ тілінің қолданылу аясы.....	113
<i>Ержанова А.М.</i> Мәдениеттің жаһандық трансформациясына бұқаралық коммуникацияның ықпалы.....	116
<i>Ешмуратова Г.В.</i> Исторический обзор возникновения и развития рыболовства в Аральском бассейне.....	120
<i>Ибадуллаева З.О.</i> Сүйек және оның этнографиялық мәні.....	124
<i>Калыш А. Б.</i> Этнокультурный облик населения Жетісу	129
<i>Картаева Т.Е.</i> Сырдың төменгі ағысы өңірі қазақтарының мифологиялық дүниетанымы.....	135
<i>Кенжетәева Г.Ж.</i> Қазақ халқының дәстүрлі киіз үй өңдеу кәсібі.....	144
<i>Қозғамбаева Г.Б.</i> Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының қалыптасу тарихы.....	148
<i>Маханова А.О.</i> Украиндардың революцияға дейінгі ақмола және Семей облыстарына қоныстануы.....	153
<i>Сүлейменова Л.А.</i> Меркі тұрғындарының мәдени өміріндегі этнотілдік үрдістері.....	157
<i>Таймагамбетов Ж.К.</i> Внедрение результатов государственной программы «культурное наследие» в научный и учебный процесс	160

МАГИСТРАТУРА

<i>Адамбаева М. С.</i> Бауыржан момышұлы туралы естеліктердің деректанулық маңызы.....	164
<i>Ахметова А.Ж.</i> Түркістан-Сібір темір жолы – қазақстандағы индустриаландырудың алғашқы қарлығашы.....	167

Әбілдашева Д.Ш. ИСЛАМ ДІНІНІҢ СЫР БОЙЫНДАҒЫ ТАРАЛУ ТАРИХЫ.....	170
Бөбекбай М. МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫ.....	172
Бөлекбаева А.А. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ БИЛЕР СОТЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ	175
Боранкул К.М. СЕМЕЙНҮЙ УКЛАД ЖИЗНИ УЗБЕКОВ КАЗАХСТАНА.....	179
Жарасхан А.Ж. КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ: ЗЕРТТЕУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.....	184
Жалмагамбетова Е.А. ЯСИР АРАФАТТЫҢ ПАЛЕСТИНАНЫ АЗАТ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ.....	188
Жолдасбаева Ж.А. ОТБАСЫНДАҒЫ ТУЫСҚАНДЫҚ БАЙЛАНЫСТАР.....	193
Кайдаулова Н.К. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ.....	198
Мұхтарова К.Т. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	202
Сахимова А.М. САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ НАУҚАНЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АҒАРТУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ	205

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ -ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Қожахметова К.Ж. –п.ғ.д. профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ-нің ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры)

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ғылыми-зерттеу жұмысын басқару және жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мақсатында 2001жылдың 17 қыркүйегінде (№119 бұйрық негізінде) ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы (ҒХББ) құрылған.

Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысы 33 кафедра, Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институты (ӘГҒЗИ), Іргелі ғылыми-зерттеу орталығы және 3 дербес ғылыми-зерттеу («Қазақ ұлттық мектебінің даму мәселелері», «Зерттеудің инновациялық әдістері» және «Өзін-өзі тану») зертханалары арқылы жүргізіледі.

Университетте 2006-2008 жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржыландыруымен білім саласын жетілдіруге маңызы зор – 17, (оның ішінде 5 іргелі, 9 қолданбалы және халықаралық ЮНИСЕФ, ЮНИФЕМ қорларының демеуімен 3 қолданбалы жоба) жүзеге асырылды.

Аталған ғылыми жобалар аясында орындалып, бүгінгі таңда ұлттық білім жүйесін дамытуға қосар үлесі зор біраз оқу құралдары, оқулықтар жарық көрді, олар:

- «Мәдени мұра бағдарламасы бойынша «Әлемнің әйгілі психологтары» сериясы бойынша 10 том;
- «Қазақ халқының тәлімдік ойлар Антологиясының» 6 томы;
- Жоғары педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған «Педагогика тарихы» оқулығы;
- «Гендерлік білім: теориясы мен практикасы» және «Гендерлік саясат» атты оқу құралдары;
- «Тәртібі қиын балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ұйымдастыру тұжырымдамасы».

2009-2011 жылдары аралығында 3 іргелі ғылыми зерттеу-жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Әлемдік педагогикалық ой-сана антологиясының» 8,9,10 томдарын біздің университеттің ғалымдары дайындауда.

Университеттің жаратылыстану факультетінің ғалымдары биотехнологияға байланысты зерттеулерді Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетімен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің химия факультетімен, Қазақ Ұлттық академиясының биология ғылыми-зерттеу институтымен, Қазақстан Республикасы ҰҒА Ә.Бектұров атындағы химия ғылымдары институтымен, ҒӨО «Фитохимия» институтымен бірігіп, ғылыми жоспар бойынша жұмыс атқаруда. Университеттің физика және экология кафедраларының ғалымдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық және Ұлттық аграрлық университетімен бірігіп зерттеулер жүргізуде.

Университеттің «Жалпы педагогика» кафедрасы (кафедра меңгерушісі пед.ғ.д., профессор А.Құсайынов) ауқымды деңгейде Халықаралық салыстырмалы педагогика қауымдастығымен, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетімен, Санкт-Петербург мемлекеттік университетімен байланыстар орнатып, іргелі және қолданбалы ғылыми жобалар аясында табысты жұмыс істеп келеді. Ал «Теориялық және практикалық психология» (каф.меңгерушісі – Х.Т.Шерьязданова) кафедрасы үнемі ізденіс үстінде болуының арқасында

бірнеше ірі ғылыми жобаларды абыроймен жүзеге асырды. Мысалы, Халықаралық денсаулық сақтау қорының филиалымен бірге «Арал аймағының экологиялық жағдайының балалардың психологиялық денсаулығына әсері», педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған «Өзін-өзі тану» пәнінің эксперименттік бағдарламасы, ал бүгінгі таңда кафедраның профессорлары мен оқытушылары Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетпен бірігіп қолданбалы жоба аясында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуде.

Ғалымдардың тынбай ізденулерінің арқасында университет 8 патентке ие болды. Сонымен қатар университетіміздің біраз ғалымдары (С. Қалиев, К.Қожахметова, А. Құсайынов, С. Жайлау, Р. Дәрменова, Қ. Ашекеева) республикалық үздік ғылыми еңбек сайысына қатысып, М.Әуезов, А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, К.Д.Ушинский атындағы сыйлықтардың иегерлері атанды.

Университет кадрлар даярлау жүйесінің екі сатылық жүйесіне көшіп, 2002 жылы 8 мамандық бойынша, ал 2009 жылы 19 мамандықтан магистр даярланатын болды. Сонымен қатар, республикада шешімін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі – «Хореография», «Кітапханатану және библиография», «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары бойынша ғылыми педагогикалық кадрлардың тапшылығына байланысты магистратура ашылмай келген. Мәселенің маңыздылығына байланысты, 2009 жылдан бастап, аталған 3 мамандық бойынша магистратураны эксперимент жүзінде ашуға мүмкіндік жасалды.

Университетте магистратура арқылы ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға ерекше мән беріліп, магистранттарға дәріс оқу, ғылыми жетекшілік жасау негізінен ғылым докторларына жүктеледі. Магистранттардың курстық жұмыстары мен диссертацияларын даярлау үшін ірі ғылыми орталықтар мен зертханаларға, ғылыми-зерттеу институттары мен кітапханаларға, сол ғылым саласының жетекші ғалымынан кеңес алу үшін тәлімнамаға жіберу қарастырылған. Мысалы, тек 2008-2009 оқу жылында біздің магистранттар жақын шетел – Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Томск, Новосибирск қалаларының ғылыми ошақтарына және алыс шетел – Қытайдың Пекин Орталық ұлттар университетіне, Сингапурға барып табысты оралды. Өз мемлекетіміз аясында Астана, Қарағанды, Семей қалаларындағы жоғары оқу орындарына тәлімнамаға барып келді. Жалпы, 2008-2009 оқу жылында магистранттардың тәлімнамасына қаржы 3.602.485 теңге көлемінде жұмсалды. Сапасы жоғары маманға сұраныс көп болатыны белгілі. Сондықтан, біздің магистранттарымыз жоғары оқу орындарына, орта арнайы білім мекемелеріне, мектептерге арнайы шақырумен орналасуда.

Университетте аспирантура – 15, докторантура – 8 мамандық бойынша жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауды дәстүрлі жүйе бойынша жүргізуде.

Ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауда университеттің жанынан құрылған диссертациялық кеңестердің маңызы өте зор. 2009 жылға дейін университетте 2 диссертациялық кеңес 8 мамандық бойынша жұмыс істеп келді. Біріккен диссертациялық кеңес ОД 145017 2005 жылдың 29 сәуірінде № 340 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің бұйрығымен қайта ашылған, ол кеңес 2005-2007 жылдар аралығында 10.02.01. – орыс тілі, 10.02.02. – қазақ тілі, 10.02.18. – тіл теориясы, 13.00.02. – оқу мен тәрбиенің теориясы мен әдістемесі (қазақ тілі бастауыш және жоғары білім беру жүйесінде) мамандықтары бойынша 7 ғылым докторы мен 45 ғылым кандидаттарын дайындады, оның басым көпшілігі – осы университет мамандары.

Диссертациялық кеңес Д 14.61.09. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 01.07.2008 жылғы бұйрығымен ашылған, бұған дейін бұл кеңестің тек кандидаттық диссертация қорғатуға мүмкіндігі болған. Бүгінгі таңда Д 14.61.09 диссертациялық кеңесте докторлық, кандидаттық ғылыми дәреже алу үшін 13.00.01 – жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика және 13.00.02 – оқыту мен тәрбиенің әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім жүйесіндегі музыка) мамандықтары бойынша жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлануда.

Университет ізденушілерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері 2006 жылдан бері «ҚызПУ хабаршысы» арқылы 6 сериямен (жаратылыстану, тарих, экономика және білімдегі сервис, педагогика, психология, филология) жарық көреді.

Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институтының мақсаты қоғамдағы орын алып отырған әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің индикаторлары ретінде гендерлік мәселелерді кешенді түрде зерттеу, гендерлік индикаторларды пайдалана отырып, әлеуметтік және білім беру бағдарламаларын құрастыру, республикамыздың білім беру жүйесіне үздіксіз гендерлік білім беруді енгізу, оқу бағдарламаларына гендер туралы ақпараттар енгізуіне ықпал ету және оны оқу үдерісінде белсенді түрде қолдану.

Институт қоғамдық мәні бар жобалар аясында Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан құрылған әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясымен; БҰҰ «Гендер және даму» бюросы және халықаралық ЮНИСЕФ, Сорос-Қазақстан, ЮСАИД, ЮСИС, Ф.Эберт қорларымен; әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жанынан құрылған гендерлік зерттеу орталығымен; Қазақстанның іскер әйелдер Қауымдастығымен тығыз әріптестік қарым-қатынаста бірлесе қызмет атқарады.

Институттың ғылыми жұмыстары нәтижесінде мектепке арналған «Гендер» кешендік білім бағдарламасы даярланып, мектепке дейінгі білім беру жүйесіне - «Мен-қызбын, мен-ұлмын»; бастауыш мектепке - «Гендер әліппесі»; 5-8 сыныптарға - «Гендер грамматикасы»; 9-11 сыныптарға арналған «Гендерлік білім негіздері» оқу-әдістемелік кешені (орыс тілінде) республикалық «Оқулық» атты ғылыми-практикалық Орталықтың сараптамасынан өтіп, басылымға ұсынылды.

Гендерлік ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері университет көлемінде үнемі әлеуметтік зерттеулер ұйымдастырып тұрады. Мысалы, 2005-2006 оқу жылында «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық портреті» деп аталатын зерттеу өткізілсе, 2008-2009 оқу жылы «Қазіргі студент қазақ қызы: гендерлік бағдары мен мінез-құлқы моделі» атты зерттеу жүргізілді.

Университет студенттерінен алынған сауалнама жауаптарына сүйене отырып, университетіміздің ерекшелігіне сәйкес, 2 курс студенттеріне арналған «Қазақ аруы» арнайы курсы ендірілді.

«Қазақ аруы» арнайы курсы гендерлік мақсатты негізге ала отырып, өркениеттік үлгідегі ойын ұлттық мүддемен байланыстыра білетін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы ұлттық ділмен ұштасқан, кәсіптік-педагогикалық имиджі қалыптасқан зиялы әйел-ана тәрбиелеуге бағытталған.

«Қазақ аруы» арнайы курсының негізгі мақсаты:

Қоғамдық ортада азаматтық ұстанымы бар, жеке өмірінде отбасылық этноәлеуметтік рөлдерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, шынайы қазақ аруының бейнесін сомдау

Басты міндеттері:

- Тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық образын қалыптастыру;
- Отбасы тәрбиесінде өмірге негіз болатын этноәлеуметтік рөлдерді атқаруға даярлау;
- Кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- Халықаралық іскерлік әдеп нормалары мен ресми ишара ережелерін игеруге бағыт беру;
- Сұлулық пен денсаулық сақтаудың басты қағидаларын ұстануды және оны жан сұлулығына үйлестірудің құпияларын меңгертуге баулу;
- Үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру;
- Ұлттық саз аспабы – домбырада ойнау арқылы өмірге қажетті тұрмыс-салт жырларын үйрету;

Осындай мақсат-міндеттерді сипаттайтын «Қазақ аруы» арнайы курсы кіріктірмелі компоненттер күйінде қарастырылып, кешенді оқу бағдарламасы төмендегіше тақырыптық модульдарды қамтиды:

1. *Ұлы қазақ даласында өткен тарихи дара тұлға-арулар*
2. *Отбасы тәрбиесінің теориясы мен халықтық тәжірибелері*
3. *Риторика*
4. *Іскерлік әдеп және және қарым-қатынас мәдениеті*
5. *Сұлулық және денсаулық*
6. *Үй шаруашылығындағы тұрмыстық қызмет*
7. *Саз өнері*

Университеттің Іргелі ғылыми зерттеулер орталығы (жетекшісі тех.ғ.д., профессор Р.Баймахан) Ұлттық ғылым академиясының ғылыми зерттеу институттарымен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетімен, Жапониядағы Хоккайдо Университетінің аналитикалық зертханасымен және Канаданың Альберто университетімен бірлесіп бірнеше жобаларға қатысып жұмыс істейді. Соның нәтижесінде, университетімізге шетелдік ғалымдар - Альберто университетінің профессоры Дейв Чан, Токио университетінің профессор Кагуэй Танако келіп, докторанттар, аспиранттар мен магистранттарға, профессор-оқытушылар қауымына ғылыми семинарлар өткізіп тұрады. Өз кезегінде біздің университеттің профессоры Р. Баймахан Канаданың Альберто және Жапонияның Хоккайдо университеттері шақыруымен дәріс оқып қайтты. Ресми шақырумен Франциядағы дүниежүзілік ISSMGE, TC28 аталатын ғылыми комитеттің Қазақстандық мүшесі ретінде тех.ғ.д., профессор Р.Б. Баймахан, 2008 жылы Шанхайда өткен мәжілісіне қатынасып, баяндама жасады.

Зерттеулердің нәтижелері шетелдерде өткен 8 халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда баяндалып, 45 ғылыми мақала жарияланды. Сонымен қатар, бірнеше студенттің ғылыми мақалалары Малайзия мен Шанхайда жарық көрді. Ғылыми Орталық конкурс арқылы жеңіп алған Канаданың халықаралық “FSIDA” білім гранты бойынша университетіміздің екі студенті Маханова Айгүл мен Алихан Амангүл Перу, Бразилия, Кения, Австралия, Вьетнам, Жапония студенттерімен бірге ағылшын тілінен емтихан тапсырып, жақсы нәтижелермен түсіп, халықаралық арнайы бағдарлама бойынша Альберто университетінде оқып қайтты. Альберто университетінің профессоры Дэйв Чан мен профессор Р.Баймахан студенттерге арнап математикалық моделдеу пәнінен бірігіп оқулық жазып, қазақ және орыс тілдерінде - Алматыдан, ағылшын тілінде - Канададан шығаруы жоспарланды.

Университеттің құрамындағы «Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасы 2006 жылы қаңтар айында құрылған. (Зертхана меңгерушісі-Д.Садыкова).

Университеттің ғылыми кеңесі бекіткен «Қазақ ұлттық мектебінің тарихы және даму болашағы» тақырыбы бойынша зертхана 2006 жылдан бастап Алматы, Астрахан, Орынбор, Москва, Ташкент, Қазан, т.б. қалаларындағы орталық және мемлекеттік архивтерімен және облыстық (Астана, Қостанай, Орал, Семей, Шымкент, Тараз, т.б.) мұрағаттарымен байланыс орнатты. Тақырыптарды зерттеу және оған қажетті материалдарды жинау үшін зертхана ҚМҚП университеті кітапханасымен, Қазақ мемлекеттік ұлттық кітапханасымен, Қазақ ұлттық техникалық ғылыми-зерттеу институтымен, Қазақстан Республикасы ұлттық педагогикалық кітапханасымен, Абай атындағы қазақ педагогикалық ұлттық университеті кітапханасымен, ҚР Орталық мемлекеттік кітапханасымен, Ресей мемлекеттік тарихи мұрағат қорымен байланыс жасап, ғылыми көздерге зерттеулер жүргізді. Зертхана республикалық және аймақтық қазақ мектептерімен тығыз байланыстар орнатқан.

Зертханаға 6 мектеп тірек-эксперимент мектептері ретінде бекітілген (Мамания орта мектебі, Шарын қазақ орта мектебі, Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі, Ш.Уалиханов атындағы № 12 көпсалалы гимназия мектебі, Қарғалы №2 гимназия-мектебі, Тасқарасу орта мектебі). Бұл мектептерде педагогикалық менеджмент, білім және тәрбие мазмұны, инновациялық жаңа технология, ұл және қыздар тәрбиесін ұйымдастырудың этнопедагогикалық негіздері, оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастырудың жаңа формалары тақырыптарында семинар-кеңестер өткізілді. Зертхананың зерттеу нысанын аралас мектептердің, шағын жинақталған, ауыл, қала қазақ мектептерінің мәселелері құрайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында 2006 жылдың 28-29 наурыз күндері «*XXI ғасырдағы қазақ мектебі: даму болашағы*» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Конференцияның мақсаты: қазақ мектебінің жай-күйін жете зерттеп-зерделей келе, оның даму болашағын айқындау, білім беру сапасын арттыру бағытында кең көлемде пікір алмасу, ой бөлісу. Осы мақсаттарды орындау жолын анықтап, нақты ұсыныстар қабылдау.

Конференцияның: «Қазақ мектебінің даму мәселелері: тарихы мен тәжірибесі», «Қазіргі қазақ мектебіндегі оқытудың инновациялық технологиялары», «Қазіргі қазақ мектебі тәрбие жүйесінің этнопедагогикалық негіздері», «Жаңа формациядағы ұстаз келбеті», «XXI ғасырдағы қазақ мектебінің моделі. Басқару мәселелері» атты 5 секциялары бойынша республиканың барлық орблыстарынан келген 207 баяндама талқыланды. Конференцияға қатысушылар университет ректоры Ш.К.Беркімбаеваның пленарлық мәжілісте жасаған «Қазақ мектебі – қазақ ұлтының бесігі» атты баяндамасын секциялық отырыстарда қызу талқылап, қазақ мектебіне қатысты өткір пікірлерін ортаға салып, тың ұсыныстар жасады.

Зерттеудің инновациялық әдістері зертханасы – (зертхана меңгерушісі С.С. Мірсеитова).

Зертхананың мақсаты: философиялық тұрғыда адам мүмкіндіктерін, психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, таным әрекетін қалыптастыру.

Зертхана 2006 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс істейді. Зертхананың жұмысы сын тұрғысынан ойлау мен оқу мәселесіне арналған.

Зерттеудің нәтижесі 2008 жылдың 28-29 наурызында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінде өткен «Оқушының жеке басының дамуы: әлеуметтегі орны» атты конференцияда өз бағасын алды.

Зертхана жетекшісі Мірсеитова Сапаргүл – Халықаралық Оқу Ассоциациясының Евразиялық комитетінің төрайымы. Зертхана шетелдік ғалымдармен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Мысалы, АҚШ, Айова университетінің профессоры Дэвид Ландис жыл сайын өз студенттерін ертіп келіп зерттеу жұмыстарын университеттің ғалымдары және студенттерімен бірігіп өткізуде. Бұндай жұмыстардың студент жастарға берері көп, әсіресе тіл үйренуде (американдық студенттер – қазақ тілін үйренуге мүмкіндік алса, ҚызПУ студенттері – ағылшын тілін меңгеруде). Зертхана жыл сайын өтетін халықаралық Оқу Ассоциациясының конференцияларына белсенді қатысып отырады. Зертхананың ұйымдастыруымен «Дауыс&Көрініс» журналы шығып тұрады. Қазіргі кезде зертхана жетекшісі 2009 жылдың айында Португалияның Брага қаласында өтетін 16 Еуропалық конференцияға дайындық үстінде.

Университеттегі ғылыми жұмысты қажетті деңгейге көтеру ғылыми педагогикалық кадрлар әлеуетіне тікелей байланысты екені белгілі. Бүгінгі таңда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде 56-ғылым докторлары; 255-ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Олардың ішінде, тек қана Қазақстан Республикасына емес, алыс-жақын шетелдерге де танымал ғалымдар шоғырланғанын айта кету керек, олар: Тынық мұхит аймағы елдерімен және Жапония ғалымдарымен ынтымақтастықта жұмыс істейтін профессор, Мемлекеттік ғылыми стипендия және «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері – Р.Б.Баймахан; «Дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану» және «Физиканы оқыту әдістемесі» ғылыми жобаларға жетекшілік жасап жүрген, «Құрмет» орденінің иегері тех.ғ.д., профессор А.Ж.Жамалов; «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру оқу әдістемелік бағдарламасының жетекшісі, әрі кеңесшісі, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген «Әлемнің әйгілі психологтары» он томдығының авторларының бірі, «Ерен Еңбегі үшін» медалінің иегері – псих.ғ.д., профессор Х.Т.Шериязданова; Жалпы білім беретін мектептерге (12 жылдық) арналған оқулықтардың авторы, «Құрмет» орденінің иегері, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атты мемлекеттік грант иегері – Қ.А.Аймағамбетова, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік гранттың және Ресей Федерациясы тағайындаған К.Д. Ушинский атындағы медальдың иегері, п.ғ.д., профессор А.Қ.Құсайынов, «Қазақтың тәлімдік ойлар Антологиясының» 6 томының құрастырушысы, халықтық педагогиканың даму тарихын түбегейлі зерттеген ғалым, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері, п.ғ.д., профессор С.Қ.Қалиев, Этнопедагогика ғылымының әдіснамалық, теориялық негіздерін анықтап, дамуына елеулі үлес қосқан ғалым, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері, п.ғ.д., профессор К.Ж.Қожахметова; Педагогика ғылымының әдіснамасын зерттеудегі зор еңбегімен танымал ғалым, п.ғ.д., профессор Ш.Таубаева; Ресей Федерациясының М.Ломоносов атындағы медалінің иегері В.И.Жұмағұлова; «Құрмет» орденінің иегері – профессор Ә.Б.Бірмағамбетов; Қ.Сәтбаев атындағы сыйлықтың иегері – ф.м.ғ.д., А.Қ.Ершина; «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атты мемлекеттік грант иегерлері: ф.ғ.д., профессор Б.Хасанұлы, х.ғ.д., профессор Б.М.Бутин, филос.ғ.д., профессор Н.Қ.Сейтахметов, п.ғ.к., доцент Р.Р. Масырова, п.ғ.к., доцент И.А.Әбеуова, ф.ғ.д., профессор Т.Н.Ермекова, п.ғ.д., профессор Ж.Н.Сүлейменова, п.ғ.к.доцент Р.Дәрменова. Бұндай жетістіктер университет ғалымдарының жоғары деңгейі мен өре биіктігін байқатады.

Университеттің халықаралық байланыстары

Университет халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бағытында біраз жетістіктерге қол жеткізген. Оған дәлел университет Туркия жоғары оқу орындары Ассоциациясының (ЙОК) және Педагогикалық білім беру ғылымдары Халықаралық академиясының мүшесі (Мәскеу), EWhA Корея қыздар университетімен, Кангнам (Корея, Сеул), Айова штаты (АҚШ) университеттерімен және басқа да Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстанның ЖОО –мен ынтымақтастық байланыста.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі - аға ұрпақтың еліміздің ғылымын дамытудағы өнегелі істерін жаңа серпінмен жалғастыра алатын жас ғалымдарды тәрбиелеу.

Осыған орай, университет студенттерін ғылыми-зерттеу жұмыстарына, шығармашылық ізденістерге тарту үшін 2004 жылы Кіші ғылым академиясы құрылды. Кіші ғылым академиясы үйірмелер арқылы студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысын, әр түрлі конференциялар ұйымдастыруға, студенттердің қалалық, республикалық, халықаралық конференцияларға, олимпиадаларға, көрмелерге қатысуына ықпал етіп отырады.

65 жылдық тарихы бар университетімізде студенттердің тұңғыш ғылыми-практикалық конференциясы 1948 жылы өткізілген, ал 2008-2009 оқу жылында 62 - ші ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияда студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері жан-жақты талқыланады. Ғылымға қызығушылығы бар студенттерді қолдау мақсатында Жас ғалымдар кеңесі мен Кіші ғылым академиясы тарапынан әр секция бойынша эксперттік комиссиялар құрылып, комиссия төрағалығына басқа жоғары оқу орнынан танымал ғалымдар шақырылады. Бұндай әрекеттер студенттердің қызығушылығын дамытумен қатар, университет студенттерінің білім деңгейін басқа жоғары оқу орнының ұстазы бағалауы арқылы сол оқу орындарының студенттерімен білім деңгейін салыстыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, бұндай шаралар бәсекеге қабілетті маман даярлауға өз септігін тигізетіні ақиқат. Жоғары бағаланған баяндамалар міндетті түрде ғылыми жинаққа енгізіліп, мүмкіндік алуымен қатар, студент ақшалай сыйақы мен бағалы сыйлыққа ие болады.

Конференциялармен қатар университетімізде студенттердің пәндік олимпиадаларын жүйелі түрде жыл сайын өткізу өз жемісін беруде. Біздің студенттеріміз 2008-2009 оқу жылының өзінде республикалық студенттердің олимпиадаларында жүлделі орындарға ие болды: математикадан – жеке студент (Хансеитова Айгерім) – Гран Приге ие болса, ал жалпы команда II (екінші) орынды иеленді; информатикадан – II орын, психологиядан – II орын; мектепке дейінгі білім – I орын; қазақ әдебиеті – I орын; қазақ тілі – I орын;

2007-2008 оқу жылында Жоғары оқу орындарының арасында өткен жаратылыстану-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ең үздік ғылыми жұмысына арналған республикалық байқауда жүлделі орынға ие болған университеттің 8 студенті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің арнайы дипломымен марапатталды. Олардың үшеуі – 1 дәрежелі, екеуі 2 дәрежелі, үшеуі 3 дәрежелі диплом иегерлері болса, Корпоративтік Қазақстан Білім және ғылым қорының тағайындаған атаулы стипендиясына университеттің 4 студенті ие болды.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ
ЛАУРЕАТЫ, ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР,
КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ КЕҢЕС НҮРПЕЙІСҰЛЫ НҮРПЕЙІСТІҢ
ТУҒАНЫНА 75 ЖЫЛ**

ҒАЛЫМ САЛҒАН ЖОЛ

Аширбекова Ж.Б.-т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Ғалым, қоғам қайраткері, Республика Ұлттық ғылым академиясының академигі, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер тарихшы Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейістің кеңестік кезеңдегі ғылыми зерттеулері 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы революциялық оқиғаларға, кеңестердің құрылуына, Кеңес өкіметі тұсындағы Қазақстанның қоғамдық-экономикалық өмір жолдарына, азамат соғысына арналып, осы бағытта мұрағат құжаттарына сүйене бірнеше іргелі ғылыми жүргізіп, кітаптар шығарды. Бұл ретте ғалымның 1962 жылы шығарған «Қазақстандағы Октябрь революциясы мен азамат соғысының тарихы», 1963 жылы шығарған «Қазақстандағы Кеңестер билігі үшін күрес», 1972 жылы басылған «Қазақстанның шаруалар Советтері (1917-1929)», Г. Дахшлейгермен бірлесе жазған «Қазақстан шаруаларының тарихы» және тағы басқа іргелі зерттеу еңбектерін айтуымызға болады. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары ғалым Қазақстан тарихында «ақтаңдақ» саналған мәселелерді қарастыруға кірісті. 1990-2007 жылдар аралығына дейін ғалым Алаш мәселесіне, қуғын-сүргінге, қазақ ұлт зиялыларының тағдырына арнаған жүздеген ғылыми зерттеу мақалаларын жазып, осы мәселе төңірегінде шәкірттерін тәрбиелей де білді.

Ғалымның қоғамдық-саяси қызметі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен тығыз байланысты. Себебі, 1958 жылдың ақпанынан бастап осы институтқа ғылыми қызметке шақырылып, өмірінің соңына дейін институтта еңбек жолы өтті. Еңбек жолын кіші ғылыми қызметкерден бастап Ұлттық ғылым академиясының академигіне дейін өсті. Белгілі А. Нүсіпбеков, Б.Сүлейменов, Г.Ф. Дахшлейгер, М. Қозыбаев, М.-А. Асылбеков, П.Белан, Т.Балақаев, Н. Едігенов және тағы басқа тарихшы-ғалымдармен қызметтес болды.

К. Нұрпейіс 1976 жылдан 2007 жылға дейін институттың Кеңес дәуірі кезеңіндегі Қазақстан тарихы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Осы жылдар аралығында академик ағамыздың қатысуымен және басшылығымен бірнеше іргелі зерттеулер жүргізіліп, жарық көрді. Мәселен, 1976-1980 жылдар аралығында Т.Б. Балақаев, Г.Ф. Дахшлейгер, Х.А. Арғынбаев, Ф.К. Михайлов, В.К. Савосько сияқты тарихшы-ғалымдармен бірлесе «Кеңестік Қазақстанның шаруалар тарихы» тақырыбында іргелі зерттеу жүргізуге қатысып, статистикалық, мұрағат және арнаулы ғылыми зерттеулерді жинастыру нәтижесінде Қазақстандағы аграрлық қатынастардың қалыптасуы, азамат соғысы тұсындағы ішкі және сыртқы жаулармен күресу барысы, республикада ауылшаруашылығының қалыптасу барысы, ауылшаруашылығындағы шаруалардың әлеуметтік жағдайы мәселелерін ашып көрсетті /1, 117-б./.

Одан кейінгі жылдары ғалым «Ұлы Октябрь және азамат соғысы жылдарындағы Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік құрылысы (1917-1920 жж.)» тақырыбына ғылыми жетекшілік жасап, Қазақ Кеңестік мемлекеттің құрылуы мен оны құру жолындағы басты қиыншылықтар мәселесі зерттеу нысанына алынды.

Ал 90-жылдары К. Нұрпейістің қатысуымен «Қазақ шаруаларының тарихи тағдыры», тікелей басшылығымен Қазақстан ауыл-селоларының қоғамдық-саяси және мәдени өмірі», «XX ғ. басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі Алаш партиясының орны мен рөлі», «Қазақстандағы саяси қуғын тарихы», «Саяси рухани сала бойынша тоталитарлық жүйеге қарсылық», «XX ғасырдағы Қазақстанның территориялық тұтастығы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының қалыптасуы» атты тақырыптарға іргелі зерттеулер жүргізілді /2, 118-125-бб./.

К.Нұрпейіс ерікті тарихи-ағарту бағытындағы «Әділет» қоғамының қызметіне де белсене қатысты. Ғалымның тікелей қатысуымен қуғындалған қазақ азаматтарының аттары ақталып, жазықсыз жалған жалаға ұшырағандығы анықталды. Қуғындалғандарға арналған конференция, дөңгелек үстел өткізуге ат салысты.

Көрнекті ғалымның есімі елімізде ғана емес, сонымен қатар шет мемлекеттерге де белгілі болды. Ол тарих саласы бойынша Стамбұл, Бішкек, Ереван, Москва және Қазақстан қалаларында өткізілген конференция, басқосу, дөңгелек үстелдерге қатысып, әр түрлі тақырыптарда баяндамалар жасады. Саяси құрғын-сүргін құрбандары болған А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, С. Қожанов, Х. Досмұхамедов, Н. Төреқұлов, С. Сейфуллин, Ж. Ақбаев, Ә. Ермаков, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Е. Бекмаханов, О. Жандосов, Н. Сырғабеков және т.б. XX ғасыр басынан 30-жылдардың соңына дейін Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан қайраткерлерге арналған конференция, бас қосуларда баяндамалар жасап, аталмыш тұлғалардың тағдыры жайында құнды мәліметтер бере білді. Ол сонымен қатар XVIII-XX ғасырдың қазақ халқын сыртқы жаулардан (жоңғар шапқыншылығынан, орыс экспанциясынан) қорғаған қазақ батырларына арналған ғылыми конференцияларда да баяндама жасап, ел үшін ерлік көрсеткен батырлардың батылдығын тарихи тұрғыда дәлелдеп берді /3, 58-67-бб. /.

К.Нұрпейіс Қазақстан тарихының кейбір мәселелерін қайта қарау қажеттігін де ұсынды және коммунистік идеология шеңберінде жазылған еңбектердің барлығын бірден жоққа шығармау керектігін де баса көрсеткен. Жаңа деректерге сүйене отырып, бұрынғы ғылыми зерттеулерді де негізге ала, өзекті мәселелерге жаңа пайымдаулар жасаудың аса маңыздылығын нақтылады.

Ғалым «Қазақстан тарихы» бойынша мектеп оқулықтарын жазуға қатысты және сол оқулықтарда бұрындары қарастырылмаған тың тақырыптарды енгізді. Сонымен қатар ол «Қазақ ССР ҒА Хабарлары» және Тарих және этнология институтының «Отан тарихы» журналдары редакциясының алқа мүшесі, «Қазақ тарихы» журналының редакциясына мүше болды. Оның басшылығымен Орталық мұрағатта «Туған өлке» атты журнал шығарылды. Бұл журнал қазір де жалғасын тауып, қызықты материалдармен оқырмандарын қауыштыруда.

Кеңес Нұрпейісұлы 1959-2007 жылдар аралығында 500-ден аса ғылыми зерттеу мақалалары мен бірнеше жинақтар, ғылыми зерттеу еңбектерін монография түрінде жариялады. Бұл ретте 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты ғалым қатысқан «Ақкөз батыр» атты жинағын атауымызға болады. Сондай-ақ 2003-2007 жылдары институт қызметкерлерімен бірлесе «Алаш қозғалысы» атты көп томдық құжаттар мен материалдар жинағын шығаруға қатысты. Ғалым бұл жинаққа ұзақ жылдар бойы жинастырған XX ғасыр басындағы мерзімді басылым материалдары мен мұрағат құжаттарын енгізіп, Алаш қозғалысының құпия тұстарын шешуге елеулі үлес қосты. «Алаш қозғалысының» бірнеше томы жарық көрді.

Қайраткердің тікелей редакциялық қатысуымен 40-тан аса еңбектер мен жинақтар жарық көрді. Бұлардың ішінен Н.Төреқұлов, О.Жандосов, Т.Рысқұлов, О.Әлжанов, Х.Досмұхамедов шығармалар жинағын айта аламыз. Бұл шығармалардың кейбіреулеріне алғысөз жазып, қайраткердің өмір жолдарын, қоғамдық қызметтері жайында бұрындары белгісіз болып келген тұстарына байланысты мәліметтер бере білген. Т. Рысқұловтың шығармалар жинағындағы «Тұрар Рысқұлов және оның кезеңі» деп аталған мақаласында ол Тұрардың балалық шағынан бастап, ірі қайраткер болғанға дейінгі өмір жолдарын, оның қайраткер ретінде қалыптасуына себепші болған барлық жәйттерді талдап береді және ашаршылық тұсындағы оның батыл қадам жасап жоғары орынға хат жазып, елді аштық пен індет жайлап жатқандығын, мал басының азайып, халықтың халі өте төмендеп кетуін баяндап жазуын, одан кейінгі жылдары да Қазақстанның экономикасының дамуына елеулі үлес қосқандығын саралап берді /4, 3-48-бб./.

Ал Отыншы Әлжановтың шығармалар жинағына жазған алғы сөзінде оның XIX-XX ғасырларда белсенді қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметпен айналысқандығын және Ә.Бөкейханов басқарған ұлт-азаттық Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлерінің бірі болғандығын келтіреді. Қайраткердің шығармаларының аса маңыздылығын: «О.Әлжанов мақалаларында қазақ қоғамының арғы-бергі тарихындағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани мәселелер сөз болады. Мақалалар тақырыбының кеңдігі, оларда көтерілген мәселелердің танымдық тәрбиелік мәнінің тереңдігі, жасалған ұстанымдардың өзектілігі мен өткірлігі олардың авторы Отыншы Әлжановтың жан-жақты білімді парасат иесі болғандығын көрсетеді», - дейді /5, 6-б. /.

Ғалым ғылым жолында әріптестерінің арасында сыйлы, әрі құрметті және өзі де үлкенге ізет, кішіге қамқор болған жан. Ғылым жолына аяқ басқандарға ұлағатты ұстаздық еткен. Ол тарих саласында бірнеше буынды тәрбиелеуге үлес қосты, өз мектебін қалыптастырды. Оның жетекшілігімен 10-нан аса докторлық диссертация мен 40-тан аса кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Кеңес Нұрпейісұлы ғылым жолын білім жолымен де ұштастырды. Қазақ Қыздар педагогикалық университетінде өмірінің соңына дейін дәріс беріп, қазақ ұлт интеллигенциясы, Алаш мәселесі және т.б. өзекті тақырыптарда лекция оқып, институт түлектерін ғылым жолына тартты.

Академик, ұстаз, ғалым К. Нұрпейістің тарих ғылымындағы жолын біз шәкірттері жалғастырамыз деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстанның тарих ғылымы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 60-жылдығына арналады. –Алматы, 2005.

2 Қазақстанның тарих ғылымы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 60-жылдығына арналады. –Алматы, 2005.

3 Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс: Қазақстан ғылымдарының биобиблиографиясына материалдар/ Құрастырушылар: С.О. Смағұлова, А.Т. Саурықова, А.А. Бурыбаева. – Алматы, 2005.

4 Рыскулов Т. Собр. соч. В 3-х т. Том 1. –Алматы, 1997.

5 Әлжанов О. Шығармалар жинағы. Алматы, 2004.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада академик К. Нұрпейісұлының ғылыми мұрасы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается научное наследие академика К. Нурпеиса.

САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА АРНАҒАН ҒАЛЫМ АҒА

Бегімқұлова Ш.-т.ғ.к.доцент (Қызылорда қ., Қорқыт ата атын. ҚМУ)

Уақыт шіркін көз ілестірмей зымырап өтіп жатыр, өмір алға жылжып, көш жүріп, керуен көшуде. Міне, сол уақыт ырғағымен ілесіп аса да қадірлі, құрметті Кеңес ағаның өмірден озғанына да екі жылдың көлемі болыпты.

Кеңес ағаны танымайтын қазақ кемде-кем шығар. Мектеп табалдырығынан Қазақстан тарихын оқып ұшқан баладан бастап, өзінің төл тарихын сүйіп оқитын азаматтардың бәрі, бүкіл исі түркі әлемі, тіпті әлемнің көптеген мемлекеттері Кеңес ағаны мойындады десек артық болмайды.

Әлі есімде 1990 жылы кандидаттық диссертация қорғау үшін көрші қырғыз еліне бардым. Тарих ғылымының докторы профессор Кеңес Нұрпейіс ағамызды менің бірінші ресми оппонентім етіп тағайындады. Сол жылдары Қырғызстан Ғылым академиясының президенті А.Ақаев (Қырғызстанның бұрынғы президенті) болатын. Ол кісі бізге Алматыдан келетін қонақтарды аса құрметпен күтіп алып, жақсы қонақ үйге орналастыруды тапсырды және «тарих ғылымының докторы, профессор ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі Кеңес Нұрпейістің келуінің өзі диссертациялық кеңестің мәртебесін жоғары дәрежеге көтерді» - деп ескертті. Кеңес ағамыздың абыройының өте жоғары екеніне мен сол кездері тәнті болдым.

К.Нұрпейіс отанымыздың төл тарихын зерттеу барысында көптеген халықаралық симпозиумдарға, конференцияларға қатысып құнды баяндамалар жасап, Қазақстанның тарих ғылымын алыста-жақын шетелдерге: Ресей, Армения, Әзірбайжан, Өзбекстан, АҚШ-қа және Түркияға танытты. Сондықтан да Кеңес ағамызды әлем таныған академик деп айтсақ та артық болмайды.

Кеңес ағамыздың өмір дерегіне көз жүгіртсек, ағамыз бала кезден тағдырдың қатал сынын көріп, тақсіретін тартып өскен екен. Ол кісінің балалық, жастық шағы бүкіл қазақ халқын қамтыған 30-шы жылдардың зұлматы, одан кейін ел басына күн туған қиямет соғыс заманымен сәйкес келген. Сондықтан да ғалым аға әуелі балалар үйінде тәрбиеленіп, бастауыш мектепті ауылда, сонан соң Алматыға келіп орта мектепті үздік бітіргеннен кейін тарихшы мамандығын таңдаған. Қатал тарих сынынан өткен ағамызды өмірдің өзі осылайша тарих ғылымына жетелеп әкелген сияқты.

К.Нұрпейіс С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетіне түсіп, оны 1957 жылы тәмәмдаған соң әуелі осы университетте, ал 1958 жылдан бастап ғылым жолын қуып ҚР Ғылым Академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтына қызметке орналасқан екен. Кеңес ағамыздың жарты ғасырға жуық ғұмыры, бүкіл саналы өмірі осылайша осы институтпен тікелей байланыста болған. Ол кісі осы аталмыш институтта қызмет атқара жүріп кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғап, Қазақстанның тарих ғылымын дамытуға өзіндік үлес қосты.

Кеңес ағамыздың кемеліне келіп толысқан, шыңдалып қаламы төселген, өмірінің мәнді де мазмұнды шақтары еліміздің тәуелсіздік алуымен тұспа-тұс келді. Қазақстанның егемендік алуымен қоғамдық-саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістар, тарих ғылымында ұлттық мүдде тұрғысынан шынайы объективтік тұрғыда зерттеудің қажеттігін күн тәртібіне қойды. Кеңестік дәуірде зерттеуге тиым салынатын тақырыптардың, «ақтаңдақтардың» ашылуына мүмкіндік туды. К.Нұрпейіс ең алғашқылардың бірі болып Тарих және этнология институтының мүшелерімен бірге «ақтаңдақтарды» жоюға, егеменді Қазақстанның объективті,

шынайы тарихын жаңа тарихи ауысымда зерттеп, зерделеуге тарихи, мәдени мұраны жаңғыртуға ат салысты.

Кеңес Нұрпейістің ауыз толтырып айтып, тебірене толғанып, сомдап зерттеген тақырыптары: ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысы, Алаш және Алашорда тақырыптары болды. К.Нұрпейіс аталмыш мәселені жаңа тарихи контексте, шынайы объективті тұрғыда талдап, зерттеп қазақ реформаторларының қозғалысы - Алаш қозғалысының ұлт-азаттық мәнін ашты, «Алаш һәм Алашорда» атты құнды монографиясын жариялады. (Алматы, 1995ж.) Сонымен бірге Кеңес ағамыз Алаш ұлт-азаттық қозғалысы және Алашорда автономиясының тарихын зерттейтін ғылыми мектептің негізін қалаушыларының бірі болды.

Академик К.Нұрпейіс ХХ ғасырдағы қазақ халқының адам төзгісіз қайғы-қасіретін, қызыл империяның екі дүркін қолдан жасаған аштықтарының сырын ашты, кеңестік дәуірдегі «Үлкен террор» деген атпен тарихқа енген 1937 жылғы қуғын-сүргін шараларының сырын ашты. Ол «патшалық дәуірдің, большевиктік, кеңестік биліктің репрессияны ұйымдастырғандағы басты мақсаты – Қазақстанды отар елге айналдыруға барынша жан-тәнімен қарсы шыққан көш басшыларды (элитаны) құрту, ал халықтың қалған бөлігін билеушілер не айтса соған көнетін тобырға айналдыру болды» - деп ашшы шындықты дәлелдеді. (Үлкен халықтың кішкене халыққа қиянаты әлі аяқталған жоқ // Қазақ әдебиеті, 2007 жыл. 23 наурыз. 4 б.)

Осылайша Кеңес ағамыз қызыл империя тұсындағы қазақ халқының қаймағы болған қазақ зиялыларының қуғын-сүргінге ұшырағанын, абзал азаматтарға кезінде «халық жауы» деп жала жауып, қара күйе жағылғанын ашына дәлелдеп, оларды қайтадан өз халқымен, елімен табыстырды. Тарихи тұлғаларымыздың есімдерін, олардың қазақ елі үшін атқарған ұлан-ғайыр қызметтерін жаладан арашалап, Қазақстан тарихының тарихнамасына қосты десек артық айтқан болмаймыз.

К.Нұрпейіс Қазақстанның жаңа тарихын жазуға да барынша қомақты үлес қосты. Ағамыз өз еңбектерінде кеңес үкіметі тұсындағы тарихты батыл сынады, жетпіс жылдан астам үстемдік еткен қызыл империя тұсындағы тарихымыздың қарама-қайшылыққа толы, күрделі тарих болғандығын дәлелдеді.

К.Нұрпейісұлы жаңа Қазақстан тарихын жазуда жаңа дерек көздерді пайдалануды басты назарда ұстады. Әсіресе, қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың, қазақ хандарының, халыққа танымал болған батырлардың, билердің саяси тарихи портреттерін объективті тұрғыда сомдап жасауға өте қатты назар аударды.

К.Нұрпейіс ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғалымдарына жаңа Қазақстан тарихын жазуды науқанға айналдырмай, әуелі Қазақстан Республикасында жаңа тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасын жасау қажеттігін ескертті. 90-шы жылдардың ортасына қарай бұл тұжырымдама дайын болды. Кеңес Нұрпейіс дәлелдеген тұжырымдаманың басты қағидалары мынаған саяды: «Бұдан былай Қазақстан тарихы біріншіден, әлемдік тарихтың құрамдас бір бөлігі ретінде; екіншіден, шығыс әлемінің құрамдас бөлігі ретінде; үшіншіден, ислам әлемінің құрамдас бөлігі ретінде қараластырылуын, одан кейінгі кезеңдер Қазақстанның Ресей империясымен Кеңес Одағының құрамындағы тарихы ретінде қарастырылуы мен зерттелуі қажет» - деді. (Қазақстанның жаңа тарихы. // Егемен Қазақстан, 2005 жыл. 28 қазан. 3 б.)

Кеңес Нұрпейіс ғылым жолымен қатар ұстаздық қызметті де қоса атқарып жүрді десек артық болмайды. Ол бүкіл саналы ғұмырын ұстаздық қызметке де

арнады. Бойындағы білім нәрі мен ағалық қамқорлығын жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсап, тер төге еңбек етті. Өзінің өмірінің соңғы сәтіне дейін Кеңес Нұрпейіс Қазақ қыздар педагогикалық институтында қызмет етіп, тарихшы мамандарды дайындауға ғұмырын арнады. Кеңес ағаның жарты ғасырлық ұстаздық еткен тарихында ол кісінің алдынан бірнеше жүздеген, мыңдаған тарихшы мамандар дайындалып шығып, олар Қазақстанның түпкір-түпкірінде жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбие беруде.

Академик К.Нұрпейіс Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін ғылыми кадрлар дайындауға да өзіндік үлкен үлес қосты. «Ағаш жапырағымен көрікті» дегендей Кеңес ағамызды өзінің ғылымға жетелеп, шындарға шығарған ғалым шәкірттерімен көрікті деп те айта аламыз. Оның ғылыми жетекшілігімен 40-тан астам кандидаттық диссертация, 10-нан астам докторлық диссертация қорғалды.

Өзінің ғұмырында академик К.Нұрпейіс Қазақстан тарихының өзекті проблемаларына арнап 400-ден астам ғылыми еңбектерді, оның ішінде 20-дан астам монографияларды өзінен кейінгі ұрпаққа өшпес ғылыми мұра ретінде қалдырды. Кеңес ағаның бұл тарихи мұралары жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып жас ұрпақтарды білім нәрімен сусындатып, жаңа ғылыми кадрларды дайындауға қызмет ете беретініне күмән жоқ.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада автор еліміздің көрнекті ғалымы академик Кеңес Нұрпейісұлының өмірі мен ғылымдағы жетістіктері баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об некоторой странице жизни и научной деятельности академика К.Нурпейиса.

ДЖАДИДДЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАЗАХСТАНА КОНЦА XIX НАЧАЛА XX ВЕКОВ

Бурханова Д.С. – к.и.н., доцент (г. Алматы, КазгосженПУ)

Кожакеева Л.Т. – к.и.н., доцент (г. Алматы, КазгосженПУ)

Известный ученый, историк посвятивший всю свою сознательную жизнь служению своему народу, свято оберегавший ее историю сделавший очень много для освещения неизвестных страниц отечественной истории академик Кеңес Нурпейісов не оставил без внимания и движение Алаша и Алаш-Орды. В своем труде «Алаш һәм алашорда» изданный в Алматы 1995 году автор во введении пишет что проблема алашского движения в течении 60 лет была официально закрытой темой и являлась одним из белых пятен отечественной истории. С обретением Казахстана независимости появилась возможность изучать и исследовать данную проблему. В этом плане за период с обретения независимости учеными историками республики сделано немало, проведено целый комплекс мероприятий, и данный труд является одним из ее этапов. В данной монографии Кеңес Нурпейісов поднимает достаточно много актуальных проблем отечественной истории и одним из них является деятельность национальной интеллигенции конца XIX начала XX века.

Путь становления национальной интеллигенции не был однозначным, являл собой сложный и длительный процесс. Ход его тормозился условиями колониального режима, дискриминационной политикой царизма в отношении покоренных народов. Это обстоятельство, несомненно, отражалось на количественном росте специалистов, как в области народного хозяйства, так и культуры. Тем не менее, конец XIX- начало XX века является новым этапом в развитии интеллектуальных сил казахского народа. В изучаемый период в Казахстане образование можно было получить, обучаясь либо в мусульманских мектебах и медресе, либо в «русско-киргизских», «туземных», аульных школах. Мусульманские мектебы и медресе являлись основными и единственными звеньями системы образования и воспитания детей коренных национальностей. Основным предназначением этих мектебов и медресе было религиозное образование, в их учебных программах существенное место занимали и светские предметы. После завершения завоевания Казахстана и Средней Азии царское правительство на словах заявляло о невмешательства в жизнь мусульманских мектебов, но посредством расширения сети русско-туземных школ и других мер, добивались того, что численность детей в мектебах сокращалась. Царское правительство предприняло активные меры по нейтрализации деятельности новометодных мусульманских школ, которые рассматривались как бастионы по распространению идей панисламизма и пантюркизма в среде местного населения./1 /

Основной идеей новометодных школ было просветительство. Во второй половине XIX века Шигабутдин Марджани выдвинул идею проведения реформ, продиктованных самой жизнью. Начинать надо было со школ, которые должны обучать по-новому, перейти от традиционного буквослагательного метода к новому азбучно-звуковому обучению арабского алфавита. Вскоре появились новометодные учебные заведения, были введены в программу некоторые светские дисциплины. Таким образом в Казахстане образование было реформировано. Реформирование прошла с элементами джадидизма. Джадиды заимствовали свою политическую программу у идеолога пантюркизма Измаил-бея Гаспринского, известного крымско-татарского политического деятеля. Он был выходцем из высших аристократических кругов, получил духовное образование в мусульманской религиозной школе в Крыму, а военное образование - в Московском кадетском корпусе. В течение 20 лет издавал журнал «Таржиман» что означает «переводчик», проповедовал идею объединения тюркских народов и являлся автором создания новометодных школ. В 1910 году таких школ было создано около 50, причем в самых различных районах Туркестана. Крупным центром джадидских школ стал Ташкент, где их было 20 /2/ В этих школах в мусульманское просвещение были широко внедрены элементы светского обучения, либеральным отношением к культурному наследию. Это вызвало ожесточенное сопротивление со стороны официальной школы. Так М.И.Ильминский писал: «Гаспринский в Бахчисарае преследует цель: во-первых, распространить между магометанами, подданными России европейское просвещение на магометанской основе, магометанские идеалы поддержать европейским образованием; во-вторых, все многомиллионное разномастное и разноязычное население магометан в России объединить и сплотить». /3

Именно школа Ильминского усматривала в джадидской реформе большую опасность. Она опасалась внедрения в среду инородцев идей и методов, противоположных мусульманскому образованию, общепринятому империей.

Благодаря джадидскому движению, встал вопрос и о материальном обеспечении школ, при этом большое внимание уделялось обеспечению

материальными средствами за счет частных пожертвований или за счет мусульманских обществ. Именно джадидское движение способствовало тому, что в конфессиональных школах постепенно должны были внедриться элементы европейского образования. Это привело к тому, что к 1907 году в Семиреченской области в «русско-туземных» 15 школах обучалось 222 ученика, а в мусульманских мектебах которых насчитывалось 243 – обучалось 6076 учеников. Такое положение не могло не волновать царское правительство. Власти оказывали сильное противодействие их деятельности. Так в одном из донесений указывалось, что новометодные школы очень вредны для официальных властей. Приезжие распространяют среди киргизов указания на чисто киргизском языке, вредного направления, отпечатанные в Уфе, Казани. Это брошюры «Оян казак» Мыржакыпа Дулатова, где он призывает соотечественников к новой жизни, призывает учиться хорошему у других народов, ратует за науку, образование. Сборник басен «Маса» Ахмета Байтурсынова, посвящен тяжелому положению народа, его освобождению от отсталости и невежества, призывает к знаниям, науке, культуре. «Тур казак» Алихана Букейханова призывает народ к активной жизни овладев знаниями и культурой. Кенес Нурпеисов в выше названной монографии, освещая деятельность, алашординцев пишет, казахская интеллигенция начала XX века своей просветительской деятельностью стремилась пробудить народ к знаниям, расширить кругозор, открыть глаза на происходящие вокруг процессы. Лидеры казахской интеллигенции понимали, что для политического просвещения народа необходимо разбудить в нем стремление к знаниям, преодолеть безграмотность. Со страниц национальных газет и журналов таких как: «Казах», «Казахстан», «Айкап», «Абай» и других она призвала народ к овладениям знаниями, ибо только она открывала путь к цивилизации и могла помочь сохранить казахов, как нацию. Передовая казахская интеллигенция начала XX века, считала основным в своей политической деятельности защиту как национальных, так и общечеловеческих ценностей. Она стремилась помочь казахскому народу в борьбе за независимость и освобождение от колониального рабства, боролась за такие общечеловеческие ценности, как право каждого человека и каждого народа на свою личную свободу и свободный доступ к достижениям все человеческой культуры.

Джадидизм, необычайно сильное прогрессивное реформистское движение начала XX века, дал тюркскому миру среди многих других имена Мустафы Чокая, Садри Максуди, Мунаввара Кари, Махмуда Ходжа Бехбуди, Шаислама Шаахмеда, Назира Тюрякула, Насырхана Торе, Абиджана Махмуда, Мир-Саид Султан-Галиев, Галимджан Ибрагим, Турар Рыскулов, Ахмет Байтурсын, Алихан Букейхан, Мыржакып Дулатов, Абдуррауф Фитрат, Файзулла Ходжаев, Нариман Нариманов т. д. Они олицетворяли самую передовую интеллигенцию, озабоченную судьбой своей нации и искавшую пути реформирования мусульманского общества. Само слово "джадид" происходит от арабского "усули-джадид", что означает "новый метод". Внешне оно было направленно против русско-туземных школ, которые расценивались как проводники русификации, и в противовес им выдвигалась программа создания «новометодных школ», в которых главным предметами были тюркский язык и теология. Движение джадидов вышло за рамки просветительства. Оно стало идеологическим оружием туркестанской либеральной буржуазии и национальной интеллигенции.

Через свои издания джадида Туркестана знакомили читателей с теми событиями, которые происходили в России и в мире; делились своими мыслями р необходимости расширения сети новометодных школ, подготовки национальных кадров, развития торговли, банковского дела, промышленности, сельского

хозяйства; писали об эмансипации женщин, и естественно, подспудно выражали свое недовольство колониальной политикой царизма.

Представители национальной интеллигенции были преисполнены сострадания и любви к своему народу так же, как их предшественник Чокан Валиханов. Григорий Потанин, автор "Сведений из биографии Чокана Валиханова", писал: "Чокан Валиханов очень страдал, видя жестокость русских солдат в отношении киргизов и казахов, его братьев по крови и религии, во время взятия Бишкека и Аулие-Ата. Он понял, что больше не в состоянии участвовать в сражениях и уехал в Алма-Ату, а оттуда перебрался в Кульджу, аул султана Тезека... Чокан говорил, что он любит в первую очередь казахов и киргизов, затем уже Сибирь и Россию, и всё остальное человечество. "Когда русские притесняют казахов и киргизов, я против русских. Если бы французы притесняли русских, я был бы на стороне русских", - заявил Чокан Валиханов/4/

Джадиды периода Алаш-Орды и Туркестанской (Кокандской) Автономии принадлежали к различным политическим партиям, но всех их объединяла одна общая, национальная, идея. Многие из тех, кто вступили в партию большевиков, не были простыми "попутчиками", слепо следовавшими указаниям Москвы. Свидетельством тому теория мусульманского национального коммунизма, идеологами и основоположниками которой были казахи Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, татарин Мир-Саид Султан-Галиев, разработавшие свою модель коммунизма, отвергнув при этом принцип классового подхода. В основу теории был заложена идея достижения национальной свободы и построения собственного национального государства. Практическим её воплощением стал более чем десятилетний период пребывания алашординцев у власти в Казахстане, который способствовал укреплению и развитию национальной самобытности казахского народа.

Мыржакып Дулатов, как и многие другие мыслящие люди пытался пробудить в народе стремление к просвещению, науке, предприимчивости. Жизнь и творчество поэта просветителя были тесно связаны с партией «Алаш». Миржакып активно участвовал в разработке ее программных документов, внес значительную лепту в формирование политических принципов алашординского правительства. Совместно с Ахметом Байтурсыновым он, по сути, создал теоретическую базу правового демократического государства, провозгласив равенство всех граждан независимо от вероисповедания, национальности, пола. Существовавшую империю после реформы они видели как федеративную республику во главе с избираемым думой президентом.

В 1929 году, находясь в тюрьме, на обвинения в национализме М. Дулатов неизменно отвечал: «Мы хотим, чтобы наше Отечество принадлежало нам». И перед неминуемым расстрелом поэт не отрекся от убеждений, заявив в последнем слове: «Ради будущего казахского народа я обязан делать все возможное. Если я заблуждался, то вместе с народом. Рано или поздно, истина восторжествует»/5/

Магжан Жумабаев был одним из самых популярных поэтов в народе, по праву считавшись главой нового направления, синтезировав в своем творчестве достижения западной и восточной поэзии. В «Алаш - Орде» молодой поэт входит в комиссию по составлению учебников для казахских школ и даже выдвигается кандидатом в депутаты Учредительного собрания. Вот только попытка союза с Колчаком разочаровало М. Жумабаева, который определил, что от адмирала «несло монархией».

Представители национальной интеллигенции конца XIX и начала XX века, преданные забвению в годы советской власти. Наряду со своими единомышленниками, такими как Сакен Сейфуллин, Шакарим Худайбердиев,

Мухамеджан Тынышпаев и многие другие, внесли огромный вклад в формирование политической мысли как в Казахстане, так и в регионе Центральной Азии и занимают достойное место в истории демократического движения тюркских народов России. Исследовательские работы, проводимые на современном этапе восстанавливают малоизвестные страницы отечественной истории.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.История Казахстана . Алматы, 2000 т.3. С.717
- 2.Хидоятов Г.А. Моя родная история . Ташкент, 1990, С.293
- 3.История Казахстана . Алматы, Алматы, 2000 т.3. С.680
- 4.Садыкова Б. Мустафа Чокай.2004. С32
- 5 . Биданова Айгуль .Запрещенные, но не забытые. // Казахстанская правда, 15 августа 2008 г.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена деятельности национальной интеллигенция Казахстана конца XIX начала XX веков.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XIX ғ.аяғы XX басындағы Қазақстан зиялыларының қызметі баяндалған.

«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ» ЖӘНЕ АКАДЕМИК КЕҢЕС НҮРПЕЙІСҰЛЫНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ КӨТЕРІЛГЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Ахметова Ж. Қ.-т.ғ.к.,доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан кешірді. Кешегі тоталитаризм заманында бостандықты, азаттықты, теңдікті аңсаған, сол үшін жан аямай күрескен ата-бабаларымыздың тарихы Ресей тарихнамасының ықпалында, отаршыл идеологияның темір құрсауында бұрмаланып жазылды. Қазақтың сан ғасырлық бай тарихын, мазмұнды мәдениетін, асыл мұрасын ардақтаған, насихаттаған абзал азаматтар аталмады.

Енді еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет құрғанымызда ел қамын ойлап, сол жолда өздерінің саналы ғұмырын сарп еткен асыл азаматтардың тарихын қайта парақтап, шынайы түрде "ақ таңдақтарының" бетін ашып, заман талабына сай зерттеулер жүргізген ғалымдардың ішінде академик Кеңес Нұрпейісұлы өзінің құнды еңбектерімен ерекше орын алады.

Кеңес Нұрпейісұлы XX ғасырдың басындағы қазақ тарихының күрделі беттерін қайта қарап, шындықты ашты, сол заманда өмір сүріп, тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен тарихи тұлғаларды ақтап, кеңестік дәуірдегі қуғын-сүргін саясатын мұрағаттық нақты деректер арқылы әшкереледі. XX ғасырдың басында қазақ халқының егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен көптеген Алаш қозғалысының қайраткерлері «халық жауы» атанып, жандары қыршындай қиылып, зардап шекті. Кезінде атын атау түгіл, олар туралы ойлау мүмкін болмады. Ол жайында К.Нұрпейісұлы былай дейді: «Ғасыр бойында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени

өзгерістердің нәтижесінде өмірге келген және өзінің алдында үш ұлттық мақсатты: қазақ халқын отарлық езгіден құтқаруды, оның мемлекеттігін қалпына келтіруді және қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына қосуды міндетті түрде алдына қойған, Алаш қозғалысы болды. Ал, осы қозғалыстың Әлихан Бөкейханов басқарған көш бастаушылары 20-30 жылдары түгелге дерлік “ұлтшылдар”, “халық жаулары” деген айдармен Кеңес өкіметі тарапынан қатаң жазаланды (атылды, айдалды, түрмелерге отырғызылды)» /1/.

Өзімізге белгілі патша үкіметі қазақ жерінде екі ғасырдан артық отарлық саясат жүргізді. Отаршылдардың шовинистік саясаты қазақ елінің зиялы қауымын отаршылдық езгіге қарсы күреске көтерді. Қазақ зиялылары осы күрестің басында тұрды. Сол кезеңдердегі зиялы қауымды біріктірген Алаш қозғалысы, Алаш партиясы болды. Бұл жайында академик К.Нұрпейіс: XX ғ. алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерінің бірі Алаш партиясымен Алашордаға тікелей байланысты. Алаш партиясымен Алашорда тарихын арнаулы әдебиетте көбінесе Алаш және Алашорда қозғалысының тарихы деп те атайды. Алаш немесе Алашорда қозғалысы бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) туралы мәселелер- деп /2/ Алаш қозғалысының мазмұнында үлкен саяси мән жатқандығын айтады.

XX ғасырдың I жартысындағы (1928-1932 жж.) Алаш партиясы мен қозғалысының жетекшілеріне қарсы ұйымдастырылған алғашқы саяси сот процестерінен кейін, бұл тақырыпты зерттеуге тиым салынды. Бірінші процестің барысында 47 адам тергеуге алынып, ОГПУ-дің (Объединение государственное политическое управление – Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма) сот комиссиясының 1930 ж. 4 сәуірдегі үкімімен 35 адамға әр түрлі жаза кесілді. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынов бастаған 10 адам әуелде өлім жазасына бұйырылып, кейін ол үкім 10 жылдық мерзімге концлагерьде отырумен алмастырылды. 1932 жылы екінші сот процесінің үкімімен Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамбетов бастаған Алаш қозғалысы басшыларының екінші тобы 5 жылдық мерзімге Ресейдің Орталық қара топырақты облысына (қазіргі Воронеж облысына) жер аударылды. ОГПУ-дің осы екі үкімі құрбандарының тірі қалып, елге оралғандары 1937-1938 жылдары түгелге дерлік «халық жауы» деген жалған айыппен ату жазасына кесілді /2/. Сондықтан да Алаш туралы шындық айтылмай, бұл тақырып жабылды.

Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы және олардың Кеңес өкіметімен арақатынасы жайлы алғашқы пікірлер 1919-1920 жылдардан-ақ жариялана бастады. Осы мәселе бойынша алғашқы жазғандар Алаш пен Алашорданың белгілі басшыларының бірі Ахмет Байтұрсынов пен қазақ зиялыларынан шыққан алғашқы большевиктердің бірі Сәкен Сейфуллин болатын. 1919 жылы тамызда РСФСР-дің Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты органында Ахмет Байтұрсыновтың “Революция және қазақтар” атты мақаласы жарияланды /3/. Осы еңбегінде А.Байтұрсынұлы Алаш автономиясын жариялау мен оның үкіметін құрудағы себептерді ашып көрсетіп, Алашорданың уақытша Сібір үкіметі, Құрылтай жиналысы комитеті (Комуч) және Колчак билігімен қандай қарым-қатынаста болғандығы туралы өз пайымдауларын баяндайды.

XX ғасырдың бас кезіндегі Ресейдегі қоғамдық-саяси өмірдің тарихы, оның ішінде Алаш және Алашорда сияқты ұлт аймақтарындағы саяси партиялар мен қозғалыстардың іс-әрекеті мен олардың жетекші қайраткерлерінің нақтылы қызметі туралы ой-толғамдар кеңестік билікпен келісе алмай шет елдерге кеткен ресейлік, ортазиялық, қазақстандық және кавказдық жекелеген эмиграция

өкілдерінің, сол сияқты шетелдерде өмір сүріп, қызмет істеп жүрген отандастарымыздың еңбектерінде молынан кездеседі. Осындай отандастымыздың ішінде Мұстафа Шоқайдың Алаш және Алашорда қозғалысына тікелей қатысы бар екенін атап өтуіміз керек /4/.

Мұстафа Шоқай да басқа ұлттық-демократиялық бағыттағы зиялылар қауымы секілді бүкіл саналы ғұмырында қазақ халқының және Түркістан халықтарының бостандығы мен дербестігін аңсап, сол жолда өзінің өмірін қиған тұңғыш саяси эмигрант. Алайда бұл есімді де кеңестік дәуірде атағанда оған қара күйе жағып, кеңестік идеологияға сәйкестендіріп, «отанын сатқан сатқын» ретінде бағалады. Академик К.Нұрпейісұлының пікірінше: «Мұстафа Шоқай бастаған Түркістандық және Әлихан Бөкейхан бастаған қазақстандық-ұлттық демократиялық интеллигенция өкілдері Түркістан (Қоқан) автономиясын да, Алаш автономиясын да Ресеймен іс-жүзінде крнфедерациялық қарым-қатынаста болуға тиісті мемлекеттер ретінде көргісі келгендеріне көз жеткіземіз, олардың түптеп келгенде егеменді елдер болатындығына сенімді болғандықтарын ұғамыз»-деп ерекше атайды /5/.

Кез-келген ірі қоғамдық-саяси қозғалыс басшыларының әрқайсысының мүмкіндіктеріне сай атқарған міндетіне байланысты қозғалыс тарихында алатын орны болмақ. Мәселен, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлының XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысты, оның жиынтық көрінісі болған Алаш қозғалысын теориялық және ұйымдық тұрғыдан дайындаудағы рөлі ерекше және оны бұл қозғалысқа атсалысқан басқа қайраткерлердің орнымен шатыстыру қиын. Сол сияқты Түркістан халықтарының, қазақ жұртының XX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Мұстафа Шоқайұлының да тек өзіне тиесілі орны бар.

Алаш және XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың бірден көзге ілінер екі кезеңі болды. Бірі шамамен 1905 жылдан бастап Алашорда өкіметі құрылған 1917 жылдың желтоқсанына шейінгі аралықты қамтыса, екіншісі Азамат соғысы және Кеңестік билік біржола онаған уақыттан бастап 30-шы жылдардың бас кезіндегі (1930, 1932) Алаш зиялыларын жазалау мақсатында ұйымдастырылған сот процестерімен аяқталады. Алаш қозғалысының басында тұрған Әлихан Бөкейхан да, Мұстафа Шоқайұлы да ұлт-азаттық қозғалыстың бұл екі кезеңінде де оның жетекші басшыларына лайық жұмыстар атқарды.

XX ғасырдың басында Ә.Бөкейханов белсенді саясатшы және сонымен қатар саяси сарапшы ретінде көзге түскен болатын. Ол Ресейдегі болып жатқан оқиғаларды Алашорда қозғалысының баспасөз органы “Қазақ” газетінде жариялап отырды. Мұстафа Шоқай Ә.Бөкейхановтың осы саяси жетекшілік әрі талдаушы қаламгершілік қасиеттерінің екеуін де өз бойына сіңіріп алды.

Отан тарихындағы ұлт-азаттық қозғалыс мәселесіне байланысты тың көзқарас тұрғысынан оның хронологиялық шеңберіне де мән беру керек. Осы уақытқа дейін кеңестік ресми тарихтануда белгіленген мерзімнен анағұрлым кең. Ұлт-азаттық қозғалыс, кеңестік тарихнамада баяндалып келгендей 1916 жылғы бас көтерумен шектелмейді. Тіпті 1916 жылғы көтерілістің өзі жүйелі мақсаттықтан тумаған, төтеннен басталған, осы мезгілдегі ұлт өмірінің көш бастаушы ұлт зиялыларының еркінен тыс өрбіген тарихи құбылыс болатын.

Қазақ жерінде патшалық империяға қарсы шын мәніндегі мақсатты, ұлттық күштерді біріктірген саяси қозғалыс 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде басталды. Осы жылдың ортасында Алаш партиясының, ал соңына қарай Түркістан (Қоқан) автономиясының, ал оның артын ала Алашорда өкіметінің құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болатын. Осы аталған құрылымдар 1918-1919 жылдары империялық күштер тарапынан зорлықпен таратылғанымен,

азаттық идеясын ұстанушылар саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған. Алаш қайраткерлері ұлт мүддесі үшін күресін мүлдем жаңа саяси жағдайда, яғни өздері тұтқынға алынып, сотталғанға дейінгі кезеңде де жалғастырды.

Сонымен, ғасыр басында басталған жаңа ұлт-азаттық өрлеу 20-шы жылдардың соңы 30-жылдардың басына дейінгі аралықта қамтиды. Ол “алаштық” атанған ескі буын ұлт зиялыларының ең белсенді бөлігін репрессиялаумен, сондай-ақ олардың кеңестік партиялық қызметтегі ізбасарларын қызметтен аластаумен және оларды қатаң жазалаумен аяқталды.

Ғылымда болып жатқан өзгерістерге байланысты қайта қарауға мұқтаж келесі, екінші мәселе – ұлт-азаттық қозғалыстың кеңестік шеңбері. Негізгі мақсаты – ұлттық бостандық үшін күрес болған қазақ ұлт-азаттық қозғалысы біз қарап отырған мезгілде өзімен тағдырлас көрші түркі халықтарымен (татар, қызғыз, башқұрт, өзбек, т.б.) күш біріктіруге тырысты, өз мүмкіндігінше оларға қолдау көрсетуге дайын екендігін танытты. Қай жағынан алғанда да негізгі мұндай әрекет 1917 жылға дейін қазақ және татар ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлері арақатынасынан анық байқалады. Олардың Мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман фракциясы, татар және қазақ басылымдары (“Фикер”, “Тәржіман”, “Уақыт”, “Айқап”, “Қазақ”) арқылы отарлық езгіге қарсы бірігіп жүргізген күресі, сондай-ақ татар зиялыларының қазақ даласындағы ағартушылық қызметі осы айтылған пікірге айғақ бола алады.

Жалпы Ә.Бөкейханов бастаған Алаш зиялылары қос революция дәуіріндегі саяси оқиғалардың нәтижесінде қазақ ұлтының дербестігін өздерінің басты мақсат, мұратына айналдырды. М.Шоқай және оның айналасындағы түрік зиялылары тілі бір, діні бір барлық түрік халықтарын біртұтас Түркістан мемлекетіне біріктіруді мақсат етті. Ә.Бөкейханов бастаған Алаш зиялыларының да, М.Шоқай бастаған түрік зиялыларының да жолы бір жол - ол азаттық үшін күрес жолы болды. Академик К.Нұрпейісұлының пікірінше: «Ааш қозғалысы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде өмірге келді. Бұл қозғалыстың өзегі, орталық элементі өзінің бастау кездерін 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы әкелген өзгерістерден алған, ал саяси ұйым ретінде 1917 жылғы жазда құрылған тұңғыш жалпы ұлттық Алаш партиясын құру үшін ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясының жұрт таныған жетекшілері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқайұлы, Мұхаметжан Тынышпаев, Міржақып Дулатов, Халел, Жаһанша Досмұхамедовтер, Әлихан Ермеков, Жақып Ақбаев, Халел Ғаббасов т.б. ондаған қайраткерлер 1905-1917 жылдар аралығында қажырлы еңбек етті» /2/- деп ұлт зиялыларының еңбектерін жоғары бағалайды.

Сонымен ұлт зиялылары құрып, алдына күрделі міндеттер қойған Алаш партиясы өз мақсатына жете алмады. 1917 жылдың аяғынан бастап 1918 жылдың наурызына дейін Кеңес үкіметі Қазақстанның, Түркістанның барлық жерлерінде орнаған тұста, қызыл империялық саясат жаппай барлық жерде үстемдік ете бастағаннан кейін Алаш азаматтарының сағы сынды. Алаш партиясының белсенді қайраткерлері жаппай іздеу-тінту саясатынан қудаланып, тұтқынға алынды. Ал кейбір Алашорда үкіметінің басшылары Кеңес өкіметін амалсыздан мойындап, басқа жол жоқ болғандықтан онымен ымыраласуға мәжбүр болды. Кеңес үкіметінің жандайшаптарының Алашқа деген сенімсіздігі күн тәртібінен түспеді. 1920 ж. қаңтар-наурыз айларында Кеңес өкіметі өзінің қас жауы деп таныған Алашорданы тарих сахнасынан күштеп тайдырды. Негізінен Алаш партиясы интеллигенциясының саяси ұйымы болды. «Алаш партиясы» деген атпен танылған ұлттық-демократиялық қазақ зиялыларының өтпелі кезеңдегі саяси

ұйымы халық санасының қозғаушы күші міндетін жалпы алғанда, заман талабына сай адал атқарды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрпейісов К. Қазақ үшін XX ғасыр текке өткен жоқ. // Заман Қазақстан, 1998. 30 қаңтар.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: 1995.
3. Байтұрсынов А. Революция и киргизы//Жизнь национальностей, 1919. 3 августа, №29 (37).
4. Чокаев М. Туркестан под властью советов (к характеристике диктатуры пролетариата), Париж, 1935. (См. также переиздание: Алматы: Издательства : Ғылым, Түркістанның қилы тағдыры. Алматы: Жалын 1992. 187 б.
5. Нұрпейіс К. Мұстафа Шоқай Қазақстан мен Түркістанның 1917-1927 жж. қоғамдық-саяси өмірі туралы. // Қазақ тарихы, 1997, №2. 25б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада «Алаш қозғалысы» және академик Кеңес Нұрпейісұлының зерттеулеріндегі көтерілген өзекті мәселелер қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об движении Алаш и других актуальных проблемах рассматриваемых в научной наследии академика К. Нұрпейіса.

КЕҢЕС НҮРПЕЙІСТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Тақабаева Б.М. – оқытушы (Алматы, ҚазмемқызПУ)

Еліміз егемендік алғаннан кейін өзіміздің тарихымызды халқымызға, әсіресе жастарға үйретуге мол мүмкіндік ашылды. Тарихи сана жетілмей, тәрбиеленбей, өткенімізге дұрыс баға бере алмайтындығымыз кәміл. Сондықтан да, осы кезге дейін (тәуелсіздігімізді алғанша) хандарымыз қанішер, батырларымыз баукеспе ұры болып келді. Сөйтіп тарихи шындық бұрмаланды. Енді еліміз тарихының шаң басып жатқан шындық беттері ашылған кезде тарихи санамызды ояту үлкен мақсат болып отыр /1/.

Осы жолда отан тарихының шынайы болмысын ашып жазу мәселесін алғашқылардың бірі болып қолға алған Кеңес Нұрпейісұлы болатын.

Тарих ғылымында өзіндік із қалдырған ғалым, ұстаз Нұрпейіс Кеңес Нұрпейісұлы 1935 жылы наурыз айының 15 жұлдызында Алматы облысы, Кеген ауданы (қазіргі Райымбек ауданы), Саты ауылында дүниеге келген. Әкесі Нұрпейіс Нүсіпбайұлы кезінде колхоз құруға ат салысқан, сыйлы адамдардың бірі болған екен. Ұлы Отан соғысы қарсаңында ұсталып кетеді. Өзінің отбасы туралы Кеңес Нұрпейіс: «Өзім туралы айтсам, алыстағы бір сайдың ішіндегі, таудың бөктеріндегі бұрынғы Кеген, қазіргі Райымбек ауданы, Саты ауылында туып өскем. Бастауыш мектепті ауылда бітірдім. Шешем ерте қайтыс болып, әкем , «Ораз Жандосовпен таныстығы бар» делініп, халық жауы атанып, ұсталып кеткен соң, 4-5 жыл балалар үйінде тәрбиелендім. Әкеміз колхоздың бастығы болып жүрген, кейіннен ферма бастығы болған, сол кезде ұсталып кеткен. Әскерден жездеміз (немере әпкемнің жолдасы) келіп, солармен еріп Алматыға келдім.»/2/ - деп еске алатын.

Кішкентай Кеңес әкесін содан қайтып көрген емес, тек ол кісінің қуғындау қағазында «Карлаг лагерінде өлді (1943 ж.)» деп жазылған. Әкесі көзі тірісінде екі әйел алып, Кеңес Нұрпейісұлы екінші әйелі Айымжаннан туылады. Алайда, ол кісі К. Нұрпейіс екі жасқа толғанда сусамыр (қант диабеті) ауруынан қайтыс болып кетеді. Жөргегінде әкеден, одан кейін шешеден айырылған ол Нұрпейістің бірінші бәйбішесі Қойсынның қамқорлығында болады. Ол кісі де көп ұзамай қайтыс болады да, артында Қаниза деген қызы, Әли атты ұлы қалады. Сол Әли кішкентай Кеңесті жетектей отырып, ауылдан оншақты шақырым жердегі Қарабұлақ деген ауылдағы балалар үйіне апарды. Кеңес бес жылдай (1942-1946 жж.) сол жердегі бастауыш мектепте оқиды. 1946 жылы мектеп жабылып қалады. Әкелері соғыстан аман-есен келген балалар өз жанұясымен қайта қауышып жатса, ал тұлдыр жетімдер далада қалады. Бала Кеңес те әкесінің бір танысының үйінде отымен кіріп, күлімен шығып жүреді. Бірде оны әдеміше келген, қараторы келіншек іздеп келеді. Ол келіншек К. Нұрпейістің Тұрлыхан атты шөбере әпкесі болып шығады. Екеуі 1946 жылдың күз айында Алматыға келіп орналасады. Мұнда 1952 жылға дейін №18 Жамбыл атындағы ер балалар мектебінде оқиды. Оқу нәтижесі бойынша жақсы көзге түсіп, мектепті күміс медальмен бітіреді /3/.

Көрнекті ғалымның өмір жолына ерекше әсер еткен нәрсе, ол – әкесінің жазықсыз жазалануы болса керек. Себебі өзінің әкесі секілді көптеген қазақтың арыстай ұлдары жазықсыз жазаланып, тоталитарлық жүйенің құрбаны болды емес пе?

Тағылымы мол ғалымның Алаш мәселесін зерттеуге түрткі болған қандай оқиғалар екендігін жазушы Нұрлан Оразалин өзінің естелігінде былай деп жазады: Кеңес Нұрпейісов туралы әңгіме айтқанда, өзгені білмеймін, менің тілімнің ұшына еріксіз «алаш», «алашорда», «алаш арыстары», «алаш азаматы» деген төркінінде әлдеқандай ойды тербеп, жүректі қоздайтын киелі сөз, қасиетті ұғымдар тұрады.

Себебін іздей бастасақ, он тарау ойдың әуелгі тірелер тұсы – ғалымның зерттеушілік ғұмырының ең мол кезеңін алған алашорда тарихы. Екінші бір тұсы, өзі айтқандай балалық, балғын кезінен ұйқысы мен күлкісін ұрлаған «халық жауының ұлы» деген қара таңбаның көп жылдар бойы ізінен қалмауы. Үшінші бір тұсы – бесігін тербетіп, құндағын аялаған ел мен жердің, қазақ деген халықтың тарихына 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінің қанды қырғын оқиғалары өткен Қарқара болып енгені. Осынау үш себептің жүгін арқалаған ұғымдар төркінінде тұлғалы ғалым, тұғырлы азаматтардың өмірге деген көзқарасын қалыптастырған ұлттық ой-жігердің, халықтық ар мен намыстың от-жалыны лаулап, елін, жерін сүйген жүректің жасыны ойнап тұрғаны күмәнсіз/4/.

Өзінің өмірбаянында: «1942 жылы С.М. Киров атындағы (қазіргі Эль-Фараби атындағы КазМҰУ) Қазақ мемлекеттік Университетіне оқуға түстім. Оқуды бітіргеннен кейін Қазақ ССР Ұлттық Академиясының тарих, археология және этнография Институтына жұмысқа қабылдандым. Осы уақыттан бастап (яғни 1958 жыл) еңбек және ғылыми қызметім басталды және кіші ғылыми қызметкерліктен бастап, ҚР Ұлттық Академиясының тарих ғылымдарының докторы, профессор дәрежесіне дейінгі жолды жүріп өттім. 1963 жылы кандидаттық диссертациямды, ал 1973 жылы докторлығымды қорғадым. Ғылыми зерттеудегі негізгі бағытым: ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, ұлттық-мемлекеттік құрылыс, Қазақстанның қоғамдық саяси өмірі, ХХ ғасырдағы аграрлық-шаруалар мәселесі» - /5/ деп жазады.

К.Нұрпейіс оқудың алғашқы күнінен бастап-ақ тәлімгер-педагогтар мен бірге оқитын жолдастарының назарын табандылығы мен эрудициясына, сұңғыла ойы мен терең біліміне аударады. Төменгі курста жүрген кезінде-ақ оның ғылыми

баяндамалары мен хабарламалары оқытушылар мен студенттердің үлкен қызығушылығын тудырады. Өйткені осы еңбектерінде Кеңес Нұрпейіс өзін дереккөздерге талдау жасай алатын, ең бастысы, кез келген аудиторияда өз ұстанымын сауатты әрі дәлелді көрсете білетін болашақ зерттеуші ретінде көрсетті. Сол кездің өзінде-ақ К.Нұрпейіс, негізінен, дәстүрден де алыстап кетпей, тарихшылар мен қоғам қайраткерлерінің түрлі пікірлерін тарих ғылымындағы жаңа үрдістердің тууы мен дамуын бейнелей отыра, өзіндік бір ерекшелікпен жинақтады. Сондықтан университетті үздік бітірген Кеңес Нұрпейістің білім ордасында қалдырылуына ешкім де таңданбады/6/.

Ғылым шыңына алғашқы қадамы сонау студенттік жылдардан бастау алады, қазақтың шынайы тарихын қайта жаңғырту, өткен өмірдегі «ақтандақтарды», сталинизм құрбандарының есімдерін халықтың зердесіне қайтару үшін аянбай нәтижелі еңбек етті. Еліміздің тарихындағы түбегейлі мәселелер бойынша тың пікірлер айтып, жаңаша көзқараста жазылған оқулықтар мен оқу құралдарының баспадан шығарылуына белсене ат салысты.

1958 жылы ақпанда К.Н.Нұрпейіс Ш.Ш.Уалиханов атындағы тарих, археология және этнография институтында кіші ғылыми қызметкер болып қабылданып, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының академигіне дейінгі жолдан өтті.

Бала кезінен білім шыңына өрлеп, осы мақсатта сан алуан қиындықтарды жеңе отырып, туған халқына, еліне еңбегі сіңген, ғылымға зор үлес қосқан ғалым дәрежесіне көтерілді.

Жас ғалымның ұстаздары, А.Н.Нүсіпбеков, С.Н.Покровский, Г.Ф.Дахшлейгер, т.б. болды, олар ғалымның қалыптасуына зор ықпал етті. Жаратылысы мен тегіндегі талабы ғылымның шыңына жетуге ықпал етті. Ғылымда жетістікке жетуін инемен құдық қазып, су шығарғандай болса, өзінің саналы өмірінде тарихтың сан-алуан шыңырау құдықтарын қазып, солардан шыққан шырынды сулар халқымыздың рухани сусынын қандырды. Талапшыл жас еліміздің азаматтық тұрмысының тарихын ғана емес, ұлттық мемлекеттің қалыптасуының, дамуының ең маңызды мәселелері, әсіресе, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы төңкерістер оқиғаларын, Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы мен азамат соғысы тарихын зерттеумен айналысты. Үлкен ізденістердің нәтижесінде «Қазақстандағы Кеңестер билігі үшін күрес», «Қазақстандағы Октябрь революциясы мен азамат соғысының тарихы», естеліктер жинақтары, «Орта Азия мен Қазақстандағы шетел интервенциясы және азамат соғысы» атты құжаттыр мен материалдар жинақтары және басқа да іргелі басылымдар жарық көрді. 1968 жылы ол орыс тілінде «Қазақстан Кеңестері жұмысшылар мен шаруалар билігін нығайту үшін күресте» атты монографиясын жариялады. 1972 жылы ғалым «Қазақстанның шаруалар советтері (1917-1929)» деген іргелі монография шығарып, соның негізінде «Қазақстанның шаруалар Кеңестері (ауылдық Советтерінің 1917-1929 ж.ж. құрылуы, нығаюы және практикалық қызметінің тарихы)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Еңбектері әділ де, көңілге қонарлық шешімін алып отырды.

Бұдан кейінгі жылдарда ғалымның зерттеу еңбектеріне 1918-1920 ж.ж. ұлттық-мемлекеттік құрылыс, Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылу тарихы, Орта Азия Республикалары мен Қазақстанның ұлттық, территориялық межеленуі, Кеңес өкіметінің Қазақстандағы аграрлық реформалары, республикадағы қоғамдық-саяси өмір мәселелері енді. Олар: «Қазақстан Советтерінің I Құрылтай съезі», «Қазақстан – республикам менің», орыс тілінде «Қазақстан шаруаларының тарихы», «Қазақстан Кеңестерінің

құрылуы», «Куйбышев және Қазақстан» (В.С. Познанскимен бірігіп жазған) және басқа кітаптар/7/.

1978-1981 ж.ж. негізгі авторлардың бірі ретінде көне заманнан бүгінге дейінгі «Қазақ ССР тарихын» шығаруға қатысуы үлкен маңызы бар іс болды. Осы жұмысы үшін 1982 жылы Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының біраз ғалымдарымен біге Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды.

Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты Отан тарихын терең әрі жан-жақты зерттеу мәселесі тұрды Осыған байланысты К. Нұрпейіс алғашқылардың бірі болып ХХ ғ. бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихын, 1917 ж. ақпан және қазан революциялары мен Алаш қайраткерлері жетекшілік еткен Қазақ Автономиясының тарихын объективтік тұрғыдан зерттеу мәселесін көтерді және көп ұзамай өзінің «Алаш Һәм Алашорда» атты монографиясын жариялады. Сонымен бірге, «Алашорда» Автономиясының тарихын зерттейтін ғылыми мектептің негізін салушылардың бірі Т. Рысқұловтың өмірі мен қызметін зерттеуге үлес қосты.

Ол жоғарғы оқу орындарының 10-11сыныптарға арналған мен мектептер үшін Қазақстан тарихы бойынша оқулық пен оқу құралдарын жазуға белсене қатысып, көне заманан бүгінге дейінгі «Қазақстан тарихын» дайындауға ат салысты.

К. Нұрпейістің ғылыми редакторлығымен 15 жыл бойы «Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналының редакциялық алқасының жауапты хатшысы болды. 1998 жылдан бастап «Отан тарихы» журналының, Швецияда шығатын «Центральная Азия и Кавказ» қоғамдық-саяси журналы редакцияларының алқа мүшесі болды. «Қазақ тарихы» журналына редколлегия мүшесі, «Ұлттық энциклопедия» басылымдарының тарих секциясының төрағасы қызметін атқарды. 2004 жылы К.Нұрпейістің басшылығымен «Туған өлке» журналы шығарылды және ғалымның Отан тарихының өзекті мәселелеріне арналған 16 монография мен мақалалар жинақтары жарық көрді.

Қазақ тарихының ең қиын «ақ таңдақ» болып қалған мәселелерін зерттеп, өз елін шетелдерге де таныта білді. Әсіресе, Ресей, Түркіменстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерімен қатар Америка, Түркия елдеріне де Қазақстанды таныта білді.

Танымал ғалым ғана емес ұлағатты ұстаз, шебер ұйымдастырушы және жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлауға үлкен көңіл бөлді. Талантты жастардың басын қосып, олардың болашақ ғылыми қызметтеріне бағыт беріп отырды. Осы бағытта Ж.Б.Аширбекова «Т.Рысқұловтың қоғамдық-саяси қызметі және тарихи зерттеу еңбектері», Ж.Қ.Ахметова «М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің Түркістандық кезеңі (1917-1919 ж.ж.)» атты кандидаттық диссертациялары ғалымның басшылығымен үлкен табыспен қорғалды. Сондай-ақ К. Нұрпейістің ғылыми жетекшілігімен 38 кандидаттық, 9 докторлық диссертация қорғалды. Көп жылдар бойы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің тарих факультетінде профессор ретінде дәріс берді. Студенттерге үлкен білім бере жүріп, жас оқушыларының сана-сезімдерінде патриоттық рухты қалыптастыруға дұрыс бағыт бере алды. Жұмсақ мінезді, ақжарқын, әділетті ұстаз бола білді.

Академик 400 астам ғылыми-көпшілік жұмыстарының авторы. Олардың ішінде 20-дан астам монографиялар мен кітаптар бар. Тәуелсіз еліміздің тарихи санасын қалыптастыруға зор үлес қосты. Отандық ғылымға сіңірген еңбегі жоғары бағаланды. 1989 жылы Ұлттық Ғылым академиясының мүшесі, 2003 жылы толық мүшесі (академигі) болып сайланды. 1995 жылы ол «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталады. 1998 жылы К.Н.

Нұрпейіске «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» құрметті атағы берілді.

К.Н.Нұрпейіс өмірден озса да ғалымның ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі мен тарихи мұрасы тарих ғылымына қосылған өзіндік үлесі бар бағалы туындылары, артында қалған шәкірттеріне баға жетпес мұра болып қалары сөссіз

ӘДЕБИЕТТЕР

1. АОММ, 1099-қор, 1-тізімдеме, 16-іс.71-б.
2. Сонда, 71-б.
3. АОММ, 1099-қор, 1-тізімдеме, 264-іс. 1-б.
4. Оразалин Н. Алаштұлғалы. // Хантәңірі.- 2008. -11 қазан. 3-б.
5. АОММ, 1099-қор, 1-тізімдеме, 151-іс. 22-б.
6. АОММ, 1099-қор, 1-тізімдеме, 252-іс. 12-б.
7. Кеңес Нұрпейісұлы Нұпейіс: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясының материалдары – Алматы, 2005. 12 бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада академик К.Н. Нұрпейістің өмірі мен қызметі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается жизнь и деятельность академика К.Н. Нұрпейіса.

ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**МОНҒОЛ ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ДУЛАТТАР**

Тортаев С.Ә. -т.ғ.к.доцент(Алматы қ.,ҚазмемқызПУ)

Ғабжалилов Х.М. -т.ғ.к.(Алматы қ., Алаш орталығының төрағасы)

Дулат тайпасы монғолдардың қазіргі Қазақстан жерін бағындыруының қарсаңында өзінің этникалық территориясы болып табылатын Жетісу өңірін иеленіп отырды. Оны басы Рашид-ад-дин болып монғол тайпасына жатқызбақ болған әрекет сондықтан да тарихи шындықты аша алмайды. Аса беделді шығыстанушы В.В.Бартольдтің де осыны ескермей, Жетісу аймағы баяғы *он оқ* елі заманынан бері (VII ғасырдан) дулаттардың түркі тілдес бабаларының ата-мекені екенін ескермей, оларды монғол тайпаларына жатқызып жібергені өкінішті. Алғаш олардың мекені, ата-жұрты қарақытайлар мемлекетінің құрамында болды. 1212 жылдан бастап 1218 жылға дейін бұл мемлекетті Монғол үстіртінен қашып келген найман тайпасының ханзадасы Күшілік билеп-төстеді.

Шыңғысханның Күшілікті жеңуі дулаттар аймағында дінді қудалауды тоқтатты; 1211 жылдан бастап Шыңғысханмен байланыс орнатқан қарақытайлықтардың бұрынғы *дулат* тайпасы сияқты мұсылман бодандары толық дін еркіндігіне ие болды. Қуғын-сүргіннен аман қалған қарақытайлар да мұсылманша киінуге көшті. Орта Азияда қарақытайлықтар билігінің ешбір белгісі – жазуы, құрылыстары сақталмады/1/. Сөйтіп, Мұхаммед пайғамбардың дінінің таралуына қарсылық білдірушілер дереу құдайдан жазасын алып жатты. Ал ислам дініне сеніп, оны басшылыққа алып, нығайтып жатқандардың жолы оңынан болып, жастары ұзарып, бақыт құшағына бөленді/2/. Бұл әсіресе осы өңірдегі беделді дулат тайпасына қатысты болды.

Осындайда құрамына дулат тайпасының мекені де кірген қарақытайлар мемлекетін басып алған монғол әскерінің Жетісу, Түркістан өңіріне басып кіруіне не себеп болды. Оған кім кінәлі еді. Оның нәтижесі қандай болды? – дегендей заңды сауалдар да туындайды.

Күшілік ханзада қаза тапқаннан кейін оның Түркістандық иеліктері Хорезмшахтың қол астына көшті. Бұған Шыңғысхан наразы болды. 1216 жылы Күшілік пен меркіт ханының ұлы Кудуды (Хуту) Жошы бастаған монғол әскерлері қуып келіп, оларды Кили және Камих өзендерінің маңында талқандаған кезде монғол әскерімен соғысуға Мұхаммед Хорезмшах та келді. Монғол әскерінің «Бізге Хорезмшахпен соғысуға рұқсат жоқ, біз басқа жұмыспен келдік», - деген сөзіне құлақ аспай, Хорезмшахтың өзі соғыс бастап, осы соғыста өзі тұтқынға түсіп қала сақтады: баласы Жәлел-ад-диннің батырлығының арқасында ғана құтылды.

«Бұл қақтығыстың басталуына сұлтанның кінәлі екеніне қарамастан, Шыңғысхан өзінің бұрыннан қалыптасқан ұстанымына сай оған шабуыл жасағысы келмеді, әртүрлі жолдармен достық қатынасты сақтауға және көршілік құқын қорғауға тырысты. Сұлтан тарапынан ашу-ызасын туғызған, қалай да қарсы шара қолданып, өш алуды қажет қылған қылықтар жасалғанша ол (Шыңғысхан – авт.) онымен (Хорезмшахпен – авт.) күреске кіріскен жоқ»/3/. Бұл кезде Жетісу мен Түркістан өңіріндегі дулаттар Күшіліктің зобалаңынан кейін бейбіт өмірді аңсап, Хорезмшахқа да қарсылық көрсете қойған жоқ.

Шыңғысханның батыстағы күшті де қауіпті көршісі Хорезмшахпен тіл табысу мақсатымен 1216 жылы оған елшілік жібергені белгілі. Дулаттар мекені Шу, Талас өңірімен жүріп өткен бұл елшіліктің жергілікті жерде Шыңғыс ханды

насихаттағанын айтпасқа болмас. Ол Хорезмшахтан өзін, яғни Шыңғысханды әмірші ретінде тануды талап етті. Сонда ғана екі елдің арасында тыныштық болатынына сендірген ол, одаққа біріксе, оларға ешкім қарсы тұра алмайтындығына Хорезмшахтың көзін жеткізбек болды.

Хорезмшах болса Шыңғысханның билігін мойындаудан үзілді кесілді бас тартты және ешбір себепсіз өзі соғыс бастамауға уәде берді. Егер бұл ұсыныс қабылданбаса, Хорезмшах күшпен жауап беруге дайын екендігін де жасырған жоқ.

Бірақ көп өтпей екі елдің арасындағы тыныштық Отырар қаласының әкімі Қайырханның монғол көпестерін қырып, олардың тауарларын тартып алуының салдарынан бұзылды. Шыңғысханның жағдайды біліп келу үшін Хорезмге жіберген елшісі тағы да өлтірілді.

«... Шыңғыс хаған сартауыл (Ортаазиялық Түркістан) еліне жіберген Ұқына бастаған жүз елшісі өлтірілгенін естігенде өз ордасында үлкен құрылтай шықырып: «Алтын арқанымызды сартауылдарға қидырып, қол қусырып отырамыз ба? Ұқына бастаған жүз жігітіміздің кегін қайтарып, сартауылдармен соғысып, егеске қысас істеп, сартауылдармен шайқасайық» /4/, деп Хорезмге соғыс жариялады. Осыдан соң 1219 жылы Шыңғысхан жазды Ертістің бойында өткізіп, аттарын жемдетіп алып, күзде онан әрі жылжыды. Жолында кездескен облыстардың бәрін басып алып, соғысуға келе жатқандығы туралы Хорезмшахқа хабар берді.

Бұл жорыққа Шыңғысхан жалаң моңғол әскерін ғана емес, сондай-ақ осы кезге дейін өз қоластына біріктірген түркі тайпаларынан да (керейт, қоңырат, жалайыр, меркіт, найман, қарлық, ұйғыр, арғын, дулат) жасақталған әскерді пайдаланды /5/. Дулаттар Шыңғыс ханның Хорезмшахқа барар жолында жатқан бірден бір саны көп түркі тайпасы еді. Оның үстіне олар Ұлы қағанды мойындайтындарын бірден мәлімдеді.

Бұл жорыққа дулат тайпасының да қатысуының бір дәлелі – Шыңғыс хан Жошыға «хушин тайпасынан шыққан Байкудың мыңдығын берді. Ол барунгарды, яғни оң қанаттағы әскерді басқарды», - деген дерек. Сол деректің авторы Хушидай-Байку деген аға әмірдің болғандығын, оны Шыңғысханның Жошыға бергендігін, оның Бату әскерінің оң қанатын басқарғандығын жазады. Ол өмірнің соңында: «Мен қартайдым, қаусырадым, енді бұл істі атқаруға жарамаймын» деп өз орнына басқа адамды ұсынды»/6/.

Зерттеушілер/7/ «хушин» деген «үйсін» дегенді білдіреді, ал «Байку» деген Майқы бидің бұрмаланған аты деп түсіндіреді. Олай болса үйсіннің ішінде оның дулат тайпасының да өкілдері болды деуге толық негіз бар деп ойлаймыз. Жошының ғана емес, Шағатайдың да қол астына берілген екі мың әскердің құрамында дулат сарбаздары бар еді.

Күшілікті жойып, Жетісуды қарсылықсыз алған 1216 жылдан Отырарға жеткен Шыңғысханға 1219 жылға дейінгі уақыттарда Құланнан батысқа қарай Талас, Испиджаб өңірлеріндегі дулаттар да қарсылықсыз берілді де, оның әскерін толықтырды.

Сөйтіп, Шыңғысханның жаулау жорықтары негізінен жалпы алғанда моңғол тайпаларынан ғана емес, қазақты құраған көптеген іргелі тайпаларға арқа сүйеудің арқасында ғана мүмкін болды дей аламыз. Моңғол әскерінің құрамына кірген үйсін тайпалық одағындағы дулаттар 1219-1222 жылдары Отырарды, Жент пен Өзкентті, Сығанақ пен Баршынкентті, Ашынас пен Үргенішті Хорезмшахтан қайтарып алуға қатысты.

1220 жылы дулат тайпасының біраз рулары тұрып жатқан Қашқария да Шыңғысхан мемлекетінің құрамына кірді. Бұл қосылу қантөгіссіз, зардапсыз

жүргізілді. «В последующее затем блестящее царствование монголов Кашгария достигла высшей степени процветания, до которого ни ранее, ни в последующее века она никогда не доходила»/8/ Бұл монғолдарды жалпы шығыс елдері мен халықтарын мақтауға ауызы бармайтын орыс халқының өкілі, Ресейдің бас штабының полковнигі А.Н.Куропаткиннің сөзі. Осы пікір Шыңғысханға қарсылықсыз берілген дулат, арғын, қарлық, т.б. тайпаларының дұрыс саяси шешімдер қабылдап, елді қырғын-сүргінге ұрындырмай, салт-дәстүрі, діні, шаруашылық жүйесі бір болып келетін Орталық Азия көшпенділерінің өркениетін өрлетуге үлес қосқандығының куәсі деп білеміз.

Дулаттар қоныстанған бұл өлкелердің рубасылары мен халқының Шыңғысханға өз еркімен берілуінің арқасында олар Қытайға, Мауренахр мен Батыс Азияға қарағанда, монғол шапқыншылығынан елеулі ауыр зардап шеге қойған жоқ. Монғол жаулап алушылығынан соң бұл өлкелерде болып қайтқан саяхатшылар дулаттар мекендеген аймақты мәдениеті гүлденіп тұрған ел еді деп суреттейді. 1220 ж. чжурчжен императоры Шыңғысханға Ву-гу-сун деген елшісін жіберді. Оның айтуынша қарақытайлықтар азайып қалған, олардың өзі де Хой-Худың, яғни мұсылмандардың салт-дәстүрін қабылдап, киімдерін киген. Жетісулық мұсылмандар басқа, жергілікті мәдениеттің христиандық өкілдеріне қарағанда әлдеқайда жауынгер халық болған/9/.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бартольд В.В. Сочинения. Т.У. -546 б.
- 2.Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т.1. Кн. 2. -184 б.
- 3.Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. 1. Кн. 2. – М. –Л., 1952. -190 б.
- 4.Моңғолдың құпия шежіресі. – Алматы, 1998. -176 б.
- 5.Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т.1,кн. 2. -274-275 бб.
- 6.Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т.1,кн. 2. -274-275 бб.
- 7.Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. – Алматы, 1968. -25 б; Осындай пікірді Ш.Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, т.б. ұстаған. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. – Алма-Ата, 1984. -275 б.; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.6. Алматы, 2004, 2004. -314 б.
- 8.Куропаткин А.Н. Кашгария. – СПб., 1879. -79 б.
- 9.Туркестан со времени завоевания арабами до монгольского владычества. Сост. А.Н.Самойлович. – СПб., 1903. – 137 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Шыңғысханның Орта Азияға жорығы кезіндегі дулат тайпасының жағдайы баяндалады. Бұл тайпаның салт-дәстүрі, діні, шаруашылық жүйесі бір болып келетін монғолдарға қарсылықсыз беріліп, дұрыс шешім қабылдағаны дәлелденген.

РЕЗЮМЕ

В статье описывается территориальное, политико-экономическое положение племени дулат накануне монгольского завоевания. Доказывается, что дулаты, поступив разумно, избежали истребления.

ТАРИХ ТОРАБЫНДА ТАҢБАСЫ ҚАЛҒАН ТАРАЗ ШАҒАРЫ

Саурықова Ж.С.- оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Еліміздің маңызы зор өндірістік және мәдени орталығы болып табылатын қазіргі Тараз қаласы орналасқан жерде, тарихшыларға Тараз деген атпен белгілі Қазақстанның ең үлкен ортағасырлық шаһарларының бірі орын тепкен. Бұл қала жайлы жазылған ең алғашқы мәліметтер IV - ғасырдың аяғына жататын Византиялық жазбаларда кездеседі /1/. Орта ғасырдағы ірі қалалардың бірі Византия императоры II Юстинианның Шығыс бөлігінің әскербасы Земарх бастаған елшілерді түркілер қағаны Дизабулдың ордасына аттандырды. Византия тарихшысы Менандрдың суреттеуі бойынша Земарх сапар барысында Тараз қаласында және сол қалаға жақын бір жерде үлкен мемлекеттің әміршісі, Түрік қағанының ордасында қабылдауда болды /2/.

Кейіннен Тараз (Талас) туралы ортағасырлық географ, тарихшы, саяхатшылардың бәрі дерлік жазады. Бұған таң қалуға болмайды, өйткені қаланың орналасқан жері Ұлы Жібек жолындағы маңызды орындардың бірі еді. Сондықтан да, авторлар Тараз жайлы жазған кезде ең алдымен оның сауда саласындағы маңызы туралы айтады. Тараз қаласы транзиттік ірі сауда орталығы болғандықтан, деректемелерде «мұсылмандардың түріктерімен сауда жасайтын орны» және «көпестер қаласы» деп жазылады. Талас-Тараз қаласын негізгі орталық нысана ете отырып, заманымыздың XIII- ғасырына дейінгі Ұлы Жібек жолының бағыт-бағдарлары және бұл күндері ертедегі Үйсін хандығының астанасы болған Чигу (Қызылсай, Қызыл аңғар) қаласының бекінісінің орны туралы деректер бар. Сонымен бірге, ол түргештердің, ал содан соң қарлұқтардың және қарахандардың астаналық орталығы болған.

Ертедегі авторлардың бірде-біреуі Тараздың орнын дәл көрсете алмаған. Сондықтан да археологтар бұл қаланы ұзақ уақыт бойы әр жерлерден іздестірді. Ертедегі Қытай жазба деректерінде кездесетін жер- су, қала аттары қатарында Талас бір жағынан жағрафиялық өңір ретінде, тағы бір жағынан өзен және бекіністі қала ретінде жиі аталып отырған /3/. Тараз тұрған жер жасыл желекті алқап болған. Бұл төңіректе Тараздан басқа үлкенді-кішілі қалашықтар, елді қоныстар, жеке үй қожалықтары, сарайлар өмір сүрген. Қазір олардың тек орны – мүжіле-мүжіле төбешікке айналған үйінділері ғана қалған. Жаздың ыстық күндері бұл төбешіктердің шөбі тез күйіп кетеді. Егер биіктеу жерге шығып қарағанда, жасыл даланың ара- арасында үйінділер сарыала дақ болып бірден көзге түсіп тұрады /4/.

Тараз өңірінің ежелгі тарихы ерте палеолит дәуірінен басталады. Мұнда ежелгі адамдардың қоныстануына анағұрлым қолайлы орындар – Қаратау таулары болды. Орта ғасырдағы Әл-Идрисидің картасында неғұрлым ертедегі деректемелер бойынша кеңінен белгілі Тараз қаласы көрсетілген. «Нұзхат әл-мұштак» тексінде Тараздың солтүстік жағында қарлұқ-түріктер мекендейтіні атап өтіледі; Тараздың оңтүстігіне таман 5 фарсах болатын Касрибас деген жердегі жайылымдарда қарлұқтардың қыстаулары бар екені де айтылады. Қарлұқтардың Тараз аймағы шегінді мекендегенін басқа авторлардың мәліметтері де қуаттайды. Қарлұқ тайпалары билік еткен тұста, Тараз қаласы VIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ « даңқты да инабатты шарұқ-түріктер» қаласы деп аталған еді. Талас- Тараз қаласы ерте орта ғасырлардағы Ұлы Жібек жолының кемінде үш-төрт тармағы түйісер нағыз тоғыз жолдың торабындағы ірі мәдени-сауда орталығы әрі Шығыс пен Орхон- Алтай өңірінен басталатын ірі әскери жорықтар нысана алған стратегиялық бекіністі қала еді . Тараз ығы-жығы халқы көп, саялы

бау-бақшасы бар қайнаған базар, орталығында түркі тілімен қатар араб, парсы, соғды, қытай тілдері жиі естілген қала.

Көне Тараз кезінде «ғалымдар қаласы» деп аталып, оқымысты, ғалым, ғұламаларымен де атағы шыққан қала болды. Араб деректеріне қарағанда XI-XII ғасырларда Тараздан Махмұт бин Әли әл-Тарази, Әбу Тахир Мұхаммет ат-Тарази, Әбд Садық Ахмет ибн Хасан сынды көрнекті ғалымдар шықты. Тарихи жазбалар бұл ғалымдарды жоғары бағаландығын көрсетеді. XI ғасырда аты мәшһүр энциклопедист ғалым әрі ақын Жүсіп Баласағұни 6500 бәйіттен тұратын теңдесіз әдеби әрі ғылыми ескерткіш – «Құдатғу білік» атты философиялық поэмасын жазып қалдырды. Тараз өңіріне қатысты алғашқы тарихи деректер осы ғалымдардың ғылыми мәні зор мұраларында және өлкемен танысқан саяхатшылардың жазбаларында сақталды. Орта Азия мен Қазақстанның жергілікті түркі және ирандық тілдерде сөйлейтін ғалымдары, әдебиетшілері мен ақындарының үлкен бір тобы өз шығармаларын сол кезде халықаралық ғылыми тілдің рөлін атқарған араб тілінде жазды. Тараздық ғалымдар қай өлкеден екендігін білдіру мақсатымен есімдеріне «ат-Тарази» жұрнағын қосқан.

Қазақ жерінде алғашқы мешіт Тараз шаһарында 890 жылы тұрғызылды. Исламның таралуына байланысты мешіттер, медреселер, кесенелер салынды. IX - X ғасырдағы ескерткіштерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары аймақта қалалық мұсылман мәдениетінің қалыптасқанын көрсетеді. X ғасырдың басында Қарахандар әулетінің негізін қалаушы Сатұқ Боғра-хан тұсында ислам дінін қабылдап, ал оның ұлы Боғра-хан Мұса тұсында 960 жылы ислам мемлекеттік дін болып жарияланған. Мұсылман діні бірінші кезекте қалаларда таралды. Осы тұста Тараз қаласындағы христиан шіркеулері мешіттерге айналдырылды.

X-XII ғасырларда қаланың гүлденген кезеңі болды. Тараз қаласындағы мұсылман сәулет өнерінің інжу-маржандары болып саналатын, Әулиеата – Қарахан (XII ғасыр) және Дәуітбек (XIII ғасыр) кесенелерін ерекше айтуға болады. X-XII ғасырларда Тараз қаласының су құбырлары, сонымен қатар күйген кірпіштен көпшілік үшін салынған моншасы болған /5/. Бұл Тараз төңірегі тұрғындары мал шаруашылығымен айналысқанын және Ұлы Жібек жолындағы сауда орталығы болғанын, Тараз қаласында малдарын сатып немесе айырбастап, сауда-саттық жүргізгенін дәлелденген/6/. Осынау қасиетті Тараз қаласының XI ғасырдың бірінші ширегіндегі теңге сарайы табылған. Сонымен қатар Тараз қаласынан XI-XII ғасырда төбесі күнбезделіп жасалған монша, ұзындығы 12,8 метр су құбыры, күнбез тәрізді, ұзын мойынды тәсілмен жасалған пеш табылған. Осы қазба жұмыстары нәтижесінде табылған заттар, өрнектелген бұйымдар тарихи ескерткіштер заттай және рухани мәдениеттің дамуына зор үлес қосты.

Бұл аумақта көне ғимараттардың монументальдық архитектурасы қанғөй тайпаларының архитектура мен құрылыс үрдістерінің деңгейіндей дамығандығы бәрімізге мәлім. XII ғасырдың аяғында бабамыз Қарахан дүниеден өткен кезде, оның қабірі басына сәулетті күмбез ғимараты салынып, бұл мазар «Әулиеата» аталып кетеді. Бірақ монғолдар шапқыншылығы кезінде қалада, қасиетті күмбезде қиратылды. Тек 1809 жылы кесене қалпына келтіріліп, Айша – бибі, Бабаджа – қатын, Дәуітбек (Шамансұр) сынды ерте орта ғасырдың архитектурасының ескерткіштері күні бүгінге дейін сақталуда. Көне тарихи ескерткіштер біртұтас қазақтың мәңгілік мұрасы.

Тараз қаласын 1220 жылы Шыңғыс хан әскерлері басып алады. Тараз Шағатай ұлысына қарады. Тараздың орнына Яны (Жаңа) деп аталатын қала тұрғызып, Дәуітбек (Шамансұр кесенесі) мазары салынды. Қалада 1334 жылға дейін теңге соғылып тұрды. Қала Әмір Темірдің және жоңғарлардың

шапқыншылығы кезінде құлдырады. Бұл жорықтар жергілікті халықты қисапсыз қырғынға ұшыратты. XV ғасырдың бірінші ширегінде Тараз өңірі өзара қырқысулардың сахнасына айналды. Абылай хан 1774 жылы қаланы қалпына келтіріп, Әулие-Ата деп атаған. Қоқандықтар 1821 жылы ежелгі Тараз қаласының орнына Әулиеата бекінісін тұрғызды. Тараз 1856 жылы Әулиеата деп аталып, қалада аса ірі өзі ататас жәрмеңке өтіп тұрды. Мемлекеттік банк бөлімшелері, почта, телеграф ашылды. Әулиеата Қазақстанның ірі қалаларының біріне айналды. 1936 жылы 10 қаңтарда Әулиеата қаласы Мирзоян болып өзгертілді. 1938 жылы 5 маусымда қалаға жыр алыбы Жамбыл ақынның есімі беріледі. Жамбыл қаласы қазақ ақынының атымен аталған тұңғыш қала болды.

1997 жылы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығымен қалаға өзінің тарихи Тараз атауы қайтарылды. Тараз– Республикамыздың әдемі де гүлденген қалаларының біріне айналды.

Тараз – Қазақстанға ғана емес, сонымен бірге Еуразияға да тән қала. Өйткені ол құрлықтағы ірі ғылым мен мәдениеттің, қолөнер мен сауданың орталығы, керуен жолдарының байланыстырушысы. Осыдан дәл 2000 жыл бұрын б.з.д. I ғасырдың аяғы мен б.з. I ғасырдың басында Тараз қаласы осынау өлкенің саяси және экономикалық орталығы болып, сол кезден бастап өте қарқынды дами бастаған.

2002 жылы қыркүйекте Қазақстан ЮНЕСКО көлемінде Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойын атап өтті. Тараздың мерейтойы – мақтан тұтар ерлік істерге, ірі оқиғаларға, қолбасшылары мен жауынгерлерінің ерлігіне, ғалымдардың дарынды еңбегіне, ақындар мен суретшілердің тамаша шығармаларына толы бай әрі тамыры тереңде жатқан тарихы бар егеменді Қазақстанның даму жолындағы маңызы зор кезең.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байпақов Қ. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы, 2005.
2. Көркем суретті Қазақстан тарихы, 1-том. Алматы, 2006.
3. Қазақстан тарихы очерктер..Алматы, 1994.
4. Қазақстан тарихы 1-том. Алматы, 1996.
5. Чапай М. Қазақстан тарихы. Алматы, 2008.
6. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. Алматы, 1995.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Тараз қаласының көне мәдени тарихы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается древняя история культуры города Тараза.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**Н.Ә.НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТІН ҚҰРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ**

Бегалиева А.А. – т.ғ.к., доцент. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың соңғы онжылдығында әлем тарихының басты оқиғасы ретінде тарихқа енген КСРО сияқты алып империяның күйреуі нәтижесінде пайда болған елдердің бірі – Қазақстан Республикасы халқының, бірінші кезекте қазақ ұлтының, алдында жаңа мемлекет қалыптастыру міндеті тұрғандығы белгілі. Мұндай аса күрделі істің басында, ел тағдыры шешілер сәтте атқарылар ауқымды қайнар көзінде, тағдырдың жазуымен, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұрды. Оның еңбектерінде тәуелсіз Қазақстан тарихының маңызды жазба дерек көздері ретінде деректанулық талдау жасау, Н. Назарбаевтың жаңа мемлекет құру өте қымбатқа түсетін, аса күрделі іс екендігін КСРО-ның кезінде-ақ айқын көрсетті. Мысалы, ол өзінің 1991 жылдың наурыз-сәуір айларында, демек КСРО-ның күйреуі қарсаңында дайындаған «Әділеттің ақ жолы»- атты кітабында одақтас республикалар арасында сол кезде ондаған жылдар бойы қалыптасқан экономикалық байланыстарды үзудің бәрі үшін де қатерлі екендігін айта келе: «Оның үстіне бір-біріне мүлде тәуелсіз жаңа мемлекеттерді құру дегеніңіз өте қымбатқа түсетін іс екенін дәлелдеп жатудың сірә, керегі бола қоймас»-деуі соның дәлелі. Дегенменен, көп ұзамай-ақ тағдыр оны дәл сол «өте қымбатқа түсетін», жаңа мемлекет құру ісімен айналысуға мәжбүр етті.

Н.Назарбаевтың қандай жағдайда жаңа мемлекет құру ісімен айналысуына тура келгендігін түсіну үшін, КСРО ыдырағаннан кейінгі Қазақстанда қалыптасқан жалпы жағдайды объективті суреттеп берген «Азия асқарларынан» үзінді келтірейік. Онда: «Кеңестен кейінгі елдердің басым бөлігі сияқты, Қазақстан да қайырым білмес жүйелік дағдарыстың жылымына батып жүре береді. Алып империяның күйреуімен бірге бәрі де: үйреншікті байланыстар, өмір салты және адамдық құндылықтар қирап түсті. Бұрынғы Одақтан мұраға алынған дерттерге енді ортақ идеологиямен, экономикамен және инфроқұрылыммен бекемделген бітұтас ағзаның қирауына байланысты шыққан жаңа дерттер қосылды. Соның өзінде де Қазақстан басқалармен салыстырғанда аса бір қиын жағдайға қалған болып шықты.

Оның өзіндік себептері де бар. Елді меңдеп алған дағдарыс кеңестік жоспарлы экономиканың қойнауларында баяғыдан сыздықтай пісіп келе жатқан ауқымды дағдарыстың тікелей жалғасы және салдары еді. Қазақстанға дәл осындай мұра қалды: жантәсілім ете бастаған экономиканың жарқыншағы, тозығы жеткен инфроқұрылым, әлемдік стандартқа маңайламайтын кәсіпорындар мен құрал-жабдықтар, экстенсивті ауыл шаруашылығы және азып-тозған ауыл, ақыр аяғында, білікті мамандар мен тәжірибелі басқарушылардың тапшылығы» - дей келе, мемлекеттік басқару жүйесіндегі ауыр ахуал мен оның салдары туралы: «Кеңестік кезеңнен алған мемлекет басқару жүйесінің быт-шыты шықты. Экономиканың белі бүгіліп кетті. Оның көлемі 55 пайызға кеміді. Қазақстанның қаржысы да, өнім өткізетін рыногыда жоқ еді, сондықтан кәсіпорындардың дерлік тоқтады. Дүкендерден азық-түлік пен ең зәру заттар табылмайтын. Адамдар зейнетақы мен жалақына айлар бойы алудан қалды. Елді жаппай жұмыссыздық

жайлады. Жойдасыз инфляция әбден шегіне жетіп, жұртшылықтың тапқан-таянғанын жалматып жатты. Қылмыс өсіп кетті.

Ел қауіпсіздігінің мәселелері де оңай емес-ті. Шекаралардың аты бар да заты жоқтығы, қуатты ядролық арсеналдың қолда тұруы, көмірсутектілерінің мол қоры және жағдайы тұрақсыз өңірдің дәл ортасындағы геосаяси орналасуы ұлттық қауіпсіздікке едәуір қатер болатын. Егер бұған аса ауқымды аумаққа шашырай орналасқан халықтың этностық құрамы бойынша ала-құлалығын, әскердің әлсіздігін қоссаңыз, қалыптасқан жағдайдың қаншалықты күрделі екендігі көрінеді»-деп баяндалған.

Міне осындай жағдайда, елбасына жаңа мемлекет қалыптастыру сияқты аса күрделі істің басында тұруына тура келеді. Н.Ә.Назарбаевтың еңбектеріне деректанулық талдау жасау, оның бұл мәселеге ел тағдыры үшін шешуші маңызы бар мәселе ретінде қарап, оған ерекше көңіл бөлгендігін, оның бар маңызын жете түсініп, үлкен жауапкершілікпен және жан-жақты ізденістер негізінде, терең теориялық дайындықпен келгендігін көрсетеді.

Н. Назарбаев еңбектеріне, тарихилық принципіне сай, жарық көрген уақыттарынан шыға отырып талдау жасау, оның жаңа Қазақстан мемлекетін құру туралы ойлары мен іс-әрекеттерінің даму диалектикасын байқауға мүмкіндік береді. Мысалы, ол өзінің тәуелсіздік таңы жаңа атқан 1992 жылы, дүниежүзі қазақтары Құрылтайының салтанатты мәжілісінде сөйлеген сөздері: «Қазір біздің ұлтымыздың алдында тұрған ең басты міндет, ең қиын міндет–Қазақстан егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде: «Ұлт мемлекетсіз өмір сүре алмайды, құрып кетеді. өз кезегінде ұлттың жойылуы оның мемлекетінің өмір сүруін мәнсіз етеді. Мәселенің қатаң диалектикасы осындай. Сондықтан қай ұлтқа жататынына қарамастан барлығы үшін мүмкіндіктер теңдігі мен барлығының заң алдында тең принципін жүзеге асырушы біздің мемлекетте тұрақтылығы ұлт–қазақтардың–мүддесі жекелеген жағдайда бірқатар мемлекеттерде орын алып отырғандай, ерекше бөліп айтылатынында әбден орынды»- деп ұлттық мемлекет қалыптастырудың қаншалықты маңызды екендігін, бұл істегі қазақ ұлтының алар орнының ерекше екендігін атап көрсетеді.

Егер, мемлекеттің– адамдардың ұйымдасуы мен өмір сүруінің нысаны болып табылатын қоғамның негізінде пайда болатындығын, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болатындығын, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінің нәтижесі екендігін ескерсек, онда нақты қоғамның бейнесі жалпы сипаты мен әлеуметтік табиғаты қандай болса, нақты мемлекетінің де бейнесі, жалпы сипаты мен әлеуметтік табиғатының да сондай болғандығы белгілі. *Өйткені қоғам дегеніміз – мемлекеттің объективті негізі, соның базисі.* Демек, бізде бүгінгі күні негізінен қалыптасып, дами бастаған мемлекетіміз қазақ қоғамының, Қазақстанның XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы реальды дамуының объективті жемісі, соның бейнесі және көрінісі Н. Назарбаев аталған еңбегінде: «Бұрынғы Кеңес Одағының бет –бейнесін түбегейлі өзгерткен оқиғалар тарихи еншісіне айналды. Бүгінде өз тағдырын өзі айқындаған қазақ ұлтының жас егеменді мемлекеті, Қазақстанның бүкіл халқы мен экономикасы «өзінің жаңа жай-күйінің жолында тұр.

Қоғамдық организм, онда орын алған саяси және экономикалық қатынастар өзгеру үстінде. Қоғам мен экономика барған сайын ашық сипатқа ие болуда. Демократияның дамуы, меншікті қатынастарды реформалау және толыққанды нарыққа қадам жасау экономиканы дағдарыстан шығарудың баламасыз құралы ретінде танылды, ұлттық мемлекеттің қалыптасуына қолайлы жағдай жасалуда»- деп XX ғасырдың 90-жылдарының басында Қазақстанда орын алған түбегейлі

қоғамдық-экономикалық өзгерістер салдарынан елде ұлттық мемлекетті қалыптастырудың объективті алғышарттарының пісіп жетілгенін айтады.

Одан әрі Н. Назарбаев: «Қазақстанды біз үшін басқа ешкім де өзгертпейтін, дүние жүзі қауымдастығында оған лайықты орын алып бермейтіндігін, біздің өміріміздің стандартын жоғары көтермейтінін түсіну маңызды» деп, Қазақстанның өзгеруі де, әлем қауымдастығы арасындағы өз орнын таба білуі де тек қазақстандықтардың өзіне ғана байланысты екендігін айта келе: «Барлық қазақстандықтар ілгерілеудің концептуальдық бағытын көрмейінше, алыстағы мақсатты түсінбейінше, олардың стратегиялық байланысындағы нақты бағдарламалық қадамдарсыз ол бос сөз болып қала беретініне сенімдімін»- деп айқын бағыт-бағдарды, түпкі мақсатты дәл таба білудің маңызын көрсеткен. Екіншіден, Н.Назарбаев: «Жер шарының басқа бөліктеріндегідей емес, КСРО-ның ыдырауы тарихи негізі жоқ атымен жаңа мемлекеттердің пайда болуына емес, тарихи тамыры тереңге жатқан, кейін күшпен жойыла жаздаған мемлекеттердің қайтадан қалпына келтірілуіне ұласты. Біз тек КСРО-ның ыдырауының ғана емес мемлекеттердің жаңадан жандандырылуы және заңдандырылуы жан- жақты күрделі процестеріне ұласты деп айтқан болар едік»- дейді. Бұл да толығымен тарихи шындыққа сай келеді. Арғы сақ, ғұн, түркі дәуірлерін айтпағанның өзінде ХҮ ғасырдың ортасынан бастап қазақтардың өз мемлекеті болғандығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Демек, 1991 жылдың соңынан бастап біз де өз мемлекеттілігімізді қайта қалпына келтіру ісімен айналысы бастадық.

Үшіншіден, Н.Назарбаев: «Ұлттық жаңғыру, мемлекеттілікті қалпына келтіру әрдайым оп-оңай жүзеге асыра бермейді» -дей келе, сондай қиындықтардың бірі –империяның күйреп саяси үрдістер алмасып жататынын әлеуметтік өліара кезеңдерде ерекше күшейетін бағыт – этнопопулизм екендігін айтады. Оның айтуынша: «Популистер саяси ұпай жинау үшін ештенкеден тайынбайды. Ең бір қасиетті ұғымдарды да саудаға салады. Олар адамдарды үлкен уәделерге, даңғаза ұрандарға оңай иланатындықтарын да жақсы біледі. Қоғамның небір күрделі мәселелерін оп-оңай шешіп тастауға серт береді...этнопопулизм – демократиялық қоғамның денесіне шыққан «безеу» емес. Ол – вирус. Онымен ұдайы күреспей болмайды» – дейді.

Сонымен қатар, Н.Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысқанда» атты еңбегінде тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігін іс жүзінде қалыптастырудың жолдары мен өзіндік ерекшеліктері туралы да айтады. Ол КСРО-ның, ойын картасынан тұрғызылған үй сияқты, көз алдымызда қирап қалуына байланысты туындаған қысылтаяң жағдай да ескі, әбден сынға ұшыраған мемлекеттік аппараттың нәтижелі жұмыс істей алатындығын айта келе: «Қазақстан биік құрылымдарын революциялық жолмен күйрете салуға бой ұрған жоқ. Реформаның сипатына және даму барысына орай бірте-бірте өзгеріліп, жана сапаға көтерілді. Әсіресе мемлекетімізді қалпына келтіруіміздің эволюциялық сипаты басым болғанын ең үлкен табысымыз деп білемін»- дейді.

Демек, Қазақстан бір жүйеден екінші бір жүйеге көшуде революциялық емес, эволюциялық жолды таңдаған. Тарих Қазақстанның бірден-бір дұрыс жолды таңдай білгендігін толығымен дәлелдеп отыр. Түбегейлі қоғамдық өзгерістерге революциялық жолмен тезірек жетпек болудың халыққа не беретіндігін тағы да біздің өз тарихымыздан жақсы белгілі. Большевиктер партиясының өзіне сеніп үш бірдей революция жасаған, сөтіп қоғамды өзгертпек болған Ресей халқының жағдайы соның айқын дәлелі.

Эволюциялық жолды таңдаудың Қазақстанға не беретіндігі туралы: Н.Назарбаев өз еңбегінде: «Біз қоғам мен экономиканы басқарудың әкімгершілік

жүйесін жоққа шығаруға үзілді-кесілді кірісе қойған жоқпыз. Бұл, бәлкім, Қазақстанның саяси-экономикалық орнықтылығының ең басты себептерінің бірі болуы ықтимал» – дейді. Өтпелі кезеңде, ескі мемлекеттік машина әлсіреп мүшкіл халге түскенде; «Ескі үрдісті қирата салу бөліне жарылушылықтың, аймақшылдықтың, діни және ұлттық өшпенділіктің қылмыстың қаулап өсуіне қолайлы жағдай туғызатындығына тарихтан талай мысал тауып беруге болады. Мұндай жағдайда мемлекеттік аппарат орнықтылықтың бірден- бір кепілі болып табылады» – дейді, Н.Назарбаев.

Осындай, біздегі жаңа жағдайға сай жаңа мемлекет қалыптастыру ісінде пайда болған міндеттердің бірі туралы Н.Назарбаев: «Егемендікті нығайта келе, алдымыздан басқа бір мәселе – мемлекеттігіміздің сипатын анықтау міндеті шықты. Қазіргі бар құрылымның ғұмыры ұзақ емес екендігі белгілі еді. 1990-1991 жылдары бір жүйеден екінші жүйеге көшер кезде кездесетін екі ұдай ахуал орын алды: Президенттік билік компартия және кеңестер билігімен қатар өмір сүрді. Экономикада да дәл осындай көшіп қону орын алды» - дейді. Бұл ұлттық мемлекеттілікті қалыптастырудың біздегі өзіндік ерекшеліктерінің бірі еді.

Еліміздің бір жүйеден екінші жүйеге көшу кезінде атқарылуға тиісті міндеттердің күрделілігі және оларды шешеудегі Н. Назарбаевтың рөлі туралы «Азия асқарларында»: «Ел алдында үш қабатты транзит міндеті, яғни бір мезгілде үш өлшем бойынша: жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға; бір партиялық әкімшіл, әміршіл жүйеден демократиялық жүйеге, дәстүрлі санадан либералдық құндылықтарға өту міндеті қойылды. Мұның өзі бүкіл мемлекеттік құрылым мен экономикалық жүйені түбірінен бұзу ғана емес, ондаған жылдар бойы қалыптасқан қасаң ұғымдарды, адамдардың ойлау жүйесі мен өмір сүру салты мен батыл еңсеруді талап етті.

Осындай жағдайда Назарбаевтың алдына күрделі таңдау қойылды; бірте-бірте қимылдау, сөйтіп реформаның қарқынынан айырылу немесе әлеуметтік қарсыластық туғызу қаупі болатынын біле тұра батыл да қатаң іс- әрекеттерге бару» - деп жазылған. Бұл Н.Назарбаевтың өз еңбегінде айтқан ойларының өмір шындығынан туындағанын дәлелдейді.

Егер, Н.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында», осылай, ұлттық мемлекет құрудың теориялық негіздерін жасап, оның жолдары мен ерекшеліктерін көрсетсе жаңа сипаттағы, ұлттық мемлекет құрудың алғышарттары мен оны нығайту туралы ойларын, «Тарих толқынында» атты кітабында одан әрі жалғастырған. Ұлттық мемлекет құру сияқты істің, сол мемлекет құрушы істің, сол мемлекет құрушы ұлттың тарихы мен, бүгінгімен болашағымен тығыз байланысты аса күрделі іс екендігін осы кітабында нақты деректерге сүйене отырып негіздеген.

Ол, «Тарих толқынында»: «Егер сыртқы әсер ықпалды былай қоя тұрып. Мәселені нақтылай түсінетін болсақ, онда ұлттық әрекеттің аясы үш түрлі фактормен анықталмақ»-деп, мемлекет құрудың ұлт әрекетіне қатысты ішкі факторлары, яғни алғышарттарын көрсеткен. Оның айтуынша: «Мұның ең ағашқысы – ұлттық бірігу (интеграция) мен ыдыраудың (дизинтеграция) тетіктері». Осы ең басты факторлардың бірі – ыдыраудың салдары мен мемлекеттілікке тигізген әсері туралы: «Қазақтардың өз ішінде ыдырауы ұдайы дерлік Тәңірдің жазасындай болып, қазақ мемлекеттілігінің мүмкіндігін қатты тежеп отырған»-дейді. Сондықтан ыдыратқыш үрдістермен күрес ұлттық әрекеттің ең мәнді бағыты болып отырғанын айтады. Н. Назарбаев: «Қазақтың өз ішіндегі бірігулердің тетіктерін, институттарын, құндылықтарын жетістірудің мән-маңызы әскери құрылыстан немесе сыртқы саясат институттарын жақсарудан бірде олқы емес»-деп қазақтардың өзара ауызбірлігінің маңызын жоғары бағалаған.

Екіншіден, Н.Назарбаев әрі қарай қазақтың ұлттық тұтастануы үшін табан тірейтін негізгі идеялық тұғыр біршама айқын дей келе: «Бұл – дербес мемлекетті сақтау және дамыту. Бұл мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамыту және нақтылы әрекетке ұластыру. Бұл – Қазақстанның аумақты тұтастығы»-дейді. Осылай ұлт адында тұрған, ұлтты біріктіретін нақты міндеттерді атап көрсете отырып, ол міндеттердің аса күрделі және ұзақ уақытты, көп еңбекті қажет ететін міндеттер екендігін әрбір қазақтың білуі керектігі туралы: «Азаттық, Қазақстан аумағының тұтастығына, нақты экономикалық, әскери, ақпараттық дербестікке қол жеткізу дегеніміз мейлінше күрделі және ұзақ уақытта созылатын, сондай-ақ ұлттың ерекше қажыр – қайратын қажет ететін үрдіс екенін сезіну әрбір қазақ үшін әліпшелік ақиқат болуға тиіс»- дейді.

Үшіншіден, ұлттық рухты қайта түлетудегі және дамытудағы қазақ зиялыларының ерекше ролі туралы айта келе Н. Назарбаев: «Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушылардың тұтас легі біздің көз адымызда. Олар қазақ мемлекетін дамытудың нысанасын ХХ ғасырдың бас кезінде – ақ көрсетіп берген болатын...Біз асқақ сезімге бөлене отырып, ұлттық әрекетшілігімізге қатысты ғасыр басында Алаш қайраткерері бастап берген жолнұсқалар ғасыр соңында жалғасын тапты деп айта аламыз»-деп, біз төл тарихымызды ұлттық мүддеге қызмет етудің тамаша үгілерін көрсете білген зиялыларымыздың болғандығын, солардың үлкен бір тобын Алаш ардагерінің құрғандығын және біздің ең жаңа тарихымызда құра бастаған мемлекеттілігімізді солар бастаған істің тікелей жалғасы екенін айтқан.

Сонымен қатар, Н.Назарбаев «Тарих толқынында» қазақ халқы үшін өзінің ұлттық мемлекетін құру ісінің КСРО-ның күйреу салдарының аяқ астынан пайда бола қалған іс еместігін, КСРО-ның күйреуі қазақтардың ғасырлар бойы армандаған мақсатына қол жеткізуге тек мүмкіндік қана бергендігін айтқан. Ол аталарымыздың осы мақсатқа жету жолында қандай қиыншылықтарға болса да төзе білетіндігі туралы: «Жатжұрттық басқыншылармен болған соғыстарда ауыр қырғынға ұшыраған, 30-жыдардағы этногеноциттің қаһарына қасқайып қарсы тұрған, тоталитарлы ғасырды бастан кешсе де мемлекет құру мүмкіндігін ғасырлар бойы дайындады» – дей келе, ендігі жерде сол мүмкіндікті пайдалана білудің қаншалықты маңызды екендігі туралы: «Ендігі, бүгінгі таңда қазақ халқы келісті ғұмыр кеше алатын мемлекет құру жолында өз ішіндегі ара-дара келіспеушіліктің салдарынан қарқынын тоқыратып алса, мұны еш нәрсемен ақтауға болмайды»- дейді.

Сонымен, қорыта айтсақ, ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында мүмкін болған тәуелсіз мемлекетімізді қайта қалпына келтіру сияқты аса күрделі де қиын, маңызды да жауапты, тарихи да тағдыры істің басында тұрған Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбектеріне деректанулық талдау жасау, оның мемлекет құру барысында, осы істің теориялық негіздерін қалап, оның жолдары мен ерекшеліктерін және алғышарттарын дәйектілікпен көрсете білгендігін дәлелдейді. Біріншіде, жаңа мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы көксеген ұлттық мемлекет құру туралы армандарының орындалуы болса, екіншіден, бұл тарихи тамыры тереңде жатқан бұрынғы мемлекеттеріміздің жаңадан жанғыруы еді. Үшіншіден, Қазақстан бір жүйеден екінші жүйеге өтуде революциялық емес, эволюциялық жолды таңдаған. Төртіншіден, жаңа жағдайға сәкес жаңа мемлекет қалыптастыра білу де ескі мемлекеттік машинаны дұрыс пайдалана білу тактикасын өзі толық ақтаған. Бесіншіден, ең басты, жаңа қалыптаса бастаған ұлттық мемлекеттің тағдыры, сол

мемлекеттің негізін қааушы қазақ халқының тағдыры, сол мемлекеттің беріктігімен тікелей байланысты екендігін дәлелдеген.

Н.Назарбаев жасаған тұжырымдаманың айқын дәлелі өмірдің өзі. Қазақстан халқының, қазақ ұлтының өз мемлекеттілігін құру ісіндегі бүгінгі күні қол жеткізген табыстары. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихының келешек зерттеушілері ескеруге тиіс маңызды фактор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Халықтан жасыратын ештеңе жоқ. // Егемен Қазақстан 5-шілде 1997ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Ғасырар тоғысқанда – Алматы, 1996, 272 бет.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның Егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы: Алматы, 1992, 56 бет.
4. Мұртаза Ш. Тәуелсіздік толғауы: // Егемен Қазақстан 2001, 26 қыркүйек.
5. Салқынұлы С. Тұңғыш Президент. Алматы, 2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев еңбектеріне жазба дерек көздері ретінде деректанулық талдау жасалған.

РЕЗЮМЕ

В статье труды первого президента РК Н.Ә.Назарбаева рассматривается как первоисточник по истории независимого Казахстана.

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ КІШІ ЖҮЗ РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Меңілбаев Ғ.А.- т.ғ.к., доцент (Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Кіші жүз жерлері оңтүстікте Сырдария мен Үстірт қыраттарынан, Каспийдің шығыс жағалауларынан басталып, солтүстікте Жайық, Ырғыз, Ембі, Тобол және толып жатқан шағын өзендер мен дала көлдері алқаптарын қамтыды .

Кіші жүзді ірі үш тайпа- Байұлы, Әлімұлы және Жетіру құрады. Бұл жүз мекендеген ортаның бір бөлігінің екінші бөлігінен айқын айырмашылығы бар: Жайық, Тобыл өзендерінің бойларындағы алқаптар шұрайлы жайлымдықтарға бай болса, Үстірт қыраттары суға тапшы, Сырдария алқабының суы мол болса, Қарақұм, Қызыл-құм тұтасқан шөл дала. Қазақстанның бұл бөлігінің климаты да айқын құрлықтық, күн мен түн қызуы өзгеріске түсіп отырады. Кіші жүз жерлері қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша Қызылорда, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Орал, Қостанай облысының солтүстік-батыс бөлігін және Торғай облысының оңтүстік-батыс бөлігін қамтыды. Үш жүзге бөлінген қазақтардың біртұтас мемлекеттік құрылымы болмағандығын айта кетуіміз керек, әр жүздің өз ханы болды, сұлтандар бастаған ұлыстар соларға тікелей бағынғандығын айта кеткеніміз дұрыс болар. Елді Шыңғыс хан әулетінен шыққан феодалдық

билеушілер, атап айтқанда Шыңғыс хан ұрпақтары басқарды. XVII ғасырда олардың жалпы саны мың адамға жетер – жетпестей ғана болды.

XVI - XVII ғасырлар аралығында неғұрлым жігерлі де беделді сұлтандар басқарған қазақ хандығы пайда болғанымен, олар этникалық жағынан қалыптасқан жерлерді мекендейтін барлық қазақтарға бірдей билік жүргізе алмады.

Қазақтардың үш жүзге бөлінуінің өзі де ең алдымен экономикалық себептерге, дәлірек айтқанда, бір жайлаудан екіншісіне, қыстаулардан – көктеулерге, көктемгі орындарынан жазғы жайлымдарға, одан әрі күздік қоныстарына, сөйтіп қысқы жайлымға қайта оралуға байланысты қалыптасты

Қазақ қауымдарының кіші жүз тайпалары Сырдария жағалауларынан Торғайға, Ырғыздан - Тобылға, Үстірттен - Ұя және Обаған өзендерінің бойына, одан әрі Жайық, Елек, Сақмар т.б. өзендер бойындағы жайылымдарға дейін көшіп баратын. Г. Волконский «Ұлы, Орта және Кіші Орда болып бөлінетін қырғыз-қайсақтар туралы» деген еңбегінде қазақ халқының құрамындағы көптеген ру-тайпалардың қоныстарын, көш-қонысын, мекендеген жерлерін т.б. туралы мол мағлұматтар келтіреді. Осы еңбектің ішінде кіші жүз құрамындағы Байұлы тайпасының Жаппас руына байланысты шағын ғана жазбаша түп-деректерден мысал келтірген : «Байұлы тайпасы жаппас руының 7.200 отбасынан тұратын алты атасы бар. Жаппастар сауда-саттық жасау мақсатында Троицк пен Жаманқала қамалдарына барып-қайтып жүреді». Байұлы тайпасы Алтын руының 5.000 отбасынан тұратын төрт атасы мен Таздар руының 800 отбасына дейін жететін екі атасы және Жетіру тайпасы тілеу руының 2.800 отбасынан тұратын төрт атасы Торғай, Қарасқай өзендерінің бойын, Ұрқаш-Кіндік көл жағалауларын жайлап, қыста Сырдарияның сол жағалауларын, Темірлік шатқалынан Қуандариядағы шатқалдарына дейінгі жерлерді тұрақ етеді. Байұлы тайпасы адай руының 10.000 отбасына дейін жететін он екі атасы және Масқар руының 3.000 отбасына жететін бес атасы, Қызылғұрт руының 3.000 отбасына жететін бес атасы, Таздар руының 3.000 отбасына жететін алты атасы, Есентемір руының 3.000 отбасына жететін төрт атасы, «жаппас» руының 1.000 отбасына жететін екі атасы осылардың барлығы да Жайық пен Жем өзендерінің аралығын, Бұлдырты, Жусалы, Шыңғырлау, Ақаты өзендерінің төңірегін, Қобда өзеніне дейінгі жерлерді жайлайды. Олар Каспий теңізі жағалауындағы Маңғышлақта, Айрақты шатқалында, Жем, Жайық өзендерінің сағаларын, Гурьев, Сорочикоп қамалдарының қарсы беттеріндегі шығанақтар мен Орал шебімен жоғарғы жақтағы жерлерді қыстады. XVIII ғасырдың соңында, М.Мұқановтың «Қазақ жерінің тарихы» еңбегінде: «Кіші жүз тайпаларының руларының 217 атасында 165.700 отбасы бар» - деген дерек келтірілген. Осы жерде әрбір қазақтың отбасында бес адамнан тұрды деп есептегенде, кіші жүздегі 165.700 отбасында 828.500 адам тұрған болып шығады. Ал, үш жүздегі халқымыздың жалпы саны төмендегідей мөлшерде болуы мүмкін деп ойлаймын: Үш жүздегі 395.100 отбасындағы жанұя мүшелерінің жалпы саны 1.975.500 адам болып шығады.

Қысқарта айтқанда, XVIII ғасырдың соңында қазақ халқының жалпы саны 1.975.500 болды деуге толық негіз бар. 1822 жылы 22 шілдеде «Сібір қазақтары туралы жарлығы» шығып, қазақ даласында сыртқы округтер құруға байланысты ереже қабылданды. Басқару жүйелері:

- 1.Облыстар-
- 2.Округтер-
- 3.Болыстар- (әр болыста 10-12 ауыл)
- 4.Ауылдар- (әр ауылда 50-70 шаңырақ)

Бұл округтер рулас немесе бір ұрпақтан тарап, қашаннан бірге тұруға әдеттенген болыстардан құрылды. Округтердің өз көші-қоныстық жерлері болды және өздерінің округтық сұлтандарының рұқсатынсыз өз еріктерімен басқа біреулердің көші-қоныстық жерлерін пайдалануға хақылы болмады.

Ауылдарды шаңырақ иелері 3 жыл мерзімге сайлайтын ауыл ақсақалдары басқарды, болыстар билігі мұрагерлік жолмен сұлтандардың қолында болды.

Әр округта болыс сұлтандары өз орталарынан 3 жылға сайлайтын аға сұлтан басқаратын Округтік приказ құрылды.

Аға сұлтанның қол астында округтық диуан (кеңес) қызмет етті, оған: Облыс бастығы тағайындайтын 2 орыс шенеунігі және билер мен ақсақалдар 2 жылға сайлайтын 2 қазақ енгізілді. (М.Мұқанов. Қазақ жерінің тарихы) Кіші жүз қазақтары Орынбор қазақтары облысының құрамына енді. Бұл облыс 1825 ж. үш бөлікке: Шығыс, Орта, Батыс бөлікке бөлінді. Шығыс бөліктің шекаралары мынадай болды: Шығыста- Звериноголовск станциясынан (Сібір шебінде, Обаған өзенінен сәл шығысқа қарай) оңтүстікте ол Сырдария бойымен, батыста Үй, Үлкен Қобда, Ойыл өзендерінің бойын, Шалқар көлінен Сырдариядағы 2-ші бекініске дейінгі жерлерді қамтыды. Орта бөліктің шекарасы: шығыста Шығыс бөліктің шекарасымен шектесіп, батыста-Үлкен Қобда сағасының батыс бөлігі, Ойыл және Жем өзендерінен Арал теңізіне дейінгі, солтүстікте-Үлкен Қобданың сағасынан Елек және Бердянка өзендерінің бойы Жаманқала Степная станциясына дейінгі аймақты қамтыды.

Батыс бөліктің шекарасы: шығыста-Орта бөліктің аймағына, солтүстікте Елек және Жайық өзендерінен Орал қаласына, батыста-Жайық өзені, Гурьев, Каспий теңізі, оңтүстікте-Үстірт жазығына дейін жетті. Екі қамал аралығындағы жерлер дистанциялар деп аталып, Орынбор қазақтары облысының құрамына енетін территориялық бірлікті құрады. Бір дистанцияда орта есеппен 2000-ға дейінгі шаруашылық болды. Дистанциялар 1831 жылдан 1858 жылдар аралығында ашыла бастады, үш бөлікте (Шығыс, Орта және Батыс) 57 дистанция ашылды.

Орынбор қазақтары облысының «батыс» бөлігін негізінен Байұлы тайпасының: Адай, Алшын, Байбақты, Тана, Қызылғұрт, Масқар, Ысық, Шеркеш, Есентемір, Беріш, Таздар, Жаппас рулары, сондай-ақ Жетіру тайпасының тама, табын, кердері рулары және Әлімұлы тайпасының кете руы жайлайды. Бұл облыстың орта бөлігін негізінен Әлімұлы тайпасының: шекті, шөмекей және кете рулары қоныстанды. Басқа тайпалардан: тама және жағалбайлы рулары болды. Бұл облыстың Шығыс бөлігін Әлімұлы тайпасының шекті және Байұлы тайпасының «жаппас», «алтын» рулары мекендеді; Орта жүз қазақтарының да едәуір бөлігі, оның арғын, қыпшақ, керей және уақ тайпалары осы облыс құрамына енді.

Орынбор қазақтары облысына 1840-1841 жылдарда барлығы 500.000 еркегі бар 120081 шаңырақ, ал 1864 жылы- 828.363 еркегі бар 175678 шаңырақ қарады.

Қазақстанның барлық аймақтарында мал жайлымдары тапшы болды. Міне, осы жағдай Бөкей хан бастаған қазақтардың бір бөлігін 1801 жылы Жайықтың сол жағалауынан Жайық пен Еділ аралығына өтуге мәжбүр етті. Олардың саны - 5000 шаңырақ болды.

Осы уақыттан бастап Байұлы, Әлімұлы және Жетіру тайпаларынан тұратын қазақтардың бұл бөлігі Бөкей (Ішкі) Ордасы деп аталды. 1802 жылы Ордада 31.105 адамы бар 6265 шаңырақ болды. Ол 1812 жылы Бөкей хандығы деп аталды. Ал, 1845 жылдан кейін Ішкі Орда Астрахан губерниясының құрамына қосылды. Жалпы, Ішкі Орда халқы осы кезде 16 рудан тұрды. Халқының жалпы саны төмендегідей мөлшерде болды:

- 1.Беріш руы - 25 мың 785 адам,
- 2.Байбақты руы - 16 мың 025 адам,
- 3.Алаша руы - 11 мың 150 адам,
- 4.Адай руы - 7 мың 515 адам,
- 5.Жаппас руы- 4 мың 520 адам, т.б. рулар мен тайпалар болды.

«1867 жылы 11 шілде күні Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. Орталығы Ташкент қаласы болды. Бұл өлкенің тұңғыш генерал-губернаторы болып К.П.Кауфман келді. Түркістан генерал-губернаторлығы екі облыстан құралды. Олар – Жетісу облысы және Сырдария облыстары болды. 1867-1886 жылдар аралығында бұл өлкеде Жер-суды заңдастыру жөнінде дайындық жұмыстары жүргізілді. 1886 жылы бұл заң қабылданды, осы заң негізінде жермен айналысатындардың жерлері жекелікке бөлініп беріліп, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындардың жері мемлекет меншігі болып жарияланды.

Жетісу және Сырдария облыстарында жерге қоныстанған әрбір казактың жанұясы мен орыс шаруаларына көптеген жеңілдіктер мен артықшылықтар берілді. Атап айтқанда, оларға 30 десятинадан жер берілді, 100 сомнан қайтарымсыз несие берді (жәрдемақы), 15 жылға дейін рекруттық әскери борыштан және алым-салықтардан босатылды, әртүрлі міндеткерліктер атқаруда кешірім берілді.

1892 жылы Түркістан өлкесіне Ресейдің ішкі жақтарынан 3.000 жанұя келіп қоныстанды. 1893-1905 жылдар аралығында қазақ даласына Кауфман, Кузнецов, Щербина т.б. экспедициялары шығып, қоныс аударып келгендер үшін елді-мекендер салуға лайықты жерлер іздестірілді, бұл табылған жерлер шұрайлы, сулы, егін егуге ыңғайлы, табиғаты жақсы болуына басты назар аударылды. «Қоныс аудару қоры» құрылды. 1893-1905 жылдар аралығында қазақтардан 4 млн.десятина жер тартып алынған болса, 1906-1912 жылдары жергілікті халықтан 17 млн.десятина жер тартып алынды. Бұл нәтиже 1917 жылдан кейін 45 млн. десятина жерден асып кеткен. Қазақтардың жерлерін тартып алу негізінен ауарайы мейлінше жайлы, топырағы құнарлы уездердің-Қостанай және Ақтөбе уездерінің аймақтарында жүргізілді.

1906 жылға қарай қоныстанушылардың пайдасына 1.022 167 десятина таңдаулы жерлер тартып алынды. Қостанай уезі Торғай облысының солтүстік-шығыс бөлігіне орналасты. Оның солтүстік шекарасы Үй өзенінің бойымен өтіп, солтүстік-батыста және батыста қоныстанушылар пайдасына тартып алынған жер белгісімен жүрді.

Ол оңтүстікте Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездерімен, ал шығыста-Ақмола облысымен шектесті. Қостанай уезді 81.441 қазақ өмір сүретін 10 болыстан тұрды. Уезд егін шаруашылығы жақсы дамыған аймақтарға жатты: 1909 жылы жалпы есепке алынған 18.010 шаруашылықтың 15.951-і (88.5 %) егіншілікпен айналысып, олардың егістік жер көлемі 107.440 десятинаға жетті. Уезде мына тайпалар мекендеді:

1.Орта жүзден – қыпшақ (Ұзын, Көлденең, Торы, Торыайғыр, Қарабалық рулары), Арғын, (Төменгі Шекті, Бәсентин, Қаракесек рулары), Керей(Балта, Сибан, Қожебе рулары) болса,

2.Кіші жүзден – Байұлы (Жаппас), Жетіру (Жағалбайлы,Тілеу, Тама рулары) мекендеген.

Жаппас руының қауымдары Желқуыр өзенінің бойын, Сандықсор, Айқамыс, Сопалы т.б.көлдердің төңірегін иеленді.

Уездің қалған барлық бөлігіне Орта жүз тайпалары орналасты: керейлер солтүстік және солтүстік-шығыс бағытты, Қарақамыс көлінің айналасын, Алабұға

өзенінің жағалаулары мен осы өзеннің айналасын қыстады. Уездің шығыс және оңтүстік шығыс бөлігіне арғындар жайғасып, олар Обаған өзенінің оң жағалауларынан Обаған көліне дейінгі жерлерде, Жалтыр, Қарақамыс көлдерінің айналасында, Ащысу өзенінің бойында т.б. жерлерде көшіп-қонып жүрді. Арғындардан батысқа қарай орналасқан қыпшақтар Тобыл, Әйет өзендерінің бойында, уездің солтүстік - батысында жиі кездесетін толып жатқан ұсақ көлдердің айналасында неғұрлым жинақы орналасты. Орта жүз тайпалары арасында Бай-ұлы тайпасының (кіші жүз) жаппас руының үлкен қауымдары өмір сүрді: Олар Қарасудың оң жағасын, Алқасор, Жаңғызкөл, Майтау көлдерінің төңірегін, Обаған, Тобыл өзендерінің бойы мен басқа да жерлерді мекендеді. Байұлы тайпасының жаппас руының бірнеше қауымы уездің, яғни Ақтөбе уезінің солтүстік-шығыс шалғайларында көшіп-қонып жүрді.

Торғай уезінде 14370 шаруашылықтан тұратын 12 болыс болды, негізінен орта жүз қазақ-тары: арғындар, қыпшақтар, сонымен бірге уездің оңтүстік-батысында, Сарықопа, Сары-мойын көлдерінің төңірегі мен басқа да жерлерді Кіші жүздің Әлімұлы (шекті руы) мен Байұлы (алтын және жаппас рулары) тайпалары жайлады, бірақ олар Орта жүз руларына қарағанда әлдеқайда азшылық еді.

Перовск уезді, Қазалы уездінің шығыс жағына Сырдарияның жағалауына орналасты. Ол солтүстікте Торғай облысымен, бір бөлігі Ақмола облысымен шектеседі. Алып жатқан жер көлемі 61.420 шаршы шақырым. Уезд тұрғындары негізінен қазақтар 179.800 адам. Уезд жерін Орта жүз тайпаларының-найман, қыпшақ, қоңырат рулары және Кіші жүздің Байұлы тайпасының жаппас руының 1.714 шаңырағы мекендеді. Жаппас руының көпшілік аталығы Перовскінің шығыс жағынан Сұлутөбе шатқалына дейінгі жерлерді жайлаған.

Біздің мақсатымыз, кезінде ата-бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қан төгіп қорғап қалған қасиетті жеріміздің кім-көрінгеннің уысында кетпей, келешек ұрпаққа мұра болып қалуын, ұлтжанды ұрпақтардың қатары көбейіп, олар аман-есен болса екен, халқымыздың өткен тарихы бүгінгілерге сабақ болса екен деген оймен осы мақаланы жаздық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. Алматы, 1994. 22, 24, 58, 69.
2. Хамит Маданов. Кіші жүздің шежіресі. Алматы, 1994.
3. Қазақстан ұлттық энциклопедия. 3-том. (г-ж). Алматы, 2001.
4. Никитин В. В. По живописным местам Кавминводы, Теберда, Архыз, Ставрополь, 1964 г.
5. Бекмаханов Е. Қазақстан 19 ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, 1994.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается расселение родового и племенного состава младшего и старшего жузов, а также колониальная политика царской России на территории Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Кіші жүз рулары мен тайпаларының орналасуы мен патшалық Ресейдің жүргізген отарлық саясаты қарастырылған.

КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ АШТЫҚПЕН КҮРЕСІ (1920-1925 жж.)

Сайлан Б. -т.ғ.т.доцент (ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың 20-жылдарында өмір сүрген Түркістан Республикасының халық шаруашылығының негізгі саласы — ауыл шаруашылығы болды. Қазан революциясынан соң республикада іске асырыла бастаған негізгі шаралардың бірі — бұл аграрлы реформа. Кеңес үкіметінің саясатының іс жүзіне асырылуы да осы аграрлы реформаның түбегейлі мәселелерін шешуге тәуелді болатын. Республика халқының негізгі бөлігі шаруалар болуына байланысты, үкіметтің бұл әлеуметтік тапқа қатысты саясатының зор маңызы бар еді. Жастар мен шаруалар республикада ұлттық жұмысшы табы мен ұлттық интеллигенцияның қалыптасар ортасы, толықтырар қайнар көзі болатын.

Түркістан Республикасында 1921—1922 жылдары жүргізілген аграрлы реформаның, яғни жер-су реформасының саяси, әлеуметтік және экономикалық маңызымен қатар, ең алдымен ұлттық мәселе болғаны айқын. Реформаның барысында ауыл шаруашылығы саласындағы, жер қатынасы мәселесіндегі патша үкіметінің отарлау саясатының қалдықтарын жою, яғни жергілікті халықтар мен келімсектердің (орыс қоныс аударушы шаруаларының және орыс-казактардың) жерді пайдалану құқын іс жүзінде теңестіру сияқты аса шиеленісті, өте күрделі мәселені шешуге талпыныс жасалынды. Патша үкіметі мен қоныс аудару басқармасы қоныс аударушы орыс шаруаларына жергілікті халықтың ата қоныс шұрайлы қоныстарын тартып алып, сол жерлерге орналастырған еді. Түркістанға қоныстанған соң ерекше құқықтар мен артықшылықтарға ие болып, жергілікті халықты қанау арқылы орасан зор байлыққа кенеліп, отарлау дертін бойларына жұқтырған орыс қоныс аударушы шаруалары кеңес өкіметінің аграрлы саясатына жанталаса қарсылық көрсетті. Реформа барысында аса шиеленісті мәселелерді қарудың күшімен шешуге тура келді, яғни сол жылдары әскери күштің көмегімен республикада 151 орыс поселкесі, 175 казак хуторлары таратылып, зорлықпен салынған 95 елді мекен жойылды. Түркістан аумағынан Ресейге аса ықпалды орыс отаршыларының 1084 отбасы көшірілді. Орыс кулактарынан тартып алынған 250 мыңнан аса десятина шұрайлы жер бөліктері бұрынғы иелеріне қайтарылды және иесі табылмаған 12,8 мың десятина жер жергілікті халықтардың кедейлеріне үлестіріліп берілді /1, 414-б./.

Бірақ көптеген объективті қиыншылықтар мен субъективті қателіктердің кесірінен реформа өз мақсатына толық жете алмады. Реформадан соң да шаруалардың 37,6 пайызын тақыр кедей, жерсіз шаруалар құрады, ал орта дәрежелі шаруашылығы бар шаруалардың саны 1,4 пайыздан аспады /1, 415-б./.

Қазақстанның аштық билеген губернияларында жастар ашыққандарды, әсіресе жасөспірімдер мен балаларды қабылдау мен орналастыруда, қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруда (асханалар, тамақтандыру орындары), көші-қонды реттеу шараларына да қатысып отырды. Жастар қоғамдық істерді өткізуге және астықты ашыққан аудандарға жеткізуге тиіс қажетті коммуналар мен жасақтарды ұйымдастыруға көмек берді.

Жастар ұйымдары партияның тапсырмасымен ашыққандарға көмек беру апталықтарын ұйымдастырып, сол шараның барысында қаражат пен қайырымдылық тартуларын жинауға мәжбүрлі түрде кірісті.

Партияның сенімді көмекшісі атына ие болған жастар ұйымы мен оның мүшелері митингілер, қойылымдар, ән-жыр кештерін ұйымдастыруға көмек бере отырып, аталған шаралардан түскен қаражаттар ашыққандарға көмек беруге

жұмсалуды қадағалап, сондай-ақ сенбіліктер ұйымдастырып, қайырымдылық тартуларын жинап отырды. Қайырымдылық тартуларын жинау үшін плакаттары мен ұрандары бар арнайы арбалар ұйымдастырылып, әр түрлі аймақтар мен ауылдарға жіберілді.

Жергілікті жерлердегі жастардың ұйымдары әрбір екі апта сайын РКЖО обкомына жасалған істері жөнінде баяндап отырды. Мұрағатта сақталған сондай мәліметтердің көпшілігінде, жиналған ақша көлемі де нақты көрсетілген. Мысалға, Көкшетау жастар ұйымы 1921 жылдың жазында шамамен 15 млн. сом ақша жинаса, Ақмола губерниясының үш уезді бойынша 29 млн. сом жиналған /2/. Жиналған ақша көлеміне қарай отырып, өздері аштықта отырып, осынша ақша қорын жинау дегеніңіз үлкен күшті, белсенді іс-әрекетті қажет еткенін көруге болады. Сондай үлестің бір бөлігі қазақ жастарының мойнына түсуі және осы жүкті қазақ жастарының қандай қиыншылықпен атқарғандығы таңдандырады.

Социалистік қоғамның негізін қалаушылармыз деген большевиктер партиясы жастарды шебер пайдалана отырып, оларды салық жинау науқанына жұмылдырып отырған. Мысалы, әл-ауқатты деп танылған Ақмола, Семей губернияларына азық-түлік салығын жинау мен астықты күзету үшін жастардың 50%-ын жұмылдыру шешімін қабылдаған /2, 8-п./.

Кенес өкіметі 1922 жылы ашыққандарды құтқару мақсатында деген сылтаумен шіркеулік құндылықтарды тәркілеу жөнінде қаулы қабылдаған. Осы қаулының шешімдерін орындау және бұл істің қажеттілігін халыққа түсіндіру үшін жасақталған компанияларға комсомолды қатыстыра отырып, жастарды белсенді түрде пайдаланған. Сөйтіп, партия ұйымы жастарға шіркеулік құндылықтарды тәркілеу бойынша жұмыс жүргізуге тікелей тапсырмамен бірге нұсқау беріп отырған.

1921 жылдың маусым айында өткен I Бүкілресейлік конференция ауылшаруашылық кооперациясын құру жөніндегі міндетін қойды. Бұл міндетті орындау жастар ұйымының мақсатына айналып, оны орындауға жастар ұйымы кірісіп те кетті. Өйткені Орталықтан шешілген әкімшіл-әміршіл жүйенің нұсқаулары мен қаулыларын бұлжытпай орындау комсомолдың басты тапсырмасына айналды.

1921 жылдың орталарына қарай Қазақстанда (Сырдария мен Жетісуды қоспағанда) 779 артель, 132 коммуна, 45 кеңшар саналды, олардың көпшілігінде жастардың бастауыш ұйымдары құрылды /2, 6-п./.

Мысалға, Семей губерниясында: “Заря”, “Коммунар”, “Энергия”, “Истинный путь”; Қостанай губерниясында “Заря”; Орынборда “Ленин”; Орал губерниясында “Спартак” және “Роза Люксембург” атындағы және т.б. губернияларда көптеген коммуналар ұйымдастырылды. Бұл коммуналар жастарды жұмыс істеуге мәжбүрледі. 1922 жылы тек Орал уезі бойынша осындай жасөспірімдер коммуналарында 237 бозбалалар мен қыздар қамтылып, жұмыс жасады /2, 8-п./.

Айта кететін бір жайт, 1923 жылдан бастап, қоғамдық өзара жәрдем көрсетудің ауылдық та комитеттері құрыла бастады. 1924 жылға қарай, олардың саны 727, ал 1925 жылға қарай – 1264 болды /3/. Қостанай уезінің өзара жәрдем көрсету ауылдық комитетінің жұмысы жөніндегі әртүрлі басылымдарда мәліметтер беріле бастады. Мысалға, 1923 жылдың қарашасынан бастап, 1924 жылдың ақпан айына дейінгі аралықта аталмыш комитет қорына 500 пұт астық жиналғандығы жөнінде мәлімденді /3, 14-п./.

Қазақ жастарын кәсіптік оқумен қамтуға байланысты 1921 жылы Қазақстан жастар облыстық комитеті ауылдық жастар ұйымдарының барлық мүшелеріне ашылып жатқан 6-айлық ауылшаруашылық курстарын аяқтауды ұсынды. Дегенмен, аштық және оның салдарымен күрес бұл жұмысты барынша тежеді.

Бірақ, көптеген қиыншылықтарға қарамастан, 1922 жылы әрбір уезде қараша мен наурыз айлары аралығында тек жастардан жасақталатын курстардың ашылуы ұйымдастырылды.

Мұндай үйірмелердің оқу бағдарламалары социалистік ұранға сәйкес мәселелерді қамтыды: 1) егіске дайындық; 2) тұқымды өңдеу; 3) құрғақшылықпен күрес; 4) нені егеміз? 5) дала жауларымен күрес және т.б. /4/.

Агротехникалық білімдерді үгіттеу бірден аштық пен оның салдарларын жойғаннан кейін басталып кетті. Мәселен, 1922 жылы бірқатар губернияларда ауылшаруашылық кәсіпке үйрету бойынша көрнекі еңбек шеберханалары ұйымдастырылды. Мысалға, тек бір ғана Ақмола губерниясы бойынша 10 шеберхана ашылды /5/.

Ресей Федерациясының Орталық Атқару Комитетінің шешімінің негізінде 1924 ж. ауыл шаруашылық қажеттіліктеріне бұқара мамандарды дайындау мақсатымен, ауылдардағы жалпы білім беру мектептерін қайта ұйымдастыру жүргізілді. Селоларда жеті жылдық мектеп негізінде ауылшаруашылық бағыттағы шаруа жастары мектептері (ШЖМ) құрылды.

20-шы жылдардың басында кеңестік жүйе “жеке сауданы жою және жастарға ауылшаруашылық кооперация қатарына мүшелікке өту жөнінде” қаулы қабылдады. Осы қаулы негізінде Жастар Одағы бастауыш ұйымдары жанында кооперативтік үйірмелер де құрылды.

Жастар артель, несиелік бірлестіктер, өндірістік, тұтынушылық және ауылшаруашылық кооперативтерінің белсенді мүшелері қатарында болды. 1925 жылдың басына қарай кооператив басқармасы мүшелері ретінде тек бір Орал губерниясы бойынша 6 қазақ және 11 орыс жастары сайланды. 38 жас кооператив басқармасына уәкіл ретінде енгізілді. Ақмола губерниясы бойынша 1925 жылы 1500 жас кооперация мүшесі болды, олардың 8-і кооператив басқармасына сайланып, 18 – ревизиялық комиссияға мүше болды, ал 48 жас осы кооперативтердің басқармасына өтті /5, 101-п./.

Партия нұсқауымен жүргізілген жұмыстың нәтижесінде Қазақстан республикасындағы кооператив желісі айтарлықтай кеңіді. 1924 жылдың 1 қазанынан бастап, 1925 жылдың 1 қазаны аралығында селолық тұтынушылар қоғамдарының саны 369-дан 599-ға дейін, ал ауылдық – 4 еседен аса артты (54-тен 233-ке дейін). 1926 жылдың 1 қазанына қарай Қазақстанда 700 селолық, 287 ауылдық және 36 қалалық кооператив болды, олардың құрамындағы мүшелерінің саны сәйкесінше: 144292 мүше селолық, 70111 мүше – қалалық кооперативтерде саналды /5, 107-п./.

Қазақ халқының бір бөлігінің көшпелі өмір салтына байланысты, оны кооперациялау айтарлықтай қиындықтар тудырды. Ең алдымен, халықтың бұл бөлігіне тұрғылықты өмір салтына көшуде көмек көрсету қажет болды. Қазақ жастар баспасөзі тұрғылықты өмір салтын кеңінен үгіттеуді қолға алды. Сонымен қатар, жастар алдына күрделі міндеттер қойыла бастады. “Ауыл жастарының міндеттері» атты мақалада: «Қазақтардың тұрғылықты өмір салтына көшуіне байланысты, жастар алдында үлкен міндеттер тұр. Ең алдымен, ауылшаруашылық білім алу қажет” - деп көрсетілді /6/.

“Жастар–біздің үмітіміз, ауыл шаруашылығының болашақ басшылары. Бірақ бұл үшін, олар білім алып, алған білімдерін үлкендерге жеткізулері қажет. Ауылшаруашылық кітаптарды көп оқу керек. Жастар, жер өңдеуді үйреніндер!” – делінді /6/. Осы жерде айта кетер бір жайт қазақ зиялыларының қазақ жастарының тек қара жұмысты істегендеріне қарсы болып жоғары жаққа қазақ жастарының оқуы жайлы жоғары жаққа хаттар жазды. Мысалға, С. Садуақасов бастаған бір

топ зиялы Мәскеуге хат жаза отырып, қазақ жастарының оқу жайлы мынанадай ұсыныстар жасады;

“Қазақ төңкерісінен кейінгі қазақ жастарының басты қызметі былай болу керек еді. Төңкеріс қырғыз (қазақ) жастарын жасампаздыққа емес, күресуге үйретті. Сондықтан жастарға енді оқу, жасампаздықты және жасай білуді үйрену қажет. Бірақ жасай білу үшін, білім керек, үстіртін білім емес, қайта терең және салиқалы білім керек. Біздің алдымызда ұшы – қиыры жоқ жұмыс тұр. Біз ірі индустрия, ұтымды ауыл шаруашылығын және үлгілі санитарлық гигиеналық жағдайлар жасауымыз қажет. Бұл үшін барлық мамандықтар бойынша инженерлер, агрономдар, мал дәрігерлері және медицина қызметкерлері керек. Және бұл адамдарды қырғыз (қазақ) жастары беруге тиіс. Біз техникалық білімді шетелде, атап айтқанда Германияда алған мейлінше дұрыс деп санаймыз. Жас адамдарды шетелге жіберудің дұрыстығын таза психологиялық сипаттағы себептермен де дәлелдеуге болады. Біздіңше, елден сырт жүргенде өзіңді өз ісің үшін елдегіден гөрі анағұрлым жауапты сезуің мүмкін” – делінді /7, 41-б./. Сөйтіп, С.Сәдуақасов ұлты үшін қызмет атқаратын қазақ жастарының терең білім алу керек екенін Орталыққа осы хаты арқылы жеткізді.

Қазақстан жастары Қазақ АКСР партия ұйымы мен Кеңес өкіметіне азық-түлік салығын жинау мен азық-түліктерді дайындауда көмек көрсетті. Азық-түлікті бөлудің азық-түлік салығымен ауыстырылуына наразылық білдірген халықтың ауқатты тобы салық салынатын нысаналарды жасырып, азық-түлік салығының жиналуын бұзуға тырысып бақты. Осы істе де билік партиясы жастарды айналымға қосып, оларды халық арасына жұмсады.

Азық-түлік салығын жинау үшін, партия жастарды азық-түлік инспекторлары ретінде пайдаланды. Азық-түлік инспекторлары арнайы құрылған азық-түлік курстарында дайындалды. Азық-түлік инспекторлары армиясы салық салынған жасырын нысаналарды, артылып қалғандарды анықтап, кеңес өкіметінің азық-түлік салығы саясатын дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етуге мәжбүрленді.

Мысалға, Азат болысының Төліғары ауылының (Ақмола губерниясының) жастар ұйымының мүшесі Леонтьев “ ауыл байларының бірі 300 пұт астықты жасырып қалды” - деп мәлімдеген. Жастар ұйымының мүшесі Леонтьев астықты дайындау жөніндегі мәселе қарастырылған жиналыстан қайтып келе жатқанда бай шаруаның соққысына тап болып сабалған /2, 4-п./. Сөйтіп, биліктің солақай саясатының қате шешімдері үшін жастар отқа да, суға да түсіп отырған.

Ал Қазақстандағы жұмыссыздық көбіне ауыл шаруашылығы жағдайымен байланысты болды: астықты жылдары жұмыссыздар армиясы жоққа дерлік кеміп, астықсыз жылдары күрт артып отырды. Жұмыссыздардың ең көп болған шағы 1922 жылға келеді (астықтың шықпауы, жұт). Мәселен, 1922 жылдың қаңтарында “Степная правда” газетінің мәлімдеуіне сәйкес, 1922 жылдың 26 қыркүйегінде Қазақ республикасы бойынша 18 мың жұмыссыз тіркелді, сол жылдың мамыр айында бұл сан 23 мыңға дейін артты /2, 21-п./. Қазақстанның бірқатар губернияларында 1924 жылы астықтың шықпауы жұмыссыз жасөспірімдердің қатарын арттырды. Тек бір Орынбор бойынша 173 жұмыссыз жасөспірім тіркелді /2, 25-п./.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды сараптай келе, большевиктер өкіметті басып алғаннан кейінгі жылдары қазақ жері екі дүркін – 20 жылдар басында және 30 жылдар басында жантүршігерлік ашаршылықты бастан өткергенін көре аламыз.

Осы аштықтарда қазақтың қырылғаны қырылып, аман қалғаны бас сауғалап тоз-тоз болып, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында қалды.

Ақиқатқа жүгінсе, аштықтың төркінінде большевиктер партиясының көсемі Лениннің және оның партиялас серіктестерінің бұралаң іздері сайрап жатыр. Сөзіміз дәлелді болуы үшін “ұлы көсемнің көзі тірі кезіндегі зобалаңға бір сәт көз жүгіртіп өтейік. Мұхамеджан Тынышбайұлы ағамыздың есебі бойынша 1917 жылы Қазақстанда 2.910.000 қазақ өмір сүрген болса, М.Г. Сириустың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша қазақтар саны 1.965.443-ке әрең жетіп жығылған /8, 24-б./.

Табиғи өсімді есептемегеннің өзінде 1 млн. қазақ қайда кеткені белгісіз. Профессор С.П. Швецов есеп-қисап бойынша тек 1921 жылғы ашаршылық салдарынан Қазақстанда болған кемудің өзі ғана 30 пайыздан кем емес екендігін де айта кетеді /8, 24-б./. Мұны нақты деректер де мақұлдайды.

Қазақ қалай аштыққа ұрынды? Мұрағат қойнауында сақталған көптеген ресми құжаттар оқырманды шатастырып бұл сұрақтың жауабын – ауа-райының қолайсыз болып, егін шықпай қалғанынан, әрі кеткенде жергілікті жердегі асыра сілтеуден іздейді.

Десек те кейбір зерттеушілердің “мұндай аштық Ресейдің өзінде, Еділ бойында да болды емес пе?!” – деуі әбден мүмкін. Ол рас. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек: орыс жері ақ пен қызылға бөлініп алып қырылып азамат соғысын жандандырады да, ауыл шаруашылығымен шыңдап айналысуға өздеріне де өзгелерге де мүмкіншілік бермеді.

Қазақстандағы 1921-22 жылғы ашаршылыққа шындығына келсек ауа райы, құрғақшылық емес, өздері өкіметті бір түнде басып алған соң, кешікпей-ақ азамат соғысынан тұтанатынын, ал одан шаруашылық күйзеліп, халық аштан қырылуы мүмкін екенін біле тұра, қатерлі бағыттарынан қайтпай қойған большевиктер және олардың партиясының біржақты саясаты кінәлі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоңыратбаев О. Т. Рысқұлов, қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.
2. ҚР ПМ. 160-қ, 1-т, 25-іс, 8-п.
3. ҚР ПМ. 142-қ, 1-т, 228-іс, 21-22-пп.
4. ҚР ПМ. 142-қ, 1-т, 58-іс, 1-2-пп.
5. ҚР ПМ. 142-қ, 1-т, 58а-іс, 1-2-пп.
6. Қадірлі жастар жанына // Жас қайрат. – 1924. – 12 қаңтар. – №1.
7. Сәдуақасов С. Жастарға жаңа жол. – Орынбор, 1921. – 41-б.
8. Омарбеков Т. Ашаршылық ақиқаты // Ақиқат. – 1997. – №5, – 24-б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 1920-1925 жж. кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстан жастарының аштықпен күресі баяндалған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена борьбе казахстанской молодежи с голодом в первые годы советской власти.

ДЕКАБРЬСКИЕ СОБЫТИЯ 1986 ГОДА

Туменова С. М. к.и.н., доцент (Алматы, КазгосженПУ)

Более 20 лет отделяют сегодня нас от драматических и героических декабрьских дней 1986 года. В те дни казахская молодежь, проявив гражданское мужество, осознав себя наследником свободлюбивых предков, открыто бросила смелый вызов господствовавшему десятилетиями, казалось «незыблемому» тоталитарному режиму.

Сегодня Казахстан – независимое суверенное государство, ставшее на путь демократизации и прогресса. Одной из важнейших задач молодой республики в современных условиях является возрождение своей национальной истории, объективное непредвзятое её освещение с целью познания собственного опыта, недопустимость повторения негативного прошлого. 16 декабря 1986 года состоялся Пленум ЦК Компартии Казахстана, который за 18 минут своей работы не только освободил от занимаемой должности первого секретаря ЦК Компартии Казахстана Динмухамеда Кунаева, но и решил судьбу целой страны. Главой республики был избран человек, не только не связанный с Казахстаном и не знавший местных условий, но даже не состоявший на учете ни в одной из местных партийных организаций и не имевший казахстанской прописки. Это было воспринято как оскорбление казахского народа и вызвало протест молодежи.

Декабрьские события 1986 года показали, насколько выросло самосознание казахской молодежи. Она первой преодолела страх перед тоталитарной системой, которая почти столетие заставляла жить народы в казарменном режиме. Молодежь от имени своего народа открыто заявила, что больше не допустит попирания чувства национальной гордости, присущего любой нации.

В истории национально – освободительного движения Декабрьское восстание казахского народа 1986 года занимает особое место. Историческое значение выступления молодежи состоит в том, что она первой стала крушить замшелые стены советского тоталитаризма во имя благородных и патриотических целей восстановления поправленных прав нации, государственности и суверенитета.

Декабрьское восстание стало мощным ударом по монолитной советской идеологии, по всем источникам необъективности, особенно по тем, которые укоренились в подсознании советского образа мыслей.

Избрание Г. В. Колбина первым секретарем ЦК Компартии Казахстана было воспринято как грубый диктат центра при решении вопросов, затрагивающих жизненные интересы населения республики. Нужно учесть при этом, что из 20-ти первых секретарей Компартии Казахстана за все годы ее существования только трое были казахами. Пост первого секретаря Компартии республики, как правило, использовался в качестве трамплина для прыжка на следующую ступень карьеры. Аналогичное положение с руководящими кадрами было и в других организациях и ведомствах. Так, руководителями КГБ республики за годы Советской власти были лишь два казаха. Назначенные центром руководители, не имеющие корней в республике, не связанные с ее народом, культурой, бытом, традициями и языком, подбирали себе кадровую команду по своему вкусу.

С протестом против решения Пленума ЦК выступила вначале небольшая группа рабочей и учащейся молодежи г.Алматы. Демонстрация была мирной и носила политический характер, не содержала призывов к свержению государственного строя и выпадов против других народов. Молодые люди, собравшиеся перед зданием ЦК Компартии республики, не нарушали законов и

общественного порядка, они требовали лишь разъяснений по поводу решения Пленума и выражали свое несогласие с ним.

Однако вместо откровенного диалога и попытки разобраться в причинах пришедшего новые власти Казахстана с благословения М. Горбачева вновь прибегли к террору и репрессиям. 17 и 18 декабря против мирных демонстрантов были брошены силы милиции и внутренних войск. При разгоне демонстрации войска использовали саперные лопатки, служебных собак, людей на морозе обливали водой, избивали задержанных, многих полураздетыми вывезли и оставили за городом, несколько сотен человек были без санкции прокурора помещены в следственные изоляторы. Власти намеренно разжигали межнациональную рознь, вооружив железными прутьями и обрезками кабеля дружины, составленные из русскоязычных рабочих промышленных предприятий и натравливая их на демонстрантов – казахов. В ходе трагических событий 17-18 декабря несколько человек погибло, было множество раненых и травмированных. Весть о разгоне демонстрации всколыхнула весь Казахстан, во многих городах республики прошли аналогичные выступления, также силой подавленные властями. За кровавым подавлением народного выступления последовали жестокие репрессии.

Только в столице 264 человека были исключены из вузов, 758 человек – из комсомола и 52 человека – из партии. Комсомольские и партийные взыскания получили около 1400 человек. Из органов внутренних дел было уволено 1200 человек, из транспортных и медицинских учреждений – более 300 человек. Своих постов лишились 12 ректоров вузов. В уголовном порядке было осуждено 99 человек, среди них 18-летний К. Рыскулбеков, погибший в тюремных застенках.

Декабрьские события в Казахстане взорвали молчаливое сопротивление союзных республик диктату центра, нарушили «затишье перед бурей». События в Алма-Ате, Баку, Тбилиси, Вильнюсе – ярчайшие свидетельства закономерности данного процесса. Декабрь 86-го оказал огромное влияние на рост национального самосознания казахского народа, кардинальным образом изменил самовосприятие казахов, их представление о национальном достоинстве, культуре и суверенитете.

Национально – освободительное движение казахской молодежи положило начало краху тоталитарного режима КПСС и обретению суверенитета Республикой Казахстан. К тому же в Казахстане впервые обратили внимание на бедственное положение казахского языка, на уменьшение сферы его применения. В настоящее время свобода слова, совести законодательно закреплены в Конституции, и граждане республики могут воспользоваться ими безо всяких ограничений. Всем языкам народов Казахстана обеспечено свободное и равноправное развитие, а казахский язык, получив, статус государственного, активно внедряется в повседневную жизнь. В республике начался подъем интереса к национальным традициям, обычаям, культуре, истории. Национальное возрождение получило новый подъем. Память декабрьских событий призывает нас высоко нести знамя свободы для дальнейшего укрепления основ нашей независимости.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кунаев Д. О моем времени. Алматы, 1992.
2. Кожакеев Т. Если родился человеком. Алма – Ата, 1986. С. 60.
3. Табеев К. Эхо декабря. Алматы, 1992.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 1986 ж. желтоқсан оқиғалары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена декабрьским событиям 1986г.

ЖАЛПЫ ТАРИХ**ЖАПОНИЯНЫҢ ІІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ
СЫРТҚЫ САЯСАТЫ**

Аймбетов Б.С.-қазақ-жапон орталығының қызметкері
(Алматы қ.,Т.Рысқұлов атын.ҚазЭУ)

Қазіргі жапон дипломатиясының тарихы 1854 жылы басталды. АҚШ-пен келісімге қол қою арқылы елдің жабық есік саясатын жойды. 1868 жылы қаңтарда император Муцухито «Халықаралық қатынастардың ашылуы» жөнінде бұйрық шығарып, сегунат кезеңіндегі жалған саясатты айыптады. 1869 жылдың шілдесінде Жапонияның сыртқы істер министрлігі (Гаймусё) құрылып, басты міндет етіп Жапонияны отарлауға тырысып отырған Еуропа және АҚШ мемлекеттеріне қарсылық көрсету қойылды. Жас дипломатияға елдің тәуелсіздігін сақтап, тең емес келіссөздерді дұрыс шешуге тура келді. Отарлаушы елдерден экономикалық көрсеткіштері бойынша әлдеқайда артта қалғандығына қарамастан, Жапонияны бүкіл әлемді таңқалдырып, жаңа тех-никаны жасап, идеологиядағы жаңа принциптерімен, «бай мемлекет, күшті армия» принципін негізге алды. Жапония мықты әскери машинаны жасай отырып, Батысқа тән дәстүрлі отар жаулап алу жолына түсті. 1874 жылы Жапония Тайваньды, 1882 жыл Кореяны, 1894 жылы Қытайды аннекциялап, оны 1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғыстарында жалғастырды. Жапонияның билік басындағылардың империялық ойлауы 1931 жылғы Қытайға шапқыншылығы және Америка Құрама Штаттары мен оның одақтастарына қарсы соғысы 1945 жылғы тамызда Жапонияның жеңілуімен аяқталды. Капитуляция оның тарихы мен сыртқы саясатындағы есебі тәрізді болды.

Жапония екінші дүниежүзілік соғыста үш миллиондай адамынан айрылды. Хиросима мен Нагасаки жұрттың есінде. Елдің шаруашылығы қатты күйзелді. Енді бұл елдің еңсесі көтеріле қоймас деген көпшілік.

Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Жапония өзінің дипломатиясын идеологиялық емес, экономикалық негізде құрды. Екінші дүние жүзілік соғыста жеңіліске ұшыраған соң, әлемдік экономикада басты орын алу үшін күресті. Жапония дәстүрлі мәдени құндылықтарын да сақтауға, қорғауға бар күш жігерін жұмсады.

Соғыстан кейінгі Жапонияның сыртқы саясаты күрделі өзгерістерді басынан кешірсе де, сыртқы әлемде өзінің алатын орнын, қалыптасқан дәстүрлерін көрсете білді. Соғыста жеңіліске ұшырап, АҚШ әскерлерінің оккупациясына ұшыраса да, Жапония тарихи қысқа мерзім ішінде экономикалық потенциалы жөнінен әлемде екінші орынға шықты. Табысқа жаңа технология, жоғары еңбек өнімділігі жеткізді. Ұлттық мүдде бүкіл халық үшін бәрінен жоғары қойылды. Ел басшылығы, халық та бір-ақ мүддені көздеді – Жапония Батыстың дамыған елдерін қуып жетуі керек деді. Қоғамның барлық мүшесі оны өзінің жеке мақсаты санады.

Соғыстан кейінгі Жапонияда әр адам елдің мүддесіне не нәрсе қолайлы дегенге тоқталды. Дамуы үшін жаңа технология, жоғары еңбек өнімділігі керектігін түсінді. Әрбір жапон өз орнында сол жоғары өнімділікке жету үшін «Бес С» деген қағиданы қатаң ұстанды. Сэйри – қажетсіз нәрсені анықтап, оны жою; Сэйтон – қажетсізді жойған соң, қалғанын тәртіпке келтіру; Сэйксо – жұмыс орнын, өзіне бекітілген өндіріс нысанын таза ұстау; Сэйкецу – ережені қатаң сақтану, Сицукэ – жоғары еңбек тәртібі және еңбекті қастерлеу.

Бұл ұғымдар жапондарда бұрыннан болған. Ол ұлттық философиялық көзқарастан туындайды. Табысқа жету үшін әркім сол қағиданы сақтануы керек. Бірақ бұл ешкімге міндет емес еді. Енді ол ұлттық мүдде үшін қажет болған соң әрбір жапонға міндетке айналды. Сөйтіп, бүкіл жапон халқы өз елі батыстың дамыған елдерін қуып жетуі үшін бір кісідей тастүйін бекініп, алға ұмтылды.

Елдің сыртқы саясаты экономикалық жағынан мықты мемлекет құру міндетіне бағынышты болды. Бұл міндетті жүзеге асырудың сыртқы саяси негізгі құралы АҚШ-пен одақтаса отырып, Жапонияны халықаралық қатынастар жүйесіндегі беделін көтеру ғана емес, оның әскери қауіпсіздігін сақтап, әлемдік рынокта мықты ықпалға ие болуды көздеді

Алайда әскери жағынан АҚШ-қа тәуелді болуы негізгі кемшіліктерінің біріне айналды. Вашингтонның көлеңкесінде отырып, әлемнің екінші экономикалық державасы құрметіне ие болса да, әлемдік бірлестікте мықты ықпалға жете алмай отыр. Ықпалды қызметкерлердің бірі Дж. Поллак «Жапония «ұлы державалар» санатына жіберілсе де, әлі де болса толық дауыс алу құқына ие еместігін» айтады. Сыртқы саясатта байлығы мен экономикалық жетістіктері болғанымен қосалқы орын алып, ұлтшылықпен қызып, интеллектуалдық оқшаулықты ұстанып отыр. Сондықтан басқа мемлекеттермен арадағы қарым-қатынаста, өзіне деген ұлттық сенімсіздік, саясатта провинциалдық сақтық байқалады. 1980 жылы Киити Миядзава «Жапония ерекше мемлекет болып саналады», мұнан шығатын қорытынды өзіндік тарихи тәжірибесі мен конституциялық шектеулерінің болуы, халықаралық қатынастарға қатысуға кедергі жасайды. Біз тек әлемде болып жатқан жағдайды байыптап, болып жатқан тенденцияларды бақылаймыз» деп жариялайды.

Ұзақ жылдар бойы жапондықтар АҚШ-пен арадағы тең құқылы әріптестік деңгейіне жету эволюциясын ұзақ жылдар бойы мойындағысы келмеді. 1981 жылы премьер-министр Дэ. Судзуки Вашингтонда бірлескен коммюникеге қол қойып, онда АҚШ пен Жапония арасындағы одақтық қатынастар мәселесі сөз болған еді. Бұл фактіге таң қалған жапондық қоғамдық пікір «премьер келеңсіз шешім жасады, сондықтан өзі айтқан пікірден бас тартсын» деген ұсыныс жасады. Сондықтан Жапонияның сыртқы істер министрі М.Итоға бар жауапкершілікті мойнына алып, отставкаға кетуіне тура келді.

1980-ші жылдардың басында соғыстан кейінгі кезеңде әлемде экономикалық потенциалы жөнінен екінші орынға жетсе, кейбір экономикалық көрсеткіштер бойынша АҚШ-ты басып озды.

Осы кезеңде Жапония халықаралық аренада өзінің халықаралық байланыстарының артқандығына қарамастан, шын мәніне келгенде АҚШ-тың кіші әріптесі рөлін атқара берді. 1980-ші жылдардың басында Жапонияда интернационализация ұраны ұсынылып, индустриалдық жағынан дамыған мемлекеттердің бірлестігімен интеграциялану деп түсіндірілді.

Я.Накасонэ ұсынған жапон саясатының «интернационализация» бағдарламасы болашақта әлемде серке (лидер) рөлін атқаруға мән береді.

Халықаралық еңбек бөлінісінің өсуі, трансұлттық монополиялардың қызметінің дамуы, коммуникация мен транспорттың дамуымен байланысты Жапонияның әлемдік экономикада рөлінің артуына ықпал жасап отыр. Халықаралық рынокқа шыққан ірі жапондық компаниялар үлкен қаржы ресурстарын иемденіп, мемлекеттен өз алдына бөлек тәуелсіздік алып, Жапониядағы реттеушілік қызметі қысқарып отыр. Экономикаға бюрократтық бақылаудың азаюы импорттың артып, сауданы ырықтандыруға қолайлы жағдай туғызып отыр.

Саяси жағынан алып қарағанда интернационализация Жапонияның ғаламдық рөлге ие болу жолындағы халықаралық қатынастар жүйесінде жаңа элементтердің қалыптасуына жол ашты. «Кенестік қауіптің» жойылуы кіші держава менталитетінен Жапонияның бас тартуына қолайлы жағдай туғызды. Жапония әзірге жеке саяси инициативалар көтеруге, қандай-да болмасын әскери мазмұндағы акцияларға тікелей қатысудан тайсалады.

Өзінің байлығы мен экономикалық қуаттылығын айқындай отырып, жапондықтар ғаламдық саясатқа белсенді түрде қатысуға бағыт алып отырса да, өзінің артықшылықтары мен кемшіліктері болса да мәңгі екінші орында тұру жағдайында қалып отыр. Жапония бір жағынан АҚШ – пен арада өзара тәуелді қатынасты сақтауға тырысса, бір жағынан экономикалық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өзінің халықаралық беделін сақтауға, нығайтуға бар күшін салып отыр. Бірақ нақты қайшылықтар бар, себебі жапондық саяси авторитет АҚШ-тың көлеңкесінде қалып отыр. Алдағы уақытта бұл күрделі қайшылықтың дамуы Жапонияның болашақтағы халықаралық аренадағы жағдайын анықтаудың кілтіне айналып отыр.

Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерімен жақсы қарым - қатынасты қалыптастырып, оны қолдау елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, елді гүлдендіру үшін қажет. Қытайдың осы аймақта орналасуы, оның экономикасының өсуі Жапонияға одан әрі дамуға мүмкіндік беріп отыр. Жапония «шығыс –азиялық бірлестік» қалыптастыруға ұмтыла отырып, Қытаймен, Корея республикасымен арада ынтымақтастық қатынасты нығайтуға, Азия елдерімен экономикалық әріптестікті күшейту үшін, Азия аймағын дамытуға тырысуда.

Солтүстік Кореямен қатынаста Жапония арасында әлі де болса кейбір шешілмеген мәселелер бар. Солтүстік Корея арнайы қызмет органдары Жапония азаматтарын жиі ұрлауы байқалып, олардың тағдыры осы уақытқа дейін белгісіз күйде қалып отыр. Жапония Солтүстік Кореямен арадағы Пхеньян декларациясы негізінде жапон азаматтарын ұрлау, ядролық, зымырандық мәселелерді шешіп, жапон-солтүстік корейлік өзара мемлекетаралық қатынастарды дұрыс жолға қойып, әлемде бейбітшілік пен аймақта тұрақтылықты орнатуға, реттеуге деген ұмтылыс бар.

Жапония Корея түбегіндегі кейбір даулы мәселелерді шешуде, Азия аймағындағы экономикалық дағдарыстан шығар жолда басшылықты өз қолына алмай, белсенділік танытпай отыр.

Жапония мен Оңтүстік Корея арасындағы қатынас әсіресе 1995 жылғы екінші дүние жүзілік соғыстың елу жылдығын тойлағаннан кейін шиеленісіп кетті. 1992 жылы император Акихитоның Қытайға іссапармен баруы болашақ үшін келісімге келу деп қабылданған еді. Бірақ үш жыл өткен соң . Қытай мен Жапония Қытайдағы өткізілген ядролық сынақтан соң, келіспеушілік жағдайында қалып, жапондықтардың олардың кейбір территориялық мәселелерін ретке келтіргенше, Қытайға беретін көмегін уақытша тоқтатты.

1995 жылғы бірлескен пресс-конференцияда Оңтүстік Корея президенті Ким Ён Сан мен ҚХР төрағасы Цзян Цзэмин екінші дүние жүзілік соғысты тойлауға байланысты оған Жапонияның көзқарасын қатты сынға алды. Жапония бұл әрекеттен екі елдің антижапондық көзқарастарының біріккендігін және геосаяси болашақта күрделі ушығулардың болатынын әсіресе екі Кореяның бірігуі төңірегіндегі талпынысты аңғарды.

Егер екі Корея мемлекеті бірігетін болса, ішкі қысым күшейіп, американ әскерлерінің басым бөлігінің түбектен кетуіне тура келеді. Бұл әрине кейбір жапондықтарды да американдықтардың жапониядағы әскери күштерін қысқарту керек деген ойға итермелейді. Олар Жапонияның Азиядағы АҚШ пен Қытай

арасындағы «конструктивтік стратегиялық әріптестік» жолындағы әскери күштерін Азиядағы тұрақты жағдайды сақтаймыз деген ниетпен шоғырландыруға рұқсат беруді хош көрмейді. Жапонияда орныққан АҚШ қарулы күштерінің жыл сайын қысқаруы негізінде әскери күштер емес, саяси қатынастық бар.

Жапония жыл өткен сайын өзінің саясатын және ұлттық мүдделерін, артықшылықтарын нақтылай түсу үстінде. Егер Жапония әскери қатынаста Қытаймен және АҚШ-пен бақталасатын болса, ол сол аймақтағы ғана емес ғаламдық көлемде дау туғызары сөзсіз. Токио екі державаның көсемдік ұмтылыстарын жұмсартуға тырысу үстінде.

Жапония өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатарлы батыспен бақталаса алатын азиялық мемлекеттің бірі болып саналады. Жапония қазіргі кезеңде басқа азиялық мемлекеттерге тән заңдылыққа бағынады. Батыстық бизнесмендер жапондықтардың делдалдық әрекеттерінсіз-ақ Азияда тікелей өз істерін жүргізуде.

Жапония ядролық қарудың алғашқы құрбаны болғандықтан, бұл қаруды таратпау жөніндегі ұсыныстары нақты шешімін таппай отыр. Солтүстік Кореяның ядролық державаға айналуы Жапония үшін қауіп тудырады.

Үндістан мен Пәкістандағы ядролық сынақтар жапондықтардың экономикалық көмегінің Азиядағы ядролық қарулануды тоқтата алмай отырғандығын көрсетті. Экономикалық көмектің көлемі қандай болғандығына қарамастан ол Үндістан мен Пәкістанды өздерінің ядролық бағдарламаларынан бас тартуға көндіре алмай отыр. Осы екі ел, әсіресе Үндістан жапондықтардың ядролық емес позициясын түсіне алмайды. Себебі ол американдықтардың ядролық қолшатырының астында қалып отыр. Бұл Жапонияның Оңтүстік Азиядағы моральдық беделін төмендетеді.

Оңтүстік Азиядағы ядролық сынақтар Жапония, АҚШ, Қытай арасындағы шиеленісті қатынастың бетін ашты. 1998 жылы 4 маусымда Женевада ядролық клубтың мүшесі болып саналатын бес мемлекеттің сыртқы істер министрлері кездесіп, сынақ жасаған кезде қандай әрекет жасауы керектігін анықтады. Жапония бұл кездесуге қатысуға рұқсат сұрағанымен, ол қабылданбады.

Көптеген жапондықтар ядролық қаруы жоқ мемлекеттер болып саналатын Жапония мен Германияны Женевадағы кездесуге қатыстырмауы дұрыс еместігіне наразылық білдірді.

Қытай ядролық державалардың клубы ғана соларға ерекше жауапкершілік артып отырғандықтан, ядролық мәселелерді өздері талдауы керек деп тұжырымдайды. Әрине бұл Жапонияға тиімді емес. Ядролық қаруы бар және жоқ мемлекеттермен ынтымақтастық негізінде ғана мәселе шешілетін болса ғана, нақты тұрақтылық сол кезеңде болады.

Жапонияның сыртқы саясатының басты доктринасы концепциясы – АҚШ-пен арадағы одақпен тікелей байланысты АҚШ-тың Жапонияның Мисава қаласында орналасқан ірі әскери базалары бар. 1987 жылы Жапонияның «жұлдызды соғыстар» бағдарламасына қатысуы жөнінде келісімі қабылданды. 1975 жылдың қарашасынан бастап Жапония дамыған жеті ірі капиталистік мемлекет басшыларының жыл сайынғы кездесуіне міндетті түрде қатысушы мемлекеттердің біріне айналды. 1997 жылы АҚШ пен Жапонияның сыртқы істер министрлері мен әскери министрлері Вашингтонда жапон-американ «қауіпсіздік келісімі» негізінде әскери ынтымақтастықтың жаңа бағыттары жөнінде келісім шартқа қол қойды. Оның мақсаты – екі мемлекеттің Азия-Тынық мұхиты аймағындағы әскери ынтымақтастығының жаңа параметрлерін анықтауда болды.

Сонымен қатар Жапония үкіметі жапон монополиясының экономикалық экспансиясы үшін қолайлы жағдай туғызуды. Сондықтан Жапония сыртқы

экономикалық саясатқа терең мән беруде. Іскерлер тобы «еркін сауданың азиялық аймағын» ұйымдастыруға көңіл бөліп отыр.

Жапонияның қиын жағдайда қалуы, ХХ ғасырдың басында әлемдік аренаға патшалық Ресейді жеңуі кезеңіндегі жағдайға қарағанда басқаша түрде көрініс тауып отыр. Осыдан жүз жыл бұрын шығу тегі бойынша грек Лафкадио Херн, Жапонияда ұзақ жыл тұрып «Гений японской цивилизации» очеркін жазып, ол арқылы бүкіл әлемге жаңа Жапонияны танытады. 1998 жылы бүкіл әлемнің назары «көлемі жөнінен бірінші жұлдызға» айналып, ғаламдық шарықтау шегіне жетіп отырған Қытайға ауды. Азияда Жапония мен Қытайдың орны ауысты деген концепция қалыптасты. Шын мәніне келгенде концепция шындыққа сәйкес келе қоймайды. Азиялық дағдарыс кезеңінде Қытайды аймақтағы жағдайды тұрақтандыруға ықпал етуші ел ретінде қабылдаса, Жапонияны пассивті бақылаушы рөлін атқарып отыр деп кінәлауда. Қытайдың шарықтауы Жапония сыртқы саясатына маңызды, психологиялық ауыр стратегиялық қиындықтар әкелуде.

Жапония осы уақытқа дейін Мэйдзи кезеңінен бастап модернизациялануға дейінгі аралықта Қытай сияқты бай, мықты, өзіне сенімді, интернационалдық көңіл күйдегі мемлекетті көрген жоқ. Көршілерінің дамуы Жапонияны алаңдатып отыр. Ұзақ уақыт бойы Жапония өзін Азиядағы жетекші елдердің бірі ретінде санады. Бірақ жапондықтардың біраз бөлігі Қытайдың аймақтық серкеге айналатына күмәнді.

Қытайдың көтерілуі Жапония сыртқы саясатына біраз түрткі болып отыр. Жапонияның қаржылық дархандығы және дипломатиялық айла-әрекеттеріне қарамастан, екі жақ та мықты бақталас екендігін байқатады. Әлемдік аренадағы Қытайдың рөлі соңғы уақытта жарнамаланып, жапондықтардың «күні тұтылуда».

Жапония АҚШ пен Қытай арасындағы «конструктивті стратегиялық әріптестіктің орнағандығына» да алаңдаушылық тудырып отыр. Жапония сонымен қатар, қытайлықтар мен американдықтардың кейбір экономикалық сәтсіздіктерге байланысты өз атына айтып отырған кемсітушіліктен зардап шегуде. Бір жағынан Жапония АҚШ пен Қытай арасындағы жауластықтың болуынан да қауіптенеді.

Жапон саяси серкелері үшін негізгі мәселелердің бірі кезіндегі Цзян Цзэминмен Клинтон арасындағы келіссөздерде, АҚШ пен Жапония арасындағы одақ Азиядағы тұрақтылықты реттейтін маңызды фактор екендігін дәлелдемеді.

«Суық соғыс» жылдары американдық әскерлері Жапонияның көмегіне арқа сүйей отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құрылымын көрсеткендей болды. «Суық соғыстың» аяқталуы өмірде төзуге тиісті жаңа мәселелерді әкелді. Екі елдің арасындағы қатынаста экономикалық шиеленіс өсіп келеді.

Жапонияның Таяу Шығыстағы позициясына келетін болсақ, Иракты қалыпқа келтіруге өз күшін аямай отыр. Токио конференциясында Иракты қайта қалпына келтіруге ықпал жасап отыр. Жапония Иракты қалыпқа келтірудің екі жолын ұсынып отыр. Біріншісі өзі-өзі қорғау күштері бөлімдерімен, екіншісі 5 млрд. долл. көлемінде дамуына арнайы ресми көмек көрсету.

Таяу Шығыс аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау осы аймақтағы бейбіт үдерісті дамытумен, алға қарай жылжытумен байланысты жүзеге асады. Жапония Ауғанстан мемлекетіне де мемлекеттік құрылысын күшейтуге ықпал жасап отыр. Терроризмге қарсы күресте де Ауғанстанмен ынтымақтасып, Үнді мұхитына Теңіз қорғанысы күштерінің кемелерін жіберіп отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымы төңірегіндегі халықаралық ынтымақтастық Жапонияның сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі болып саналады.

Болашақта Жапонияда жаңа саяси толқынның пайда болуы (жастар интернационалдық пиғылдағы саясаткерлер, әйелдер, үкіметтік емес ұйымдар) қоғамдық өмірге таңқаларлық ырғақ береді. Жапония экономикасы мен сыртқы саясаты механизмдерін қайтадан қалыпқа келтіру үшін жаңа идеялар мен адам ресурстары керек болса оны жасайтын бюрократия емес, қалыптасып келе жатқан азаматтық қоғам. Ел басшылары радикалдық өзгерістер жолында қажет, дұрыс жолды таңдауы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Алексеев И.А., Атрошенко А.А., Булай И.Б. США и проблемы Тихого океана: Международно-политические аспекты. М: 1979.
- 2.Арин О.А. Азиатско-Тихоокеанский регион: мифы. Иллюзии и реальность. Восточная Азия: экономика, политика, безопасность. М. 1997.
- 3.Цыганков П.А. Теория Международных отношений. М., 1992.
- 4.Богатуров А.Д. Великие державы на Тихом океане. М., 1996.
- 5.Фунабаси Е. Депривная дипломатия Токио. Japan today. November 2004. p. 23-32.
- 6.Семин А. Внешнеполитические ориентиры Японии и Китай. Владивосток, 2003.
- 7.Япония в современном мире. Факторы стабильного развития и безопасности. М., 2000.
- 8.К. Сато. Япония и Америка в их взаимных отношениях. Мысли японца. М., 1993.
- 9.Кистанов В.О. Япония в АТР. Анатомия экономических и политических отношений. ,1995.
- 10.W. Lord. Opening Statement at Senate Confirmation Hearings. 31.03. 1993.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Жапонияның екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі сыртқы саясатының негізгі бағыттары талданған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные направления внешней политики Японии послевоенный период

XI-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ВИЗАНТИЯ МӘДЕНИЕТІ

Айтбай Р.Т.-т.ғ.к.доцент м.а.(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Византия тарихы өзіндік даму жолы және жоғарғы мәдениетімен орта ғасырлар тарихында ерекше орын алады. Оның мыңжылдық тарихы ішкі төңерісті оқиғаларға, көршілерімен шексіз соғыстарға, Еуропа және Таяу Шығыс елдерінің көпшілігімен саяси, экономикалық, мәдени байланыстарға толы болды. Византия тарихының әрбір кезеңінің өзіндік ерекшелігі, бет-бейнесі бар. Комниндік кезең уақытша болса да Византияның гүлденуімен , дұрыс жүргізілген сыртқы саясатымен ерекшеленеді.

XI ғасыр Византия мәдениетінің тарихында Македон әулетінен Комниндер кезеңіне өтудегі “*өтпелі кезең*”. Бұл уақытта көптеген атақты Византия тарихшыларының қызмет жасап, шығармаларының дүниеге келген кезең. Солардың арасынан *Михаил Пселлді* атауға болады. Ол тарихшы ретінде Византия тарихнамасында жоғарғы орын алатын “*Хронография*” деген шығармасын

жазды.” Хронография” Византия тарихының 976-1075 жылдар аралығын қамтиды. Лев Диаконның “Тарихы” жалғастыра отырып, YII Михаил билік құрған кезеңімен аяқталады. Ішкі құрылымы жағынан туынды екі бөлімнен тұрады. Оның біріншісі өз кезегінде жетіге бөлінеді, сөйтіп I Исаак Комниннің тарихымен аяқталады. Екінші бөлім тұтас күйінде YIII Константин басқарған кезеңдерін қамтып, жазба деректерге сүйене отырып жазылған.

“Хронографияда” орталық орынды автордың бейнесі алады. Пселл тарихи оқиғалармен баяндалған өмірбаянын жасаған. Ол Константинополь қаласында шенеуніктің жанұясында дүниеге келіп, бес жасында мектепке барған. Қажетті ғылыми курсты бітіріп, ғалым әдебиет қайраткері және мемлекеттік қызметкер ретінде қалыптасты. Y Михаил кезінде сарайда император хатшысы, IX Константин Мономахтың уақытында императордың кеңесшісі болды. Өз еңбегінде өзіне жоғары баға береді.

Пселлдің тарихилығы – басқа орта ғасырлық авторлармен ұқсас. Ол дүниежүзілік оқиғалардың себеп-салдарын айқындауда, алдын-ала құдай шешіп қойды деген бағытты жақтайды. Жалпы Пселлдің еңбегі мемуралық сипат алады. Оның баяндауының тағы бір ерекшелігі тарихи құбылыс пен жеке кейіпкер өзара бірлікте дамиды, өзара тығыз байланысты. Пселл қайта өркендеу кезеңінің алдында тұрды. Ол орта ғасырлық тақуалықтан гөрі, жеке адамның өмірлік белсенділігін қолдады. Уақытты ол ғылымды оқып-үйренудегі прогресс деп есептеді. Сондықтан да оның Византия тарихнамасында алатын орны ерекше/

M.Пселлдың жолын қуушы, әрі ізбасары *Иоанн Итал* (1025) Византияның философиялық-діндарлық ой-пікірдің дамуындағы ерекше тұлға. Ол бірінші болып теологиялық мәселелерді сана тұрғысынан түсіндіріп, бедел мен дәстүрге негізделген нанымға сана мен логика принциптерін қарсы қойды.

Византия тарихнамасында Пселлге ұқсас орын алатын ғалымдардың бірі *Михаил Атталиат* (1030/35-1085/1100). Оның өмірі де астанада өтті, сот қызметімен айналысты, сарайға жақын топтарға жатты. Оның “Тарих” деп аталған шығармасы 1034 жылдан 1079-80 жылдар аралығын қамтиды. Егер Пселл Константинополь қаласы, сарай төңкерістері, билеушілері тарихын қарастырса, Атталиат империяның шет аймақтарындағы саяси оқиғалар, шығыс облыстар-Каппадокия, Киликия, Арменияның ерекшеліктеріне байланысты жазды. Сонымен бірге “Тарихта” әскери мәселелерге – стратегия, тактика, қолбасшылық өнерге көп көңіл бөлінген. Атталиат еңбегінде Византия қоғамының әр түрлі топтары туралы да мәліметтер бар. Текті топтарды мадақтаумен қатар, қала тұрғындарына көп көңіл бөледі

Византияда Комниндер әулеті билеген кезеңде мәдениет, оқу-ағарту, өнер және әдебиет қайта өрлеу жағдайында болды. Антикалық мұраға терең қызығушылық қайта жанданды. Бұл кезеңде білімділіктің орталығы ғылым мен білімнің орталығы болған Константинопольдегі мектептермен қатар әдеби-философиялық мектептер болды. Әйгілі үйірмешілер Анна Комниннаның және Ирина Дукенаның үйірмелері еді.

Бұл дәуірдің көрнекті туындылардың бірі XI-XII ғ.ғ. Византияның саяси өмірінің белсенді мүшесі Никифор Вриеннияның тарихи еңбегі еді. Ол ханшайым Анна Комнинаның күйеуі болатын. Никифор Вриенния өз еңбегін “Тарихи материал” деп атап, 1070 жылдан 1079 жылға дейінгі оқиғаларды қарастыруды өзінің бұл еңбекті жазудағы басты мақсаты Алексей Комниннің билік құрған кезеңі мен қызметі жайлы мәліметтер беру екендігін айтады. Бұл шығарма Иоанн II Комнин кезінде аяқталды. Туындының құрылымының ерекшелігі, ол хронологиялық жағынан емес, географиялық-топографиялық принцип бойынша құрылғандығында. Әскери жорықтар, өте қызғылықты, толық баяндалған.

Алексей Комниннің жастық кезіне тоқталады. Жалпы Алексей Комнин-сұлу, текті, даңқты болып көрсетіліп, оның батырлық бейнесі жасалған.

Алексей Комнинге арналған үлкен еңбек оның қызы *Анна Комнинаның* (1083-1155) жазған «*Алексиада*» деп аталатын туындысы. Шығарма 14 жасар Алексейдің ІҮ Роман кезінде жасаған қызметімен басталып, 1118 жылғы оның өлімімен аяқталады. Жалпы алғанда Анна Комнина Византия тарихнамасында және әдебиет тарихында айрықша орын алады. Оның білімділігі, саясатшы ретіндегі белсенділігі, мәліметтерінің дәлдігі Анна Комнинаның шығармасын Византияның тарихи ой-пікірінің атақты ескерткіштерінің бірі етеді.

Осы кезеңде Византия тарихнамасында мемуарлық сипаттағы тарихи шығармалар да болды. *Евстафий Солунский* 1185 ж.нормандардың Солуниді жаулап алуы туралы еңбегі осы бағытта жазылған. Ал, Никита Хониат бұл дәстүрді одан әрі жалғастырды. Оның туындысында І Иоанн Мануил және Андронник Комниндердің, Ангелдер әулеттері билік құрған кезеңдер оқиғалары айтылады. Кресшілердің Византияға жорығы, Константинопольдің құлауы көрсетілген. Оның «Ромейлер тарихы» І-Ү крест жорығы, кресшілердің Константинопольді алуы туралы құнды деректерге толы тарихи еңбек қана емес, сондай-ақ өте тартымды әдеби шығарма.

ХІІ ғасырда Византияда кейінгі антикалық романның ескі әдеби жанры қайта өмірге келді. Бұл жандану көрнекті ақын *Феодор Продромның* (1100-1170) атымен байланысты. Оның «*Катамиомахия*» (Мысықтар мен тышқандар соғысы) деген сатирасында сол кездегі қоғамның кемшіліктері күлкі-мазақ етіледі.

Роман жанрына сондай-ақ Евматий Макреволиттың «*Исминий мен Исмина*» деген прозаикалық повесі, Никита Евгенианның «*Дросилла мен Харикл*», Константин Манассидің «*Аристандр мен Каллитея*» деген өлеңмен жазылған романдары жатады.

Орта ғасырдың мәдениеті тарихында Византия өнері көрнекті орын алады. Византиялық шеберлер эллинистік өнер мен империяны мекендеген халықтар өнерін қабылдай отырып, осылардың негізінен өздеріне тән көркем стилін жасады. Византия бейнелеу өнерінде басым түр қабырғаға салынған мозаика мен фреска болды. ХІ-ХІІ ғасырларда Византия бейнелеу өнерінде құрғақ сызық, шартты салтанатты стилиндіру орын алды. Әулиелердің бейнелері тым қатыгез аскеттік бейнеде салынып, тым қоңырқай бояулармен боялды. ХІІ ғ.кірпіштен салынған оюлар Грекияда, Болгарияда, Сербияда кеңінен тарады. ХІ-ХІІ ғғ.византияның шеберлері Венециядағы әулие Марк соборын әшекейледі, Сербиядағы храмдарды безендіруге қатысты. Бұл кезеңдегі мәдениет ақсүйектік сипат алды. Византия университеті қалпына келтірілді. Оның екі факультеті- философия және заң болды. Осы кезеңде шіркеу философия пәндеріне бақылауды күшейте түсті. Сонымен бірге діни мектептер болды, оларла дін ілімі оқытылды. Кітап минатюрасы дамыды.

ХІҮ-ХҮ ғ.ғ. Византияда философия мен ғылымда, әлеуметтік және идеялық жағынан Батыс Еуропа гуманизіміне жақын жаңа бағыт кеңінен тарай бастады. Бұл бағыт ХҮ ғасырлардағы ғалым, философ және саяси қайраткерлер Мануил Хрисолор, Георги Гемист, Плифон және Виссарион Никейскийдің еңбектерінен айқын көрінеді. Адамның рухани өміріне зер салу, индивидуализмді мадақтау, антик мәдениетіне бас ию - осы ғалымдарға тән көзқарастар еді. Олардың батыс еуропалық гуманизммен тығыз байланысты болған.

Византия философиясында ХІІ ғасырда материалистік тенденция күшейіп, Демокрит пен Эпикурдың материалистік философиясына қайтадан назар аударыла бастады. Бүкіл әлемді және адам өмірін басқаратын құдай емес тағдыр деп есептейтін Эпикурды қолдаушыларды сол кездегі дін ғылымдары қатты сынға алды.

Византия империясының соңғы ғасырларында реакциялық-мистикалық және рационалистік бағыттағылар арасындағы күрес күшейіп кетті. Мистикалық бағытты діни ғалым *Георгий Палама* (1297-1366) басқарды. Палама ілімінің негізгі идеясы, шоқынуды кезінде мистикалық шапағаттану арқылы адамның күдіретпен бірігіп кетуі болды. Паламаның мистикасына қарсы күресті қызу жүргізе бастаған калабрийлік ғалым гуманист Варлаам болатын. Варлаам ақыл-ой діннен басым, ол бұрын пайда болды деген пікірді жақтады. Шіркеу Паламаны жақтап, Варлаамды қуғынғы ұшыратты.

XIV-XV ғғ. ғылымда, философия мен әдебиетте гуманизмге әлеуметтік және рухани тұрғыдан туыстас жаңа бағыт қалыптасты. Гуманистік бағыт әсіресе XV ғ. көрнекті ойшыл Мануил Хрисолор мен философ-неоплатоник Георгий Гемист Плифонның еңбектерінде ерекше көрініс тапты. XV ғасырдағы византиялық гуманистерге тән сипаттар-антика мәдениетіне деген ыстық ықылас, сана алдында бас июшілік, адам тұлғасына көңіл бөлушілік және өмір сүріп тұрған әлеуметтік-экономикалық құрылысты қайта құруға деген ұмтылыс болды.

Бұл кездегі халықтық шығармашылыққа тұрмыстық тақырыпқа арналған сатиралық мысқыл жанры кеңінен тарады. Әсіресе «Жануарлар туралы эпос» деген шығарма ерекше табысқа ие болды. XIV ғасырдың басында византиялық феодалдық қоғамның мінез-құлқын мазақ еткен құстар өмірі туралы («Пулолог») сатиралық повесть кеңінен танымал болды. Халықтық мысқылдар демократиялық сипатта дамыды. Мысалы «Төрт аяқтылар туралы өсиетті повесть» деген мысқылда жыртқыш хайуандардың бейбіт аңдарды зәбірлегені, сүйтіп олардың ашуызысын туғызғандығы, ақырында бейбіт аңдардың қорлыққа шыдай алмай көтеріліске шығып, жыртқыш хайуандарды қырып салғандығы туралы айтылады. Бұл мысқыл халықтың қанаушыларға қарсы белсенді күреске ұмтылысын бейнелейді. Бұл кезден сондай-ақ біраз лирикалық шығармалар да сақталған. Олардың ең таңдаулы үлгісі «Родостың махаббат өлеңдері» (XIV-XV ғғ.).

Византия бейнелеу өнері тек XIV ғасыр мен XV ғасырдың бірінші жартысында тамаша гүлденген «Палеологтың қайта өркендеу» дәуірін басынан өткізді. Осы гүлдену сол кездегі Византия мәдениетінде гуманистік тенденциялардың өріс алуымен байланысты болды. Бұл суретшілердің шіркеу өнері белгілеп берген ереже шеңберінен шығып, дерексіз бейнелеу орнына, тірі адамды бейнелеп, оның басындағы құштарлықты, қуанышты, қайға-мұңды бейнелеуінен көрінеді. Константинопольдегі Хора монастырына жасалған мозайкалар мен фрескалар сол заманның тамаша мұрасы болып табылады. Алайда, адамның жеке басын шіркеушілік-догматтың ой шырмауынан құтқару ісі әлсіз де дәйексіз болды. XIV-XV ғасырлардағы Византия өнері шіркеу шеңберінде қалып, реалистік итальян Ренессансы қатарына көтеріле алмады сөйтіп бұрынғысынша икон жазу өнерінде белгілеп берген формада қалды, бұрынғысынша жер бетіндегі шын өмірден аулақтанып ерекшеліктерін сақтады.

XIII-XIV ғасырларда мәселен, Пелопоннесте тұрғын үйлердің өзі қамал тәріздес болып тұрғызылды. Византиядағы сәулет өнерінің өнерінің тамаша мұрасына Константинопольдегі императорлар сарайлары жатады. XIV-XV ғасырларда византиялық сәулет өнеріне тән нәрсе ғимаратының жеңіл, әсемдігі, сыртқы және ішкі безендірудің симметриялығы тән. Бұл кезең ескерткіштеріне Константинопольдегі (қазіргі Кахрил-Джами мешіті) Хора монастыры жатады. Эмал өнері, зергерлік өнер бұл кезде күйзеліске ұшырай бастады.

Византия мәдениеті адамзат өркениетіне зор үлес қосты. Осынау мәдениет бізге дейін бейнелеу, сәулет өнерінде, оқу-ағарту ісі мен қоғамдық ой пікірде тамаша туындылар қалдырды. Византия мәдениетінің мұрагерлері Грекия,

Болгария, Сербия, Сирия, Палестина, Египет, Түркия елдері. Оның ықпалы Ресей мәдениетіне де зор әсерін тигізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Анна Комнина. Алексиада. М., 1961.
2. Удальцова З.В. Византийская культура. М., 1986.
3. Бонк А.В. Прикладное искусство Византии IX-XII вв. М., 1978.
4. Медведев И. П. Византийским гуманизм XIV-XV вв. Л., 1976. .
5. Культура Византии вторая половина VII-XII вв, М., 1980.
6. Памятники византийской литературы IX-XIV веков. М., 1969.-
7. Торгаев С.Ә. Орта ғасырлардағы Византия, шіркеу, крест жорықтары. Алматы, 2002.
8. Курбатов Г. Л. История Византии. М., 1984.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XI-XV ғасырлардағы Византияның мәдениеті қарастырылып, талданған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена культуре Византии XI -XV вв.

ПАТРИС ЛУМУМБАНЫҢ АФРИКА ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Бисембаева Л.А.-аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Тропиктік және Оңтүстік (қара) Африка XX ғасырдың басында капиталистік державалардың езгісіне қатты ұшыраған және олардың арасында бәсекелестік аймағы болған жер. Тропиктік және Оңтүстік Африканың бірінші дүниежүзілік соғыстың аяғына қарай бүкіл жерінің 90,4 пайызы Англия, Франция, Германия, Италия, Бельгия, Португалия, Испания отаршылдарының езгісінде болды. Осы елдердің ішінде Африкада ең отары көп ел Англия мен Франция болды. Бүкіл отар жердің 38 пайызы, ал халықтың 77 миллионы Англия езгісінде болды. Ал Франция езгісінде бүкіл жердің 43 пайызы, ал халықтың 51 миллионы болды /1/.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында отарлар біріге бастады. Олардың өздерінің заңдары, жүйелері, әкімшілік орталығы болды. 1904 жылы француз батыс Африкасы құрылып, оған 8 отар ел кірді. Ал, 1910 жылы француз экваторлық Африкасы құрылып, оған 4 отар ел кірді: Гобон, Чад, француз Конгосы және Убанги-Шари кірді. ФЭК-ның әкімшілік орталығы Браззавиль (Конго) қаласы болды. Африкадағы ең үлкен отар иесі Бельгия болды. Оның Африкада Бельгиялық Конго деген отары болды. Бельгиялық Конго 1960 жылдан бастап – Конго республикасы деп аталды. Бұл Конго республикасы 1964-1971 жылдары Конго Демократиялық Республикасы деп аталып, 1971 жылдан бастап Заир республикасы деп аталады /2/. Патрис Лумумбаның Отаны - осы Конго.

Патрис Лумумба – Конго мемлекетінің тарихындағы тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлға. 2005 жылы 2 маусымда бүкіл әлемдегі прогрессшіл халық Патрис Лумумбаның туылғанына 80 жыл толуын атап өтті. Патрис Лумумбаның бүкіл саналы ғұмыры өз Отанының тәуелсіздігі үшін күреспен өтті. Оның әлеуметтік-экономикалық, саяси көзқарастарының қалыптасуы, Конго халқының жетекші көсемі болып тарихи сахнаға шығуы, оның Отанындағы, бүкіл Африка

құрлығындағы ұлт-азаттық қозғалыстың дамуы мен оның шарықтап жоғары көтерілуімен тұспа-тұс келді.

XX ғасырдың 60 жж. Африка құрлығында жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Бұрын шетелдіктердің езгісінде отырған Африка халқының сана сезімі, саяси белсенділігі өсті. Қайткен күнде де, қандай жолмен болса да өз отарын сақтап қалғысы келген отарлаушы державаларға Африка халқы тойтарыс берді.

Бұл құрлық халқының отарлық езгіні үзіп, тәуелсіздік алуы – үлкен тарихи маңызға ие болды. Африка халқының отарлаушы елдерді жеңіп, тарихи сахнаға тәуелсіз мемлекет болып шығуы, олардың әлемдік саясатқа араласуына ықпал етті.

Алайда, отарлық бұғаудан босаған Африка қоғамының саяси азат етілуімен барлық мәселе немесе Африка халқының барлық міндеттері орындалды деп айтуға әлі ерте еді.

Өміршең Конго халқы да өздерінің ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Патрис Лумумбаны - тарихи сахнаға өз ұлтын, өз Отанын қорғаушы ретінде, тәуелсіздік жаршысы ретінде шығарды. Патрис Лумумбаның бойына тән нәрсе - өз Отанына деген сүйіспеншілік, отаршылдыққа қарсы ымырасыздық, әлеуметтік прогресс және тәуелсіздік үшін күрес, батылдық, өз соңынан халықты ерте білу, қарапайымдылық және адамдарға деген құрмет оның өн бойынан табылатын қасиеттері еді.

Патрис Лумумба тәуелсіздікті алу Африка халқының өз қолында екенін өте жақсы түсінді. Сөйтіп Африка тарихында алғашқылардың бірі болып отаршылдыққа, империализмге қарсы күреске халықты бастап шықты.

Патрис Лумумба Еуропада болып саяси білімін толықтырып, өзіндік көзқарасы қалыптасқаннан кейін 1958 жылы Конгоның ұлттық партиясын құрады. Осыдан кейін-ақ оны бүкіл Африка жұртшылығы кеңінен тани бастады. 1958 жылы тәуелсіз Гана мемлекетінің астанасы Аккре қаласында Африка халықтарының конференциясы өткізілді. Бірінші рет өткізілген панафрикан конференциясына Африканың аймағындағы партиялардың көсемдері қатысты. Осы конференцияда Патрис Лумумба бірінші рет өзінің партиясының азаттық үшін күресінің негізі мәселелері жөнінде баяндама жасады. Аккреде болған конференция кезінде Патрис Лумумба ең алғаш рет Кваме Нкруме, А.Секу Туремен кездесіп, оларды өзінің ізбасары деп таныды. Осы конференцияда Патрис Лумумба болашақта болатын панафрикан конференцияларының тұрақты хатшысы болып тағайындалды.

Аккреден қайтып келген соң Патрис Лумумба өзін Африка халқының күрескері ретінде танып, алдына Африка құрлығын отарлық езгіден азат ету міндетін қойды. Ол Леопольдвильде митингі өткізіп, Конгоның тәуелсіздік алуы жөніндегі мәселені бірінші рет осы митингіде көтерді. Демонстрация 1959 жылы 4 қаңтар күні Леопольдвильдің Калуму ауданында басталды. Полиция бейбіт халыққа оқ жаудырды. Осының нәтижесінде 49 адам өліп, жүздеген адам жарақат алды. Демонстрацияны басуға бельгиялық парашютшілер отряды «Форс публик» батальоны Китон мен Каминдегі НАТО әскерлері қатысты. Демонстрация таратылғаннан кейін 5 қаңтардан бастап елде саяси қуғын сүргін басталды. 50 мыңдай Конгоның адамдары қаладан қуылды. Оның ішінде партияның өкілдері де болды.

1959 жылы 13 қаңтарда Бельгия королі Бодуэн Бельгия және Конго азаматтарына мәлімдеме жасады. Бұл мәлімдемеде «өте тез асығыста емес, өте жай баяуда емес, Конгоға біз тәуелсіздік береміз» - дейді /3/.

Митингіге 10 мыңнан астам адам қатысты. Бұл митингі Конгоның тарихындағы ең бірінші саяси митингі еді. Осы митингіде сөйлеген сөзінде

Патрис Лумумба «тәуелсіздікті біз Бельгияның берген сыйлығы деп қабылдамауымыз керек. Бұл жерде мәселе Конгоның жоғалтып алған құқығын қайтарып алу болып табылады» - деді /4/.

Барған сайын Конгода жұмысшылардың бельгиялық отаршылдарға деген наразылығы күшейді. 1958 жылы «Отрако» деген транспорттық компанияның жұмысшылары ереуілге шығып, өздерінің жалақыларын көбейтуге қол жеткізді.

1959 жылы наурыз айында Патрис Лумумба Нигерияның Ивадан деген жерінде Африканың мәдени қызметкерлерінің семинарына қатысты. Осы семинарда ол «Африкан бірлігі және ұлттық тәуелсіздік» деген тақырыпта баяндама жасады. Осы баяндамасында «Қазіргі таңда Африка үшін ынтымақтастық өте қажет біз сондай блок ашуымыз керек, бүкіл әлемге бауырлас екенімізді дәлелдеуіміз керек. Егерде Африканың бір шетінде шетел үстемдігі орнап отырса, Африка еш уақытта бостандықта тәуелсіздікте бола алмайды» - дейді /5/. Осы мақсатын жүзеге асыру мақсатында отаршылдарға қарсы бірігіп күресуге барлық африка халықтарын жұмылдыру үшін Патрис Лумумба Конгоның Лулуабурге провинциясында саяси партиялардың конгресін шақырады. Осы конгресте ол конголықтарға бельгиялықтардың тұманды уәделерінің керегі жоқ екендігін ескерте отырып, таяу уақытта Конгоның жеке өзінің үкіметін құруға рұқсат беруін Бельгиядан талап ететінін.

1959 жылы сәуір айында Патрис лумумба «либр экзаман» деген үйірменің шақыруымен Конгода лекция оқыды. Үш күннен кейін Патрис Лумумба «презанс Африкэн» баспасында халықты отаршылдарға қарсы ұлт-азаттық көтеріліске шақырады.

Отаршылдарға қарсы күресте кәсіподақ ұйымының да әсері болды.

1959 жылы қазан айында Патрис Лумумба Африка халықтарының конференциясында Конгоның КҰҚ (Конгоның ұлттық қозғалыс) партиясының жұмысы жөнінде баяндама жасады. Осыдан кейін іле – шала Стэнливильде КҰҚ-ның конференциясы өткізіліп, осы конференцияда Патрис Лумумба африкалықтарды ұлттық тәуелсіздік жолындағы күреске шақырды. Халық Патрис Лумумбаға гүл шоқтарын ұсынып, оның идеясын қолдайтындықтарын мәлімдеді. Конференцияның соңында тәуелсіздік берілсін деген ұран тасталды. Алайда, 30 қазан күні полиция конференцияның аяқталу қарсаңында бейбіт халыққа оқ жаудырды. 30 конголық өліп, жүздеген адам жарақат алды. Алайда, полиция Патрис Лумумбаға осыны ұйымдастырған оның өзі деп, кінә жауып, 1 қараша күні оны 6 айға түрмеге жабады. Полиция оны өте қауіпті қылмыскер деп Жадовиль қаласындағы Катанга провинциясының түрмесіне жіберді. Патрис Лумумба түрмеде отырып, Мохандас Карамчад Гандидің «күрестің бейбіт жолмен бойұсынбау» тәсілін оқып үйренді. Ол біз күресу үшін қаруды қалап едік, енді біз бейбіт құралдармен де өз мақсатымызға жетуімізге болады деген қорытындыға келді. Сөйтіп, Патрис Лумумба қарулы көтеріліске шығудан бас тарта отырып, күрестің бейбіт жолын таңдап көруді мақсат етті.

1959 жылдың аяғында отарлардың министрі Хемейрайк Конгодағы жағдайды өз көзімен көру үшін Конгоға келеді. Халық одан Патрис Лумумбаны түрмеден босатуды талап етті.

1960 жыл Африка халқының отаршылдарға қарсы күрес жылы болды. Бұл жыл тарихқа «Африка жылы» болып енді. Өйткені осы жылы Африканың 17 елі тәуелсіздік алған болатын. Африкадағы саяси жағдайдың шиеленісуінен секем алған Бельгия үкіметі 1960 жылы 13 қаңтарда Конгода конференция шақыру туралы осы конференцияға келетін делегаттар жөнінде мәселені күн тәртібіне қойды.

1960 жылы 20 қаңтар күні конференция өзінің жұмысын бастады. Делегаттардың талап етуімен Патрис Лумумбаны түрмеден босатып, конференцияға қатыстырды. СЕРЕА партиясының президенті А.Кашамура осы конференцияда сөйлеген сөзінде «Мен Лумумбаны өте жақсы білемін, бірге жұмыс жасаймын... Лумумба халыққа танымал, беделді, оның конференцияға қатысуы өте қажет» - дейді /6/. Содан кейін бельгиялықтар Патрис Лумумбаны түрмеден босатып, конференцияға қатысуға жібереді. Патрис Лумумбаны конференцияға қатыстыру африкалықтардың бірінші жеңісі болды.

Конференцияда Конгоның болашақ тағдыры, мәселесі жөнінде тартыс болды. Конго делегаттары екі лагерьге бөлінді. Бірі-Конгоны автономиялық мемлекеттердің федерациясы болсын (Моиз Чомбе) десе, екіншісі-унитарлық мемлекет құруды (Патрис Лумумба) талап етті. Делегаттардың арасында жіктің болуы бельгиялықтардың Конго ісіне араласуына мүмкіндік берді. Енді отаршылдар Конгода НАТО-ның әскери базасын қалдыратындықтарын мәлімдеді. Бұдан кейін Бельгия әскерлері Конгоға тағы да көбірек енгізіле бастады. Бұл жағдайлар Конгоның толық суверенитет ала алмайтындығын көрсетті. Конференцияның шешімімен Конгода әлеуметтік, әскери, т.б. салаларда қайта құру ісін жүргізу үшін арнайы комиссия құрылды. Қайта құру ісінің жобасын дайындауға Патрис Лумумбаның өзі тікелей қатысты. Империалистік державалар: Бельгия, Франция, АҚШ, Англия Конгоға тәуелсіздік бергісі келмей, табиғи байлығына өзара таласты.

1960 жылы БҰҰ-ның бас хатшысы Даг Хаммаршельд Конгоға іс-сапармен келді. Мақсаты - қандай жағдай да болсын Конгоны Бельгияның отары ретінде ұстап қалу еді. Осы мақсатын жүзеге асыру үшін Хаммаршельд БҰҰ-ны арқылы Конгоға көмек беруді ұйымдастыра отырып, Конгоны отар ретінде ұстап қалуды ойластырды. Осыған байланысты НАТО-ға кіретін елдер АҚШ, Англия, Канада Конгоға «көмек көрсету» қорын ұйымдастырды.

1960 жылдың бірінші жартысынан бастап Бельгия мен Конгоның арасында экономикалық мәселелер бойынша келіссөздер басталды. Бельгиялықтар Конгоға оп-оңай тәуелсіздік бергісі келмеді. Отаршылдар Конгоны экономикалық жағынан кіріптарлыққа ұшыратқысы келді. Сөйтіп бельгиялықтар «Конгоның негізгі заңдарының құрылымы» деген заң қабылдады. Бұл заң 1960 жылы 10 мамыр күні күшіне енді. Осылайша бельгиялық отаршылдар Конгода жаңа отаршылдық саясатты, (неоколониализмді) жүзеге асырды.

Осындай қиын жағдайда Патрис Лумумба Конгоға тәуелсіздік беруді қайтадан талап етті. Патрис Лумумбаны Абако партиясы қолдады. Сөйтіп Лумумба шетелдік арандатушыларды елден қуып шығуға әрекет жасады.

1960 жылдың ақпан-маусым айының аралығында Лумумба КҰҚ-ның 14 рет конференциясын өткізді. Бұл конференцияларда ол метрополия әскерлерін тез арада Бельгияға алып кетуді талап етті.

1960 жылы мамыр айының аяғында Конгода ұлттық парламентке сайлау өтті. Бұл сайлауда НДК партиясы депутаттар палатасынан - 41 , ал сенаттан – 13 орын алды. Сайлауда саяси партиялардың лидерлерінің ішінде көп дауыс алған Патрис Лумумба болды.

Осындай жағдайда Конгода ұлттық үкімет құру үшін күрес күшейді

Патрис Лумумба 1960 жылы Китон мен Каминдегі НАТО-ның әскери базасы – бірінші болып мемлекет меншігіне өтеді . Сөйтіп, 19 маусым күні Бельгия мен Конгоның арасындағы бірінші құжатына ұлттық үкімет қол қойды. Осы қол қоюдан кейін Патрис Лумумба радио арқылы Конго халқы мен Бельгия халқы арасында экономикалық, ғылыми, мәдени ынтымақтастық орнайды деп мәлімдеді.

Көптен күткен 1960 жылғы 30 маусым – Конгоның тәуелсіздік алған күні де келіп жетті. «Біздің отанымыз біздің балаларымызға шынайы пайда келтірсін. Біз барлық ескі заңдарды қайта қараймыз, жаңа заңдар шығарамыз. Біз езушілікке нүкте қоямыз. Бізде бейбітшілік орнайды, біз көптеген елмен қарым-қатынас орнатамыз, бірақ олар дұрыс болу керек. Бізге басқа бір саясатты таңу керек емес» - деді үкімет басшысы Патрис Лумумба /7/.

Конгоның тәуелсіздігі Африка құрлығының тәуелсіздігі үшін жасалған қадам деп Патрис Лумумба өзінің барлық отандас азаматтарын жұмыс істеп, экономикалық тәуелсіздік алуға шақырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Родригес А.М. История стран Азии и Африки. М., 2006. 245 б.
2. Пономаренко Л.В. Патрис Лумумба жизнь во имя свободы Африки. М., 1989. 9 б
3. Бұлда сонда. 74 б.
4. Пономаренко Л.В. Патрис Лумумба жизнь во имя свободы Африки. М., 1989. 46 б.
5. Бұлда сонда. 47 б .
6. Мирский Г.И. Освободившиеся государства: пути развития. // Азия и Африка сегодня. 1983. 28 б.
7. Бұл да сонда. 66 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Патрис Лумумбаның Африка құрлығын Еуропалық державалардан азат ету жолындағы күресі баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассказывается о борьбе Патриса Лумумбы за освобождения Африки от европейских держав.

СОВРЕМЕННАЯ ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ УЗБЕКИСТАНА И ПЕРСПЕКТИВЫ ЕЕ РАЗВИТИЯ

Ата-Мирзаев О.Б.- д. г. н, профессор(г.Ташкент, Центр “Общественное мнение”
(Ижтимоий фикр)

Муртазаева Р.Х.- д. и. н., профессор(г.Ташкент, НУУ им. Мирзо Улугбека)

Демографическая ситуация является сложным, социально-экономическим процессом, характеризующим динамику численности населения страны, основные его источники, естественное воспроизводство и семейную структуру населения, миграцию населения, его размещение и урбанизацию, национальный и социальный состав населения, трудовые ресурсы и занятость населения и др.

В годы независимости в Узбекистане сложилась новая демографическая ситуация, многие черты которой в корне отличаются от демографической обстановки советского периода развития страны. Это, прежде всего, относится к основным демографическим процессам – рождаемости, естественного воспроизводства населения, миграции и урбанизации.

Новые устойчивые тенденции современных демографических процессов в Узбекистане нашли непосредственное отражение в снижении рождаемости, детской и материнской смертности, урбанизации сельской местности, сокращении темпов и абсолютного прироста численности населения республики.

В настоящее время (2009 г.) в Узбекистане проживает около 28 млн. человек. По численности населения республика занимает 3 место среди стран СНГ, после России (142 млн. чел.) и Украины (46 млн.чел.). Узбекистан по численности населения относится к средним странам. Республика занимает по числу жителей 43 место в мире и 18 в Азии.

За годы независимости (1991-2008 гг.) численность населения Узбекистана выросла на 6,5 млн. человек и составила на 1 января 2008 года 27,1 млн. чел. Среднегодовые темпы прироста за это время составили 1,8%, а среднегодовой абсолютный прирост – 380,3 тыс. человек.

За предыдущее десятилетие (1980-1990гг) численность населения Узбекистана выросла почти на 4,5 млн. чел при ежегодном росте – 448 тыс. чел и среднегодовом темпе прироста – 2,8%.

Укажем, что самые высокие темпы прироста в Узбекистане были отмечены в 1959-1970 годы, когда численность населения страны росла в среднем за год – на 3,8%.

В настоящее время темпы роста численности населения соответствуют среднемировым показателям. За последние пять лет (2003–2008гг.) среднегодовой темп прироста численности населения Узбекистана составляет всего 1,3%, а абсолютный прирост за год – около 328,7 тыс. человек.

Такое снижение темпов и абсолютного роста численности населения Узбекистана за рассматриваемые годы происходит как за счет миграционного оттока, так и в результате заметного сокращения рождаемости и естественного прироста населения, которое все еще сохраняет высокие показатели.

Основным источником роста численности населения Узбекистана в настоящее время является естественный прирост, который значительно перекрывает постоянный миграционный отток населения из республики в последние десятилетия. Вследствие этого в Узбекистане ныне сформировался новый тип динамики численности населения, в которой главенствующая роль принадлежит естественному приросту, что видно из таблицы 1./1/

СОВРЕМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ РОСТА ЧИСЛЕННОСТИ НАСЕЛЕНИЯ

Таблица 1

УЗБЕКИСТАНА*, ТЫС. ЧЕЛ.

Годы	Численность населения	Прирост населения за год		
		общий	естественный	миграционный
1980	15746,6	379,4	421,1	-41,7
1985	17868,0	487,5	547,4	-59,9
1990	20222,0	385,7	561,5	-175,8
1991	20607,7	498,6	593,1	-94,5
1992	21106,3	495,9	570,5	-74,6
1993	21602,2	489,7	546,8	-57,1
1994	22091,9	370,6	509,4	-138,8
1995	22461,6	444,9	536,6	-91,7
1996	22906,5	442,1	510,6	-68,5
1997	23348,6	423,7	465,3	-41,6

1998	23772,3	363,3	413,2	-49,9
1999	24135,6	352,1	414,3	-62,2
2000	24487,7	325,4	392,0	-66,6
2001	24813,1	302,7	380,5	-77,8
2002	25115,8	312,1	395,4	-83,3
2003	25427,9	279,5	372,5	-93,0
2004	25707,4	313,9	410,0	-96,1
2005	26021,3	291,4	399,0	-107,6
2006	26312,7	351,1	416,3	-65,2
2007	26663,8	408,0	463,7	-55,7
2008	27072,2	-	-	-

Самый высокий абсолютный рост численности населения приходится на начало 90-х годов, когда он приблизился к 500 тыс. человек в год. 1991 год также стал годом самого высокого естественного прироста населения, когда он составил около 600 тыс. человек.

В дальнейшем идет постоянное сокращение естественного прироста населения Узбекистана, и в 2007 году он составил 463,7тыс. человек, при 609,0 тыс. человек родившихся и 145,3 тыс. умерших.

Узбекистан сегодня относится к странам с относительно высокими показателями рождаемости и естественного прироста населения, хотя в последние годы рождаемость коренного населения республики снизилась.

Коэффициент естественного прироста населения республики снизился с 28,3 промилле в 1991 году до 17,2 промилле – в 2007 году, т.е. за последние шестнадцать лет он уменьшился на 11,1 промилле, или почти в 1,7 раза. За это же время (1991–2007 гг.) коэффициент рождаемости снизился с 34,5 промилле до 22,4 промилле, т.е. сократился более чем в 1,5 раза (см. табл. 2).

Следует указать, что наиболее заметное сокращение рождаемости происходило среди сельского населения Узбекистана. Коэффициент рождаемости сельского населения в 1991 году составлял 39,8 промилле, а в 2007 году – уже 22,7 промилле, т.е. он уменьшился на 17,1 промилле и приблизился к среднереспубликанскому показателю рождаемости населения (22,4‰).

Таблица 2/2/ Коэффициенты естественного прироста населения Узбекистана (на 1000 человек)

Годы	Все население			Городское население			Сельское население		
	рождае- мость	смертно- сть	естеств. прирост	рождае- мость	смерт- ность	естеств. прирост	рождае- мость	смерт- ность	естеств. Прирост
1991	34,5	6,2	28,3	26,7	6,8	19,9	39,8	5,8	34,0
1992	33,1	6,5	26,6	25,7	7,0	18,7	38,0	6,2	31,8
1993	31,4	6,6	24,8	23,9	7,2	16,7	36,1	6,2	29,9
1994	29,4	6,6	22,8	23,2	7,3	15,9	33,3	6,2	27,1
1995	29,8	6,4	23,4	23,8	7,3	16,5	33,5	5,8	27,7
1996	27,3	6,2	21,1	22,2	7,4	14,8	30,5	5,5	25,0
1997	25,5	5,8	19,7	20,8	6,9	13,9	28,4	5,2	23,2
1998	23,0	5,8	17,2	19,0	6,7	12,3	25,5	5,3	20,2

1999	22,3	5,3	17,0	18,5	6,4	12,1	24,7	4,7	20,0
2000	21,3	5,5	15,8	17,7	6,6	11,1	23,5	4,8	18,7
2001	20,4	5,3	15,1	17,1	6,4	10,7	22,4	4,6	17,8
2002	21,0	5,4	15,6	17,4	6,6	10,8	23,1	4,7	18,4
2003	19,8	5,3	14,5	16,5	6,4	10,1	21,7	4,7	17,0
2004	20,8	5,0	15,8	17,7	6,1	11,6	22,6	4,4	18,2
2005	20,3	5,4	14,9	17,3	6,6	10,7	22,1	4,7	17,4
2006	20,9	5,3	15,6	18,1	6,3	11,8	22,5	4,6	17,9
2007	22,6	5,1	17,5	18,6	6,2	12,4	22,7	4,5	18,2

При относительно устойчиво низком уровне смертности населения республики, который в 2007 году составлял 5,2 промилле, а в 1991 году – 6,2 промилле, снижение рождаемости является определяющим сегодня средний уровень естественного прироста населения Узбекистана (17,2‰ – 2007 г.).

Это характерно как для городского, так и сельского населения республики, показатели естественного воспроизводства которых в 2007 году соответственно составляли: 12,4 и 18,2 промилле. За годы независимости (1991–2007 гг.) естественный прирост городского населения сократился на 7,5 промилле, а сельского – на 15,8 промилле.

Коэффициент рождаемости в Узбекистане сегодня выше среднемирового показателя (20‰) почти на 3‰, а уровень смертности (5‰) значительно ниже среднего показателя в мире (8‰). В связи с этим, коэффициент естественного прироста Узбекистан, равный 18‰ на 6‰ выше среднемирового уровня (12‰).

Относительно высокие показатели естественного прироста населения Узбекистана обеспечиваются сегодня высоким демографическим потенциалом, заложенным в 80-е годы, которые характеризовались очень высокой рождаемостью коренного населения. В результате в последнее время в фертильный (детородный) возраст каждый год в республике вступает 170–180 тыс. женщин.

Современный естественный прирост населения Узбекистана также будет сохраняться в предстоящие годы в результате относительно высокой брачности и низкой разводимости браков, характерных для коренного населения. В расчете на 1000 человек населения в республике приходится в последние годы в среднем 6–7 браков и лишь 0,6–0,7 разводов.

Указанные выше тенденции естественного движения населения в последние годы сопровождаются последовательным повышением средней продолжительности жизни населения Узбекистана.

Таблица 3/3/

Ожидаемая продолжительность жизни при рождении^{*}, лет

Показатели	Годы											
	1990	1995	1996	1997	1998	1999	2001	2002	2003	2004	2005	2006
Все население	69,3	70,2	70,2	70,5	70,3	70,5	71,3	71,2	71,6	71,2	71,8	72,2
женщины	72,4	72,6	72,7	72,7	73,0	73,1	73,6	73,5	73,8	73,6	74,1	74,6
мужчины	66,1	67,8	67,8	68,1	68,2	68,2	68,9	68,9	69,4	68,9	69,6	69,9
Городское население	69,3	71,5	71,5	71,5	71,6	71,6	70,7	70,5	71,1	70,7	71,1	71,9
женщины	73,2	73,9	74,0	74,0	74,1	74,2	74,0	73,6	74,3	74,0	74,3	75,1
мужчины	65,0	69,0	69,0	69,1	69,1	69,1	67,3	67,3	67,9	67,4	67,9	68,7
Сельское население	69,0	69,1	69,1	69,3	69,5	69,5	71,7	71,7	71,9	71,6	72,2	72,4
женщины	66,4	71,4	71,4	71,4	71,6	71,6	73,3	73,3	73,4	73,3	73,8	74,1
мужчины	70,7	66,7	66,7	66,8	66,9	66,9	70,1	70,2	70,5	70,0	70,7	70,8

Как видно, за рассматриваемые годы (1990–2006 гг.) ожидаемая продолжительность жизни из года в год повышалась и сейчас составляет около 72,2 лет против 69,3 лет в 1990 году.

Следует отметить, что последовательно повышалась средняя продолжительность как городского, так и сельского населения, как мужчин, так и женщин. Однако более заметное повышение средней продолжительности жизни наблюдается у женщин, которая сегодня составляет более 74,6 лет, т.е. она на 4,7 года выше, чем у мужчин. Значительно выше средней продолжительность жизни женщин среди городского населения. В городах мужчины Узбекистана живут почти на 6,5 лет меньше, чем женщины.

Коренное население Узбекистана, как известно, отличается слабой миграционной подвижностью, особенно за пределы страны. Эта особенность в советские годы была закреплена целенаправленной общегосударственной политикой «железного занавеса» и «закрытых дверей» для коренных народов национальных республик.

Миграционные процессы советского периода в национальных республиках можно характеризовать как «улицу с односторонним движением». Узбекистан, как и другие страны Центральной Азии, по сравнению с другими республиками бывшего СССР, в годы советского неокolonизацизма подвергся наиболее мощной миграционной экспансии. В центральноазиатские республики, в том числе в Узбекистан, в разные годы направлялись большие потоки русских, татар, украинцев, евреев; сюда насильственно переселялись целые народы – корейцы, немцы, крымские татары, турки-месхетинцы, чеченцы и другие.

Со второй половины 70-х годов в Узбекистане начинает формироваться новая тенденция – оттока населения из республики. Этот процесс постепенно нарастал и в советские годы достиг пика в 1990 году, когда, по официально зарегистрированным данным в государственных статистических органах, из республики выехало 215,6 тыс. человек, а отрицательное сальдо миграции составило почти 140 тыс. человек. В последние годы советского периода (1985–

1990 г.) из страны выехало более 1,0 млн. человек и отрицательное сальдо миграции составило свыше 300 тыс. человек.

Резкий всплеск миграции населения из Узбекистана отмечался со второй половины 80-х годов, который продолжался до 1996 года. Всего за 1985–1995 годы из республики выехало более 1,8 млн. человек. Заметное снижение миграции населения Узбекистана отмечается в 1996–1999 годы. За это время из страны выехало 230,9 тыс. человек, прибыло 36,5 тыс. человек. С 2000 года наблюдается некоторый рост миграции населения за пределы Узбекистана. Так, за 2000–2006 годы из республики выехало 591,6 тыс. человек, прибыло 47,4 тыс. человек и отрицательное сальдо составило 544,2 тыс. человек.

В последние годы (2000–2006 гг.) из Узбекистана в среднем уезжает в год около 85 тыс. человек, приезжает около 7 тыс. человек, отрицательное сальдо составляет около 78 тыс. человек.

В целом за рассматриваемый период (1985–2006 гг.) из Узбекистана выехало более 2,6 млн. человек, прибыло около 1,2 млн. человек и, таким образом, отрицательное сальдо миграции более 1,4 млн. человек. В 2006–2009 годах оно составило от 65 до 50 тыс. человек.

Абсолютное большинство населения Узбекистана выезжает в Россию и другие страны СНГ (90,9%), и въезжает оно в основном также из России и соседних стран Центральной Азии, главным образом – Казахстана.

В связи с тем, что потенциал внешней миграции населения значительно уменьшился, а качество жизни в республике улучшается из года в год, в дальнейшем следует ожидать тенденции к последовательному сокращению миграции населения из Узбекистана. Об этом свидетельствуют и результаты опроса общественного мнения, согласно которым, большинство опрошенных граждан страны не желают уезжать из Узбекистана (96,9%).*

В обозримой перспективе, развитие демографической ситуации Узбекистана будет определяться следующими тенденциями:

- стабилизация уровня рождаемости населения на современном уровне и некоторое его повышение в дальнейшем;
- дальнейшее сокращение объемов миграционного оттока из республики;
- постепенное повышение показателей абсолютного прироста численности населения страны;
- стабилизация уровня урбанизации и постепенное его повышение;
- дальнейший рост продолжительности жизни населения;
- постоянное снижение младенческой и материнской смертности.

Национальная политика народонаселения Узбекистана является одним из важнейших, приоритетных аспектов социальной политики государства. Высокая рождаемость и большой естественный прирост прошлых лет будут обеспечивать в ближайшем будущем относительно достаточный рост численности населения республики.

Исходя из сложившейся общей социальной, экономической и демографической ситуации, в Узбекистане сегодня заостряется внимание не на количестве, а на качестве населения республики. К основным характеристикам качества населения мы относим:

- состояние здоровья населения;
 - уровень общей, детской и материнской смертности;
 - среднюю продолжительность жизни населения;
 - уровень образования населения и его структуру;
 - уровень и структуру профессионально-технической подготовки населения;
-

социальный состав и социальную мобильность населения;
состояние и отраслевую структуру занятости населения;
степень урбанизированности населения;
характер и интенсивность территориальной подвижности населения;
национальные ценности, семейно-бытовые обычаи, народные традиции и их сохранность;
приверженность к общечеловеческим ценностям;
нравственность, уровень культуры.

Само понятие «национальная политика народонаселения» демографы республики стали употреблять лишь с обретением социально-политической независимости. В рамках бывшего Союза говорилось о региональной политике народонаселения Средней Азии, как составной части единой общесоюзной демографической политики.

В соответствии с политикой народонаселения бывшего режима, в СССР открыто ущемлялись интересы коренных народов Средней Азии, которым рекомендовалось снижать рождаемость, сокращать количество детей в семье, тогда как в России и других западных республиках проводилась политика повышения рождаемости и увеличения числа детей в семье.

Повышение качества населения Узбекистана, как важнейшая задача национального возрождения страны, может быть обеспечено лишь на основе научно обоснованной национальной политики, основными принципами которой являются:

опора на глубокий анализ и постоянный мониторинг демографической ситуации страны, как комплексной социально-экономической, географической и политической категории;
активное государственное регулирование демографических процессов в стране;
ускорение развития основных титульных наций – узбеков и каракалпаков, без ущемления прав других народов, проживающих в республике;
всесторонний учет национальных особенностей узбекской и каракалпакской семьи, их семейно-бытовых традиций, духовности, народных обычаев, мусульманских убеждений и т.д.
невмешательство во внутренние дела семьи, создание необходимых условий для удовлетворения ее демографических потребностей.

Национальная политика народонаселения Узбекистана разрабатывается на основе научно обоснованной оценки и мониторинга демографической ситуации республики и ее регионов и базируется на всестороннем учете национальных особенностей узбекской и каракалпакской семьи, как титульных наций республики. Большое внимание уделяется также особенностям семейно-бытовых обычаев других коренных центрально-азиатских народов.

В связи с тем, что в длительном периоде прошлого был глубокий исторический провал в национальном развитии, связанный с царской колонизацией и советской неокolonизацией, процесс национального возрождения страны на данном этапе необходимо осуществлять на основе принципа национального предпочтения, что предполагает более ускоренное и разностороннее развитие узбеков и каракалпаков как основных, титульных наций Узбекистана, без ущемления прав его малочисленных народов и с уважением их национального самосознания и самобытности.

В сложившейся сложной демографической ситуации в республике проводится политика народонаселения, направленная на научно обоснованное

регулирование основных демографических процессов, в том числе рождаемости, миграции, урбанизации и занятости населения.

При этом государство придерживается принципа невмешательства во внутренние дела семьи и каждого индивида при определении и реализации ими своих демографических установок и создает необходимые условия для удовлетворения населением своих демографических потребностей в целях рождения и воспитания здорового поколения.

Национальная политика народонаселения Узбекистана состоит из ряда самостоятельных, но тесно взаимосвязанных между собой разделов, в том числе:

- демографической политики;
- политики миграции населения;
- политики урбанизации населения;
- политики занятости населения.

Демографическая политика Узбекистана направлена на регулирование рождаемости, с целью укрепления здоровья матери и ребенка. Здесь нет и не может быть даже намека на сокращение рождаемости и уменьшение численности количества детей в семье. Речь может идти лишь о культуре регулирования рождаемости и соблюдения трехлетнего интервала между родами.

Социологические исследования Центра «Ижтимоий фикр» показывают, что коренное население республики сегодня правильно понимает необходимость планирования семьи. При этом подчеркнем, что каждая семья сама решает, сколько им иметь детей. Государство не вмешивается в эту деликатную область семейной жизни. Однако оно активно помогает семье удовлетворять свою потребность в желаемом количестве здоровых детей на основе научно обоснованной демографической политики.

Национальная политика миграции в Узбекистане направлена на повышение территориальной подвижности коренного населения и регулирование внешней миграции. Для коренного населения республики до сих пор характерна исключительно низкая территориальная миграционная подвижность. Узбеки, в том числе молодежь, привязаны к родительскому дому, родным местам и неохотно меняют традиционное местожительство.

Это очень хорошая черта нашего народа, которая сохраняет семейные традиции и тесные родственные узы. Но вместе с тем необходимо повышать территориальную подвижность коренного населения, как важного фактора его качественного развития. Это достигается путем привлечения сельской молодежи на учебу и работу в города республики, а также направления талантливых молодых людей, представителей титульных наций на учебу и работу в развитые зарубежные страны.

В то же время миграционная политика по отношению к зарубежным мигрантам в республике должна строиться на принципах селекционного отбора. В Узбекистан на постоянное жительство доступ должны иметь лишь самые необходимые специалисты, которых здесь остро не хватает. Всем остальным, особенно малообразованным и неквалифицированным мигрантам, двери в страну необходимо плотно закрыть. В советские годы, как известно, именно такие мигранты составляли подавляющее большинство.

С распадом Советского Союза на всем постсоветском пространстве сложилась сложная социально-экономическая и экологическая ситуация, что послужило мощным фактором усиления миграции населения во всех республиках бывшего СССР. Этот процесс коснулся и нашей республики.

Из Узбекистана отток русскоязычного населения, как было указано, стал отмечаться со второй половины 1970-х годов, но долгие годы он был

незначительным. Большой отток населения пришелся на конец 80 – начало 90-х годов.

Миграция из республики в Россию продолжается и по сей день. По нашим оценкам, она будет идти и в последующие годы. Дело в том, что миграционная политика России направлена на стимулирование миграции населения из стран ближнего зарубежья. Из бывших стран Советского Союза, в том числе из Узбекистана, будет продолжаться отток квалифицированных специалистов, рабочих, строителей, т.е. будет происходить так называемая «утечка умов» и трудовых ресурсов, что выгодно для России не только с экономической, но и с генетической точки зрения.

В этой ситуации в республике разработана и осуществляется политика, в которой основное внимание уделяется подготовке квалифицированных национальных кадров.

С национальной политикой миграции населения Узбекистана тесно связана политика урбанизации. Удельный вес городского населения, т.е. общий уровень урбанизации в республике, сегодня составляет всего 36 % и он продолжает снижаться. Происходит это из-за миграционного оттока европейского населения, которое в своей основной массе проживало, главным образом, в городах. Местное же сельское население слабо мигрирует в города. Основная масса узбеков до сих пор проживает в сельской местности. В связи с этим главным направлением национальной политики урбанизации Узбекистана должно быть ускоренное повышение урбанизированности коренного населения.

Урбанизация Узбекистана имеет свою специфику, свой особый путь. Урбанизированность узбеков должна повышаться, главным образом, за счет всестороннего развития сельской местности и переориентации занятости коренного населения из сельского хозяйства в другие отрасли национальной экономики, в том числе в промышленность, строительство, транспорт и связь, социально-бытовую инфраструктуру и т.д.

В этом направлении в республике в последние годы проводится большая практическая работа. В сельской местности повсеместно строится множество небольших промышленных предприятий, цехов и филиалов крупных промышленных предприятий, расположенных в городах, создаются разнообразные совместные предприятия, развивается социальная инфраструктура.

Главной целью национальной политики урбанизации Узбекистана в настоящее время является повышение урбанизированности титульного населения республики на основе распространения городского образа жизни в сельскую местность. Это достигается путем:

строительства небольших промышленных предприятий и производств в сельских густонаселенных районах, в которых проживает преимущественно местное население;

формирования развитой социальной инфраструктуры на селе;

развития транспортной сети регионов республики, особенно пригородного транспорта крупных, а также малых и средних городов.

Важным направлением национальной политики урбанизации на современном этапе являются подготовка квалифицированных рабочих кадров из числа местного населения и привлечение их для работы на крупных предприятиях авиационной, автомобильной, текстильной, легкой, пищевой и других отраслей промышленности Узбекистана.

Осуществление на практике основных направлений и решение задач национальной политики урбанизации Узбекистана сопровождаются

существенными социальными сдвигами в жизни городского и особенно сельского населения. Прежде всего, следует отметить, что продвижение производства и развитие социальной инфраструктуры в сельской местности решают проблемы занятости трудоспособного сельского населения, перераспределения трудовых ресурсов села из сельского хозяйства в более передовые отрасли экономики – промышленность, транспорт, строительство, образование, здравоохранение и т.д. Повышение занятости сельских трудовых ресурсов, в свою очередь, улучшает материальное благосостояние сельского населения республики.

В целом, национальная политика урбанизации Узбекистана, способствует распространению городского образа жизни в сельскую местность, что существенно улучшает культурно-бытовые условия сельского населения страны, вносит положительные изменения в стиль его жизни.

Одним из важнейших разделов национальной политики народонаселения является политика занятости населения. Известно, что с переходом экономики на рыночные отношения на повестку дня остро встает проблема безработицы.

В республике еще до экономических реформ была большая скрытая безработица. В советские годы быстрый рост местных трудовых ресурсов не обеспечивался соответствующим количеством рабочих мест. Фактически отсутствовала подготовка национальных индустриальных кадров. Занятость коренного населения формировалась однобоко, главным образом в сельском хозяйстве.

Национальная политика занятости населения в условиях независимости нацелена на существенный рост занятости коренного населения республики и улучшение ее отраслевой структуры. Для этого во всех областях, районах и городах постоянно создаются новые рабочие места по разнообразным отраслям народного хозяйства и социальной инфраструктуры.

С целью повышения занятости населения в Узбекистане уделяется большое внимание развитию предпринимательства, особенно малого бизнеса. В перспективе необходимо развивать новые, прогрессивные, трудоемкие отрасли промышленности (радио- и видеотехника, электроника, машиностроение и т.д.). Большое количество трудовых ресурсов республики могут поглотить и отрасли производственной, социальной и бытовой инфраструктуры.

С учетом основных направлений национальной политики народонаселения, эффективного осуществления ее на практике и на основе анализа формирования и развития перспективных тенденций в сфере демографических процессов нами разработан долгосрочный демографический прогноз Узбекистана на период 2015–2025 годов.

Как было показано ранее, резкое сокращение в последние годы рождаемости населения Узбекистана прекратилось, она имеет даже тенденцию к некоторому росту. Эта тенденция умеренного повышения рождаемости легла в основу демографического прогноза Узбекистана (см. табл. 5).

Предполагается, что общий коэффициент рождаемости населения республики увеличится с 22,4 промилле в 2007 году до 25,3 промилле в 2025 году, а коэффициент смертности несколько повысится за счет изменений в возрастной структуре населения.

Рост рождаемости населения в прогнозируемом периоде обеспечивается относительно стабильным ростом абсолютной численности женщин фертильного возраста. За пределами 2015 года начнется рост рождаемости в результате улучшения социально-экономической ситуации в Узбекистане. Репродуктивные же установки коренного населения на относительно большое количество детей в

семье (3–4 детей на селе и 2–3 ребенка в городе) сохраняются во всем периоде долгосрочного прогноза.

Таблица 5 Демографический прогноз Узбекистана
(на период 2007–2015–2025 годы)

Демографические показатели	2002 г.	2007 г.	2015	2025 г.
1. Численность населения, млн. чел.	25,1	26,7	29,6	34,7
в том числе: городское	9,3	9,6	11,1	14,8
сельское	15,8	17,1	18,5	19,9
2. Уровень урбанизации, %	37,0	35,9	37,5	42,6
3. Плотность населения, чел/км ²	55,9	59,4	65,9	77,3
4. Абсолютный прирост, млн. чел.	–	1,6	2,9	5,1
5. Среднегодовой прирост, тыс. чел.	–	320,0	362,5	510,0
6. Темпы роста, %	–	106,4	110,0	117,2
7. Ежегодный темп прироста, %	–	1,3	1,4	1,7
8. Численность женщин фертильного возраста, млн. чел.	6,4	7,2	8,5	9,9
9. Коэффициент рождаемости, ‰	21,0	22,4	23,2	25,3
10. Коэффициент смертности, ‰	5,4	5,2	5,7	7,2
11. Коэффициент естественного прироста, ‰	15,6	17,2	17,5	18,1
12. Возрастной состав по полу, %				
0–15	38,8	33,3	29,1	25,6
16–29	26,3	28,8	29,9	30,8
30–39	13,7	14,0	15,2	16,1
40–49	10,3	11,5	11,9	12,3
50–59	4,4	6,6	7,0	7,7
60–69	3,8	3,0	3,8	4,0
70 лет и старше	2,7	2,8	3,1	3,5

Указанные тенденции естественного движения населения будут сопровождаться существенными изменениями в его возрастной структуре. Во всем периоде прогноза ожидается сокращение удельного веса некоторых возрастных групп (0–15 лет и 16–29 лет) и повышение доли остальных возрастных групп. К концу прогнозируемого периода стабилизируется и половой состав населения страны.

Таким образом, высокий демографический потенциал и благоприятная структура народонаселения Узбекистана сохранятся и в отдаленной перспективе.

Миграционный отток из Узбекистана в начальном периоде прогноза (до 2015 года) несколько сократится, а в дальнейшем существенно уменьшится, что находит отражение в динамике численности населения республики и темпах его роста.

Повышение рождаемости населения и сокращение объемов миграционного оттока будут сопровождаться некоторым увеличением темпов прироста численности населения Узбекистана. Среднегодовой его прирост на втором этапе

демографического прогнозирования (2015–2025 гг.) составит 1,7%, против 1,3% – в базовом периоде прогноза (2002–2007 гг.).

Абсолютный прирост населения Узбекистана будет заметно увеличиваться, главным образом за счет возрастания общей численности населения республики, которая в 2015 году предположительно составит 29,6 млн. человек, а к концу прогнозируемого периода достигнет почти 35 млн. человек.

Практическая реализация научных основ национальной политики народонаселения, как составной части социальной политики государства в указанных направлениях и с учетом параметров долгосрочного демографического прогноза будет способствовать всестороннему повышению качества населения и более ускоренному социально-экономическому развитию Узбекистана, уверенно вступившему в XXI век.

ЛИТЕРАТУРА

1. Численность населения в Узбекистане. 2001. Статистический сборник. Минмакроэкономстат Республики Узбекистан. Государственный департамент статистики. – Ташкент, 2001; Естественное движение населения за 1991–2000 годы. Статистические сборники Минмакроэкономстат Республики Узбекистан. Государственный департамент статистики. – Ташкент, 1991–2003; Государственный комитет Республики Узбекистан по статистике. – Ташкент, 2008.

2. Естественное движение населения за 1991–2005 гг. Статистические сборники Минмакроэкономстат Республики Узбекистан. Государственный департамент статистики. – Ташкент, 1991–2001; Демографический ежегодник Узбекистана. 1991–2003 гг. Государственный комитет Республики Узбекистан по статистике. – Ташкент, 2004; Социальное развитие и уровень жизни населения в Узбекистане. 2006.

3. Население Республики Узбекистан 1991–2001 гг. Государственный департамент статистики. Ташкент, 2002; Демографический ежегодник Узбекистана. 2002. Государственный комитет Республики Узбекистан по статистике. – Ташкент, 2004; Доклад о человеческом развитии. Узбекистан 2000. Социальное развитие и уровень жизни населения в Узбекистане. 2006. Статистический сборник.

4. Миграция населения за 1990–1999 гг. Минмакроэкономстат Республики Узбекистан. Государственный департамент статистики. – Ташкент, 1991–2000; Данные текущей статистики миграции населения Центрального Статистического Управления Узбекистана за 1980–1989 гг. Демографический ежегодник Узбекистана. 1991–2003 гг. Государственный комитет Республики Узбекистан по статистике. – Ташкент, 2004 год; Государственный комитет Республики Узбекистан по статистике. – Ташкент, 2004; Социальное развитие и уровень жизни населения в Узбекистане. 2006 год.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена демографической ситуации современного Узбекистана.

ТУЙИНДЕМЕ

Мақалада қазіргі кезеңдегі Өзбекстанның демографиялық жағдайы мен оның болашағы статистикалық мәліметтер мен есептеулердің негізінде қарастырылған.

ПОЛЬШАДАҒЫ 80-ШІ ЖЫЛДАРДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ «ДӨҢГЕЛЕК СТОЛ» КЕЛІССӨЗДЕРІ

Сманова А.-т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Польшада 1982 жылы басталған реформаның мәні экономиканы демократияландыру, кәсіпорындар мен еңбекші ұжымдарына кеңінен құқық беру, жеке-меншік сектордың белгілі бір дәрежеде белсенділік танытуы, өзін-өзі қаржыландыру, өзін-өзі басқару негізінде шаруашылық ұйымдары құрылуы керек болды. Алайда, орталықтан басқару жүйесін, меншік қатынасын анықтамау арқылы жағдайды түзеу тек қысқа әсер беріп, жұмысшылар және кәсіпорын деңгейіндегі іс атқаратын экономикалық жағдай жүйесін құра алмады. Ел экономикалық дағдарыстан шыға алмады, керісінше экономикалық байланыстың бұзылуы тереңдей берді, инфляция күшейіп, халықтың тұрмыс жағдайы төмендеді /1/.

КСРО-да М.С.Горбачев билік басына келген соң басталған өзгерістер халықаралық жағдайға, соның ішінде Польшаға да әсер етпей қоймады. Елде оппозиция қайта күшейе бастады, Поляк Біріккен Жұмысшы партиясының (ПБЖП) өкілдері батыл реформа жасауға және оппозициямен келісуге шақырды. Үкімет басшыларын бұрынғы «Ынтымақ» жетекшілері бастаған оппозициямен келіссөзге итермелеген оқиға 1988 жылы сәуір-мамыр айларында Гданьск пен Краковте өткен ереуілдер болатын. Осындай жағдайда келіссөзге келуге болатын нағыз серіктес ол Лех Валенса тобы болатын. Оның нақты саяси күші не ықпалы болмаса да, Лех Валенсаның «Ынтымақ аңызы» негізінде әлі де беделі бар еді /2/.

Ал, 1988 жылы тамыз айында Силезияда сосын Гданьскіде өткен ереуілдер «Ынтымақты» тіркеу ұранын қайта алға тартты. Үкімет бұл ереуілдерді қарумен басамыз деп қорқытқанмен, жасырын түрде келіссөздер басталды. 1988 жылы 31 тамызда гданьскілік келіссөзде елдің ішкі істер министрі, генерал Чеслав Кишак пен Лех Валенса кездесті. Сонымен бірге бұл келіссөзге епископат хатшысының орынбасары епископ Е.Домбровский де қатысты. Келіссөздің басты мақсаты ереуілдерді тоқтату негізі болатын. Нәтижесінде Чеслав Кишак пен Лех Валенса үшінші кездесулерінде (қыркүйектің ортасы) нақты кездесу қазандағы «дөңгелек столда» болатынына келісті.

Үкімет жетекшілерінің оппозициямен келіссөздер жүргізу туралы ұсыныстары, Польшада айтарлықтай «аппарат бүлігіне» алып келді. Елді жеке-дара билеп үйренген ПБЖП-ның мүшелері билікті ешкіммен, әсіресе кеше ғана өздері қудалаған оппозициямен бөліскілері келген жоқ. Нәтижесінде Месснер-Кишак үкіметі отставкаға кетіп, жаңа үкімет Мечислав Раковский қолына тиді. Партия мен үкімет Мечислав Раковскийді елде терең өзгеріс жасайды деп қарсы алды. Сонымен ол оппозициямен келіссөздерді де үзді және Ч.Кишак келіскен келіссөз отырысын да бұзды. Бірақ, М.Раковский «Ынтымақ» өкілдеріне үкіметтен төрт орын ұсынды, яғни сол арқылы халықтың алдында үкімет пен оппозицияның коалициясы құрылғандықтан сенімге ие болғысы келді. Алайда, бұл кезде елдегі жағдай өзгерген болатын, жаңа кабинеттің радикалды экономикалық реформа өткізу жоспарын жариялауына қарамастан бұл ұсынысты пайдаланып қалғысы келгендер болған жоқ.

Партиялық аппараттың көзқарасы және Мечислав Раковскийдің тағайындалуына жауап ретінде, елдегі оппозицияның басты идеологтарының бірі Я.Куроньның «Биіктен қарағандағы «дөңгелек стол» атты мақаласы «Тыгодник Мазовше» заңсыз апталық газеті беттерінде басылды. Бұл мақала қоғамдағы барлық топтардың назарын өзіне аударды. Мұнда экономикалық күйреу мен амал

жоқ нарықтық қатынасқа көшу туралы айтылды. Сонымен бірге «Ынтымақтың» ПБЖП-сы реформаторларымен одақтасуы, демократияға бейбіт түрде өту т.б. туралы айтылды /3/.

Сонымен 1988 жылы желтоқсанның 21 күні болған ПБЖП-ның ОК-нің кезектен тыс X-шы пленумында Мечислав Раковский оппозициямен келіссөз жүргізу туралы ұсыныс жасады. Ол Саяси бюро атынан оппозициямен бірігіп жұмыс істеу және «Ынтымақ» елдегі қайта құруға қатысып, іс-шаралар социалистік құрылыс шеңберінде жүзеге асырылып, конституцияны бұзбай отырып қайта нығаяуға жағдай жасау туралы ұсыныстар айтылды. Ал 1989 жылы 16-18 қаңтарда болған пленумның II сессиясында осы тақырыптар бойынша пікірталас болды. Мұндағылардың көпшілігі Саяси бюроның елде реформа өткізу туралы ұсынысына қарсы шықты. «Ынтымақтың» қайта құрылуына бір рет мүмкіндік береміз деген пікір басым болды. Көптеген партия мүшелері «Ынтымақтың» ұрандары ішіндегі «ПБЖП қайраткерлерін жазалау керек!» деген сөздерін мысалға келтіре отырып олардың билікке келулеріне үзілді-кесілді қарсы болды. Нәтижесінде оппозициямен келіссөз жүргізу мәселесі тағы да сәтсіздікке ұшырай бастады.

Саяси бюро саясатының қабылдануы болды, өйткені жетекшілік саясатын қолдап және бір уақытта оның ұсынған негізгі құжаттарын қабылдамау мүмкін емес еді. Бұл құжат бойынша дауысқа салу өзгеше болды. Орталық Комитет мүшелерінің 2/3 оны қолдап, 30 қарсы болды, ал 14 не 15 адам қалыс қалды. Осылайша көпшіліктің дауысымен бағдарламалы құжат қабылданды. Ол алдағы Польшаның саяси өмірінде өзгерістерге жол ашты. Өзгерістің мәні - «Дөңгелек стол» ұйымдастыру, яғни оппозициямен келіссөз мерзімінен бұрын сайлаулар өткізу және басқарушы жүйеде саяси өзгерістердің жүзеге асырылуы туралы еді.

«Дөңгелек стол» мәжілісіне дайындық туралы хабарлар қоғамдағы халықтың көп бөлігіне үміт әкелді. Алайда, «Ынтымақтың» адам айтқысыз күшті жолмен үкіметтегі саяси сахнаға қайта келуі Поляк Халық Республикасы дәуірінің аяқталуы және Еуропада коммунизмнің құрауымен қат-қабат келді. Бұл келіссөздегі маңызды өкілдер ПБЖП-ның коммунистері мен «Ынтымақтың» басшылары арасында болатын болды. Сонымен 1989 жылы 6 ақпанда халық аузында «дөңгелек стол» атанған үкімет пен оппозиция арасында келіссөздер басталды. Бұл келіссөзге үкімет басшылары, нақты кәсіподақ, коалициялық партиялар (Бірікке шаруалар партиясы және Демократиялық партия), «Ынтымақ», шіркеу қызметкерлері қатысты, бірақ нақты келіссөз жүргізуші жақтар «Ынтымақ» пен үкімет болатын. «Дөңгелек стол» барсында болашақ саяси және экономикалық жүйенің салыстырмалы принциптерінің консенсусына қол жеткізілді. Ол реформа барысында бұрынғы жүйенің орнына біртіндеп орнына келуі де тиіс. Өзгеріс елдің негізгі саяси күшінің біріккен бақылауына өтетін болды. Ол, эволюциялық, бейбіт сипатта, жанжалсыз, негізгі шешімнің барлығы өзара сәйкес көзқараста жүргізіледі деп келісілді. Біраз уақытқа созылған келіссөздерден кейін осы жылы сәуір айында екіжақты келісімге қол қойылды. Қабылданған «дөңгелек стол» формуласы саяси өмірдің біртіндеп демократиялануы және саяси өмірдегі өзгерістер төңірегінде болды. Сонымен бұл үрдіс төрт жылдық мерзімде жүзеге асуы керек болатын. Сонымен бірге бұл бағыттағы алғашқы қадам «Ынтымақтың» заңдастырылуы және сеймге қайта сайлау туралы еді.

Соңғы құжатқа қол қояр кезде үкімет «Ынтымақ» кәсіподақ бірлестігінің тәуелсіз өзін-өзі билеуді қалпына келтіру және сенат және сеймге демократиялы түрде сайлау жүргізу туралы уәде берді. Өздерінің күшті және әлсіз жерлерін екі жақта білді. ПБЖП-сын Кеңес Одағы қолдап отырды, бұл Екінші дүниежүзілік

соғыстан бері өзгермеген ялталық тәртіп болатын. Ал Польшада бұрынғыдай Кеңестік Армияның бөлімшелері орналасқан еді. Керісінше, «Ынтымақты» жергілікті халықтың көпшілігі қолдады, өйткені елдегі дағдарыстың алдын алу ең ерекше маңызды болатын. «Дөңгелек столда» алдын-ала болған келісімге сай үкімет коалициялық партиялары автоматты түрде сайлауда сеймнің 65% пайыз орнын иемденді, ал қалған 35% пайызын демократиялық принциптер бойынша сайлау анықтауға тиіс болды. Президентті Ұлттық жиналыс сайлауы тиіс болды, яғни сейм мен сенат мәжілісі арқылы. Ал президенттік сайлау 1989 жылдың мамыр айы деп белгіленді. Парламенттің жоғарғы палатасы сенат құрылды, ал ондағы 100 орынды тек сайлау анықтауға тиіс болды /4/.

1989 жылы 17 сәуірде «Ынтымақ» заңды түрде қайта тіркелген соң, олар сайлауға дайындала бастады. Ал, ПБЖП-сы болса бұл сайлауда жеңіске жетеріне күмән келтірген жоқ. Өйткені сеймдағы көптеген орындар оған алдын ала беріліп қойылған және 45 жылдан астам билік жүргізіп келе жатқан партияның сәтсіздікке ұшырауы мүмкін деп ешкім де ойлаған жоқ. Сондықтан олар сайлауға онша ат салыса қойған жоқ, тіпті немқұрайлы қарады десе де болады. Дегенмен халықтың алдында беделін де, сенімін де жоғалтқан ПБЖП-сы өз жағдайының қаншалықты қиын екенін сезінбеген болатын. 1989 жылы болған Парламент сайлауы Поляк Халық Республикасының тарихында ең бір дүрбелеңді бетбұрыс кезеңі болды. «Ынтымақтың» Азаматтық комитеті ұсынған көптеген жоспарлардың нәтижесінде оппозициялық кандидаттар жеңіске жетті. Сонымен бұл енді елдің осыдан кейінгі саяси өміріндегі жүрісін анықтап берді. Елдегі барлық үрдіс жылдамдап, «дөңгелек столдағы» айтылған төрт жылдық демократиялану жайына қалды.

Сайлау барысында ПБЖП-сы және онымен одақтас басқа да партиялар үлкен саяси жеңіліске ұшылады. Сайлаудың бірінші кезеңінде олар тек бес кандидат өткізе алды. Бұл сайлаушылардың үкіметке деген сенімсіздігін ғана емес, сонымен бірге ПБЖП-сы мен оның одақтас партиялары арасындағы өзара ыдыраушылықты да көрсетеді. Біртұтас сайлау стратегиясын жасамаған билеуші партиядан өзгешелігі, оппозиция сайлауға мықты дайындықпен келді. «Ынтымақтың» атынан сайлау комиссиясын Лех Валенса 1988 жылдың соңында құрған Азаматтық комитет басқарды. Бұл оппозициялық парламен немесе оның өкілдік ұйымы емес, тек Лех Валенсаның өзі шақырған комитет болатын. Нәтижесінде бұл сайлау кезінде өз кандидаттарын тіркеуге үлкен көмек көрсетті. Сонымен жергілікті Азаматтық комитеттердің 200 мың белсенділерінің қолдауымен сайлау нәтижесінде «Ынтымаққа» жеңіс әкелді.

«Ынтымақтың» сайлаудағы жеңісі, негізінен әлеуметтік-саяси жүйедегі дағдарыстың салдары болатын. Халық көп жағдайда «Ынтымақты» қолдағандықтан емес, елді ұзақ уақыт дағдарыстан шығара алмай келе жатқан ПБЖП-на қарсы дауыс берді. «Ынтымақтың» сайлауда жеңіске жетуінің тағы бір себебі күшті католик шіркеуінің қолдауы да әсер етті, өйткені Польшада католик шіркеуінің беделі өте күшті.

Жалпы халықаралық пікір бойынша ПБЖП-сы басшыларының таңдаған «дөңгелек стол» стратегиясының дұрыстығын сайлау көрсетті. Ол қоғамдағы теріс жағдайдың алдын алып, елде тұрақтылықтың орнауына жағдай жасады. Польшадағы бұл сайлау қорытындылары дүниежүзінің назарын бірден өзіне аударды. Польшадағы болып жатқан оқиғалардың әсерінен Шығыс Еуропаның басқа да елдерінде демократиялық үрдістер жылдамдай түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.«Шоковая терапия» в Польше: опыт и выводы //Международная жизнь. 1992. №5, с.72.
- 2.Медведев Р.А. Незнакомый Андропов. Кризис в Польше 1980-1981 гг. //Новая и Новейшая история. 1999. №2.
- 3.Филипов Б.А. Польша в поисках выхода из кризиса // мировая экономика и международные отношения. 1990. №3. С.51.
- 4.История Польши с древнейших времен до наших дней. Варшава, 1995. С.346.
- 5.Медведев Р.А. Незнакомый Андропов. Кризис в Польше 1980-1981 гг. //Новая и Новейшая история. 1999. №2.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Польшадағы «Дөңгелек стол» келіссөздері және «Ынтымық» қозғалысының саяси жұмыстары туралы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье говорится о создании перегаворов «Круглого стола» в Польше и работа общественного движения «Солидарность».

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТӘУКЕ ХАННЫҢ «ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫНЫҢ» ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Жылқышыбаева Қ.Қ. – т. ғ. к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Бижанова К.Қ. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығы бір орталыққа бағынған дербес мемлекеттік мәртебесін сақтап қалу үшін ішкі және сыртқы қайшылықтарды басынан өткерді. Бұл тұста әсіресе, ішкі алауыздық күшейіп тұр еді. Осыған қарамастан бұл дәуірде қазақ халқының арасынан ірі саяси қайраткерлер, билер, сұлтандар, батырлардың тарих сахнасына шыққаны бұл ауыртпалықтарды өз дәрежесінде шешуге мүмкіндік берді. Халық зердесінде өшпес із қалдырған ірі тұлғалар қатарына XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басындағы қазақ ханы болған Әз Тәукені жатқызғанымыз жөн.

Тәуке хан өзінің даналығы, ұлылығы арқасында ел арасында «Әз Тәуке» деген атқа ие болған. Халық Тәуке заманының Қазақ хандығының ең бір өркендеген және тыныштық орнаған кезі екендігін «қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған заман» деп еске алады. Тәуке хан билікке келісімен Қазақ хандығында күшейген ішкі тартысты бәсеңдетіп, бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын құруға кірісті. Қазақ хандығының ішкі және сыртқы мәселелерін шешу барысында Тәуке хан көптеген істер атқарды. XVII ғасырдың аяғында хандықта экономикалық және саяси ықпал үшін билер мен сұлтандар арасында күрес күшейе түсті. Осы тартысты тоқтату үшін Тәуке хан басқару тұтқасын толығымен билерге берді.

Тәуке ханның тарихтағы ең басты орны оның қазақ әдет-ғұрыптарының, өзіне дейінгі «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты заңдарды жинастыра келіп, билердің басын қосып «Жеті Жарғы» заңын қабылдауында болып отыр. Бұл заңның қабылдануы сол замандағы қазақ қоғамын өркениетке бір саты жоғарылатты. Мұны Еуропа елдеріндегі конституциялық

монарх биліктерімен салыстыруға болады. Өйткені, «Жеті Жарғы» қабылданғаннан кейін хан оның принциптерінен ауытқымаған және бұл заңдар жинағын барынша қадірлеп, қастерлеген. Әсіресе, «Жеті Жарғыда» ел дауын шешудегі билер кеңесінің, хан кеңесінің, билер құқығының қорғалуын, сақталуын қатты қадалаған. Осы арқылы хан өкіметін ішкі жақтан нығайтуды мақсат етті. Әрбір қазақ түтіні ханның, бидің жасағы мен шабарманын жазда да, қыста да қабылдап, ат-көлік, азық-түлікпен қамдауға міндетті болды. Бұл, керуен сарайы, елді-мекені жоқ көшпелі қоғам өмірінде хан, би бұйрық - жарлығын, соғыс хабарын тез жеткізу шараларының бірі еді. Бұған қарсылық көрсеткен түтін басы хан, би алдында қатаң жазаланатын. Әрбір соғысқа жарайтын еркек бес қарусыз жүрсе оған да айып салатын. Мұның өзі хандықтың әскери-феодалдық сипатын айқындай түсетін. Қыз-келіншекті алып қашуға, зорлауға өлім жазасы кесілген. Бұл-рулар арасында алауыздық туғызбаудың қамы. Өйткені ру ынтымағын ыдыратып қанды қырғынға киліктіретін көп дау-дамай, осы жесір дауынан туындап жататын. Ең соңында рулар арасында адам өлімі болғанда қанды кек алуды құн төлеумен ауыстыру сияқты баптың «Жеті Жарғыға» енгізілуі бұл заң жобасының тарихи прогрестік маңызын айқындайды.

«Жеті Жарғы» деген сөзбе-сөз алғанда «жеті ереже» деген сөз. Онда орта ғасырдағы қазақ қоғамының негізгі принциптері мен нормалары баянды етілген. Ғылыми әдебиетте бұл заң құжаты «Тәуке ханның ережелері» немесе «Тәуке ханның заңдары» деп аталады. Деректемелерде «Ереженің» авторы кім болғаны жөнінде мәліметтер жоқ. Тарихи аңыздарға қарағанда, оны жасаушы Тәуке хан делінеді: ол Күлтөбеде үш жүздің басты билерінің басын қосқан, сөйтіп олар «Қасым мен Есім хандардың ескі әдет-ғұрыптарын» біріктіріп және қазақ қоғамының ішкі жағдайына қатысты мәселелерді әділ шешуге бағытталған нақтылы өзгерістер енгізіп, «Жеті Жарғы» деп аталатын нормаға біріктірген.

Сонымен қатар, заңды қазақ қоғамының XVII ғасырдағы әскери-саяси және әлеуметтік өмірінің қажеттеріне бейімдеу, бұл орайда ол нормалардың қазақтың феодалдық қоғамының жаңа қажеттеріне бейімдеу, феодал шонжарлардың мүдделеріне сай келетіндерін ғана сақтау мақсаты да көзделді. Сөйтіп, Тәуке ханның «Ережесінде» сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік және құқықтық нормалары заң жүзінде баянды етілді. «Жеті Жарғыға» әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтары қамтылған.

«Есім ханның ескі жолында» сақталынып келген тәртіп бойынша кісі өлтірген адамның шаңырағы ортасына түсіріліп, ойрандалатын. Онымен қоймай, қылмыскер адам өлтірілетін. Осындай қатыгездік «Жеті Жарғыда» өзгертіліп, басқаша жазылады. Жаңа заң қылмыскерге жаза ретінде құн төлеу жолын бекітті. Өлім жазасының сол кездің өзінде құнмен алмастырылуы үлкен прогрестік құбылыс еді. Менің ойымша, жаңа жазаның тек кісі өлтіргені үшін ғана емес, жалпы қандай да болсын қылмыстың алдын алуда маңызы күшті болған.

«Жеті Жарғы» мемлекеттік құрылымға, ел басқару жүйесіне де елеулі жаңалықтар енгізді. «Жеті Жарғы» тәуелсіз қазақтың бірінғай таза ұлттық мемлекеттік алғашқы Ата Заңы. «Жеті Жарғы» жеті тараудан тұратын Негізгі заңдар жинағы болды:

Көшпелі қазақ елі үшін ең бірінші құнды не? Ол – жер. Ол туған жер, ол ата – бабасының ізі қалған жер, фәниден бақиға көшкендегі мәңгілік мекені. Ол көшіп-қонып өмір сүретін ортасы. Сондықтан жер дауын «Жеті Жарғының» бірінші тарауында заң жүзінде шешу мәселесі қарастырылған.

Екінші тарауда-отбасына байланысты мәселелер сөз болады. Отбасы, ошақ қасы-туысқандық жүйенің, азаматтық пен бірліктің бастау алар ұясы. Мұнда әке

мен баланың, келін мен ененің қарым – қатынасын, ата мен немеренің, жалпы үлкен мен кішінің сыйластығы қандай болуы керек? Өзінің ұлтын сүйетін, мемлекетін қорғай да, басқара білетін ер болу үшін, ақылды болу үшін ұлға қандай тәрбие беру керек? Ағайынның ынтымағына ұйытқы болатын, ырыс әкелетін, ел бірлігі мен берекесіне тірек бола алатындай ардақты ана болу үшін қызға қандай тәрбие беру керек? Яғни, осындай мәселелер қарастырылған. «Жеті Жарғы» бойынша отбасында әкенің билігі баянды етіледі. Ол ұл-қызының, әйелінің, құл-күнінің, төрт түлік малының, жайлау қыстауының жеке дара билеушісі, асыраушысы әрі қамқоры болған-ды. Әкенің ризалығын алмай, отбасының кез келген мүшесі ешбір шешім қабылдамайды. Әкесіне немесе шешесіне қол көтеріп, балағаттаған баланы қара сиырға теріс отырғызып, ауыл ішін аралатып, қамшымен соққан. Бір себеппен баласын өлтіргені үшін ата-анасы ешқандай жаза алмайды. Бірақ некесіз туылған баласын ұяттан өлтірген әйел өлім жазасына кесіледі. Міне, осылардың бәрі «Жеті Жарғының» екінші тарауында ыждаһатты түрде тарқатылған. Қадым заманнан келе жатқан бұл мәселенің бүгін де көкейтесті екені дау туғызбаса керек. Содан да болар, еліміздің Конституциясының «отбасы» деп аталатын тоғызыншы тарауында бұл мәселе «Жеті Жарғының» біз жоғарыда айтқан екінші тарауын қайта жаңғыртып, жаңаша өрнектеген.

Үшінші тарауда-ел бірлігін сақтау, Отан қорғау, жасақ құру, сардар сайлау, сауын айту секілді ірі-ірі мәселелер қарастырылған. Мысалы: басқыншылық жағдайда сауын айту, сардар сайлау, әскер құру тәртібіне келейік. Бұл тәртіп қазақта «Қасқа жол» заманынан бері болған. Тек уақыт талабына сай жаңарып, жаңғырып отырған. Бабалар заманында ел шетіне жау атының тұяғы тигенде бар қазақ бір кісідей тас-түйін болып, дабыл қағылған жерден табылатын болған. Сөзімді дәлелдеу үшін Салқам Жәңгірдің тарихынан бір мысал келтірейін. Елу мың әскерімен елімізді тонауға шыққан Жоңғар қонтайшысының жорығы туралы дер кезінде хабар алған Салқам Жәңгір, оларды жерімізге деңдеп кіргізбей тойтарыс беру үшін шұғыл түрде алты жүз сарбазымен ғана жауды Жоңғар қақпасында тосып алған. Сол алты жүз сарбазымен елу мың жоңғарға қарсы тұрып, соғыс өнерінің сол кездегі ең озық тәсілін қолдану арқылы оларға есеңгірете соққы беріп, сәлемі жеткен Жалаңтөс батыр көмекке келгенше екі тәулік бойы жауды жерімізге бір қадам аттатпай ұстап тұрған. Ал қазіргі өзбектің Самарқанынан бері қарай Түркістан арқылы екі жарым мың шақырым жерді екі тәулікте алып, дер кезінде жеткен Жалаңтөс батыр бастаған бабаларымыздың ерлігін немен теңестіруге болады?! Сол жолы бабаларымыздың шағын әскерімен-ақ, елу мың жоңғар қалмақтарының тас-талқанын шығарған. Меніңше, осындай теңдесі жоқ ерліктің өзегінде сол заман заңдарының ел-жұртына етене жақындығының, олардың соны бұлжытпай орындап, қадірлеп-қастерлей білгендігінің, бүгінгіше айтсам, сол кездегі қазақ елінің құқылы мемлекет болғандығының да көрінісі дер едім. Бұл айтқандарымызға, сонымен қатар «Жеті Жарғы» заманында да Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай бастаған талай батыр бабаларымыздың жоңғар басқыншыларына күйрете соққы берген ұлы ерліктері де дәлел болды.

Төртінші тарауда-ел мен елдің, ру мен рудың арасындағы дау-дамайды реттеу тәртібі рәсімделген. Осылар бір рудың, бір жүздің ішіндегі дауға қарағанда өте байсалдылықты, үлкен жауапкершілікті, өте өткір әділеттілікті, туралықты, ізгілікті талап еткен даулар ғой. Сондықтан бұл тарауда мұндай дауларды парасаттылықпен, әділдікпен, әділдік болғанда да қара қылды қақ жарған әділ билікпен шешу жолдары көрсетілген.

Ал, бесінші тарауда-ұрлық, зорлық, барымтаға байланысты ережелер. Ұрлық -қорлық, барымта-зорлық дегендер елдің бірлігіне, ынтымағына, тірлігіне үлкен нұқсан келтіретін болғандықтан, «Жеті Жарғыда» бұл ережелер ежіктеліп, онымен қалай күресу керек, қандай алдын алу шараларын ұйымдастырған жөн, қандай жауапкершілік, жаза кесіп, тағайындаған абзал деген сияқты сауалдарға жауап беріледі. Міне, бұл тарауда осы мәселелер егжей – тегжейлі реттелген.

Алтыншы тарау – құн дауы. Жетінші тарау – жесір дауы. Бұл екі дау ел арасында бүлік тудырып, жұртын сойыл-шоқпарға ұмтылдырып, бас жарып, көз шығаратын әрекеттерге бастайтын шым-шытырық күрделі даулар болған ғой. Сондықтан құн дауы да, жесір дауы да «Жеті Жарғыда» әбден тәптіштеліп, билік жүргізу рәсімдеріне дейін мұқият қарастырылған. Мысалы: онда ердің құны-мың қой болып бекітілген, тіпті адамның мүшелеріне зақым келтірсе де, соған сәйкес құн тағайындалған (бес бармақ-жүз қой, шынашақ-жиырма қой). Немесе осы тараудағы мына бір бапқа ой жүгіртіп көрейікші: «Біреудің әйелін күйеуінің келісімінсіз алып қашқан адам, ердің құнын төлейді. Егер әйелдің келісімімен әкетсе, күйеуіне қалың мал төлеп, қосымшасына қалың малсыз қыз беруге тиіс».

- Сұлтан мен қожаны өлтіргендер олардың туыстарына жеті адамның құнын төлейді.

- Сотта бір куәгер еркектің орнына екі куәгер әйел жүреді.

- Қыз-келіншекті зорлау, алып қашу өлім жазасымен теңестіріледі. Өйткені ру ынтымағын ыдыратып, қанды қырғынға киліктіретін көп дау-дамай осы жесір дауынан туындап жататын.

- Сұлтанды немесе қожаны тіл тигізіп, ренжітуші тоғыз мал, ал соққыға жығушы жиырма жеті мал айып төлейді.

- Егер әйел күйеуін өлтірсе, ол міндетті түрде өлтіріледі, егер туыстары кешірім жасамаса, одан құн төлеп құтыла алмайды. Бұл ереже екіқабат әйелдерге қолданылмайды, олар күйеуін өлтіргені үшін жазаланбайды; бірақ мәңгілік қарғысқа ұшырап, ардан безген деп саналады. Егер күйеуі әйелін өлтірсе, ол өлім жазасына құн төлеп құтыла алады.

- Ата – аналарына өз балаларын өлтіргені үшін ешқандай жаза қолданылмайды; бірақ некесіз тапқан нәрестесін ұялғанынан өлтірген әйел өлім жазасына кесіледі.

- Өзін - өзі өлтіруші зираттан оқшау жерге жерленеді.

- Егер әйелді атты адам қағып кетіп, мертіктірсе және одан өлі бала туса, кінәліден мынадай есеп бойынша айып алынады: бес айға дейінгі сәби үшін - әрбір айға бір жылқы, бес – тоғыз айлық сәби үшін - әрбір айға бір түйе.

- Зорлау кісі өлтірумен теңестіріледі, сондықтан кінәлі адам өлім жазасына кесіледі немесе әйелі үшін күйеуіне, қыз үшін туыстарына құн төлейді; бірақ өзі абыройын төккен қызға қосылу және ол үшін қалың мал төлеу арқылы қылмыскер өлім жазасынан да, құн төлеуден де құтылмайды.

- Күйеуі өз әйелін зинақорлық үстінде ұстаса, оны өлтіре алады.

- Әйелге тіл тигізуші одан кешірім сұрауға, ал бұлай істеуден бас тартқан жағдайда қорланғаны үшін құн төлеуге міндетті.

- Қан араластырушылық өлім жазасына кесілуі тиіс; бірақ ол отбасыларының үкімі бойынша жазалаумен алмастырылады, өйткені бұл сияқты қылмыстар бөгде адамдардың қарауына берілмейді.

- Жеті куә әшкерленсе, құдайға тіл тигізуші таспен соғып өлтірілуге тиіс.

- Егер әлдекім христиан дініне кірсе, туыстары оның барлық опасыздығын мойнына алады.

- Құлдарын иелерінің тірі қалдыруға да, өлтіруге да құқығы шексіз. Құлдың мырзасына шағымы еш жерде қабылданбайды.

- Әке – шешесіне тіл тигізген немесе ұрған ұлын мойнына құрым киіз байлап, кара сиырға теріс қаратып мінгізеді де, ауылды айналдыра жүргізіп, қамшымен дүрелейді; ал қыздың қол – аяғын байлап анасына өз қалауынша жазалауға беріледі.

- Ұрлық жасағаны әшкерленген адам ұрлағаны үшін тоғыз төлейді, ал бұлайша жазалау айбана деп аталады. Егер мал ұрланса, кінәлі адам түйе үшін – тұтқын, жылқы үшін – түйе, қой үшін жылқы қосып беруге тиіс. Жүз түйе үш жүз жылқыға немесе мың қойға тең.

- Кімде – кім әрі ұрлық жасап, әрі кісі өлтірсе, ол кісі қылмыс үшін де жауапқа тартылады.

- Күйеуінің немесе әкесінің ұрлық жасағанын біліп, оны айтпаған әйелі мен балалары ешқандай жазаға тартылмайды, өйткені отбасындағы үлкеннің сыртынан сөз айтуға болмайды.

- Өлтірілген таза немесе бүркіт үшін иесі құл немесе күң талап ете алады.

- Егер әкесінен бөлек тұратын ұлдың өлгенде баласы болмаса, оның мал – мүлкі әкесіне тиесілі. Жас балалар ең жақын туыстарының, ал егер туыстары болмаса, басқа бір сенімді адамдардың қамқорлығына беріледі.

- Рухани өсиеттер туыстары және молдалар қатысып отырғанда жасалады.

- Барымталап әкетілген малды қоспағанда, басқа ұрланған мал: бие, сиыр және қой төлімен қосып өндіріліп алынады; ал жасырып қалған басқа малы жоқ екенін дәлелдеу үшін ұрыдан ант ішу талап етіледі

- Дауды шешу және кінәлі адамға үкім шығару ханның өзі болмаса, талапкер мен жауапкер тұратын ауылдардың билеушілерінің, не ақсақалдарының қолында болып, істі қарауға екі жақтан да сайланған арада жүруші тағы да екі адам шақырылуға тиіс.

- Егер айыпкер билерге күдік келтірсе, олардың ауыстырылуын өтіне алады.

- Егер жауапкер сотқа келмесе немесе алынған айыпты төлей алмайтын болса, онда әлгі құн оның туыстарынан немесе ауылынан өндіріліп алынады, бұл жағдайда ағайындары мен ауыл тұрғындарына қылмыскерден өз шағымын қайтарып алуға құқық беріледі.

- Қылмысты дәлелдеу үшін кемінде екі, ал кейде үш куә керек. Куәлар болмаған жағдайда, ант беруді қолдануға болады; бірақ оны өздері үшін талапкер де, жауапкер де бере алмайды: олар үшін адалдығымен белгілі адамдар ант беруге тиісті. Ал егер айыпкер үшін ешкім ант бермесе, ол жауапқа тартылады. Қызметшілер, малайлар мен құлдар сияқты, әйел жынысы да куә бола алмайды.

- Билер мен ара ағайындарға істі шешкені үшін бүкіл талап етіліп өндірілгенің оннан бірі берілуге тиіс.

- Егер айыпталған адам соттың үкімін орындамайтын болса немесе ауыл басшысы істі қараудан әдейі жалтаратын болса, сол арқылы қылмыскерді қорғаса, талапкер өз ақсақалының рұқсаты бойынша барымта жасауға, яғни өзінің туыстарымен немесе ең жақын көршілерімен бірге жауапкердің ауылына барып, оның малын жасырын түрде айдап әкетуге құқық алады: бірақ үйіне қайтып келгеннен кейін, ол барымталығынан малдың саны талапқа мөлшерлес болуы үшін, бұл істі қадағалап отырған өз басшысына айтуға тиіс.

- Мал мен мүлікті ұрлау қатаң жазаға тартылады. Ұрлығы ашылған кісі ұрлап алғанын тоғыз есе етіп қайтару керек. «Тоғыз айыбы» мына мөлшерде белгіленген: бес тоғыз немесе түйе бастатқан тоғыз, орта тоғыз немесе ат бастатқан тоғыз, аяқ тоғыз немесе өгіз бастатқан тоғыз.

- Жеті атадан аспай үйленуге өлім жазасы кесіледі.

- Құдайға тіл тигізген кісі жеті адамның куәлігі арқылы анықталса, таспен ұрып өлтіріледі.

«Жеті Жарғы» бойынша арнайы мал-мүлікке таңба белгілейді және салық түрлері (аманаттық салық, ру басыларының борышын төлеу, хандық билік, қару - жарак) белгіленеді. Заңда құқық ережелерінің жеке салалары (қылмыстық, азаматтық, басқару) да қамтылған. Сонымен бірге, қазақ қоғамындағы діннің орнын, салық түрлерін, жалпы тұрмыс жағдайын реттеуге бағытталған.

Тәуке хан Қазақ хандығының ішкі мәселелерін шешіп қана қоймай, сыртқы саясатында да көрші елдермен бейбіт байланыс жасай отырып, экономикалық қарым-қатынас орнатады. Соның ішінде, Ресей елімен ұзақ уақытқа үзілген мәмлелерлік және сауда байланысын жаңартты. Тәуке хан сонымен қатар, Бұхар, Хиуа хандықтарымен бейбіт қарым-қатынасты сақтауды да естен шығармаған.

«Жеті Жарғы» бойынша, жоғарғы билік ханның қолында шоғырлануға тиіс болды. Заңдардың жекелеген баптарына қарағанда, хан жоғарғы судья болған, ол қылмысы және теріс қылықтары үшін соттап, жазаға тартқан, шағымдарды қараған, салық салу тәртібін белгілеген. «Жеті Жарғы» тармақтарының бірінде сұлтандар мен ру-тайпа ақсақалдары арқылы хандықты басқару тәртібі нақтылана түскен: «Халық істері туралы пікірлесу үшін ханның өзі, сондай-ақ барлық сұлтандар, рулардың ақсақалдары мен билеушілері қазақ даласының ортасындағы бір жерге күз кезінде жиналатын болсын». Бұл орайда олардың бәрі де «халық жиналысына» қару-жарағымен келуге тиіс болады.

Тәуке хан «Ережесінің» жалпы бағыты - қазақтың феодалдық жоғары тобының артықшылық жағдайларын, оның саяси үстемдігін қорғау, феодалдық меншікті және патриархаттық әулетте үстем болған тәртіптерді қорғау, мұсылман дінін қолдау.

«Жеті Жарғыны» жасауға барлық қақа жүздері өкілдерінің қатысуына қарағанда, онда тұжырымдалған құқықтық нормалар жиынтығы бүкіл Қазақ хандығы шегінде қолданылған деп қорытынды жасауға болады.

Қорыта келгенде, Әз Тәуке хан кезінде Қазақ мемлекетінің бүкіл тыныс - тіршілігі бүгінгі айтып жүрген құқықтық мемлекеттің басты белгісі - заңға бағындырылғаны байқалады. Осы тұста мемлекеттік институттар: хан кеңесі мен билер кеңесі ел басқару жүйесін қалыптастырып, жоғары басқару тізгіндерін өз қолында тең ұстаған. Ел басқару жүйелері мен қоғамдық тәртіптің негіздері заңдастырылып, олар құқықтық жолмен жүзеге асырылатын болған. Сонымен қатар, «Жеті Жарғыдан» қазақ қоғамына дендеп ене бастаған шарифат заңдары да көрініс тапқан. Бабаларымыз мұсылман дінінің қағидаларын халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарымен шебер үйлестіріп, қылмыстық, отбасы және неке туралы баптарды да негізгі заңмен ұштастыра білген. Бұл ұлы бабаларымыздың парасаттылығының, көрегенділігінің айнасы іспетті. «Жеті Жарғы» қазақ халқының бүгінгі болмысымен де сабақтасып жатыр.

«Жеті атасын білмейтін ер-жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел-жетесіз» деп атам қазақ бекер айтпаған. Біз ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралаудамыз. Ондағы мақсатымыз - ұлыларды зерттеп, олардың мол мұрасын кейінгі келер ұрпаққа аманат ету.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық. II-том. Алматы,1998.
- 2.Қазақстан Ұлттық энциклопедия. Алматы,2001.
- 3.Жетісу. 21 шілде.2007 жыл .
- 4.Ана тілі. 2006 жыл 11 қараша.
- 5.Қазақ тарихы.2005 жыл.№ 1.
- 6.Қазақ тарихы. 2007 жыл.№ 6.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада ХҮІІ ғасырдың аяғы ХҮІІІ ғасырдың басындағы Тәуке ханның билігі кезіндегі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясаты, «Жеті Жарғы» заңының негізгі тармақтары туралы жазылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются свод законов «Жеті Жарғы» при правлении Тауке хана.

ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ОЮ-ӨРНЕГІНЕ ҚАТЫСТЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Исаева Ә.И. – т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі уақытта революцияға дейінгі қазақ халқының қолөнер табиғатын жан-жақты этнографиялық тұрғыда зерттеудің ғылым үшін де маңызы зор. Өйткені, қазақтың қолөнері жалпы халық мәдениетінің ішіндегі негізгі салаларының бірі. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті, оның ішінде қолөнер шеберлерінің дәстүрлі өнері жан-жақты зерттеуді қажет ететін бағалы мұра екендігін көптеген ғалымдар өз зерттеулерінде келтіреді.

Қазақ ою-өрнек өнерін ғылыми негізде зерттеу ісімен мамандар көптен бері шұғылданып келеді. Еліміздің этнограф-тарихшылары мен өнер зерттеушілері дайындаған еңбектерде ою-өрнектің түрлері, атаулары, шығу тарихы туралы көптеген құнды деректер жиналды.

Академик Ә.Х.Марғұлан еңбегінде бұл мәселені жан-жақты зерделегенін көреміз. Ғалым қазақ халқы қолөнерінің барлық түріне сипаттама бере келе, ұлттық ою-өрнектері мен кілем тоқу өнеріне арнайы тоқталады. Өлкей Хақанұлы өрнектер мен оюлардың әр түріне талдау жасап, олардың өзара үйлесуін, симметриясын және т.б. сәйкестендіріп зерттеді /1/

Қазақстанда қолданылатын ою-өрнектерді зерттеу ісінің тарихы, ою-өрнектің шығу тегі мен дамуы, мазмұны дәйекті түрде К. Ибраеваның еңбегінде қарастырылады. Ғалым әрбір өрнектің шығу тегін, мифологиялық немесе биологиялық негізі туралы пікір-таластарды талқылап, оларға өзіндік тұжырым жасайды. Сол сияқты ою-өрнектің негізгі міндеті безендіру ме, жоқ әлде бейнелеу ме деген пікірталасты да қарастырып, ол екі міндеттің өзара байланысты екендігі құпталады. Өрнектерді жіктеп топтастыруға да назар аударады /2/ Осындай зерттеулердің қатарына М.Ш. Өмірбекованың ою-өрнектерге қатысты еңбектерін атап өтуімізге болады. Мұнда, мыңнан астам ою-өрнектің ежелгі және осы заманғы нұсқалары мен оның даму тарихы, теориясы мен типологиясы кеңінен зерделеп көрсетілген /3/.

Көрнекті ғалым, этнограф-тарихшы М.С.Мұқанов өз ғылыми зерттеулерінде де қазақ ою-өрнегіне қатысты толық мағлұмат береді. Әсіресе, ғалым ою элементтерінің аттарының материалдық дүниедегі жан-жануарлардың дене мүсіндеріне қарай, өсімдік сабақтары мен жапырақтарының сыртқы бейнелеріне немесе геометриялық фигуралардың жаратылу ерекшеліктеріне қарай қойылғанын көрсетеді. Тіпті олардың арасында аңыз-ертегілерде айтылып жүрген аждаһалардың бейнесінен бастап, бүгінгі күнгі космосты игеру тақырыбына дейінгі атаулар мен элементтер де кездеседі.

Ғалымның еліміздің ою-өрнегіне қатысты экспедиция кезінде кездестірген мәліметтерінің ғылыми маңызы зор. Сондай түйіннің бірі марал мүйіз өрнегіне байланысты. Ол Жетісу өңірінде кеңінен таралған, ал бұл жануарды өсіріп отырған Шығыс Қазақстан жерінен осы өрнекті кездестіре алмаймыз, - деп Марат Сәбитұлы ел арасынан жинаған материалдарға сүйене отырып тұжырымдайды /4/. Біздің пікірімізше, бүгінгі таңда Жетісу өңірінде маралдар жоқ. Бірақ, ерте кездері (бірнеше жүздеген жылдар бұрын) маралдар Жетісу тауларының сілемдерінде мекендеулері мүмкін.

Қазіргі уақытта халқымыздың өркендеп өскен мәдениетіне лайықты кейбір ою элементтері өздерінің бастапқы мәнін жойып, жаңа мағынада өмірге қайта оралып отыр. Бүгінгі таңда ою жасаушы шеберлердің туындыларында ертеректе дүниеге келген оюлардың элементтері аз кездеседі десек те болады. Бұл жағдай қазіргі заманда ою-өрнектің өз құнын жойғаны емес, керісінше, жаңа өмірге лайық бағыт алып, жаңаша өріс тапқанын көрсетеді.

Ою-өрнектің өркендеуіне ата-бабаларымыздың сезімдік-талғампаздық дүниесі, қоршаған табиғат аясы, өскен ұясы, туған жердің қасиетті топырағының ықпалы зор. Әр халыққа, ұлтқа тән өзіндік ою-өрнек негіздері қалыптасып дәстүр алды. Кілемге, тұскиізге, басқұрға, киімге, ыдысқа, қару-жаракқа, үй жиһаздарына арналған ою түрлері қалыптасты. Мәселен, кілемге салынған ою-өрнектерге тоқталсақ. «Поднос» кілемінің ою-өрнектері көбінесе екі қатар орналастырылған көпбұрыштардан тұрады. Олардың арасы қос мүйіз сарынымен безендірілуі мүмкін. Түсі әдетте қызыл болып келетін кілемнің бетінде орналасқан өрнектер бір-бірімен аралары жеткілікті алшақ болып, қараған адамға байсалды, жайбарақат әсер береді. Кілемнің бұрыштары қошқар мүйіз нақышымен орындалған үшұрышты фигуралармен әшекейленеді. Осы тектес кілемдердің ою-өрнектерінде квадрат кесінді поднос өрнектері жиі кездеседі. Олар қошқар мүйіз, балдақ сияқты ірі өрнектермен безендіріледі.

Сонымен қатар, арабы кілеміне қатысты «бұл VII-X ғ.ғ. арабтардың жаулап алуы және араб халифаты кезеңінде енген, ал қазақтардың түркмендерден алып пайдалануы мүмкін» /5, с.55/.

Шаршы кілемнің орталық алаңы ішіне әр түрлі өрнектер орналастырылған және бір-бірінен бөлінген квадрат розеткалар (жапырақ формалы әшекей) өрнектеледі. Көбінесе «қошқар мүйіз», «қос мүйіз», «сыңар мүйіз» сияқты элементтер қолданылады. Кілемнің бейнесі көбінесе қызыл түсті болып келеді. Көмкермелері қоңыр немесе жасыл түсті болып, оған сары түсті өрнектер орналастырылады. Негізінен ол көршілес шығыс халықтарындағыдай бөлменің төріне ілінеді.

Тақта кілемнің орталық алаңында жолақтар тігінен орналастырылады, оның түсі қызыл, көк, ақ болуы мүмкін. Осы жолақтардың үстінен горизонталь бағытта әр түрлі өрнектер, мысалы созылық келген ромб салынады. Аталған төртбұрыштардың бұрыштары қос мүйіз немесе қарға тұяқ стильді өрнектермен безендіріледі. Төртбұрыштардың ішіне бота көз немесе жұлдызшалар орналастырылуы мүмкін. Кілемнің көмкермесі қарға тұяқ, сынық мүйіз, балдақ секілді өрнектермен безендіріледі. Мұндай кілемдер үйдің төріне төселетін немесе қабырғаға ілінетін бағалы бұйым болып есептеледі.

Жоғарыда келтірілген барлық кілемдерді жүйелеп баяндай отырып, олар тек тақыр кілем жасалатын аймақтарда таралғанын айта кету керек. Ал, түкті кілем тоқылатын аймақтарда тақыр кілем аз жасалып, оған көбінесе түкті кілемнің оюы салынған. Тағы бір айырмашылығы, бұл аймақта тақыр кілем де, түкті кілем де көлденең станокта тоқылған.

Түкті кілемнің орта тұсына байланысты олардың айырмашылығын М.С. Мұқанов былай деп көрсетеді: бірінші түрінде кілемнің ортасы, іші оюланған ромб, тік төртбұрыш, квадрат (шаршы) және басқа көпбұрыш болуы мүмкін. Геометриялық фигуралар көбінесе бір-біріне жалғасып, жанасып кетеді. Бірақ кілемнің ортасы бөлек немесе бір қалыпты ритмді қайталайтын фигуралар болып, жан-жағы зооморфтiк оюлармен безендіріледі. Көп жағдайда кілемнің орта тұсына ромбыны қолданады, (мысалы, сыңар мүйіз), ал ромбының ішкі жағын өсімдіктік оюлармен безендірген немесе зооморфтiк мотивті қошқар мүйіз, сыңар мүйіз және т.б. салынады. Екінші бір түрінде, ортасы үлкен жұлдызшамен безендірілсе, жазықтығына әр түрлі геометриялық фигуралар салынады. Үшінші түрінде, кілемнің ортасындағы көпбұрыш баспалдақ тәрізді ұзынынан беріліп, ортасы әртүрлі мотивті өрнекпен безендірілген /6/. Келтірілген түрдегі түкті кілемнің ортасындағы өрнекті рамкалар басқа мотивте де, мысалы, зооморфтiк, өсімдіктік, геометриялық болып орындалады.

Ою-өрнектің тұрмыста пайдалану ауқымы өте кең. Оюдың жекеленген тармақтарынан бастап үш түп, бес түп, алты, жеті, сегіз, тоғыз т.б. тармақтарынан әрі қарай өрбіп, кеңейе беретін күрделі оюлар да біздің ұлттық дәстүрімізге тұрмыста үнемі қолданыс тауып келген. Айшығы мол, жасалуы күрделі, өте нәзік оюлар ертеректе хандардың салтанат сарайларын, үйлердің ішін, күрделі діни кесенелерді безендірген.

Қазақ халқының тұрмысында ағаштан жасалған заттар өте көлемді. Жазы, қысы пайдалануға келетін «ағаш уықты, киіз туырлықты» киіз үй, киіз бен ағаштың өте күрделі үйлесімінен тұрады.

Тігуге де, жинауға да, алып жүруге де өте қолайлы осы мүлікте ою-өрнек қолданылмайтын бөлшек жоқтың қасы. Мәселен, көрнекті ғалым-этнограф Х.Арғынбаев өз зерттеуінде ел арасынан жинаған материалдарының негізінде сықырлауыққа салынған ою-өрнекке байланысты деректермен толықтырған: «киіз үй есіктерінің ішкі беттеріне ою-өрнектің сан алуан түрлерін бедерлеп оймыштау тәсілі сирек кездеседі. Дегенмен, Қазақстанның батыс және оңтүстік-батыс өңірлерінде ішінара кездесіп отырады. Мұндай есік беттеріндегі ою-өрнектің өзі бедерленіп ойылады, оның түрі (фоны) әжептәуір тереңдікке дейін түгелдей қашалып, сәнді өрнек айқындала түседі. Бедерлі оймыштың әр өрнегі өте нәзік болады, бірімен-бірі астасып келеді, өткермеленіп жатқандай бейнеде орындалады, ол өрнектердің әрқайсысының фоны түрлі-түсті бояулармен боялғанда, бұйымның әсемдігі артып, нағыз өнер туындысы дерлік дәрежеге жетеді. Мұндай есік беттеріндегі ою-өрнектің өзі бедерленіп ойылады, сәнді өрнек айқындала түседі. Мұндай есік бөлшектерінің ою-өрнектер негізі өсімдік, символдық және зооморфтiк мотивтердің біте қайнасып араласуының нәтижесі деуге әбден болады. Бедерлі ою-өрнекті қашау арқылы орындау тәжірибелі шеберлердің ғана қолынан келеді. Олар өз ісіне өте жауаптылықпен қарап, жасаған есіктерінің өте сәнді болуын көздейді» /7, 28 б./.

Ою-өрнекті жақсы сапалы жасау үшін алдымен пайдаланылатын материалды дұрыс тандай білу қажет, оның ою ырғағы мен мөлшерін яғни оюдың заттың бетіне түсуі мен орналасуын нақты жобалау қажет. Оймастан бұрын тақырып тандай білу қажет. Оюдың жақсы шығуы оюшының ой ұшқырлығына, шеберлігі мен оюды ретін келтіріп үйлестіре білуінде. Ою-өрнектің қандай түрі болса да ол – адам ойының жемісі.

Зерттеуші В. Чепелевтің: «Қазақ халқы тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін секілді», - деп айтқан ой-пікірі еріксіз тілге оралады. Расында да әрбір бұйымын әшекейлеген ою-өрнектер қазақтың мәдениеті мен тұрмысын, дәстүрін, ғұрпын айқындайды /8/.

Қолөнер шеберлері ою-өрнекті әр заттың өзіне лайықтап, жарасымын, үйлесімін, сәнін тауып жасаған. Жасаған затпен ою-өрнек бір-бірімен өте сәнді қабысып, шынайы көркемдік беріп отырған. Ою-өрнек түрлері өте нәзік түрде түскен. Пайдалану орнын шатастырмай нақ тауып, орын-орнына қоя білген. Осындай әсемділікті таңдай білген хас шебер оюшы зергерлеріміз осы ою-өрнекке бояу түрлерін пайдалануды да жете меңгерген. Халқымыздың ою-өрнектерінде басым түс ақ пен қара болып келеді. Бұл ою-өрнектің ең шешемін тапқан жарасымды түрі болып есептеледі.

Қазақ халқының ерте ғасырдан келе жатқан өзіндік көркемөнердің бір түрі сүйектен ойып бедерлеп өрнек түсіру. Сүйектен ойып өрнек салушыларды қазақтар «шебер» деп атаған. Шеберлердің есімі көпке әйгілі болып, қалаған заттарын жасауға жұрт күншілік жерден келіп жататын көрінеді. Сүйекпен ағаш бұйымдардың бетін, аттың қамыт-сайман, ер-тұрманын, музыкалық аспаптардың бетін безендіреді.

Көп жерде өрнектелер заттың бетін тұтастай жұқа сүйектен қаптап тастайды. Сонан соң әр сүйек сынықтарына (сүйек ешқашан тұтастай бүтін емес бірнеше сынықтан құралған болады) жекелей өрнек түсіреді. Сүйекпен әшекейленген бұйымдарындағы өрнектерінің түрі, құрылысы, мазмұны жағынан киіз оюларына өте ұқсас. Сүйекке бедерлер оюларды да бояйтын болғандықтан сырмақ-текемет оюларына ұқсастығы жақындай түседі.

Кейінгі жылдары ою ойылған сүйек астына ашық түсті шұға, мақпал төсейтін болған – көбіне қызыл, қара түстен. Олар сүйектің оюларының арасынан көрініп негізгі түстің міндетін атқаратын. Бірақ жаңадан жасалған кезде болмаса ол ұзаққа бармайтын. Шұғаның түсі тез оңып, не шіріп, желініп кететін. Сондықтан бұл әдіс халық арасына жаппай тармаған. Кейбір қымбат бұйымдарды безендіргенде сүйек пен күміс қатар қолданылады. Өрнекті сүйек сынықтары, бедерлі күміспен алмастырылып отырады.

Халық арасында сүйектен жасайтын шеберлердің жұмысы қатты бағаланады. Сүйекпен өрнектелген ағаш бұйымдары тек өте ауқатты үйлерде ғана кездеседі.

Ою-өрнек ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бір бөлігі. Халқымызда жазу болмағанда ою-өрнек болды. Сол ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын, жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды. Келешек ұрпақ мақсаты осы киелі өнерді әрі қарай дамыта отырып, көздің қарашығындай сақтау.

Этнография ғылымының көшбасшыларының бірі Х.А. Арғынбаев, Ә.Х.Марғұлан және М.С. Мұқанов секілді өз зерттеуінде дәстүрлі ер адамдар айналысқан қолөнер түрлерінің болмысы мен мәнін қарастырды. Ғалым өз еңбегінде қолөнердің барлық түрлерін қамти отырып, оның жасалуы, жергілікті өзгешеліктері мен қолданылатын ою-өрнектердің ерекшеліктерінің тамырын тереңнен тартып көрсетеді. Ол өзі қарастырып отырған қолөнердегі жергілікті ерекшеліктерге баса назар аударып, «халқымыздың көрші елдермен экономикалық байланысына, мәдениет саласындағы бір-біріне тигізген игі әсеріне, ертеден қалыптасқан өнер дәстүріне және жергілікті жерлерде жиі кездесетін шикізат түрлеріне де тікелей байланысты», - деп те тұжырымдайды /7, 122 б./.

Қазақ ою-өрнек өнерін ғылыми негізде зерттеу ісімен мамандар көптен бері шұғылданып келеді. Еліміздің этнограф-тарихшылары мен өнер зерттеушілері

дайындаған еңбектерде ою-өрнектің түрлері, атаулары, шығу тарихы туралы көптеген құнды деректер жиналды /9-10/.

Қазіргі уақытта халқымыздың өркендеп өскен мәдениетіне лайықты кейбір ою элементтері өздерінің бастапқы мәнін жойып, жаңа мағынада өмірге қайта оралып отыр. Бүгінгі таңда ою жасаушы шеберлердің туындыларында ертеректе дүниеге келген оюлардың элементтері аз кездеседі десек те болады. Бұл жағдай қазіргі заманда ою-өрнектің өз құнын жойғаны емес, керісінше, жаңа өмірге лайық бағыт алып, жаңаша өріс тапқанын көрсетеді.

Ең бастысы, бұл бұйымдардың қай-қайсысы болсын өздерінің жеңілдігімен, беріктігімен, сапалылығымен және пайдалылығымен ғана емес, сонымен бірге үйдің сәнін келтіретін, көз тартар, әдемі дүниелер болып саналатындығынан құнды.

Киіз үйдің төрінде түрлі-түсті ою-өрнектермен көмкерілген түскиіз, төселген оюлы сырмақ, текемет, кілем, басқұрлар ерекше көзге түсетін жабдықтар. «Кен асылы жерде, сөз асылы елде» дегендей, өнер түрі елде мол, халықпен бірге жасап келеді және жасай береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казахское народное прикладное искусство. Алма-Ата, 1986. Т.1. 256 с.
2. Ибраева К. Казахский орнамент. Алма-Ата, 1987. – 84 с.
3. Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия: Қазақтың ою-өрнектері. Алматы, 2003. 284 б.
4. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата, 1979. – 120 с.
5. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы, 1998. 234 с. (55)
6. Муканов М.С. Казахская юрта. Алма-Ата, 1980. 223 с.
7. Аргынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. Алматы, 1987. 127 б.
8. Чепелев В. Об искусстве казахского народа (Орнаментика) // Искусство. –1936. – №4. С.27-31.
9. Қазыбеков Н. Дала өрнектері: Этнографиялық сипаттамалар. Алматы, 1994. 126 б.
10. Казахский народный орнамент / Отв. ред. Т.К. Басенов. Алма-Ата, 1958. 6

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вклад ведущих отечественных этнографов в разработку различных аспектов традиционного казахского орнамента.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада дәстүрлі қазақ оюларын отандық тарихнамада зерттеу мәселелері қарастырылған.

ҰЛТ ДӘСТҮРІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ.

Қосдәулетова С.Қ. –оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бұл мақалаға арқау болған басты мәселе-дәстүрлі қазақ қоғамындағы ұлттық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі дала демократиясының, оның ішінде азаматтық қоғамның көшпенділер өміріндегі көрністерін айқындау болды.

Кенестер Одағының тұсында жеке ұлттар мен халықтардың тарихы бұрмаланып, олардың мәдени мұрасы мен бай тарихын жоққа шығаруға

талпыныс жасады. Сондай қасіретті көп көргендердің бірі- қазақ ұлты екені даусыз. Сол лениншіл дәуірдегі көп томдық еңбектердің түпкі мақсаты қазақ халқының төл тарихын бұрмалап, мардымсыз етіп көрсетуге барынша бағытталды. Осының салдарынан қазақ халқында ешқашан ұлттық мемлекет болған емес, тек мемлекеттік құрылыстың жеке элементтері ғана болды деп көрсетілді. Оның өзінде бірегей саяси құрылым емес, тек ру-ру, ауыл-аймақ болып өз алдына отау тіккен шашыранды құрылыс ретінде көрсетілді. Нәтежисінде қазақ халқы бытыраңқы, сауатсыз, түземдік өмір кешуші халық кейпінде киді.

Ал бүгінгі археологиялық зерттеулердің жәдігерлері, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жеке бақылауындағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының нәтижелері қазақ халқының тарихы үш мың жылдық тұңғыықтан бастау алатынын дәлелдеді. Сол сияқты, бізге де демократияның құндылықтары тек батыстық үлгіде ғана болады деген жаңсақ пікірден арылатын кез келді. Оның ішінде азаматтық қоғам мәселесі де батыстан келген «демократиялық импорт» емес, оның ежелгі қазақ даласында өзіндік ерекшеліктері бар формасы болған. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз «Әлеуметтік-этикалық трактаттарында» адамдар ең жоғарғы даму шегіне жету үшін бірігу керектігін баса айтып, оның үш түрлі деңгейін көрсетті. Біріншісі ұлы бірлестік, яғни барлық халықтардың бірлігі. Екіншісі- орта бірлік, яғни бір халықтың бірлігі. Үшіншісі-ең төменгі бірлік немесе қала-мемлекет. Бұлар толық қоғам болып саналады. әл-Фараби бабамыздың рухани мұралары қазақ жерінде өзінің жалғасын тапты. Мысалы, Керей мен Жәнібек хандар негізін салған Қазақ хандығында ақ киізге көтеріп ханды сайлаумен қатар, хандық билікке қарсысалмақ пен тепе-теңдік қызмет атқарған халықтық өкілдік ретінде билер институтының болуын қазір көптеген ғалымдар дала демократиясының жарқын көрнісі ретінде бағалайды.

Ұлы ғұламаның осы тұжырымын басшылыққа ала отырып, адамдар әртүрлі белгілермен қауымдасатынын көреміз. Айталық, өмір сүру қажеттілігі: табиғаттың тылсым күшімен арпалыс, оны жеңу, игеру, қоян-қолтық қауышу; табиғаттан бірлескен күшпен қажет нәрсені алу; жаудың жыртқыштығы мен зұлымдығынан қорғану, оны жеңу; рухани жағынан қанаттану; өнерді, ғылымды, білімді игеру т.б. Осының бәріне саналы түрде жұмылу, ұйымдасу, бірге шабуылдау, бірлесіп шегіну, ақыл-парасатқа, саясат пен заңмен басқаруға негіздеу еді. Ұйымдасқан үлкенді-кішілі қауымдастықта ғасырлар тезінен өтіп, шыңдалған, жетілген, байытылған өмір тәжірбиесін, ұлы дәстүрлер мен салт-сананы көреміз. Соның бірі-европалық тілмен айтқанда, демократия. Қазақ табиғатына аударсақ, демократия дегеніміз-әркімнің қауымдағы орнын таба білу, қабілетіне қарай сұрыпталу, барлық адамды теңдей көру, өзін-өзі басқару(1)

Бірақта қазақ халқының қиын тарихы дала демократиясының бағын баянды етпеді. Орыстардан бодандық сұрау, жоңғарлардың ауыр салықтарына көну амалсыздан туған, аз шығынмен құтылатын саясаттың тактикасы болды. Билер шешімі мерзімді уақыт аралығында болса да шапқыншылықтан әбден титықтаған, халықтың аман қалған бөлігін сақтап қалуға бағытталды. Билердің дипломатиялық тактикасы стратегиясына бағындырылған, жарлығы халықтың, мемлекеттің түпкі мүддесін сақтап қалуды көздеген ниеттен туған, сол себепті шиеленіскен, тағдыр таразыға түскен мәселелерді әлеуметтік әділдік жолмен шешті. Орыс зерттеушілері А.Левшин П.Маковецкий, Л.Баллюзек және т.б.қазақ билерінің саясаттылығы, әлеуметтік мәселелерде әділ, парасатты шешімдерін ризашылық сезіммен, құрметпен атап көрсеткен.

Билердің саяси тұлғасының тарихымызда алатын орны туралы көркем әдебиет пен ғылыми зерттеулерде айтарлықтай қарастырылған. Өз уақытында ұлы Абай, Шәкәрім, Ш.Уалиханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхаметұлы, Ә.Бөкейханов, М.Әуезов және басқа да даналарымыз қазақ даласындағы демократия туралы, оның ішінде билер институтының ерекшелігі мен маңызы турасында пікірлерін айтып, көпшілікке жеткізуге тырысты.

Сонымен қатар қазақ халқының дәстүрінде азаматтық қоғам құндылықтарына ұқсас әдеп-ғұрыптар да жетерлік. Мәселен, қайырымдылық пен имандылыққа бағытталған обал-сауап түсініктері, кеңесшілік орган-ақсақалдар алқасы, ерікті түрде қоғамдық істерді атқаруға жиналу түрі-асар, қауымдастық ішіндегі бір адамның басына қиын іс түскенде қауым болып қол ұшын созып, материалдық ерікті көмек беру-жылу жинау, қызыл көтеру сияқты игі дәстүрлер қазақ қоғамындағы ынтымақтастыққа бастау болған.

Ру-тайпалардан құралған байырғы қазақ даласы құрылымы жағынан да түрлі қауымдастықтар мен бірлестіктерден тұратын өзіндік бір азаматтық қоғам іспетті. Ә.Н.Назарбаевтың тұжырымы бойынша, көшпенділерде үлкен әлеуметтік және саяси күш әлеуметтік өзіндік негізгі формасы- рулар мен тайпаларға түсті. Мәселен, қазақтар малына жеке меншік ете алғанмен, жерді тек ұжымдық түрде ғана пайдаланды(2)

Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылысын отандық зерттеушілер ежелгі қытай, парсы, түркі тарихшыларының еңбектеріне сүйене отырып жеті сатыға бөліп көрсетеді.

Бірінші саты-ауыл. Ол қазақ ұлтының ең негізгі қоғамдық ұйымы, ең жақын қандас он-он бес отбасынан тұрады. Әр ауыл басқаратын адам-ауылбасы. Ауылбасы әдетте өмір көрген, саяси беделге ие, едәуір дәрежедегі ауқатты адам. Оның атқаратын міндеттері- ауылдастарының шаруашылығын басқару, маусымдық көшіп-қону уақытын белгілеу, адам мен көлік күшін дұрыс пайдалану, дау-дамайды әділ шешіп отыру, түскен салықты уақытында төлеу, жоғарыдан келген жарлықты орындау. Осының бәрін ол халықпен ақылдасып шешеді. Екінші саты-аймақ жеті атадан қосылатын бірнеше ауылдан құрылады. Мұның басшы адамын ақсақал деп атайды. Ақсақал өте жоғары мәртебеге ие адам, ортадан жоғары жастағы адам болуы керек. Үшінші саты-ру. Ру он үш-он бес аймақтан тұрады. Басшысы-рубасы. Төртінші сатысы-арыс. Ол бірнеше рулардан тұрады. Оның басшысы би блған. Бесінші саты- Ұлыс. Ол бірнеше арыстан құралады. Ұлыстың билеушісі –сұлтан. Алтыншы саты- жүз. Жүз бірнеше ұлыстардан құралады. Жүзді хан билеген. Жетінші сатысы- хандық. Ол үш жүзден тұрады. Хандықтың ең үлкен әміршісі-қаһан. Ұлы хан, яғни хандардың ханы(3)

Отырықшы қоғамдардың саяси жүйесі негізінен таптық жіктелуге негізделсе, көшпелі қоғамдарда әлеуметтік жіктелу анағұрлым күрделі жүрген. Отырықшы қоғамдарда мемлекет белгілі бір таптардың түрлі мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жолында пайда болса, көшпелі қоғамдағы мемлекет белгілі бір шаруашылық аумақты әлеуметтік-саяси қауымдастықтың бірлесе пайдалануы процесімен тікелей байланысты.

Питрим Сорокиннің ойынша, көшпелі қоғамның шаруашылық-экономикалық және саяси ерекшелігі айналып келгенде бір ғана өркениеттілік факторға –көлбеу(горизонтальды) қарым-қатынастарға негізделген әлеуметтік байланыстарға тәуелді десе болады(4)

Бұл тұрғыда билер институтының дәстүрлі қазақ қоғамындағы тарихи қызметін зерттеген А.Оразбаева да оның негізгі үш саланы қамтығанын көрсетеді:

- қоғам ішіндегі көлбеу (горизонтальды) қарым-қатынастарды реттеуші әлеуметтік құрал- бұл билер институтының әлеуметтік өлшемі;

- қоғам мен оның мемлекеттік жүйесі арасындағы жоғарғы-төменді(вертикальды) қарым-қатынастарды реттеуші саяси құрал-бұлар билер институтының саяси өлшемі;

- қоғамның дәстүрлі рухани мәдениетін сақтауды, жаңартуды және одан әрі дамытуды қамтамасыз етуші мәдени және рухани құрал - бұл билер институтының идеологиялық өлшемі(5)

Азаматтық қоғам жағдайында да алдыңғы орынға көлбеу қатынастар алдыңғы орынға шығады, сол арқылы сан түрлі әлеуметтік топтар мен мүдделес адамдар бірлестіктерге бірігіп, өздерінің мұң-мұқтаждарын, талап тілектерін саяси жүйеге жинақтап білдіреді, мемлекеттің көмегінсіз-ақ оларды шешуге талпынады. Ал ежелгі қазақ қоғамында бұл мәселе өте оңтайлы шешімін тауып отырған. Оның бірден-бір көрнісі-асар.

Асар-көпшіліктің жәрдемін пайдалану дәстүрі. Үлкен бір жұмысты (шөп шабу, егін ору, үй соғу, т.б.) тез бітіру үшін ұйымдастырылады. Асар жасаушы адам алдымен жұмыс түрін, орындалатын уақытын айтып, ағайын туғанға, жора-жолдасқа хабар беріп, молынан тамақ дайындап, асарға шақырады. Қолғабыс тигізуге келгендер еңбегіне ақы алмайды, қонақасымен қанағаттанады. Халық арасына кең тараған бұл салттан асар делінуі де содан болса керек(6)

Қазіргі заманғы демократияның проблемаларымен айналысушы ғалымдар еріктілікті азаматтық қоғамның маңызды көрсеткіші деп біледі. Еріктілер немесе волонтерлер қандайда бір жолмен өзге адамдарға көмек беру ісіне, қоғамдық пайдалы жұмысқа қатысушылар, және де олар бұл мақсатта атқарған еңбектеріне ақы сұрамайды. Мысалы АҚШ-та жылдық табысы 20мың долларға дейінгі американдықтардың үштен бірінен астамы, 40-100мың доллар жылдық табысы барлардың 60% астамы 100мың доллардан астам табысы барлардың 69.4% ерекшелікпен айналысады екен(7)

Демократиялық мемлекеттердің көбінде азаматтардың әлеуметтік, ерікті белсенділігі әдеттегі тұрмыстық деңгейден асып түсіп, қоғам үшін өзекті мақсаттарды алдына қоятын бұқаралық қозғалыстарға, үкіметтік емес ұйымдарға, түрлі ассоциацияларға ұласып жатады. Бұл қазіргі замандағы азаматтық қоғамдағы даму заңдылықтарының біріне айналып отыр. Ал оның қайнар көзінде жатқан еріктілік-волонтерлік біздіңше асар түрінде ежелгі қазақ қоғамында өзінің көрнісін тапқан.

Ал еріктілікті түпкі мәнінде қайырымдылық жасау жатыр. Дамыған елдерде коммерциялық және коммерциялық емес секторлардың ынтымақтастығын бұқара халық пен кәсіпкерлер маңызды әрі өзара тиімді деп бағалайды. Бизнес үшін бұл имидж және тұтынушылықтың өсуі, ал үкіметтік емес ұйымдар үшін өздерінің миссиясын атқаруға қажетті ресурстар мен даму. Аталған екі сектордың серіктестігі мемлекет үшін әлеуметтік салаға салықтық түсімдерден өзге де қосымша қаражаттарды тартуға септігін тигізеді. Әдетте бұл коммерциялық емес бағдарламаларға демеушілік қолдау көрсету, қайырымдылық жасау арқылы жүзеге асып нәтежиесінде корпорациялар қоғамдық сектордың жағымды образын өздерінің жарнамалары мен коммерциялық іс-шараларына пайдаланады, сол арқылы өздерінің ұстанымдары мен шығаратын өнімдеріне тұрғылықты халықтың сенімін арттырады. Үкіметтік емес ұйымдар тұрғысынан келсек, демеушілік бизнеске ерекше қызмет аясын ашады-филантроптық қызметпен айналысуға мүмкіндік туғызады, қайырымдылық жасауға деген адами мұқтаждықты қанағаттандырады.

Енді осы азаматтық қоғамдағы өзекті болып отырған қайырымдылық бұрыннан бері қазақ қоғамында қандай қырынан көрінді? Бұған жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қазақ халқында жылу жинау дәстүрі бар. Жылу-дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауыр тұрмыстық жағдайға душар болған адамға көрсетілетін жәрдемнің бір түрі. Мұндай жәрдем жұт болып, малы қырылғанда, үй-жайы өртеніп, баспанасыз, киімсіз қалғанда шектен тыс қарыздар болғанда жеке адамға туған туыстары, көрші-қоландары, ауылдастары тарапынан көрсетіледі. Жылу ақшалай, заттай, мал т.б. түрінде беріледі. Жылу ағайын ақсақалы немесе ауылдың беделді адамының айтуымен жиналады(8)

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар үшін төрт түліктің қадірі қаншалықты зор екені айтпасада түсінікті жайт. Қазақтың етсіз, сүтсіз күнелтуін көзге елестету қиын. Әсіресе күзгі, қысқы боран мен көктемгі өліарадан соғымға ірі қара малды сою дәстүрге айналған. Алайда жазғы күннің ыстығында немесе қажеттен тыс, ойламаған жерден ірі қара мал пышаққа ілінген жағдайда етін рәсуа етіп бұзылмауы үшін қазақтар «қызыл көтеру» арқылы қиындықтан шығып отырған. Ірі мал он екі жілікке бөлшектелініп, бағасына келісе отырып бөліске түскен. Бұл зардап шегушіге де қол ұшын берушіге де өзара тиімді болған. Біз бұдан қазақ халқының дүние танымында обал мен сауап деген қасиетті түсініктердің алдыңғы орында тұратынын байқаймыз.

Көріп отырғанымыздай, қазақ жерінде ежелден-ақ азаматтық қоғамның көрністері мен құндылықтары болған. Сондықтан да адамзаттық қоғамды тек батыстық демократияда туындаған ұғым деп қарау жаңсақтық. Азаматтық қоғамның дәл қазіргідей жетілген формалары көшпелі қазақ жерінде орнамаса да, ата-бабаларымыз өздерінің тұрмыс-тіршіліктерінде оның басты принциптерін ұсынған. Қазақ ұлтының саяси мәдениеті өте бай, оған терең үңілсек, құндылықтары бүгінгі заманның талаптарын қанағаттандырарлық. Ал бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуы үшін тек оның батыстық үлгілеріне ғана талпынғанымыз аздық етеді, біз әлі ашылмай жатқан, қолданылмай келген тылсым әлеуетті-өзіміздің ұлттық болмысымызда, төл мәдениетіміз бен дәстүрімізде бар азаматтық қоғам принциптерін де барынша саяси процеске енгізуіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назыханов К. Дала демократиясы / Ақиқат-1995 №10-12 бет.
2. Нысанбаев А.Н. Историческая практика защиты прав и свобод человека в Казахстане / Мысль 7-1999-№ 4 –С.12.
3. Назыханов К. Дала демократиясы / Ақиқат- 1995. -№10-11бб, Әлдибеков Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық жиналысы (құрылтай) және билер кеңесі-парламенттік демократияның алғашқы үлгісі . Ата заңдар. Құжаттар, деректер және зерттеулер. 2 том. Алматы: Жеті жарығы, 2004- 672.б
4. Соркин П.А. Человек. Цивилизация. Общество. М. 1992. С.297-299.
5. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы. Дайк Пресс, 2004- 206 б
6. Қазақ Совет энциклопедиясы. 1-том. -Алматы:1972. -502 б; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 Том. Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 1998. -474б.
7. Городецкая И.Е. Добровольчество и благотворительность в США/ Политические институты на рубежа тысячелетий. Дубна. 000 «Феникс» 2001-С. 219-220.
8. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4 том. Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 2002.-124б

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада көшпенді халқымыздың өміріндегі азаматтық қоғамның дамуы және дәстүрлі қазақ ұлттық мемлекетінің даму үрдісіндегі далалық демократияның қалыптасуы туралы және оның айқын көріністері жайлы мәселелер қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается развитие гражданского общества в жизни кочевников или становление степной демократии в процессе формирования традиционной казахской национальной государственности. Как показывает анализ развития традиционного казахского гражданского общества по своему специфична и имеет свои ценности. Имеются колоссальные различия, заключающиеся в национальных особенностях и менталитете. Однако анализ формирования гражданского общества и традиционном казахском государстве безусловно, имеют общее методологическое значение для разработки проблем деятельности общественных организаций Казахстана в частности, и новых подходов к проблеме развития гражданского общества в условиях глобализации в целом.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ТАРИХ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Кусаинова Р.Т.-доцент. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Оқыту үрдісінде қандай да бір әдіс, тәсілді, не оқу құралын пайдаланудың маңызы дегенде кемі мына үш міндеттің орындалу сапасы ескеріледі. Олар: білімділік, тәрбиелік және дамытушылық. Бұл жөнінде осы жұмыстың кіріспесінде қысқаша айтылды, келешекте де айтылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, көркем әдебиет оқушының көркемдік-эстетикалық талғам-түсінігін де одан әрі дамыта түседі. Тарихты оқытуда әдеби шығармаларды қолдана білу- тарихи шындықты жете ұғынып, таптық езгіні мейлінше жек көруге, өзінің азаттығы мен бостандығы жолында күрескен халықтың ерлік істеріне сүйсіне қарауға үйретеді. Мәселен, М. Әуезовтің «Абай жолы» романы оқушыға ХІХ ғасырдағы қазақ еңбекшілерінің жай-күйі, тұрмысы, кәсібі, тұтынған бұйымы, салт-санасы туралы жан-жақты түсінік береді.

Белгілі әдебиетші-ғалым М.Базарбаев осы роман туралы былай дейді.

«Абай жолы- халықтың елдігі мен адамгершілік бейнесін танытатын роман. Салт, сана, халықтың мінез-құлқы, өнеге-дәстүрі, бүтін рухы басқа бірде-бір шығармада дәл мұндағыдай терең ашылған емес. Талантының ерекше қуатымен ол халқының бейне образын қайта өрбітіп, оны бүкіл әлемге паш етті. Және осы мақсаттың нысанасы етіп үлкен жүректі ақынның тағдырын алды. Бұл кездейсоқ емес еді, халық жүрегіне қоғамдық, көркемдік көрінісіне сүйену керек болды. Тек сонда ғана объективті, жан-жақты қамтылғандәл де нақтылы нәтиже күтуге болушы еді. Мұхтар Әуезов тап осылай істеді».

ХІХ ғасырдың 60-жылдарындағы реформаның қазақ елін жаңаша басқару мен оны отарлау тәртібін нығайтқанын, жергілікті әкімдер мен бай-феодалдардың

отаршыл өкімет билушілерімен ауыз жаласып, таптық негізін күшейткендігін ұғыну үшін Абайдың «Болыс болдым мінеки» өлеңін мысалға келтіруге болады.

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап,
Әлсиздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап...
Съезд бар десе жүрегім,
Орнықпайды сыр бермей,
Құр күлемінжымындап.

Сол кездегі ел билеушілердің өкілі ретінде Күленбай бейнесін келтіріп, болыстардың типтік образы арқылы оқушының көз алдына қанаушылар тұлғасын елестетуге болады. Қазақстан тарихын оқытуда тарихи-көркем әдебиетті пайдалану бәрінен бұрын оқушының тарихи фактіні ойына ұзақ сақтауына әсер етеді. Өйткені тарих қоғамдағы құбылыстарды нақты деректермен дәлелдеседе, тарихи-көркем әдебиет сол фактілерді бейнелі елестетеді. Сөйтіп тарихи деректі оқушының жай бір өтіп кеткен іс, оқиға факті ретінде емес, адам тағдыры, оның басынан кешкен сан қилы оқиғалар ретінде түсініп, оған теріс мән бере тебірене қарауына ықпал туғызады.

Оқушының білімі үнемі дамып, жетіліп отыратын құбылыс. Ал бұл өзгеріс оқытудың тәсілі мен түрлі ықпалдық әрекетте еріне байланысты дами береді. Сондықтан оқушылардың білімді неғұрлым сапалы меңгеріп, тарихи деректерді терең түсінуінде көркем әдеби шығармалардың мәні орасан зор. Ол оқушыға тарихи оқушыларға мен тарихи адамдардың сыртқы түр, сипатын ғана білгізіп қоймайды, олардың өмірлік мәні мен әлеуметтік негізін жүйелі түрде терең, жан-жақты ұғынуына жәрдемдеседі. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда пролетариат бой көрсете бастаған кезде өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың ауыр тұрмысын, орыс және қазақ жұмысшыларының езушілерге қарсы ортақ күрестегі мүдделерін көрсетуде Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романынан мысалдар келтірген жөн. Әсіресе Оралдан азып-тозып, Қарағандыға қашып келген жұмысшылардың ауыр тұрмысын суреттеген тұстары оқушылардың революциядан бұрынғы жұмысшылар тұрмысын тереңірек тұстарын түсінуге жол ашады. Өндіріс орындарындағы сол бір күйбең тіршілік пен оның ұсқынсыз көрінісі оқушылардың зығырданын қайнатып, зомбылыққа, үстемдікке қарсы өшпенділігін өршітеді. Сөйтіп оқушының ақыл-ойы мен түйсіну сезімдері тұтаса келіп, оны іздеуге талаптандырады. Жеке образдың төңірегіне топтастырылған сипаттар арқылы оқушы тарихи мәселенің ішкі сырына үңіліп, оны тереңірек біле түседі. Оқушы реалистік тарихи көркем әдебиеттегі жеке кейіпкердің типтік бейнесі арқылы тарихи деректердің сырын жан-жақты аңғарады, да оны тереңірек зерттеуге талпынады. Демек оқушы әдебиеттегі нақты суреттеулер арқылы тарихи фактігі, тарихи деректер негізінде тарихи суреттеулерге мән беріп, олардың арасында іштей қабысып жатқан заңдылықтар туралы өзіндік топшылаулар жасайды. Мәселен, Қазақстанның халық шаруашылығын қайта құруға байланысты ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру кезіндегі қастандық әрекеттерді және олардың ішкі мәнін аша түсу үшін Б.Майлиннің, Ғ.Мүсіреповтің осы тақырыптағы әңгімелерін пайдалану оқушылардың бұл мәселеде өздігінен ізденісін оятады. Қазақстандағы қателіктер мен асыра сілтеушіліктер, оларды түзетуге бағытталған шаралар туралы тарихи деректер мен әдеби суреттеулерді салыстыра отырып, оқушы сол кезеңнің сырына қаныға түседі.

Тарихи-көркем әдебиет тарихи дәуірдің қоғамдық саяси сипатын, сол дәуірге тән материалдық жағдайды оқып отырған тарихи кезеңдегі оқиғаның даму

барысын дұрыс түсінуге көмектеседі. Оқушы типтік бейнелерді білу арқылы тиісті дәуірдің тынысын, заман келбетін терең де жан-жақты сезініп, айқын тануға мүмкіндік алады. 1916 жылдың қарсаңындағы қазақ еңбекшілерінің жағдайы мен ұлт-азаттық көтерілісі, көтерілістің себептері, қозғаушы күштері, сипаты мен барысы, кеңес өкіметінің орнауы Ғ.Мұстафиннің «Қрағанды», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Х.Есенжановтың «Ақ Жайық», З.Шашакиннің «Тоқаш Бокин» романдарында шебер бейнеленген. Мұндай көркем туындылар оқушы ойын тарих сырына тереңірек бойлаттырып, сол кезеңдерді жете саралауына мүмкіндік береді.

Белгілі бір тарихи дәуірдің ақиқат шындығын жеткізетін тарихи-көркем әдебиетке ден қою оқушының қоғамдағы, өмірдегі өз орнын терең түсініп, оны құрметтеп, бағалай білуіне ынталандырады, рухани өсуіне де әсер етеді. Әлбетте, көркемдікті, образдылықты таңдаудағы жас ұрпақтың білім дәрежесі неғұрлым жетілген болса, оның тағылымдылық сипаты да соғұрлым жоғары болмақ. Егер оқушы тарихимәселені терең, дұрыс түсінген болса, тарихи-көркем әдебиетте суреттеліп отырған қоғамдық қайшылықтарды, таптық тартыстар мен теңсіздіктерді ғылыми түрде ұғынып, оған орынды түрде талдау жасау керек. Мұның өзі тарихи фактіні саналы ұғынумен бірге, оқушыда ғылыми көзқарасты қалыптастырады. Республика тарихын оқытуда ретті пайдаланған тарихи-көркем әдебиет оқушылардың тарихи кезеңді терең түсініп, қоғам мүшелерінің арақатнастарын кеңінен талқыланып, тарихи процестерді тек шежіре ретінде ғана біліп қоймай, оның өмірлік маңызы бар күрделі мәселе екенін жан-жақты ұғынады. Бұдан бүгінгі өмірге байланысты тұжырымдар шығарып, моральдық-адамгершілік тәлім алады.

Тарихи әлеуметтік оқиғаларды, тиісті дәуірдегі адамдардың психологиялық қарым-қатнастарын көркем әдебиет образбен жеткізіп, жазушы оның ішкі сырын терең ашқан болса, мұның өзі оқушының рухани дамуна ықпал етеді. Ал мұндай ықпал адамның сенімін, мінез-құлықын, көзқарасын, адамгершілік сапаларын қалыптастыруда шешуші мәнге ие болады.

Қазақстан тарихын оқытуда үйлесімді пайдаланылған тарихи-көркем әдебиет оқушының өз халқына, оның алдыңғы қатарлы дәстүріне деген сүйіспеншілікке, оны құрметтей білуге тәрбиелейді. Мәселен, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы таптық күрестің шиеленісуін, Исатай Таймановтың басшылығымен болған 1836-1837 жылдардағы шаруалар көтерілісінің мәнін жеткізуде Махамбет жырларын және Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романын пайдалану оқушының еңбекші халыққа деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін оятады, өзінің азаттығы жолында күрескен халықты құрметтеп, олардың ерлік дәстүрін мақтан тұтуға оқушыны ынталандыра түседі. Еңбекші халықтың бостандығы жолындағы Исатай, Махамбет, Аманкелді сияқты батырлардың революциялар мен азамат соғысы ардагерлерінің ерлік күресі жайлы жазылған тарихи-көркем әдебиеттен оқушы тарихи ақиқатты танып, олардың ерлік істерін, патриоттық дәстүрін өздеріне өнеге тұтады. Ұлы Отан соғысының жауынгері әрі жазушы Баубек Бұлқышев «Өшпес өмірге» деген еңбегінде жазғандай өзін патриоттық, интернационалдық ерлік іске тәрбиелеген әдебиет және оның кейіпкерлері екені, оны мақтан ететіндігі мұның айғағы. «Біз ерліктің екі бірдей мектебінен тәлім алдық. Біз Шығыстың Қобыланды, Тарғын сияқты батырларынан ерлікті бір үйренсек, бауырлас орыс халқының қолбасшылары. Кутузовтардан екіншіні үйрендік. Біз Исатай мен Махамбеттің, Аманкелді мен Абайдың халқының бауырларымыз...» деп «Комсомольская правда» газеті арқылы әлемге жар салып, туған халқына деген сүйіспеншілік пен орыс халқына деген интернационалдық достықты ту етіп ұстады. Сөйтіп, патриот

жауынгер-жазушы неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте, Отанның азаттығын қорғау жолында, бүгінгі ұрпақтың бақыты үшін жанын пида етті.

Аға ұрпақтың ерлік істері оқушының мақтаныш сезімін оятады. Олардың қаһармандыққа толы ерлік істері оқушыға неғұрлым түсінікті, әсерлі, дұрыс жеткізілсе, ол соғұрлымжас ұрпақтың Отанына деген сүйіспеншілігін, интернационалдық сезімін арттыра түседі. Зорлық-зомбылық пен қанаушылыққа қарсы бітіспес күрестің мәнін терең ұғындырады. Сонымен бірге оқушыны қырағылыққа баулып, белсенді күрескер болуға үндейді. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда пролетариаттың қалыптасуын және орыс пен қазақ жұмысшыларының интернационалдық достығын көрсетуде «Оянған өлке» романындағы Елизавета Быкова, Шило қарт және Бұланбай, Байжандардың арасындағы татулықты келтіру өте үйлесімді. Ал «Қазақстан Совет Одағының Ұлы Отан соғысы жылдарында» деген тақырыпты өткенде совет халқының интернационалдық достығына көңіл аудара отырып, «Қазақ солдаты» романындағы Қайрош пен Володия Толстовтың суға батып бара жатқанда суға менк етсем де сен аман бол деп, бірін-бірі құтқарғысы келіп, жасаған қамқорлықтары өте айқын факті. Сондай-ақ партизандар қозғалысы және оған қазақстандықтардың қатысуын баяндауда Ә.Шәріповтің «Партизан қызы», Қ.Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» тарихи-көркем шығармаларын пайдаланудың тәрбиелік мәні орасан зор.

Қазақстан тарихының кейбір кезеңдерін суреттеуге арналған тарихи-көркем әдебиеттің басым көпшілігі кеңестік дәуірде жазылған туындылар. Олардың негізгі идеялық мазмұны еңбекші халықтың бостандық пен адамгершілік, ар-ождан жолындағы ерлік күресіне арналған. Сол себептен де оқушының тарихи күрделі қарым-қатнастарды көркем әдебиетте суреттелген нақты кейіпкерлер арқылы терең де жан-жақты танып, аға ұрпақтың өнегелі іс әрекетінен үлгі алып, одан үйренудің тәрбиелік мәні арта түседі. Үйренудің, білудің нәтижесінде оқушы өз өміріне терең үңіліп, суреттеліп отырған тарихи игі істерден өнеге алады, қоғам адамына тән мінез-құлық сипаттары – гуманизм, патриотизм, достық пен интернационализм, адамгершілік сапа, саналы тәртіп, адамды құрметтеу, оған қамқорлық жасау, еңбеккерлік сияқты қаситтерді бойына қалыптастырады.

Сонымен көркем әдебиет, әсіресе тарихи-көркем әдебиет оқушының тарих пәнінен игеретін білімнің сапасын жетілдірумен қатар, сезіміне, түсінігіне әсер етіп, тәрбиелік ықпал жасайды. Оқушы әдеби кейіпкер, образ арқылы өткен өмірге, тарихи істерге, тарихи шындыққа үңіліп, оны терең танып, ол жөнінде ойланып-толғанып, тиісті тұжырым жасайды. Білім, тәлім-тәрбие алады.

Тарих пәніне байланысты көркем әдебиетті қисынды пайдалану тек оқушы үшін ғана керек десек, бұл сыңар жақты түсінік болар еді. Шындығында мұғалім үшін де қажет. Көркем әдебиет мұғалімнің тарихи мәселені түсіндіруге ойын тартымды да көркем тілмен, көңілге қонымды баяндауына қолайлы жағдай туғызады. Көркем әдебиет оқушының да, мұғалімнің де сөздік қорын дамытып, пікірін нәрлендіріп, ойын оралымды баяндауына көмектеседі. Қазақстан таихын оқытуда ретті пайдаланылған көркем әдебиет оқушының қазақ халқының тарихи өткен жолын, басқа халықтар мен тарихи қалыптасқан достығын, әлеуметтік және ұлт-азаттығы, тәуелсіздік жолындағы қаһармандық күресін Ұлы Отан соғысындағы жеңістерге қосқан үлесін, еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетін одан әрі дамытуға сіңірген ерлік еңбегін терең біліп, оны үйреніп, тәлім алуына ерекше ықпал етеді.

Білім – табиғаттағы, қоғамдағы заңдылықтард, құбылыстарды, қарым-қатнастардың ақиқат шындығын тану және олар туралы аамдардың ұзақ жылдар бойында жинақталып, тұжырымдалған ұғымдарын факті, оқиға, рпринцип,

хандарға сүйене отырып, меңгеру деп түсінеміз. Ал білім өз-өзінен меңгеріліп, қабылдана салмайды, ол жан-жақты ойлануды, еске сақтауды. Оны игеруге бағытталған ақыл-ой әрекеттерін орындауды талап етеді. Әсіресе тарих пәнін оқытуда шәкірттердің білімін өсіріп, қабілетін жетілдіре түсуде, дүниетанымын өрістетуде көркем әдебиет оқушылардың белсенділігін арттырады. Көркем әдебиеттің басқа да білімдік, тәрбиелік рөлін ескере келіп, жалпы диалектика, психология ғылымы оқушының ақыл-ой, таным-түсінігін жетілдіруде, ғылыми көзқарасын қалыптастыруда тарихи көркем әдебиеттің рөлін өте жоғары бағалайды. Шынында да жоғары сынып оқушылары сабақтан шаршағанына, үй тапсырмасының көптігіне қарамастан жоғары класс оқушылары көркем әдебиетке аса қызығады, әсіресе олар кеңес елі жазушыларының «тарихи-көркем шығармаларын құмарта оқиды».

Тарих пәнін орта мектепте оқыту әдістемесі саласындағы ресейлік белгілі авторлар Н.В.Андреевская, В.Н.Бернадский, М.А.Зиновьев, П.С.Лейбенгруб, А.А.Вагин, Н.В.Сперанская, В.Г.Карцев, Н.Г.Дайри т.б. әдіскерлер оқытудың психологиялық және педагогикалық негіздеріне сүйене келіп, тарихты оқыту саласында көркем әдебиетті пайдаланудың білімділік, тәрбиелік мәні зор екенін жан-жақты дәлелдеп берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов К. Қазақ ССР тарихын оқытуда көркем әдебиетті пайдалану. Алматы, 1989.
2. Тұрлығұл Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқыту теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2003.
3. Базарбаев М. Әдебиет ардагері. 1997.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тарихты оқытуда көркем әдебиетті пайдалану әдістері жайында айтылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об методике использования художественной литературы в преподавании истории.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

РОЛЬ КОЛЕСНОГО ТРАНСПОРТА НА ТЕРРИТОРИИ ЕВРАЗИИ В ДРЕВНОСТИ И СРЕДНЕВЕКОВЬЕ

Байганатов М.К. - научный сотрудник (г. Алматы, ЦГМ РК)

Известно, что человек в окружающем мире видит в основном движение. Поэтому идея создания колеса, соединяющего вращение обода с поступательным движением оси, была далеко не очевидной и требовала немало изобретательности.

Испокон веков люди перетаскивали грузы. Гладкий предмет волочить легче – это выяснилось быстро. Так родились салазки. Человек догадался подложить под них бревна-катки: так было быстрее. Если бревно обжечь, чтобы оно было в середине уха, чем по краям, тогда груз не соскользнет. Следующий шаг – профилирование: широкий край бревна становится все тоньше, пока не отделяется от середины. Вот оно – первое колесо! Наконец неизвестный

изобретатель сделал ступицу, в нее вставлялось вставшая неподвижной ось. Оставалось закрепить платформу – и повозка готова.

Изображение салазок с колесиками (3000г. до н.э.) найдены в Междуречье в шумерском городе Урук. К 2700 г. до н.э. там же появляются рисунки повозок. В это же время шумеры начинают хранить своих царей вместе с колесницами.

На Востоке начинало распространяться образ колеса как символа солнца и власти. Хетты клянутся колесом; в индийском эпосе бог Индра похищает колеса у бога солнца Сурьи; у иранцев Небесное Колесо – оружие богов. Такое ассоциативное мышление понятно: солнце – круглое и могущественное, колесо – тоже круглое и дарит человеку скорость, а ней преимущество в бою и борьбу за власть. Современному человеку, привыкшему к быстрой езде, не понять, как скорость в 25-30 км/ч пьянила пешее дотоле человечества. Хотя лошадь приручили на тысячу лет позже, и повозку еще долго таскали онагры – азиатские ослы /1,с.25/.

Но как деревянное колесо могло появиться в Месопотамии, отнюдь не изобиловавшей лесами. Подходящие материалы были на востоке Турции и на севере Ирана. Эти области и считали родиной колеса. Быстро катясь по свету, колесо почти одновременно с Месопотамией попадает на север. Древние захоронения с повозкой были найдены у Элисты в Калмыкии. А дальше, в степи, ему уже не было границ: следующее древнейшее колесо было найдено в селе Герасимовка Оренбургской области /2,с.100/.

В середине III тыс. до н.э. деревянное колесо оборачивали в кожу, а к 2000г. до н.э. стали забивать в обод медные гвозди острием наружу – для лучшего сцепления с землей. Колеса были сплошные, но уже не были вырезанные из цельного ствола, а составные, сколоченные из трех частей. Такую древесину найти было легче. Примерно тогда же люди приручали лошадей, и повозки разделялись на быстрые конные двуколки – боевые колесницы и экипажи правителя – и двухосные телеги с впряженным волком – для хозяйства.

Повозка постепенно передвигалась на восток через степи Азии от одних племен к другим (слово «телега» - монгольского происхождения). Это фиксируют наскальные рисунки Южной Сибири. Кочевники-скотоводы делали большие крытые повозки – дома на колесах. К середине II тыс. до н.э. колесо докатилось до Китая эпохи царства Инь.

Слова «коло» и «рото» - колесо - были в индоевропейском, общем предке германских, славянских, романских, иранских языков. Значит, возможно, они возникли на прародине индоариев – в восточной Турции и северном Ираке в III тыс. до н.э. Именно отсюда начинается расселение племен, включая великую миграцию индоариев в Европу /3, с.115/.

Ученые до сих пор спорят, каким все-таки маршрутам они продвигались: из Малой Азии на Балканы, или через Причерноморские степи в Венгрию, через Среднюю Азию – или же всеми этими путями одновременно? В любом случае, их победоносные шествия были в немалой степени обеспечены военным успехом колесниц. По ходу миграции совершенствовалось и само колесо. У того, колеса, что к 2000г. до н.э. доехало до нынешней Голландии, уже имелись спицы и обод.

Научились «обувать» обод металлом, а через пару веков, ко времени Троянской войны, колесница была почти целиком металлической. На таких колесницах сражались гомеровские герои. Ими восхищался библейский пророк Наум: «По улицам несутся колесницы, гремят на площадях; блеск от них, как от огня; сверкают, как молния». Усовершенствование повозки продолжается и в последующий период. Две оглобли вместо одной видны на рельефе ассирийского царя Ашшурнасирапала II (850 тыс. до н.э.). А на другом краю земли, в датском

Дьерберге наскальный рисунок (1 век до н.э.) изображал повозку с подвижной передней осью: до нее телеги были крайне неповоротливы. В Риме они такими и остались. Кстати, воевавшие с варварами-кельтами римляне строили лучшие в мире дороги, но почти не занимались транспортными средствами, за исключением того, что научились около 100 года до н.э. запрягать конец цугом. Однако в быту по-прежнему использовались тяжелые колеса без спиц, и Вергилий называет телеги «скрипучими» и «стонущими», хотя ступицы смазывали жиром или дегтем. Эти повозки разбивали дорогу, и в 50 году до н.э. был принят первый закон, ограничивший нагрузку на одно колесо до 250кг. Зато у римлян колесо заработало в водяной мельнице и в лебедке /4, с.50/.

За три тысячи лет своего вращения колесо перевернуло жизнь почти всего Старого Света. А вот до Африки южнее Сахары, до Юго-Восточной Азии и, по понятным причинам, до Австралии так и не докатилось. Приплыв в Америку, испанцы были поражены тем, что инки не знали колеса. В Новом Свете не было крупного скота, за исключением лам, и инки надрывались на волоке. А ацтеки использовали колеса лишь в игрушках.

Впрочем, заметим, что есть и иная гипотеза изобретения колеса. Горшки – неказистые и кособокие – люди лепили еще за 6000 лет до н.э. Но появился гончарный круг – и вид посуды резко улучшился. А гончарный круг – это колесо, положенное набок. Кто у кого заимствовал идею, возница у гончара или наоборот? А вдруг окажется, что всеми переселениями народов, прогрессом транспорта и вообще всеми изменениями в облике планеты мы обязаны были безымянному гончару, упрямо добивавшемуся, чтобы его горшки были ровными?

Новые находки эпохи бронзы на склонах урочища хребта Каратау, петроглифы Кошкар-аты на больших камнях были обнаружены редкие рисунки: колесницы с возницами, повозки и колесницы, запряженные верблюдами, солярные изображения с головами в форме диска. Данные гравюры располагались на нескольких возвышенностях.

По исследованиям авторов сюжеты наскальных рисунков в данном районе были схожи с петроглифами из Койбагара: на фрагментах выбиты колесницы, различные знаки, в том числе солярных знаков в форме круга, овала, колеса, двух колец, соединенных прямой, реже ломаной линией.

Также авторы приводят несколько рисунков представляющий особый интерес, поскольку встречаются в Каратау впервые: на одном из камней изображена повозка и очковидной формы знак, из них одно кольцо является четвертым колесом повозки. Слияние знака и колеса еще раз дает повод сопоставить рисунки колесниц и повозок с культом солнечной колесницы.

Изображения кольца расположено выше повозки. Относительно смысла и назначения этого знака выдвигались разные гипотезы. Краеведы видели в нем ловчие петли, археологи связывали его с солярным символом.

Еще было найдено несколько изображений колесниц, запряженных лошадьми и верблюдами. В этих фрагментах просматривались ярмо, лошади, изредка была видна стоящая сзади возница. На одних изображена колесница с козлами и человеками, на других изображена, как два человека подтягивают двухколесную колесницу к двум верблюдам. Такие изобразительные сцены встречаются редко в наскальных сюжетах. Схожие фрагменты были обнаружены (Байпаковым К.М., Марьяшевым А.Н.) в 1972г. в урочище Койбагар. До этого считалось, что аналогии у этой сцены не было. Во фрагменте запряжки колесницы в Койбагаре есть одно отличие, в упряжи показаны лошади, а не верблюды /5, с.20/.

Помимо колесниц в Кошкар-ате много гравюр с изображением колес со спицами. Возможно, это солярные знаки, иногда выбивались в форме обода или круга. Так как колесницу сравнивали с солнцем. Такие отождествления можно встретить в эпических сказаниях. И это говорит о том, что эти представления возникли еще в далекие времена. Хотя, к примеру, на Руси у славян в период христианства колесницы вышли из употребления: таким образом, получается, что это пережитки более древних верований. У индоевропейцев на культ солнечной колесницы указывает повозка с солнечным диском. Образное мышление древних людей связывало в единый образ круг-колесо-колесница-солнце /6, с.120/.

В эпоху древнетюркской империи, а позднее и в период ранней истории Казахского ханства расстояния между зимовками и местами сезонной кочевки исчислялись сотнями километров и составляли путь длиной в несколько месяцев. Столь большая длина пути определяла и некоторые особенности быта насельников средневекового Казахстана. Так, уже в Дешт-и Кипчаке, степняки кочевали не отдельными аулами как в XVIII-XIX вв., навьючив все имущество и войлочный дом на верблюдов и делая через каждые 25-30км, а целыми улусами, то есть одновременно по степи медленно двигались десятки и сотни тысяч людей и животных. Поскольку у народа было много и животных огромное число, приходилось двигаться широким фронтом, чтобы идущие впереди не уничтожили всю траву и кустарники, необходимые для тех, которые шли сзади. Промежуток между флангами “движущегося народа” составлял до двухсот и больше километров.

В условиях кочевого и полукочевого образа жизни жилище и прочее имущество семья перевозила так же на телегах, запряженные волами, лошадьми или верблюдами. Основным жилищем степняков в ту эпоху были легкие кибитки, так называемые кутарме. Их не разбирали, а целиком ставили на повозки. Для обозначения повозки, крытой телеги кочевников Дешт-и Кипчака употребляются монгольское слово «телеген», персидское «гардуне», но чаще всего – тюркское слово «арба» (араба).

Арбы кочевого населения Великой Степи двух родов: двуколка и телега на четырех больших колесах. Их возили лошади, волы и верблюды. Остов и колеса арбы изготавливали обычно из березы. Их готовили в апреле и мае, когда дерево легко гнется. Сама же постройка производилась летом. Прочные и крепкие арбы имели, по меньшей мере, двойное назначение: при обороне кочевники образовывали укрепление, окружив свой лагерь поставленными в ряд арбами. Остов домов-повозок строили следующим образом. Брели деревянный обруч диаметром в полтора шага или более и на нем устанавливали несколько полуобручей, пересекающихся в центре; промежутки застилали камышовыми циновками, которые, в зависимости от достатка, покрывали либо войлоком, либо сукном, либо шелковыми, шитым золотом, покрывалами. Когда устраивался большой привал, кочевники Дешт-и Кипчака снимали эти дома с повозки, ставили на землю и жили в них.

Такие “подвижные дома” имели двери и решетчатые оконца. Окошечки обтягивались сукном или зашторивались войлочными занавесками. Величина, обстановка домов-повозок и их количество отражали знатность и богатство хозяев. “Дома-повозки”, принадлежавшие султанам и знати, могли вместить одновременно человек двадцать или более. Такой большой шатер укрепляли на повозке, а в последнюю впрягали несколько верблюдов, волов или лошадей. Дома-повозки простых кочевников, отличались меньшими размерами, их вез один, иногда несколько верблюдов. Когда множество повозок, нагруженных

домами, двигалось по степени одновременно, то издали казалось, что двигается большой город со своими жителями.

По утверждению очевидцев, в Кипчакских степях “всякий человек спит и ест только в своей арбе во время езды”; пищу также варили во время самой езды. Постоянными обитателями шатра на колесах были в основном женщины, дети и больные. Дома-повозки, как основной вид жилища и транспорта, исчезли среди кочевников Дешт-и Кипчака с XVII века. Их заменило передвижение верхом. Кочевники Великой степи перешли к разборным юртам, которые ставились прямо на землю и перевозились в разобранном виде на верблюдах.

Так, с рубежа XVI-XVII веков произошло крупное изменение быта казахов, а причины этого изменения возможно надо искать в процессах социально-экономической истории.

ЛИТЕРАТУРЫ

1. Евсюков В.В., Комиссаров С.А. Колесницы на земле и в небесах. М. 1985. Вып. 14.
2. Кузьмина Е.Е. Древнейшая фигурка верблюда из Оренбургской области и проблеме домостроения бактрианов // Советская археология. 1963. № 2.
3. Погребова М.Н. Иран и Закавказье в раннем железном веке. М., 1977.
4. Мифы народов мира. М., 1984.
5. Байпаков К.М., Марьяшев А.Н. Петроглифы в горах Кульжабасы. Алматы, 2004.
6. Библиейская энциклопедия. Т.1. М., 1991.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе археологических, наскальных и письменных источников рассматривается генезис происхождения колесного транспорта на территории Евразии. Прослеживается его эволюция, включая различные его составные части. Это же касается транспорта кочевого населения Великой степи: двуколенной и телеги на четырех больших колесах.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Еуразия аумағында доңғалақты транспорттың қалыптасу мен даму тарихы археологиялық, жартасты және жазба деректері негізінде зерттеле отырып, ондағы екі және төрт доңғалақты арбалар тарихы қарастырылған.

ӘБУБӘКІР ДИВАЕВТЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАЗБАЛАРЫ

Басшыбаева А.- аға оқытушы.(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Фолклорист, этнограф, филолог, профессор Ә. Диваевтың өзінің қызмет еткен жылдарында 120-ға жуық еңбектер жариялаған, ұлты башқұрт болса да, қазақ және орыс тілдерін өте жетік білуі нәтижесінде қазақтар арасында болып, қазақ рәсімін, тұрмысын, тілін, әдебиетін терең меңгерген.

Әбубәкір Диваев ғылыми ізденістерінің алғашқы жемістерін «Туркестанские ведомости» газетінде (1870-1917 жж) (бұдан әрі - «ТВ») және Н.И.Гродеков еңбегінде жариялаған /1/.1915 жылы Ә.Диваевтың ғылыми қызметінің 25 жылдығына ТВ газеті құттықтау мақала жариялап, «Ә.Диваев жариялаған

материалдар газет беттеріндегі этнографиялық мұралардың дінгегі», деп әділ бағасын алды /2/.

«Алаш» зиялылары да Диваевтың ғылыми еңбектеріне өзінің көзі тірісінде-ақ әділ бағасын беріп, өз пікірлерін «Қазақ» газетінде жария етті. Міржақып Дулатов Ә.Диваев еңбектерін 5 топқа топтастырып, яғни ертегі-хикаялар, мысалдыр, тарихи жазбалар, жұмбақтар, мақалдар деп жүйелейді. М.Дулатов өз жүйелеуін қазақ ауыз әдебиетінің жанрлық тұрғыдан топтастырудың бір үлгісі ретінде ұсынды. Ал, Мұстафа Шоқай болса, «біздің қазақ халқын шын көңілімен жақсы көріп, қолынан келген қадірінше қалам өнерімен қызмет қылғандардың алдыңғы қатарында Әбубәкір Диваевтың аты аталса керек. Бұл кісінің бізге қанша пайда келтіргенін айтып шығып болмайды. Бұл жазып отырғанымыз, жұртымыздың дос адамына орны келген жерде сәлем беріп өтейік деген. ...Әбубәкір ағайға шын көңілімізбен рахмет, оқу, міндетті борышымыз деп білеміз», - деген /3/.

Диваев этнографиялық деректерді Шымкент, Перовск уездерінде болған сапарларында Пірмұхамед Тойтанов, Еркінбек Ақынбеков, Әли Мақтыбаев, Көбей Тоқболатовтардың айтуы бойынша жазып алған. Біз бұл мақаламызда Ә.Диваевтың қазақтағы мал шаруашылығына қатысты жазба деректерінің негізгі деніне ғана тоқталғалы отырмыз.

Мал шаруашылығын ұйымдастыру шараларын саралауға маңызды дерек болар мәліметті кезінде белгілі этнограф Ә.Диваев Сырдария облысы, Перовск уезі, Жаңақорған болысында болған сапарында Абдулла Ниязовтан жазып алып, «Из области скотоводческого хозяйства» атты мақаламен «Туркестанские ведомости» және «Туркестанские сборник» беттерінде жариялаған. Абдолла Ниязов «дала шаруашылығына қажетті малы болса ғана қазақ бақытты болады», - деген /4/. Ол, түйе, жылқы, сиыр, қой мен ешкінің жасына қарай атауларын келесідей жіпке тізіп берген:

... Жылқы қазақтың мал шаруашылығында ерекше орын алады. Үлкен құлынды биені қазақтар боз бие, ал құлынсыз биені қысырақ деп атайды. Үлкен еркек жылқы айғыр, ал жасы сәуірлік деп аталады. Піштірілгендерін ат және ақта дейді. Айғырды төрт жаста піштіреді. Айғырлар биімен сәуірден бастап 15 шілдеге дейін шағылысады. Биелер қашырылғасын он екі айдан соң құлындайды. Жаңа туған құлынды тұқымына қарай, арғымақ құлын, қарабайыр құлын және қазақы құлын деп атайды. Бір жасқа жеткенде (тай жасында) құлынды бас білдіріп, міне бастайды, ал төрт жасқа қарай (дөнен жасында) ол шағылысуға жарамды болады. Бие алты ай бойы сауылады. Оның сүті тайдың жалы мен құйрығын күзейді, ал құнанның үшінші көктемнен бастап, жалын ғана күзейді. Буаз емес биелердің жалы мен құйрығын күзейді...

Қашып кеткен үлкен сиыр буаз сиыр, қашпағаны қысыр сиыр, ал ересек ұрғашы бұзау екі жасынан піштіріледі. Бұқаның қаштыратын кезеңі маусымнан бастап, тамызға дейін созылады. Бір бұқа сегіз сиырға дейін қашырады. Сиыр қашып кеткеннен кейін он айдан соң бұзаулайды. Үш жасында бұқаны мініске, сол сияқты ауыр жүк артуға үйретеді. Бұқа қашыруға екі жасында, қашар бір жасар жасында жарамды болады. Сиыр сегіз ай бойына сауылады.

Қой түлігінің қазақ шаруашылығында маңызы мейілінше жоғары болды. Үлкен ұрғашы қойдың қашып кеткені буаз саулық, жасы буаз тұсақ, қысыры тоқты деп аталады. Қошқар 50 саулыққа дейін қашырады. Піштірілгендері жасына қарай азбан және ісек деп аталады. Тамыз айында қошқардың қарнына оның ұрғашысымен мезгілінен бұрын шағылыспауы үшін киіз күйекті байлап қояды. Күйекті қарашада алады. Саулықтар қашырылғаннан кейін бес ай және бес күнде қозылайды да, үш ай бойы сауылады. Еркек қозылар алты айдан кейін

қашыруға жарамды, ал ұрғашы қозылар осы жаста – ақ буаз болуы мүмкін. Сәуірден шілдеге дейін қойдың шілдеге дейін қойдың жабағысын, ал қыркүйекте күзем жүнін алады. Еркек қозыларды үш айлығында тарттырып жібереді. Қой тіршілігінің шегі 12 жаспен шектеледі. Бес жастан асқасын қой қартая бастайды.

Буаз ешкінің үлкені буаз ешкі, жасы буаз туша, қысыры ту ешкі деп аталады. Еркегінің үлкенін теке, ал жасын лақ теке дейді. Текесі 30-ға дейін ешкіні қашырады. Піштірілген еркегін серке деп те атайды. Ешкілердің буаз болуы уақыты 5 ай және 5 күнге созылады. Ешкі бес ай сауылады. Ешкінің жүні жылына бір рет, сәуірде күзеледі. Еркек ешкілер қоймен бірдей жаста піштіріледі. Ешкі тіршілігінің ұзақтығы 12 жасқа дейін созылады...». Ә.Диваевтың бұл мақаласында төрт түлік малдың жайылымы, олардың жем-шөбіне дейін, тіпті дене мүшелерінің атауы, мал тісінің саны, малдың қондылығы, мал жасы, олардың күтіміне дейін егжей тегжейлі жазылған.

Ә.Диваев қазақтың мал шаруашылығына қатысты маңызды дерек болатын қазақтардың төрт түлік малдарын ұрықтандыру, шағылыстыру үрдісін жүргізу, ұйымдастыру тәсілін де зерттеп, нәтижесін алғаш рет араб әріпімен, орыс тілінде “Туркестанский сборник” жинағының 567 томына ендірген. Ә.Диваевтың бұл жазбасында қазақтардың қой саулығын ұрықтандыру шаралары, оған қатысты ырымдар мен ғұрыптарды баяндаған.

Ә.Диваевтың бұл мақаласының қазақ халқының тарихи-этнографиясы үшін маңыздылығы ерекше құнды. Қазақтардың мал шаруашылығында ұрықтандыруды ұйымдастыруымен қатар, оның нәтижесін бақылауы, ұрықтандыруға қатысты ғұрыптардың орындалуы, бұлардың бәрі мал қамы үшін жасалды. Себебі қазақтардың тіршілік қамы жүйе мал шаруашылығымен тікелей байланысты болды.

Орындалатын бәдік әнінің үлгісін Шымкент уезі Ақтас болыстығының молдасы Әли Мақтыбаевтан жазып алған. Ауырған малды алдын ала дайындылған жерге жатқызып, ауыл жастары жиналып қыз жігіттер бір-біріне қарама-қарсы тұрып бәдік әнін айтады. Ә.Диваевтің атап көрсетуінше бәдік тазқотыр, сыздауық, безгек сияқты адам ауруларына қарсы қолданылған; бәдік тентек, айналма сықылды мал ауруларына қарсы қолданылған; бәдік айту улы жәндік шаққанда уын қайтаруға себін тигізеді деп есептеген.

“...Көш, бәдік, көш, батпақты апанға көш,
биеден тумаған құлынға көш.

Таппасаң онан жайлау мен айтайын:
жігіті ұрын келмейтін қалыңдыққа көш,
сарқырап аққан дарияға көш,
өлген бұқаның етіне көш,
сазарған қыздың бетіне көш.

Қайда тығыларыңды білмесең мен айтайын:
биік таудың шыңына көш,
гүл ашпаған тау етегіне көш,
тойған атқа мінетін батырға көш.

Одан жайлау таппасаң мен айтайын:
әлің келсе, құс қыраны бүркітке көш,
ақсуда жүзген аққуға көш,
көп сөйлейтін сартқа көш,
ауыздығымен алысқан атқа көш...!” - деген сияқты бәдік үлгілері берілген

/5/.

Ә. Диваев жариялаған «Пастухи» атты мақаласында жылқышы мен қойшының киімдері: «...Қойшының конус тәрізді бас киімі малақай немесе тымақ

деп аталады, үстіне киіз шапан сеңсең киеді, аяғында киіз кебіс, көктемдік киімі ұзын қозы терісінен тігілген сеңсең, етігі – қой терісінен тігілген өкшесіз мырзашоқай. Жылқышының етігі былғарыдан тігілген, қыста тамақ, күн жылыда жүн қалпақ киеді», - деп суреттеледі Одан әрі Ә.Диваев быламық сияқты малшылардың тағамына, оның жасалу жолына сипаттама береді. Кең даланың төсінде мал бағуды кәсіп еткен қазақтың ғасырлар бойына қалыптасқан тәжірибесінде малдың «тілін» түсініп, олармен «сөйлесе» білу қабілетін де көрсетеді. Ә.Диваев жариялаған қой мен қойшының арасындағы айтыс өлеңнің нұсқасы – осының айғағы /6/.

Қазақтың мал шаруашылығына қатысты түрлі наным-сенімдері мен ырымдарын зерттеп, алғашқылардың бірі болып қағаз бетіне түсірген де этнограф-ғалым Ә.Диваев болды. Қазақ ырымшыл халық. Ә.Диваевтың айтуынша, қойшы ырысым кетіп қалады, қойларым арып кетеді деп, шомылмайды. Қойларыма қасқыр шауып кетер деп өрісте тырнақ алмайды, қойдың көзіне ақ түспесін деп таяғын сүргілемейді. Қой сауатын ыдысқа қойдың сүті кетіп қалады деп сызық түсірмеуге тырысады. Қойлар ауырса біреуін сойып, етін асып, асқан етті түгелдей қапқа салып, аурудың бәрі осымен кетсін деп жолға көмеді. Кейде жерге шұңқыр қазып, қойды бүтіндей төрт аяғын аспанға қаратып көмген. Қойшының әйелі ауруды үркіту, қуалау мақсатымен таңертең ерте тұрып, дамбалын қолына алып бұлғап, қойларды аралайды /7/. Бұл ырымдардың қолданыс аясынан шығып қалуы себепті, Диваевтың бұл жазбасының байырғы қазақтардың малға қатысты тіршілік болмысын нақтылауда маңызы ерекше зор.

Енді Ә. Диваевтың Перовск уезінің қазағы Мақан Шықтыбаевтан жазып алған ырымдарын бір ізге жинақтап көрейік: «Егер жолушыға жол бойында танауымен оған қарап тұрған аттың немесе түйенің басы жатса, бұл жақсы белгі, ал егер керісінше болса, онда жолы болмайды; Ауқатты қазақтар түнде мал санамайды және ең жақын туыстары мен таныстары болса да ешкімге бермейді; Атты сыйлағанда немесе сатқанда, нокта жүген берілмейді; Мал айдап бара жатқан адамды көрсе, кездескендер: «айдар көбейсін , - дейді, ал малшыға «бағар көбейсін, - деген тілек білдіреді; Құрықты тік ұстаған, яғни ұшын аспанға көтерген жақсы емес, ілмегін қолға іліп, сырық жерге сүйретіліп жүретіндей етіп ұстау керек. Бұл сақтық мына жағдайда керек: жұртқыш аң шабуыл жасаған кезде қазаққа ұмтылады және құрықпен қаруланғанда малды ғана аңдиды; Қыстаудан жайлауға алғаш рет көшкен кезде бірінші күні қыстаудың маңына, жол бойына аялдайды. Одан соң әрі қарай қозғалғанда жолдың екі жағынан үлкен екі от жағады, содан кейін оттың арасына жүк тиелген түйелерді қос-қостан өткізеді. Бұл қаскүнем рухтар мен жын-шайтаннан сақтану үшін жасалады, өйткені олар көшті аңди алмай, отта қалып қояды; Малдың бірінші сауымынан алынған майды қазақтар асқа қолданбайды – онымен жақтау, табалдырықтың жоғарғы бөлігін, киіз үйдің сол жағын жауып тұрған киізді майлайды; Бие сауатын тері ыдысты төңкермейді және түбірге таяқпен немесе қолмен ұруға тиым салынады; Асқа немесе тойға толтырып қымыз әкелген сабаны біржола сарқып босатпайды, түбінде міндетті түрде бір ожау болса да қымыз қалуы керек». Түркістан бөлімі, Ноғайқара болысының қазағы Еркімбек Әлімбекұлының айтуы бойынша: «Қой қоздап жатқанда малды сыйламайды және сатпайды; Түйені екі қолды арқаңа қойып, жетекке алу керек, таяқпен ұруға болмайды; Ат құйрығын кеспейді. Себебі, адам өлгенде ат талдап, құйрығын кеседі; Аттың басынан ұрмайды» /8/. Мал басын санамау, ақ құйылған ыдысты бос қайтармау, алғашқы сауымнан әр түрлі ырымдар жасау, қазірде де кең таралған ырым.

Ә.Диваевтың жазбаларынан байырғы қазақтардың жол жүргендегі ырым, наным-сенімдері де малмен байланысты екендігіне көз жеткізуге болады. Жолға

шыққанда қазақтардың көлігі ат болған. «Қандай адам атқа мініп далада жүргенде аты тышса, есінесе жақсылыққа жорып жолым болады деген; Ат есінегенде ат иесі аттың жалын ұстап, қолымен бетін сипат тауап қылуы керек; Жолда жүріп бара жатқанда ат сүрінсе, олжа басты деген; Жол жүріп бара жатқанда біреуінің аты сисе, қалған жолаушылар аттың басын тартып қарап тұрған, егер де ат сигенде қарамай кете берген адамды жолдастыққа жарамады деген; Мал табының алдынан немесе қой табының арасын бойлай өтуге болмайды, өйткені олар жайылып жүрген жерде Қызыр пайғамбар болады» /9/.

Сонымен жоғарыда келтірілген мақалалардың тек деректік қана емес, тарихнамалық-танымдық маңыздылығы да жоғары, олардың тек дәстүрлі шаруашылық қана емес, қазақтың дәстүрлі этникалық мәдениетін зерттеудегі ғылыми танымдығы да уақыт өткен сайын арта түсетіндігі айқын. Ал, осы материалдардағы келтірілген ғұрыптардың кейбірі жойылғанымен, кейбірі әлі күнге дейін ауылдық жердегі қазақтар арасында сақталып қалып отыр. Ә.Диваевтың жазған дүниелері әлі бүгінге дейін өзінің танымдық құндылығын жойған жоқ. .

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырь-даринской области. Том 1. Юридический быт. Ташкент. 1889.
2. Тимаев К.А. О научно-литературной деятельности А.А.Диваева // Туркестанские ведомости. 1915. № 249. С. 3.
3. Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев // Қазақ. 1915. № 158.; Мұстафа Шоқаев. Әбубәкір Диваев // Қазақ. 1915. №158.
4. Диваев А. Из области скотоводческого хозяйства // Туркестанский сборник. Т.440. Ташкент. 1907. 83 б; Диваев А. Из области скотоводческого хозяйства // Туркестанские ведомости. 1904. №102.
5. Диваев А. Киргизские болезни лечение их способом пення бедик // Туркестанские ведомости, 1906. №59
6. Диваев А. Пастухи // Туркестанские ведомости. 1905. №4 .С. 14
7. Сонда
8. Диваев Ә. Қазақ ырымдары // Тарту. – Алматы, 1992. 161, 165-168 бб.
9. Диваев Ә. Жол жүргендегі ырымдар // Тарту. Алматы, 1992.163 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада этнограф-ғалым Ә.Диваевтың қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығына қатысты зерттеулерін, Ә.Диваевтың Сырдария экспедициясы кезінде информаторлардан жазып алған деректерін қарастырған, сондай-ақ қазақтардың мал шаруашылығына қатысты наным-сенімдері берілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются исследование ученого этнографа А.Диваева касающихся традиционного животноводческого хозяйства казахов, автор дает описание записам А.Диваева собранных от информаторов во время Сырдаринского экспедиций, а также описываются приметы и поверья казахов связанные с животноводством.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЛА ӨСІРУ ҒҰРПЫ

Бекенова Г. М.-оқытушы (Алматы қ., № 169 орта мектеп)

Сәбидің дүниеге келуі қай кезеңде болсын ата-ананың, туған-туыстардың ерекше назарында болады. Осы мақсатқа негізделген салт-дәстүрлердің негізі мен мәні Қазақстан және Орта Азия республикаларында бірегей негізі мен мәні өткен дәуірлерде, сонымен қатар осы таңда да тұрмысымыздан сырт қалған емес. Аздаған аймақтың ерекшеленіп, трансформацияға ұшырауына байланысты және бет-келбеті өзгере келе бұл салт-дәстүр біздің күндерімізге де жетті. Бұл салт-дәстүрлердің кейбір көріністері- мұсылмандыққа дейінгі дәуірдің, сирек мұсылман дәуірінің салты, сенімі. Сонымен қатар, баланың дұрыс өсіп- дамуына бағытталған /1,86-100;2,б.38-43; 3,б.65-70;4,б.78-138; 5, б.189-205; 6,б.71-83; 7,б.58-95/.

Бұрын, салт бойынша әйелді үйде босандыратын, егде әйелге кіндік кесу құрметі жүктелетін. Осы құрметті қызмет оны осы отбасымен ұзақ жылдарға жақындастыратын. Жас нәрестеге екінші ана ретінде «кіндік шеше» болып табылатын және осы жайында нәрестеге өскен соң айтылып отырған.

Нәресте дүниеге келгеннен кейін «шілдехана» тойы тойланады. Ал бұған дейін ана мен нәрестені бір-екі әйел көзден таса етпей, қасында болады, көмектеседі. Жаңа туған нәресте мен анасын жын-шайтандардан қорғау мақсатында.

Осы сияқты сенім-нанымдар Орта Азия халықтарының көбінде кездеседі. Шілдехана мерекесінде арнайы дастархан жайылып, қалжамал сойылып (әдетте қой сойылады) өткізіледі. Қалжаның етінен алдымен нәрестелі болған әйелге ауыз тигізеді, сосын қалған жиналған әйелдер мойын етін пышақсыз қолмен үзіп жейді. Мойын омыртқаны таза мүжіп, ортасына қамыс жүргізіп үй керегесіне іліп қойған. Бұл нәрестенің мойны тез қатып кетсін деген халықтың сенімінен туған. Қазіргі таңда бұл рәсім ана мен нәресте перзентханадан шыққан соң ғана ритуалдық мағынасын жойып, тек жастардың ғана бас қосуы болып кетті. Кейбір жас отбасылар туған жерлерінен алыстап кеткен жағдайда ана мен нәрестеге көмекке апасын немесе жақын туыстарын шақыртады. Нәресте дүниеге келгеннен кейін үш күн өткен соң «шілде су» рәсімі өтеді. Бұл үшін кішігірім тегешке су құйылып, оған күміс немесе ақ тиын салынады. Сол арадағы қыз-келіншектердің бірі саусағын суға салып, онымен нәрестенің тек көзін, қолтығын сүртеді. Бұл тек гигиеналық мақсатқа емес және де шынықтыру үшін жасалынады. Басқа қыз-келіншектер тек нәрестеге қолын тигізіп, ізгі тілектерін айтады. Қалған күміс және ақ тиындарды естелікке алады. Нәресте дүниеге келгеннен соң бір апта мен бір ай мерзімнің ішінде оны бесікке бөлейді. Осыған орай бесік той өткізіледі. Баланы бесікке бөлеуді сыйлы, денсаулығы мықты, көпбалалы әйелге тапсырады. Нәрестеге сол кісінің жақсы қасиеттері берілсін деген мақсатпен. Бесіктің керек-жарақтарын жас ана өзі әзірлейді. Қазақтарда бесікті 7 затпен жабу ырымы бар. Әр заттың өз мәні бар. Бесікпен байланысты көптеген сақтау шаралары, ырымдары бар. Мысалы, бесіктегі нәресте қорқып қалмауы үшін бесіктің қолмен ұстайтын жерін ыстық көсеумен күйдірген. Көз тимеу үшін бесікті түзбен аластаған. Дұрыс түзге отыруы үшін бесіктің арнайы тесігіне тәттілерді, кәмпиттерді тастайтын, жастығының астына қорғау ретінде пышақ, қайшы, тарақ, айна және тағы басқаларды салған.

Белгілісі- бұрын «көз тию» және «тіл тиюге» қарсы нәрестеге бесікке бөленген шағында және одан кейін әр-түрлі тұмар қолданылатын, олар көк

моншақ және қара моншақтар, жылан бас, үкінің қауырсыны, т.б. Олар нәрестенің киіміне, бас киіміне тігіледі немесе бесікке ілінеді.

Қазіргі кезде бесік тойды негізінен моноэтикалық аудандарда өткізеді (ауылды жерлер). Ал полиэтникалық аудандарда (қалалы жерлер) орыс халқының үрдісінде нәрестені төсекке немесе арбаға салады.

Бесік негізінен көпбалалы отбасыларда сақталған. Келесі нәресте өміріндегі ырым-қырқынан шығару.

Ол нәрестенің өмірінің қырқыншы күні өткізіледі. Сенім бойынша нәресте өз басын ұстай алатын шақ- ол, негізінен, жын-шайтандардың ықпалынан шыққан кез. Бұл күні жиналған қыз-келіншектер нәрестені тегешке шомылдырады. Егер нәресте ұл бала болса, тегешке қырық асық немесе қойдың құрғақ 40 құмалағын, қыз болса қырық күміс тиын, сақина, жүзік салады. Құрғақ қырық құмалақтың қолданылу себебі, біріншіден, халық сенімі бойынша құмалақта қасиетті шөп бар, екіншіден қой аса бағалы және пайдалы мал болып саналған. Сосын жиналған қауым қырық қасық суды санап құйып, арасындағы сыйлы әйел нәрестенің тырнағын алады, келесісі шашын алады, барлығын жинайды, тырнақтар жерге көміледі, ал алынған шаш шүберекке түйіліп, көзден таса жерде сақталынады, мұны парциальдық магия деп түсіндіруге болады. /8. 255б/ Қалған суды құмалақтармен қораға төгеді, қазақтардың сенімі бойынша бұл- байлық, малдың көбеюіне әкеледі. Тек осы ырымнан кейін ғана нәрестені құшақтап сүйіп, ал басқа мәліметтер бойынша күйеуі әйеліне жақындайды.

Нәресте алғашқы тәй-тәй басқан кезінде ата-анасы «тұсау кесу» рәсімін жасайды. Бұл ырым Орта Азия, Алтай елдерінде де жиі кездеседі /4,б.130-131; 9,б.156; 10, б.88; 8,б.172/ . Қой жүнінен өрілген ала жіп нәрестенің аяғына тағылып, оны шапшаң қимылдайтын пысық әйел кеседі. Нәресте сол адамның шапшаңдығын қабылдап алсын деген ниетпен. Тұсауы кесілмеген бала көп шалынып, өмірде тұрақсыз болады деп есептелген.

«Тұсау кесу» үлкен дастархан жаюмен жалғасады. Бұл ырымның өткізілуі өткен ырымдар сияқты нәресте өмірінің бір белесі болып табылады. Оған жиналған көпшілік, әдетте, «қырқынан шығу», «тұсау кесу» т.б. Сыйлықтар, нәресте киімі, ойыншық, шүберек алып келеді. Қайтарда оларды да құр-қол шығармайды. Осындай жақсылыққа жет, балаларыңның, немерелеріңнің қуанышын көр деп, сый-сияпат береді.

Нәрестені сүндетке отырғызу ырымы да кең етек жайған. Мұсылмандықты ұстанған қазақтар үшін, бұл мұсылман болуды, ислам дінінің шарты ретінде, ал құдайға сенбейтіндерге тек халықтық ырым ретінде, сирек гигиеналық мақсатта болып қабылданады. Өткен жылдармен салыстырғанда қазіргі таңда баланы сүндетке отырғызу үшін көбіне дәрігерлер шақырылады. Сирек жағдайда молдаға келеді. Егер сүндет жасайтын молда табылып жатса, ол жастары 5,7,9-ға келген бірнеше балаға сүндет жасайды. Бала сүндеттелгеннен кейін осыған орай «сүндет той» өткізіледі. Бірақ бұл той Оңтүстік Қазақстан немесе кейбір Орта Азия халықтарындай емес, қарапайымдау өткізіледі./11,б.218; 12,б.75-76; 13,б.53/.

Ақтөбе облысында орыс, украин халықтарының арасында нәрестелі болу көптеген ырым-шаралармен белгілі- нәрестені шоқындыру, ат қою, ритуалды шаш қию, алғашқы тіс шығу, бір жасқа толу т.б. жанұялық-тұрмыстық ырымдармен өтеді. Жанұяда нәрестелі болудың жаңа ырымдары көптеп қосылып жатыр. Олардың ішінде танымалдары- нәрестенің туу туралы куәлігін салтанатты түрде табыстау, нәрестеге ат қою. Туу туралы куәлік берілу- ол нәрестенің әлеуметтік туылуы, өз елінің азаматы болып табылады. Жас ата-аналарға нәрестенің тууы туралы куәлігімен бірге тілектер мен ақыл-кеңес беретін хаттамалар табыс етіледі. Жас ата-аналар осы күні білікті дәрігерлерден ақыл-

кеңес алады. Аналар үшін дәрі-дәрмек, нәрестеге керекті киім-кешек, нәрестені қарауға арналған әдебиет жәрмеңкелері жиі ұйымдастырылады. Сонымен қатар, қазіргі кезде жанұяның нәресте өсіру циклында кең етек жайған шаралар-баланың жасқа толуын атап өту, мектепке бару, кәмелеттік жасқа толуы, паспорт алуы, әскерге шығарып салу, осы шаралар кейбір жанұя ішінде ғана емес, қоғамдық шараға ұласып жатады.

Сонымен, салт, бала өсіру ырымдары, жанұялық тұрмыс-тіршілікте ұсталынып жүр. Ол бүкіл республика көлемінде бірыңғай типті, бірақ мысалға келтірілген салт-дәстүрлердің циклы бұрынғы кездегіден өзінің мән-мағынасын жоғалтып алған. Бұған себеп магиялық сенімнің біртіндеп жоғалуы, нәрестелердің перзентханаларда туылуы, мемлекет тарапынан ана мен балаға көрсетілетін қамқорлық күшеюінен ж.т.б.

Сонымен қатар, жаңа азаматтық салт-дәстүр қалыптасып келе жатыр. Жаңа азаматтың өз социалдық тұрғысына байланысты. Егер дәстүрлі салт-дәстүр жанұялық-тұрмыстық ортада сақталса, жаңа дәстүрлер одан тысқары жерде, мектепте, өндірісте, қоғамдық мекемелерде белең алады. Инновацияның ескі салт-дәстүрге қарағанда салмағының артуы- жас жеткіншектердің ерте есеюіне, олардың азаматтық статусқа қол жеткізуіне, жаңа әлеуметтік жағдайға байланысты. Жанұялық-тұрмыстық ортада да дәстүрлі бала өсіру салт-дәстүрі өзгеруге ұшырап отыр. Әйткенмен де, инновациялану әртүрлі этникалық орталарда синхронды және бұрмалаулы түрде еніп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (Тарихи-этнографиялық шолу). Алматы, 1973.
2. Толеубаев А.Т. Пережитки магии в традиционной детской обрядности казахов в начале XX в. // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 978. № 1.
3. Кульсариева С.П. Традиционная родильная обрядность казахов второй половины XX в. на материалах Кызыл-Ординской и Алма-Атинской областей Казахской ССР // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1987. № 2.
4. Абрамзон С.М. Рождение и детство киргизского ребенка // Сборник МАЭ АН СССР. М.-Л., 1949. Т. XII.
- 5.Фирштейн Л.А. О некоторых обычаях и поверьях, связанных с рождением и воспитанием ребенка у узбеков Южного Хорезма // Семья и семейные обряды у народов Средней Азии и Казахстана. М., 1978.
6. Союнова А. Колыбель в обрядах и верованиях туркмен // Материалы по исторической этнографии туркмен. Сборник статей. Ашхабад, 1987.
7. Рахимов Р.Р. Рождение и воспитание ребенка // Таджики Каратегина и Дарваза. Душанбе, 1976. Вып. 3.
8. Фрэзер Д. Д. Золотая ветвь: Исследование магии и религии. Изд.2-е.М., 1986.
9. Есбергенов Х., Атамуратов Т. Традиции и их преобразование в городском быту карм калпаков. Нукус, 1975.
10. Ниязклычев К. Обычаи и обряды, связанные с рождением детей у туркмен-човдуров в конце XIX - начале XX вв. // Известия АН ТуркмССР. Серия общественных наук. 1969. Вып. 6.
11. Дьяконова В.П. Детство в традиционной культуре тувинцев и теленгитов //Традиционное воспитание у народов Сибири. Сборник статей. Л., 1988.
12. Баялиева Т. Д. Религиозные пережитки у киргизов и их преодоление. Фрунзе, 1984.
13. Мардонова А. Инновации в семейном быту таджиков Гиссарской долины // Известия АН ТаджССР. Серия вост., история, филология. 1986. № 4.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ақтөбе обылысы қазақтарының сәбилі болған кезіндегі салт-дәстүрлері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается семейная обрядность казахов Актюбинской области, связанная с младенчеством

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ МЕРКІ АУДАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ АЯСЫ

Досымова М.К. – оқытушы. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Егеменді мемлекет атанғанымызға 20 жыл толса да қазақ тілінің жағдайы нашар халде. «Қазақ СССР-нің Тіл туралы Заңы» 1989 жылы 22 қыркүйегінде дүниеге келді. Ол 2000 жылға дейінгі кезеңді қамтыды. Егемендігімізді алғаннан кейін де, қазақ тілінің дамуына көптеген шаралар жасалды. Атап айтар болсақ, 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заң қабылданған сәттен бері және Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы № 4106 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы 1998-2000 жылдар аралығында іске асыру барысында қоғамдық өмірдің барлық негізгі салаларында тіл құрылысы процестерінің одан әрі кеңеюі мен тереңдеуі үшін алғышарттар жасалды. Ал тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 10 жылға арналған. Бағдарламада Қазақстандағы тіл құрылысының ұзақ мерзімді келешегінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттері айқындалып, сондай-ақ, оларды іске асырудың басты бағыттары мен тетіктері белгіленген /1, 4-5 б./.

Дегенменен, жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ тілінің жағдайы төмен. Бұған себеп, кеңес өкіметінің тек бір ғана тіл, ол- «орыс тілі» деп ұлттық сана - сезімді улауы. Әбден күшіне мінген кеңес өкіметі енді: «Бізде бір ғана халық-совет халқы болу керек, бір ғана тіл- орыс тілі үстемдік құру керек!» – деген бағыт ұстанды. Мұның түп-төркіні Одақ құрамындағы халақтардың өзінің ана тілінен, ділінен, ұлттық ерекшеліктерінен айыру еді. Осының нәтижесінде, қазақ тілін қолдану аясы тарыла бастады. Ұлттық бала-бақшалары мен мектептер бірте-бірте жабылып, жоғарғы оқу орындарындағы сабақтар тек орыс тілінде жүргізілді /2, 23 б./.

Тіпті, ХХ-шы ғасырдың 70-80-ші жылдарды Республика көлемінде 800-ге тарта қазақ бала-бақшалары мен мектептері әлеуметтік қажетсіз деген желеумен жабылып қалған /3, 49 б./.

Қазақ мектептері мен бала-бақшалардың жабылуы ұлты қазақ балаларының көптеп орыс мектептері мен бала-бақшаларына кетуіне себепін тигізді. Бұл құбылыс, әсіресе, өндірісті қалаларда, облыс орталықтарында, Алматыда көбірек байқалған. Қалалық жерлер мен аудан орталықтарындағы арнайы мектептер жабылған соң, қазақ тілінде жалпы білім беретін мектептер ауылдық жерлерде ғана болды.

Сонау, кеңес дәуірінің өтірік жүргізген бұрмалау саясаты салдарынан қазіргі таңда қазақ тілі тек күнделікті тұрмыстағы тілге айналып отыр. Нақтырақ айтар болсақ, Жамбыл облысы, Меркі ауданында жүргізілген этносоциологиялық

зерттеулер негізінде «Мектепке барғанға дейінгі меңгерген тіліңіз қандай?» деген сұраққа: Қазақтардың 96,9% тек қана қазақ тілінде деп жауап берсе, ал 9,5% орыс, 0,6% басқа да тілдерде деп жауап берді (1-кестені қараңыз). Ал «мектепке барғаннан кейін, қай тілде білім алдыңыз?» деген сұраққа 85,3% қазақ және 15,9% орыс тілінде деп жауап берді (2 кестеге қараңыз).

1-кесте Жамбыл облысы, Меркі ауданы тұрғындарының мектепке барғанға дейінгі меңгерген тілдері

Этностар	мектепке барғанға дейінгі меңгерген тілдері, %			
	жауап берушілер	қазақша	орысша	басқа тілдерде
Қазақтар	326	96,9	9,5	0,6
Орыстар	357	2,5	98,6	0,8
Түріктер	255	24,3	40,4	69,8

2-кесте Жамбыл облысы, Меркі ауданы тұрғындарының мектепке барғаннан кейінгі білім алған тілі

Этностар	мектепке барғанға дейінгі меңгерген тілдері, %			
	жауап берушілер	қазақша	орысша	басқа тілдерде
Қазақтар	327	85,3	15,9	0,9
Орыстар	357	2,8	97,8	1,4
Түріктер	253	17,0	79,8	8,5

Яғни, көріп отырғанымыздай, Жамбыл облысы, Меркі ауданы тұрғындарының басым бөлігі қазақ ұлты екеніне қарамастан, қазақ отбасылары балаларының орыс мектептерінде білім алғанын қалайды.

Мәселен, Жамбыл облысы, Меркі ауданында көбінесе қазақ ұлты басымырақ, тұрғындардың көбісі қазақшаланған, соған қарамастан отбасында орысша сөйлеуге тырысады және жас отбасылары балаларын орыс мектептеріне беруде. Олар үшін қазақ тілі отбасында ғана сөйлесетін тіл болып қала бермек, ал орыс тілін қызмет бабында, достарының арасында және құжат істерімен айналысу барысында жиі қолданады. Тіпті жастардың көбі қазақша сөйлей білгенімен, қазақша ойлауға қабілеттері жетіспейді.

Қай ұлт болса да, балаларының мектепте оқитын тілін немесе болашақтағы сөйлеу, жазу тілін таңдайды. Мұны әрбір ата-ана өзінің жұмыс істейтін қызметіне, жасына, ортасына, яғни этномәдениетіне байланысты жасайды. Мысалы, жоғары және орта буындағы басшылар мен мамандардың балаларының 7,1% орыс, 92,9% қазақ тілдерінде білім алады. Ал қызметкерлердің балаларының 27,4% орыс, 77,4% қазақ, ал 0,8% басқа да тілдерде білім алады (3 кестеге қараңыз)

3-кесте Жамбыл облысы, Меркі ауданы тұрғындарының мектепке барғаннан кейінгі білім алған тілі

Әлеуметтік-кәсіптік топтар	мектепке барғанға дейінгі меңгерген тілдері, %			
	жауап берушілер	қазақша	орысша	басқа тілдерде
Жоғары және орта буындағы басшылар мен мамандар	14	92,2	7,1	0,0
Қызметкерлер	124	71,4	27,4	0,8

Солардың ішіндегі зиялылар	81	74,1	25,9	1,2
Маманданған жұмысшылар	71	91,5	8,5	0,0
Маманданбаған жұмысшылар	166	90,5	9,5	1,7
Жастары				
18-19	16	50,0	50,0	0,0
20-24	39	66,7	33,3	0,0
25-29	38	89,5	18,4	0,0
30-39	90	90,0	11,1	0,0
40-49	70	92,9	10,0	0,0
50-59	37	83,8	16,2	0,0
60 +	37	91,9	2,7	8,1
Барлығы	327	85,3	15,9	0,9

Дегенменен, қазіргі таңда мемлекеттік тілді дамытуға көптеген жағдайлар жасалып жатыр. Мәселен, Республикамызда 2005-2006 жылдары қазақ мектептері 19% болса, ал 2008-2009 жылы 24% өсті. Аралас мектептерде де қазақ сыныптары көптеп ашылған, 2005-2006 жылдары 25%, ал 2008-2009 жылдары 32%. Осы қазақ сыныптарындағы оқушылардың саны 2006 жылы 22% , ал 2008-2009 жылдары 29% өскен. Сондай-ақ, қазақ тілінде тәрбиеленетін бала-бақшалар мен шағын орталықтар 2005 жылы 5% болса, ал 2009 жылы 24%-ға артқан. Аталған бала-бақшаларда тәрбие алып жүрген бүлдіршіндер 2005-2006 жылдары 15% құраса, ал қазіргі таңда 34%-ды құрайды.

Сонмен қатар, Алматы қаласында 243 жалпы білім беретін мектеп болса, оның ішінде қазақ мектептері 20%-ды (44 мектеп) ғана құрайды. Қазақ мектептерінде оқитын оқушылар саны қала бойынша жалпы білім беретін мектептерде оқитын 168989 оқушының 22%-ын ғана құрайды. Ал қаладағы 154 бала-бақшаның 24-і (16%) қазақ бала-бақшасы. Солардың ішінде 28750 баланың 22%-ы қазақ бала-бақшаларында тәрбие алады /4, 45 б./. Әрине, бұл көрсеткіш қанағаттандырырлықсыз. Қазіргі жастар біртіндеп қазақ тілінің дамуына үлесін қосады деп сенеміз. Қазақ үшін қазақ тілінің орны ерекше болуы тиіс. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Сондықтан да әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануына қарсы тұруы тиіс

Қазақстан демократиялық, зайырлы мемлекет. Ата Заңында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» деп қазақ тілі жазылған. Мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Тіл және қоғам. – 2005. – №1(3).
- 2.Табей К. Қайсар рухты қазақ : Қайрат Рұсқұлбеков. – Алматы, 1994. – 120 б.
3. Мемлекеттік тіл және патриотизм мәселесі // Саясат – Policy. – 2007. –№ 8.
- 4.Матыжанов К. Қазақ тілінің келешегі қалада десек бастауы Алматыда // Туған тіл. – 2007 – №2 (06).

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақала Жамбыл облысы, Меркі ауданында жүргізілген этносоциологиялық мәліметтер негізінде, тұғындардың мектепке барғанға дейінгі және мектепке барғаннан кейінгі қазақ тіліне деген көзқарасы анықталған.

РЕЗЮМЕ

На основе этносоциологических материалов рассматриваются проблемы казахского языка в школах Жамбулской облсти Меркенского района

МӘДЕНИЕТТІҢ ЖАҒАНДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНА БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Ержанова А. М.- фил.ғ.к., (Алматы қ., Халықаралық бизнес университеті)

Бұқаралық коммуникацияны зерттеу өзекті. Олар қоғамды құру және қалыптастыру әдістерінің тәсілін, оның демократиялық, азаматтық және мәдени потенциясын күшейтеді. Бұқаралық коммуникация мен технологиялар туралы білім және оларды қолданудың заңдылықтары әлеуметтік іс-әрекет, әлеуметтік жоспарлау мен әлеуметтік диагностиканың ең күшті қаруы болып табылады. Бұқаралық коммуникацияның ықпалы экономика, саясат, дін, тіпті күнделікті тұрмыстағы тәжірибелер сынды әлеуметтік мәдени институттардан тазартылады. Мәдениет дамуының ерте кезеңінен бастап медиакоммуникация мәдениеттің дамуына өте үлкен септігін тигізіп келеді.

Мәдениет тарихын коммуникация тәсілдерінің даму тарихы ретінде қарастыруға болады. Коммуникацияның жаңа түрлерінің жасалуы үлкен мәдени төңкерістерге – адам өмірінің түрлері мен әдістері, әлеуметтік ұйымдардың, әлеуметтік –мәдени институттар мен ментальды-психикалық механизмдердің радикалды өзгерісіне әкелді. Сонымен, мысалы; алғашқы өркениеттердің қалыптасуын жазусыз және оның бұл процестегі ролін қарастырмауға қазіргі түсінікпен қарауға болмайды. Коммуникация тәсілдері қоғамның модернити және постмодернити шешуші кезеңдеріне дейін жетіп, мәдениет даму процесіне ықпал етуде. Сондай-ақ, медиакоммуникация мәдениетте тек делдалдық емес («тасымалдық»), қажетті биліктік және идеологиялық функцияларды да атқарады. Билік ұғымы мен концепциясы неомарксистік (Грамши, Альтюссер), лингвосемиотикалық (Барт, Деррида) және постмодернистік (Фуко, Лиотар, Бодриар) концепцияларында құрастырылған. Бұл теорияларда билік саяси институт ретінде күштеу мен мәжбүрлеу емес, мәдени гегемониялық, бақылаушы, тілдік игерімді, дискурсивті түрінде қарастырылады. Өзіндік әлеуметтік-саяси анализ биліктің қалыптасуын, атқарылуын және шынайылығын жақсы ашпайды, керісінше лингво-семиотикалық ашады. Өйткені «биліктің құпия серпілі» класстық (нәсілдік, гендерлік т.б.) қызығушылықтың астарында емес, сигнификация, мағына берушілік механизмінде. Сигнификация механизмінің ашуы арқасында семиотика биліктің атқарылуын (қызмет етуін) ашып береді. Қазіргі қоғамда идеологиялық (гегемондық) үстемдіктің іске асуының негізгі түрі мен институтын мас-медиа алып отыр. Медиакоммуникация экономика және техника сынды әлеуметтік-мәдени институттармен тығыз байланысты. Көптеген философиялық-әлеуметтік және мәдениеттанулық теорияларды экономикалық, техникалық немесе олардың симбиозын әлеуметтік-мәдени дамудың шешуші детерминанты ретінде қарастырды. Бірақ мұндай медиакоммуникацияның детерминантын қабылдағандар кемде кем. Тіпті бүгінгі күннің өзінде көптеген

авторлар медианы техника мен технологиялардың түрлеріне жатқызады, десек те медиакоммуникация техника мен экономикадан бөлек өзінше әлеуметтік-мәдени институт болып табылады және де қоғам дамуының қазіргі сатысында олар экономика мен техниканы өзіне бағындыра отырып бірінші кезекке шықты.

Медиа мәдениеттің шешуші институтына айналуға деп нық сеніммен айтуға болады. Егер «мәдени фактор» қазіргі әлеуметтік трансформацияда экономика мен техниканы «екінші орынға» ығыстырса, онда шетел мәдениеттанушылары жазғандай басты «мәдени фактор» - медиа. Коммуникация бастапқыдан бұқаралық болмайды, ол тек мәдениеттің бір даму кезеңі мен белгілі себептерге байланысты ғана болады. Бұқаралық коммуникацияның қалыптасуының шешуші кезеңі мен оның ең алғашқы түрі Гутенбергтің баспа станогы. Баспа кітап үлкен мәдени төңкеріске айналды. Ол тек бұқаралық коммуникацияның алғашқы түрін ғана қалыптастырып қойған жоқ, кейбір зерттеушілердің айтқанындай (Б.Андерсон т.б.) «баспа капитализм» атты капитализмнің тууына әкелді. Нәтижесінде кітап басу бұқаралық капиталистік тұтынудың бірінші формасына, ал кітап – бірінші бұқаралық тауарға айналды. Ол сауаттылық пен сауатсыздықтың арақатынасын түпкілікті өзгертті, сондай-ақ, қоғамның әлеуметтік құрылымына ықпал етіп, Реформациялық қозғалыстарға, еуропалық ұлттардың дамуына, ұлттық тілдер мен мемлекеттердің қалыптасуына жағдай жасады.

Баспа мәдениетіне дейін сауаттылық қоғамның саяси, мәдени салаларында ешқандай мағынаға ие болмады. Баспаның қалыптасуымен сауаттылық пен білімділік әлеуметтік мобилдік пен статустың қажетті көрсеткішіне айналды. Орта ғасырлардағы әулиеттік мемлекетті демократиялық мемлекетке айналдыруда баспа дайындаған кітаптардың азаматтардың бұқаралық сауаттылығын жүзеге асыруынсыз мүмкін емес еді. Ол жаңа, зайырлы білім беру жүйесі мен жаңа буржуазиялық таптың қалыптасуына жағдай жасады. Газет пен бұқаралық баспаның қалыптасуы бұқаралық коммуникацияның дамуының жалғасы және аяғы болып табылады. Гегель айтқандай газет азаматтардың таңғы дұғасын ауыстырды.

Келесі кезең электр қуатымен тығыз қатысты электронды медианың (телеграф, телефон, радио) пайда болуымен байланысты. Электрлік теориясының практикада қолданылуы ең алғашқы осы медиакоммуникацияда болды. Ашық электромагниттік толқындармен олардың алыс қашықтықтарға тасымалдануы адамдардың көптен аңсаған телекоммуникацияның қалыптасуына әкелді. Көптеген ғалымдар бұл кезеңді жаһандандудың алғашқы кезеңімен байланыстырады, дегенмен, телекоммуникация адам болмысының кеңістіктік-уақыттық координатын түбегейлі қайта құрды. Үшінші кезең және үшінші коммуникативтік төңкеріс қазіргі медиакоммуникация (кино, теледидар, компьютер, интернет, мультимедиа) болып табылады. Олардың ішіндегі ең ықпалдысы және негізгі мәдени институтқа айналған – теледидар. Теледидар өзімен бірге биліктік, идеологиялық, ақпараттық, эстетикалық және мәдени қызметтерін біріктірді. Теледидардың мультитүрдегі мүмкіндігінің астарындағы көрінбейтін күш өзімен бірге көптеген медиалық институттарды, ескісі (газет, радио, кино), жаңасы (компьютер, интернет, видео, аудио баспасы) жұтып қойды. Соңғы екі он жылдықтағы жаңа күшті медиа, әрі мәдени институт компьютер және Интернет болып табылады. Медианың мәдениеттің жаһандық трансформациясына ықпалы кеңістік пен уақыттың трансформацияның қабылдауында көрініс береді. Кеңістік пен уақыт әрқашан адам болмысының түбегейлі нүктесі ретінде қарастырылған. Бірақ бұл кеңестік-марксистік дискурс айтқандай «материяның объективті өмір сүруінің түрі» емес, әлеуметтік

құрылымды категория. Тіпті бұл ұғымдық форма емес, Кант айтқандай сезімдік форма. Урбанистік мәдениетте уақыт кеңістікке үстемдік ете бастайды, кеңістікке қарағанда қажетті категорияға айналады. Кейбір зерттеушілердің айтуынша уақыт кеңістікті «элиминирлейді». Сондай-ақ, кеңістік уақытпен бір координатқа теңеліп, «кеңістіктік-уақыттық», «эйнштейндіріленеді» (эйнштейнизируется) болады. Модернити мәдениеті басынан екі кеңістіктік-уақыттық дағдарысты өткерді – Бірінші дүние жүзілік соғыстың аяқталуымен ХІХ ғ. екінші жартысы және Версаль келісімінің шақырылумен «жаңа әлемдік тәртіптің» орнатылуы; және де қазіргі постмодернитиге, постиндустриалды қоғамға, қазіргі жаһандық немесе «жаңа әлемдік тәртіпке (емес)» бастау берген. Масс-медиа екі жағдайда да шешуші роль атқарады, бірінші дағдарысты нақты емес, екіншісінде толық ықтималды. Медиакommunikация «қысым», «қысқарту», «кебу» сынды бальзактік шегірен былғарыдай кеңістіктік-уақытқа эффекттік көрініс береді. Медиакommunikацияның дамуы мен кеңістік көбіне уақытпен элиминирленеді, мағыналы бола бастайды. Бірақ бұл өз кезегінде жергіліктінің мағыналық қалыптасуына әкеледі.

Медиакommunikацияның дамуы қазіргі гуманитарлық ғылымдардың ортақ тақырыбы жаһандану феноменінде де өз көрінісін береді. Әйтседе, жаһандану себебінің жауабы бір жақты емес, көптеген зерттеушілер (және біз олармен келісеміз) бұқаралық коммуникацияны негізгі себеп дейді. Жаһандану жайлы пікірталас, оның себептері мен қорытындылары процессті түрліше түсінуден болады. Біз үшін жаһандану батыс моделі мен өмір салтының, құндылықтары мен талғамдарының таралуы емес (бізде көп жағдайда осылай қалыптасқан), ең алдымен адамдардың жоғарғы сезімі мен санасының жаһандық (әлемдік) байланысы. Бүгінде әлде бір локальды ортада қалыптасқан нәрсе әлемнің көптеген басқа аймақтарына және әлемдік масштабтағы адамдар тағдырына әсер етуі мүмкін.

Біз жаһандануды қиын диалектикалық процесс ретінде жаһандану мен локализацияның ұштасуынан туындаған «жаһандық-локализация» (глокализация) деп қарастырамыз. Гомогенизация және унификацияның жаһанданудан жеңілуін күнделікті өмірдегі «локальды сананың» оянуы және локальды мәдениеттің жарық көруі факт ретінде қарастырылады. Локализация жаһанданудың құрамдас бір бөлігі болып табылады.

Қазіргі мәдениеттануды зерттеудің қажетті ұғымы мен методикасы мәдениеттанудан алған саяси экономияның мәдени өндіріс ұғымы болып табылады. Ең алғаш болып бұл ұғымды Франкфурд мектебінің философтары Т.Адорно және М.Хоркхаймер ХХғ. 40-жылдары енгізді. Бірақ теория қазіргідей ескі болып саналатын бұқаралық қоғам мен мәдени империализмді анықтауды қолданылды. Дегенмен, қазіргі мәдениет процесстеріне анализ жасауда мәдениеттанушылар мәдени өндіріс ұғымын жақсы қодануда. Бұл ұғым экономикалық, технологиялық, әлеуметтік, мәдени қайшылықтарды анықтауға көмектеседі. Бір жағынан ол мәдени шығармашылықты мәдени құндылықтардың өндірісі ретінде экономикалық өндіріс түрінде көрсетеді; бір жағынан мәдени өндірістен тұтыну өндірісіне мән беруді, сондай-ақ, мәдени өндіріс пен өндіріс товарының айырмашылығы мен спецификасының анықтауды айтады. Бұдан біз мәдени артефакттерді капитализмнің заңдылықтары тарағандай мәдениеттің барлық сфераларында товардың түрлері деп айтуға (мәдени коммодификация) құқығымыз бар. Ол бізге ұнайды ма, әлде ұнайды ма, - барлығын тауарға айналдырған мәдени өндіріс капитализмнің идеологиялық тұрғыдағы аяғы емес, керісінше капитализмнің даму тенденциясын көрсетеді. Бірақ ең бастысы мұндай ыңғай мәдени өндірісті тұтынушы процесс ретінде қарастыруға: мәдени товардың

(бұл жерде құндылықтардың орны қандай, әлеуметтік идеялар, символдар, көркем шығармалар мен образдар, медиаөнімі) экономикалық айырмашылығы тұтыну процесінде. Тек тұтыну акті ғана мәдени өндірістің акті болып табылады. Осыдан үлкен айырмашылық, мәдениеттанушылар «аудитория» (audience) деп аталатын оқырман, көрермен, тыңдаушылар дейді ме, әлде «тұтынушылар» дейді ме? Тек аудитория ғана мәдени өндірістің шынайы димургі болады. Мәдени өндірістің ерекше аспектісінің бірі осындай.

Мәдени өндірістің кезекті аспектісі өндіріс символы немесе символикалық өндіріс. Символ әрқашан «Дәл» емес, пішіні де өз-өзін анықтамайды. Символ өз-өзіне ғана қажетті емес, ол өзін жасырады және өзін айқындатуға тырысады. Мәдени «тауар» өзінде емес, қоғамның престижі, өмір стилі, статустық рөлі, жағдай сынды «басқада» көрінеді. Мәдени өндірістің ашық мысалы жарнама, ол тек товарларды ғана емес, сонымен қоса билік, байлық, секс т.б. көптеген «өмір стильдері» секілділерді де жарнамалайды. Қазіргі медиакоммуникация мәдени өндірістің «таза» бір көрінісі: олар қолданыс аясында өндіріледі, өздерін ешқандай аудиториясыз және индивидуалды қолданыстағы таза символдық өнім болып табылады.

Бұқаралық коммуникацияның мәдениетке ықпалын қазіргі гуманитарлық білім тұтастай мәселе ретінде қояды. Қазіргі қоғамға (постмодернистік, жаһандану, постиндустриалды) алдыңғы идентификациялық тәсілдері көмектесе алмайтындай тұтас дағдарысқа ұшырауда. Мұндай жағдайда ескі идентификация механизмдерін қайта қарау керек. Осы кезге дейін идентификацияның механизмі болып абстрактылы (адамдық) Мен проблемасы идентификациясына әкелетін философиялық механизм өзіндік рефлексия мен өзіндік референция болды. Бұл механизм Декарттың радикалды күмәніндегі cogito принципіне өз картинкасын салды. Бұл картинадан Басқа қуылды, егер кірсе, тек иллюзиялық түрде «басқа өзіне-өзі» болды (Гегель). Қазіргі гуманитарлықтың жетістігінен шыққандықтан бұл «философиялық» жалғыздық екі жағдайда болуы қажет: Басқаның жалғыздықтың (тұтастықтың) құрамына кіруі және коллективтік идентификация механизміне кіруі. Біріншісі, идентификация процесі «Меннің айнасы» емеске қызмет ететін басқаға қатынасындай (немесе барлығына радикалды күмәнмен) философиялық тәсілдерін қабылдаумен іске аспайды, ол еліктеудің үлгісі мен моделі, өзіндік Меннің құрылуы. Басқа – ішкі ығыстырушы инстанция емес, ол ішкі айыру инстанциясы. Тек осы инстанцияның нақтылығы ғана идентификация процесін мүмкін етеді. Екіншісі, идентификация процесі философиялық рефлексия көмегімен іске аспайды, біріншіден, коллективтік жалғыздыққа қатынасы арқылы (ағайындық сезім, жақындық т.б.), екіншіден, ол абстрактылы ойлануда емес, коллективті іс-әрекеттің процесінде, қатысу шығармашылығында іске асады. Осыдан қазіргі мәдениеттанудан шығатын agency проблемасына (іс-әрекетке мүмкіндік) үлкен роль береді. Бүгінде медиакоммуникация алдыңғы ұқсастықтарды бұза отырып, коллективті идентификацияның механизмдерін жақсы пайдалануда және жаңа нық «елестеткіш ұқсастық» қалыптастыруда.

Медиакоммуникацияны әлеуметтік-мәдени институт ретінде, талдаудың рөлі мен қоғамдағы әлеуметтік ұйымдардың және жаһандық құбылыстардың («жаңа әлемдік тәртіп» құруда) орны, философиялық, мәдениеттанулық, теориялық-әлеуметтік мағынасын білу қажеттілік.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бұқаралық коммуникацияның мәдениеттің жаһандық қайта құруларына ықпалы жайында айтылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается влияние массовой коммуникации на глобальное возрождение культуры.

ИСТОРИЧЕСКИЙ ОБЗОР ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ РЫБОЛОВСТВА В АРАЛЬСКОМ БАССЕЙНЕ

Ешмуратова Г.В. – преподаватель
(г. Алматы, Академия бизнеса моды «Сымбат»)

Одним из первых исследователей Аральского моря являлся Алексей Иванович Бутаков, который в 1848 г. был назначен начальником экспедиции, организованной Военным министерством для съемки и промера Аральского моря. Данная экспедиция по прибытии на Аральское море должна была поступить в подчинение начальника Оренбургского края. Для обеспечения охраны экспедиции Морское ведомство Российской империи обеспечило ее необходимым личным составом, это делалось для того, чтобы защитить их от нападения хивинцев и повстанческих отрядов хана Кенесары Касымова /1/.

Вместе с Алексеем Ивановичем на шхуне «Константин» на Арале служил другой замечательный человек того времени – Тарас Шевченко, который в начале 1847 г. был арестован в Киеве за участие в тайном политическом обществе – Кирилло-Мефодиевском братстве и был сослан в ссылку в должности солдата «под строжайший надзор и с запрещением писать и рисовать» /1/. Несмотря на такую цензуру Тарас Шевченко за время зимовки на Кос-Арале, вынесший из путешествия по неизведанному морю множество впечатлений, обогативших поэта новыми знаниями и поэтическими образами, рисовал и писал стихи, где создал цикл стихотворений, состоящий из более пятидесяти стихотворений.

27 января 1849 г. А.И.Бутаков очередной почтой на остров Кос-Арал получил диплом о своем избрании в действительные члены Русского географического общества. Это была первая большая и заслуженная благодарность за его самоотверженный исследовательский труд.

Изучение и освоение Аральского моря и крупнейших рек Средней Азии – Амударьи и Сырдарьи принесло ему заслуженное мировое признание и выдвинуло в первые ряды выдающихся исследователей и ученых.

Аральское море являлось одним из важных центров становления и развития рыболовного дела в дореволюционном Казахстане. Рыболовство как промысел имело особую ценность, так как при благоприятных внешних обстоятельствах и в кратчайший срок оно могло достигнуть громадного развития, давая большое количество белковой пищи с минимальными предварительными затратами. Характерным примером может служить развитие Аральской рыбопромышленности.

В Аральском море, в Сырдарье и Амударье первоначально лов рыбы в промышленном отношении совершенно не производился, лишь местное казахское население добывало незначительное количество рыбы для личного потребления. Традиционными орудиями лова были котцы, казы, сузге, острога и т. д. Толчком к развитию промышленного рыболовства послужило переселение в 1877 г. на берега Сырдарьи и Амударьи уральских казаков, обладавших достаточным опытом рыболовства на реке Урале. Они внедрили в промысел плавную сеть, в частности двухстенную для шипа и усача и одностенную для жереха, которая до развития неводного лова была основным орудием добычи рыбы в реках.

Наиболее крупным населенным пунктом на Сырдарье в это время был г. Казалинск, основанный в 1853 г. и который быстро превратился в рыбопромышленный городок. Рыбный промысел на Сырдарье с 1875 по 1885 г.

распространялся от Казалинска вниз по течению до предустьевой морской полосы. В этот период развивающийся промысел базировался преимущественно на таких проходных и полупроходных рыбах как шип, усач, лещ и жерех. Морской же промысел ограничивался узкой полосой взморья. О его масштабах можно судить по следующим данным: в предустьевом пространстве в это время было задействовано около 20 лодок, в низовьях Сырдарьи функционировало всего 274 снасти, а в низовьях и дельте Амударьи – 112 снастей /2/.

Начиная с 1899 г. промысел из рек начинает выходить в море, когда рыбаки начали постепенно занимать на морском побережье наиболее удобные для рыболовства участки. В этот период по официальным данным в Сырдарье, Амударье и в море имелось уже 1318 снастей, в том числе 334 – в реках /2/.

В 1899 г. вылов рыбы в море и в низовьях реки составил 30155 ц., не считая вылова на юге моря и в дельте Амударьи. Зимний подледный лов в этот период практически не использовался, он в основном практиковался только в летнюю и осеннюю пугину. Как правило, рыбаки промышленяли большей частью шипа, усача, сазана, жереха, сома и леща, в небольшом количестве – воблу, белоглазку, шемая.

Орудиями лова были самоловы, крючья, неводы, аханы, ставные неводы, также казы и саки. При речном рыболовстве рыбу ловили при помощи плавных и ставных сетей. Плавная сеть была основным орудием лова, но с 1893 г. она начинает вытесняться неводом, который был наиболее удобным орудием, позволяющим ловить разнообразные виды рыбы (см. таблицу 1).

Во многом картину развития рыбопромышленности в Аральском регионе изменило проведение Ташкентской железной дороги. Во-первых, с начала использования железной дороги неосвоенные рыбные богатства Арала вызвали широкую тягу рыбаков не только сопредельных территорий. Например, на постоянное поселение на Арал начали переселяться крестьяне Самарской, Саратовской, Воронежской и других губерний Российской империи. На островах моря и берегах рек обосновываются также рыбаки с Азовского моря, Бессарабии и старообрядцы-липоване с дельты Дуная. Первоначальным временем их проникновения является последняя четверть XIX века.

Таблица 1

Количество орудий лова в низовьях Сырдарьи /3/.

Год	Количество снастей	
	в т.ч. плавных сетей	в т.ч. неводов
1889	327	-
1890	236	29
1891	283	87
1892	246	58
1893	120	168
1894	133	129
1895	154	147
1896	186	117
1897	86	273
1899	79	-

Высылка переселенцев на территорию Казахстана из России, в частности с реки Урал, проходила в два этапа: а) в 1875 году – переселение уральских казаков-старообрядцев; б) в 1877 году – семей ссыльных уральцев. Причинами их выселения было неповиновение новому «Положению о воинской службе, общественном и хозяйственном управлении Уральским казачьим войском» и мятеж в 1874 г. уральских казаков-старообрядцев Уральского казачьего войска.

Вновь прибывшие поселенцы использовали такие новые методы и орудия лова, как вентери, гонные сети, трандады и т. д. /1/

Во-вторых, проведение железной дороги послужило причиной возникновения поселка Аральска в 1905 г., который составил острую конкуренцию Казалинску и постепенно стал административным и деловым центром рыбной промышленности региона, о чем свидетельствует рост железнодорожного грузооборота рыбных товаров. Перевозка рыбных грузов по железной дороге за отдельные годы характеризуется следующей таблицей /3/.

Таким образом, если до 1906 г. Рыбопромышленность в исследуемом нами регионе развивалась медленными темпами. В этом сказались ее отдаленность края и отсутствие удобных путей сообщения, но со строительством линии Ташкентско-Оренбургской железной дороги рыбный промысел начал развиваться бурными темпами. Так, в 1905 г. по железной дороге было вывезено 2 872 600 кг рыбы, в 1906 году – 14 344 192 кг, в 1910 году в десять раз больше /4/.

Таблица 2

Количество грузоперевозок рыбной продукции по Ташкентско-Оренбургской железной дороге

Год	Грузооборот рыбы (в центнерах)	
	Всего	В том числе красной рыбы
1905	28726	-
1906	137572	8812
1907	141810	1304
1908	169683	8150
1909	301158	2119
1910	326815	3749
1911	242707	2445
1912	288066	3088

С этого времени рыболовство принимает промышленный характер, обнаружив бурный рост в 1909 г., улов в течении которого достиг рекордной цифры довоенного периода (393129 ц. против 47990 ц. улова 1905 г.).

Начиная с 1910 г., вылов рыбы по Аральскому бассейну систематически возрастает и в 1915 г. достиг 483000 ц., затем началось постепенное снижение уловов из-за военных действий в период первой мировой войны, революции и гражданской войны. О влиянии указанных событий на экономику Аральского добывающего промысла свидетельствуют следующие цифры добычи рыбы (см. таблицу 3) /3/

Таблица 3

Показатели добычи рыбы Аральским добывающим промыслом

Год	Добыча (в центнерах)
1917	244500
1919	65200
1920	27710
1921	44010

Первая мировая и гражданская войны привели к уменьшению численности рыбаков, рыболовного снаряжения и флота, что повлияло на сокращение добычи рыбы за 4 года в 5 раз. Понижение уловов в свою очередь положительно сказалось на состоянии рыбных запасов.

В-третьих, железная дорога повлияла на прибытие на Аральское море крупных рыбопромышленников, которые создали на берегах и островах моря рыбные промыслы

по астраханскому образцу, когда ловцы-казаки подражались к крупным промышленникам и брали у них необходимые на снаряжение деньги, обязуясь сдавать рыбу по тем ценам, которые назначали промышленники. Рыбопромышленники с Каспия организовали наспех законченные рыбные хозяйства, используя тактику наименьших затрат на постройку промысловых заведений и флота. Их основная цель состояла в усиленном оборачивании вложенных предпринимательских средств для получения быстрой и легкой выгоды. Такой хищнический подход и безмерная эксплуатация труда рыбаков особенно сказались в военные годы, когда построенные частными предпринимателями легкого типа промыслы и фабрики пришли в состояние ветхости и негодности. В итоге, зависящие от ростовщического кредита рыболовецкие хозяйства в военный период распались и находились в состоянии глубокого упадка и обнищания.

До 1926 г. попытки ряда организаций возродить рыбопромышленность на Аральском море оказались неудачными, за исключением Госпароходства. Замешательством обобщественного сектора на Аральском море в 1923-1928 гг. воспользовались частные предприниматели. Послевоенный частники также уклонялись от затрат на промысловое строительство и всячески прививали среди рыбаков тенденции кустарной переработки рыбы. Таким образом, кустарный рыбный товар стал объектом скупных операций частников /5/.

Это привело к тому, что рыбаки начали отвлекаться от лова в сторону кустарного производства, что также повлияло на их отрыв от промыслов Аральского рыбного треста, который в свою очередь был обязан противопоставить кустарной переработке рыбы промышленную, то есть «построить или капитально отремонтировать промысловые и прочие сооружения», чтобы удовлетворить возрастающий с каждым годом спрос на рыбную продукцию.

Противодействие продолжалось с 1926 г. до второй половины 1928 г., когда крупные рыбопромышленники всячески старались сохранить рыболовецкий посол, поскольку такой товар попадал в русло частного капитала и подпитывал разветвленную сеть перекупщиков и торговцев.

Поэтому с этого времени по станицам были образованы ссудные капиталы из станичных средств для организации выдачи ссуд рыбакам на снаряжение к лову, чтобы они перестали зависеть от перекупщиков при продаже рыбы. Кроме того, вышло постановление о сдаче войсковых вод в аренду, чтобы исключить возможность эксплуатации ловцов.

Таким образом, рыболовство в Аральском бассейне прошло в своем развитии несколько этапов от простых форм единоличной рыбной ловли до развитой рыбопромышленности. Данный вид промысла начал усиленно развиваться под влиянием русского населения, в частности, с появлением в крае казачества, а также в результате расширения торгово-экономических связей с Российской империей, с увеличивающимся спросом на продукцию рыболовства.

ЛИТЕРАТУРА

1. <http://kungrad.com>.
2. Берг Л.С. Рыбы и рыболовство в устьях Сыр-Дарьи и Аральского моря. – СПб., 1900. – 180 с.
3. Материалы по ихтиофауне и режиму вод бассейна Аральского моря. – М., 1959. – 150 с.
4. Рыбное хозяйство. – М., 1922. – 60 с.
5. Архив г.Аральска. Ф.100. Оп.1.Д.14. Л.32.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Арал бассейніндегі балық аулау шаруашылығының құрылуы мен дамуына тарихи шолу жасалынады.

РЕЗЮМЕ

В статье основное внимание уделено становлению и развитию рыболовного промысла на территории бассейна Аральского моря.

СҮЙЕК ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Ибадуллаева З.Ө. - т.ғ.к., доцент м.а.
(Түркістан қ., Ясауи атындағы ХҚТУ)

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің белгілі бір бөлігін құрайтын сүйек және оның этнографиялық мәні, оның қазақи болмыстағы этномәдени ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерделеу қазақ этнографиясы үшін маңызды мәселелердің бірі. Сол себептен сүйектің этнографиялық болмысы, атап айтқанда сүйектің қолөнердегі, жалпы сүйек туралы түсініктің өзі, оның әдет ғұрып, салт дәстүр мен наным сенімдер жүйесіндегі орны және ұлттық ойындар жүйесіндегі қызметтері мен өзіндік мәдени бітімдері ғасырлар бойы қалыптасқан жүйе. Сүйектің өзіндік болмыс бітімі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерде, қолөнерде, халықтық емдеу тәсілдерінде және ұлттық ойындарда даралануы табиғат пен халық (этнос) арасындағы заңдылық. Сүйектің этнографиялық мәнінен біз халқымыздың бай ой дүниетанымын, білгірлігі мен ілімін, ой-санасын, сондай-ақ халық шеберлігін аңғарамыз.

Сүйекке қатысты атау, түсінік, ұғымдар ең алдымен жан жануарлар мен хайуанаттар сүйегі және адам қаңқасы екендігімен ескеріле отырып, сүйекке қатысты өлшемдердің де қазақ дүниетанымында бар екендігі, оның бүгінгі өмір тұрмысында да рухани мәдениетіміздің бір қыры екендігін естен шығармауымыз керек. Сондай-ақ сүйек атауы рудың, жалпы тектің шыққандығымен түсіндіріліп, ол барлық түркі халықтарына ортақ екендігі аңғарылады. Осыған байланысты қазақ баласы бір бірімен жөн сұрасқанда «сүйегің кім?» деген. Әдетте қазақ ұғымында тайпа, ел, ру жақындастық түсініктерін де «сүйек», «сүйектес», «бір сүйектен» деген атаулармен айтқан. Мұндай жақындастық, туыстық қарым қатынастағы түсінік басқа түркі халықтарында да кездесетіндігін ғылыми зерттеулер айғақтайды. Мәселен, бұл туралы зерттеуші этнограф Д.Ескекбаевтың зерттеуінде де жан-жақты қарастырылған /1/.

Алтай, тува тілінде де тайпа, халық ұғымы – тұтастай «сүйек» деп аталады. Қазақи салт – дәстүрде сүйек сакральды күшке баланып, рухани дүниенің көрінісі саналды. Жан жануарлардың дене бөліктері саналған сүйек атауларының да әрбір салт дәстүрде өзіндік қызметі болды.

Кейбір сүйек бұйымдар осы уақытқа дейін өзінің архаикалық ерекше нанымдық мәнін жоғалтпай келеді. Ата-бабадан келіп жеткен наным-сенімдер жүйесінде мал мен жануарлардың жекеленген сүйек бөліктері қорғау, желеп-жебеу күштеріне ие. Нанымдық ғұрыпта жан-жануарлардың бас сүйегі, мүйізі, тырнағы, тұяғы, сирағы, жауырыны, қары жілігі, мойын омыртқасы, тарамысы қолданылды. Олардың кейбірі бойтұмар ретінде де тағылды.

Халықтық әдет ғұрыптарда қойдың *мойын омыртқасының* өзіндік қасиеті бар. Мәселен, Моңғолия қазақтарының арасында жас жұбайлар отау құрғаннан кейін күйеу жігітке қойдың мойын омыртқасын тіс тигіздіртпей жегізіп, жігіт оны түндіктен сыртқа лақтыруы қажет. Бұл қазақта «мойын тастар» деп аталады да, оның мағынасы бойынша жас отаудың түндігінен мойын омыртқаны күйеу жігіттің лақтыруы «жас отаудың босағасы берік, түтіні түзу шығатынына себепкер» деген ырыммен жасалады /2, 252-б/. Ал Қосағаш қазақтары арасында егер сүйек шаңырақтан түзу шықса онда қалыңдық бақытты болады деп есептелген /3, С.99/.

Сонымен бірге дәл осы мойын омыртқаның жас босанған әйел үшін де қадір қасиеті ерекше. Қалжаға сойылған қойдың мойын омыртқасын босанған әйелдің сыбағасы ретінде табағына тартады. Мойын омыртқаны жас босанған әйел тіс, пышақ тигізбестен, еті мен жұлыннан тазартып жегізіп ілгізеді. Халық ұғымында мойын омыртқаны бөлмей жеу, баланың мойнының тез бекуіне себепші.

Қарап отырсақ, қазақтың наным сенімінде қойдың мойын омыртқасы «өмірге жаңа келген сәбидің, оның қадам басуының, жастардың кейінгі өмір тіршілігі мойындай бекіген берік болсын, құт береке дарысын» деген мағынада жасалатындығын байқай отырып, қойдың мойын омыртқасының қазақ дүниетанымында екі дүниені жалғастырушы функциясын атқаратындығын аңғарамыз /4, 132-б/.

Халық түсінігінде кәрі жілік аталып кеткен қары жілікті үй адамдары өздері мүжіген соң, үй босағасына мал аман болады, үйді, малды ұры-қарыдан, пәле-жаладан сақтайды, - деп осы сүйек арасындағы тесігінен ши өткізіп, құрық ұстаған жылқышы тәрізді етіп іліп қояды. Қары жілік қонаққа, бөтен жат адамға емес, керісінше «ағайын мінемейді», - деп ауыл – үй адамдарының табағына салынады. «Қанына тартпағанның қары сынсын», - деуі де оның ағайын арасының, отбасы мүшелерінің сыбағасы екендігін білдіреді.

Қары жілікті қазақтар ердің алдыңғы қасына іліп, жылқы мен ер-тұрманды сақтаушы ретінде түсінген. Ал басқа түркі тілді саналған буряттар мен түрікмендерде қары жілікті бөтен адамға берген. Дегенмен де бұларда да бұл сүйектің қорғау, сақтау қасиеті болған. Қары жілік атауының мағынасы бөтен, жат ұғымын білдірді /2, 253-б/. Кәрі жілікті қазақ өсіп келе жатқан ұлы мен қызына ұстатпаған, әсіресе қыз балаға «оң жақта отырып қаласың» десе, бойдақ балаға «сүр бойдақ» боласың деген сеніммен ұстатпаған.

Жауырынға қатысты наным сенімдер тізбегін Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет ғұрыптары туралы жазған М.Ибраевтың ғылыми зерттеуіне сүйенсек /5, 147-б/, төрт түлік мал өсіріп, көшіп қонып жүрген халқымыз малдың он екі мүшесінің ішінде жауырынды ерекше қадір тұтқан. Тілімізде күш иесін «жауырыны жерге тимеген» деген балама атау бар. Қастасқан дұшпан өз бақталасының күш қайратын қайтару үшін жауырын тұсындағы жұқа шеміршектің басын кесіп алу секілді оғаш әдеттер де көп замандар бойы сақталып келген.

Ертеде жауырынмен бал ашқан. Көптеген түркі, моңғол жұрттарында ұшырасатын жауға қарсы әрекет жасау шарасы болып саналған жауырынды от жалынына қақтағанда пайда болған сызат, жолақтарына қарап бал ашу («жауырын жағу»), «жауырын қарау» болжам жасау сияқты қызметтерді атқару арнайы білімді қажет етеді /6,14-б/. Сондай-ақ ірі қараның, жылқының жауырыны әріп жазуға арналған тақта ролін де атқарған.

Сақтаушы күш ретінде үй жануарлары мен жабайы аңдардың, әсіресе жылқының бас сүйегін пайдалану ырымы кең тараған. Малдың басын

қарақшылыққа қою рәсімі егінді сырт көзден сақтау ниетінен туындаған. Бас сүйекті жерге тастамай, мал-жан баспасын деп биік жерлерге: қораның төбесіне, жартастың үстіне, ағаштың бұтағына ілетін. Орталық Қазақстанда асқа сойылған жылқының басын бейіттің маңдайшасына қою, Жетісу егіншілерінде қу басты қадаға шошайтып қарақшы етіп тігу кездеседі.

Біртіндеп бүкіл Орта Азиядағы сияқты қазақ егіншілерінің арасында жерге қадалған ағашқа жылқының, түйенің (сирек жағдайда сиырдың) бас сүйегін іліп қою бақшалық өнімдер мен жас егіндікті тіл көзден сақтайды деген сенім таралған. Сондықтан бау-бақшалар мен егіндік алқаптардың барлық жерлерінде тіл көзден сақтайтын тұмарлар – ағарған бас сүйектер бой түзейді. Бүгінгі күннің өзінде саяжайлық бау бақшалардан кейде сырыққа ілінген малдың бас сүйектерін кездестіруге болады.

Әйгілі жүйрік, бәйге, жорға аттардың, батырлардың аттарының басын биік таулардың, шыңдардың басына киізге тігіп, шиге орап, кебіндеп қойған. Мұны аттың басын кебіндеу деп атайды. Қазақта кейде қу басты арнайы жеке сөзбен «толағай» деп атайды. Әдетте, бас құрметті, сыйлы адамға тартылды. Бас тартылмас бұрын «бастың жолын ашу» рәсімі орын алған.

Қазақтардың ежелгі сенімі бойынша жеті қазынаның бірі болып саналатын иттің бас сүйегін сақтық мақсатында пайдалану Қызылорда облысының Жалағаш ауданындағы Таң ауылында кездескен /7, 46-б/. Көз тиген жағдайда даладан иттің бас сүйегін тауып алғаннан кейін, оны мұқият жуып, суға қайнатқан соң осы сумен баланы шомылдырады. Бұдан кейін иттің бас сүйегін таза ақ шүберекпен орап, жайлы орындардың біріне қойып, егер балаға тағы да көз тисе осы әдісті қайталайтын болған.

Балаға «көз тигенде» немесе «ит тигенде» оны діни наным-сенім белгілері, сондай-ақ мұсылмандақ негізде құран аяттары жазылған бойтұмар баланың бесігіне ілінген, арнайы «дем салушы» молда, қожа немесе сол ауылдың имамы да құран аяттарын оқу арқылы емдеген.

Ит тиюді емдеудің тағы бір түрі өте ауыр болған жағдайда иттің жатқан жеріне және иттің бас сүйегіне шомылдыру. Ол бойынша, иттің жатқан жеріне баланы жалаңаштап, ішін сол жерге тигізіп «Бисмиллә рахман-р-рахим, Тіл сұқтан аман ет, ит тигеннің итін қайтар» деп айтатын болған. Иттің басына және сүйектеріне; қабырға, омыртқаларына да түсірген. Бұл туралы, информатордың бірі; «баласының өте ауыр жағдайда ит тигендігін, және оның халінің өте нашарлауына байланысты, иттің бас сүйегін 3 рет қайнатып, 3-ші қайнатылған суды суытып жылы күйінде шомылдырған. Сонда сол күннен бастап баланың беті бері қараған» /8/ -дейді. Емдеудің мұндай жолы бала бойындағы иттің иісін ит өзі иіскегенде өзімен бірге алып кетіп, бала бойынан шығады деген түсінік бар.

Қазақи салт-дәстүрде ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан сүйек атауына қатысты біршама дәстүрлер бар. Оның қатарында «сүйек жаңғырту», «сүйекке түсу», сондай-ақ далалық этикалық нормалармен біте қайнасқан «сүйекке таңба» сияқты құбылыстар бар. Сүйек жаңғырту – қазақ дәстүрі. Халықтық дәстүрде «сүйек жаңғырту», «сүйек шатыс» деген сөздер жиі кездеседі. Бұл да үйлену, құдандалық жолына байланысты шыққан ғұрып. Бұрын құдандалы болып бірімен бірі сыйласқан екі жақ, екі ру бұрынғы іліктілікті қайта жалғастыратын болса, оны «сүйек жаңғырту» деп атайды. Яғни бұл бұрынғы үзілген құдалық қайта жалғасыт деген сөз. Жалпы қазақ рулары бұрын соңды құдалық салтты бұзбай қыз алуды немесе қыз беруді үнемі қадағалап, кей жағдайларда еске салып отырған. Қанаттас, қоныстас отырған екі елдің бұл қарым қатынасы елдің тұтастығы мен бірлігіне, әлеуметтік жағына да қатысты болған /9, 221-б/. Өзімнің жинаған этнографиялық мәліметтерім бойынша айтар болсам, осы Түркістан өңірінің

тұрғыны Ауелбекова Базаркүл апаның (1948 ж. туған) айтуынша, оның күйеуінің туған шешесі ол бала күнінде қайтыс болады да, ол басқа әйелге үйленеді. Бірақ ол бала көтермей, оның күйеуіне ана болып арада біраз уақыт, дәлірек айтқанда 30-35 жыл өткенде екі ұрпақ бір бірімен суысып кетпесін деп, өгей анасы атанған екінші шешесі өзінің төркін жағы саналған еліндегі жігіттің біріне баласының қызын беруге келіседі. Бұл рәсім жоралғыны өздері «сүйек жаңғырту» рәсімі деп атаған. Бүгінде ол екі жас 30-35 жас шамасында, 3 бала тәрбиелеп отырған үлгілі отбасылардың бірі /10/. Әдетте мұндай жоралғы туысқандық, тамырластық мәселе ұзап кеткенде, ұрпақ аралық сабақтастық сақталсын деген ниетпен жасалатын болған.

Сүйекке түсу немесе сүйекке кіру – қайтыс болған кісіні ақ жауып арулауды атайды. Бұған сүйекті жуудың жөнін білетін аруақтың өзі қатарлы адамдары кіреді. Сүйегіне кіретін адамдарды марқұмның өзі де айтып кетуі мүмкін. Мәйітті жерлеудің алғашқы дайындықтарының жосын-жоралғысының бірі – «ғұсылдандыру» немесе «сүйекке түсу» болып табылады. Өлікті жуу көбінесе «сүйекке түсу», «сүйекке кіру» деп те аталады. Сүйекке кіретін адамдарды марқұм көреген болса, алдын ала белгілеп кетеді, әйтпесе оның жанашыр туыстары не басы қасында жүрген молда белгілейді.

Сүйекке кіретін адамдардың саны сүйекке түсетін адамдардың саны тақ, марқұммен жұп болып шығады. Ал бұл көрініс Түркістан және Жаңақорған өңірлерінде сүйекке түсушілер саны 4 адам, ал өліктің өзімен тақ сан бесеу, яғни олар барынша жанашыр аталастар немесе аталас қожалар болады. Олардың қызметтері бірі басын сүйесе, екіншісі су беріп тұрса, үшіншісі су құйып, төртіншісі жуады. Әдетте, олар мұрындық қап, қолғап киіп жуады. Осы сүйекке түскен кісілерге, қайтыс болған адамның киім-кешектерін «теберік» («тәбәрік») ретінде таратып берген, ал мәйітті жуу үшін пайдаланған қолғапты ырым етіп жара, ісік ауруларына пайдалану үшін алған.

Саян түріктері арасында өлімді бір қара күш керек еткен соң, оның жанын, яғни «тынын» (демін) керек еткен соң алған деген сенім бар. Марқұмды олар «тоң соок» (нағыз сүйек) деп атады /11, - С.92-93/.

Қазақи салт санада дәстүр және ерекшелікті бұзғаны болса немесе оғаш қылығымен ел арасында көзге түссе, онда ол жанұясы, туған-туысқаны, айналасы тарапынан шеттетіліп, сүйекке таңба салған, яғни бір қауым елге немесе бір рулы елге таңба салған адам болып есептелінген. Бұл көрініс Орта Азия және түркі халықтарының арасында да бар. Ал керісінше, қандай да болмасын жауапкершілікті іс тындырып, ел көзіне өзінің қадір қасиетімен, асқан жомарттығымен танылатын кісілерді «сүйегі асыл» деп атаған.

Мал сүйектерінен де әр түрлі ұлттық ойындар: ақсүйек, асық, тобық сияқты түрлері кең тарады. Асық ойыны балалар үшін өте ұқыптылық пен шапшаңдықты, әрі білгірлікті танытатын ойын түрлерінің бірі. Әдетте асық жіліктегі асық балалар еншісіне берілген. Мәселен, сонау көне дәуірлердің өзінде-ақ балалар жерленген қабірлерде көп мөлшерде қойдың асықтары кездеседі, олардың көбі қызыл жосамен боялған, ал қайсыбірінде өңдеудің іздері байқалады. Мұны бүгінгі күннің көрінісінен де байқауға болады. Себебі көп асықты иеленген ауыл балалары асықтың ішінен кейбірін қызыл бояумен бояп, оны сақа деп атаған.

Тобық ойыны әдетте жезде мен балдыз арасында, тамырлас, дос жарандар арасында, сондай-ақ құрбы құрдастар арасында ойналатын ертеден келе жатқан ойындардың бірі. Ол бойынша мүжілген тобықты ойнаушы екі адам келісе отырып, оған куәгерлер міндеттей отырып, тобықты біреуі жасыруы тиіс. Ойынның шарты бойынша тобықты жасырушыдан екіншісі тобықты кез келген

уақытта сұрауы тиіс. Егер оны жасырушы дер кезінде көрсете алмаса, онда ол үшін жасырушы сұраушыға айып төлеген. Әдетте, айыптың шамасы немесе сый сияпаты алдын ала ойын басталмас бұрын келісіледі де, жасырушы сол айтылған уәдесінде тұрады. Бүгінде мұндай ойнаушылар арасында негізгі берілетін айыптар ұсақ түйек бұйымдардан бастап, зергерлік алтын бұйымдарға дейін, керек десеңіз үй жиһаздары мен көлік түрлеріне дейін ауысып жатқандығын ел арасындағы мәліметтер растайды.

Сүйекті халқымыз көненің көзі, теберігі, қасиеті ретінде мойындап, қадір тұтқан. Сүйектің нанымдық қасиеті мен оның қолөнердегі орнын халқымыз көне дәуірден-ақ білген. Сүйек ұқсату өнерінің тамыры өте тереңде жатыр. Сүйек бұйымдар мен сүйектеу өнерінің даму эволюциясы туралы сөз еткенде ең алдымен тас дәуірінен бастаймыз. Мәселен, орта тас дәуірі – мезолит кезеңінің ең басты өнертабысы – садақ. Шынына келгенде ол адам баласына жоғарғы палеолитте ақ мәлім болған. Бірақ оның кең таралуы жеке аң аулауға көшуге байланысты қажет болды /12, 82-б/. Қазақстан аумағында қола дәуірі қоныстарының көп екені мәлім. Оларға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары, сол дәуір тайпаларының қолөнер кәсіпшілігінде сүйек бұйымдардың болғандығын және тұрмыста сүйек заттар да қолданылғанын анықтайды /12, 109-б/. Ерте темір дәуірінде де сүйек бұйымдар да өз жемісін тапты

Қазақ қолөнерінде сүйек пен мүйіз өңдеу ісі өз алдына жеке кәсіп ретінде бөлінбеген. Ертеректен сүйектен кейбір еңбек құралдары мен қару жарак бөлшектерін жасаған. Ағаштан жасалатын үй жиһаздары мен ыдыс аяқтар сияқты тұрмыстық бұйымдарды, атап айтқанда кебеже, асадал, адалбақан, төсекағаш және ожау, тегене, тостаған сияқты ыдыстарды көркемдеу үшін мал сүйегін кеңінен пайдаланған. Қазақ шеберлері музыка аспаптарын әзірлегенде, оларды әшекейлеп безендіру үшін мүйіз бен сүйекті кеңінен қолданған /13, 77-82-б/.

Малдың, жабайы аңдардың сүйегі мен мүйізінен әр түрлі сәнді әшекей бұйымдар жасаған. Сүйектен жасалған бұйымдар өздерінің шығу тегін сонау ерте дәуірден бастағанымен, ол бүгінде қолданыстан шығып қалған. Десек те сондай сүйек бұйымдарының бірқатарын қазақ қолөнер шебері, әрі этнограф Д.Шоқпарұлының мәліметтері бойынша тарқатсақ /14, 77-б/: ұста, зергерлер көріктің көмейіне көмір салуға, ыстық шоқты көсіп алуға, күл шығаруға арнайы малдың жауырын сүйегінен жасалған қалақты қож немесе қожы, қазбай деп атаса, ірі қараның қос жауырынан жасалған бұйымды ескек деген. Ал қойдың, ешкінің кәрі жілігінің құрығынан әзірленген бұйым тоқубіз, қойдың, ешкінің асық жілігінен жасалған шүмек, сонымен бірге ұршықбас, жебе, сүңгі, түтік сияқты бұйымдарды пайдаланған.

Сүйектен жасалған бұйымдардың кейбірі болмаса, бүгінде сүйек бұйымдар қолданыстан шығып қалған. Олар тек музей қорларында ғана сақтаулы. Сонымен, сүйектің этнографиялық мәніне қатысты құбылыстар кешенді жүйе ретінде өмір сүріп, халықтық этномәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде көшпелі ортада өмірдің барлық салаларымен (қолөнермен, салт-дәстүрмен, наным-еніммен, халықтық емдеумен, ұлттық ойындармен) байланысқан құбылыс. Мұның өзі этномәдени байланыстарды реттеу мен үйлестірудегі басты тетік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Ескекбаев Д. Қазақтың байырғы дүниетанымы және түркі әлемі // Тарих тағлымы ХХІ ғасырда: Халықаралық Е.Бекмаханов оқуларының материалдары. 2 бөлім. Алматы, 2001. 221-227 – бб.

- 2.Қатран Д. Қазақтардың қазіргі кезеңдегі дәстүрлі ғұрыптық тамақтану жүйесі. // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Алматы, 2001. 245 – 258 бб.
- 3.Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов. Алматы, 1998.
- 4.Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. Алматы, 2005.
- 5.Ибраев М. Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары. 1 –том: біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы, 2005. – 328 б. 141-150-бб.
- 6.Хинаят Б. Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). //Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. Алматы, 2001.
- 7.Әжіғали С., Оразбек Е. Қазақтардың дінге сенгіштігі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары. 1 –том: біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы, 2005. – 328 б. 37-72-бб.
- 8.Ел арасынан жиналған этнографиялық мәліметтерден
- 9.Кенжахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 2007.
- 10.Ел арасындағы этнографиялық мәліметтерден
- 11.Бутанаев В.Я., Монгуш Ч.В. Архаические обычаи и обряды саянских тюрков. Абакан, 2005.
- 12.Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. 1 том. Алматы, 1996. – 544 бет.
- 13.Шокпарұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы, 2007
- 14.Шокпарұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы, 2007; Сүйектерге жан бітсе //Ана тілі. 1992. 17сәуір.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтың дәстүрлі қолөнеріндегі сүйек ұқсату өнерінің қалыптасу мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена рассмотрению вопросов формирования косторезного искусства казахов.

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ ОБЛИК НАСЕЛЕНИЯ ЖЕТЫСУ

Кальш А. Б., к.и.н., доцент (г.Алматы, Казгосженпу)

Известно, что одним из важнейших индикаторов характера и направленности развития этнокультурных процессов в Жетысу является этноязыковая ситуация. Длительность территориального контакта и полиэтничный состав населения региона способствуют интенсивным процессам языкового взаимодействия. Данный процесс характеризуется развитием процессов утраты национальных языков дисперсными группами, проживающими за пределами территории основного расселения (см. таблицу 1). Так, в Алматинской области по переписи населения 1999 г. лишь небольшая часть белорусов, поляков и украинцев владели родным языком, соответственно 14,8–15,4–18,2 % /1, с.68/.

Таблица 1

Население Алматинской области по национальностям и владению языками /1, с.68, 74/.

Этносы	Все население	Из них владеют языком		
		родным	казахским	русским
Все население				
Всего в том числе	1 558 534	93,0	17,8	56,4
Казахи	926 137	99,1	-	69,6
Русские	339 984	100,0	24,8	-
Уйгуры	140 725	87,5	82,8	68,4
Турки	28 187	79,2	69,3	86,3
Немцы	18 927	23,9	26,8	97,6
Корейцы	17 488	35,3	35,3	95,0
Азербайджанцы	16 073	41,3	66,0	88,7
Сельское население				
Всего в том числе	1 093 581	93,6	17,8	57,3
Казахи	713 833	99,1	-	64,4
Русские	160 687	100,0	25,1	-
Уйгуры	121 400	88,0	83,1	65,0
Турки	21 729	79,8	70,7	86,5
Немцы	10 203	23,1	27,6	97,8
Корейцы	7 122	38,6	27,2	95,7
Азербайджанцы	12 970	39,7	67,7	88,0

Необходимо отметить, что сельская среда значительно консервативнее и в меньшей степени подвержена развитию процессов утраты своего языка крупными этносами, проживающими компактно. Например, от 79,2 до 79,8% турков, от 88,0 до 87,5 % уйгур и 99,1 % казахов ориентированы на свои национальные языки. Одновременно возрастает доля русскоязычного населения, особенно среди белорусов (98,8–99,1 %), украинцев (97,9–98,4 %), немцев (97,6–97,8%), поляков (96,6–97,1%), корейцев (95,0–95,7%) в меньшей степени среди немцев (26,3 %) и татар (18,7 %) /1, с.67, 73/.

Русский язык как средства межнационального общения глубоко проник в структуру языкового общения исследуемых этносов. Практически у всех этносов прослеживается стабильное возрастание удельного веса хорошо знающих русский язык. Это в первую очередь относится к украинцам, белорусам, немцам, казахам и т.д. Аналогичные тенденции отмечены исследователями во всех регионах нашей республики /2/.

Все более важным фактором развития этноязыковых и этнокультурных процессов является двуязычие, которое обеспечивает коммуникативную

Таблица 2 Распространение двуязычия среди различных этносов Алматинской области в 1999 г. /1, с.67, 73/.

Этносы	Все население	Из них владеют	
		одним языком	двумя и более
Все население			
Всего	1 558 534	38,8	61,2

в том числе			
Казахи	926 137	30,3	69,7
Русские	339 984	74,4	25,6
Уйгуры	140 725	13,5	86,5
Турки	28 187	14,1	85,9
Немцы	18 927	56,9	43,1
Корейцы	17 488	49,9	50,1
Азербайджанцы	16 073	18,8	81,2
Сельское население			
Всего	1 093 581	38,2	61,8
в том числе			
Казахи	713 833	35,4	64,6
Русские	160 687	74,2	25,8
Уйгуры	121 400	14,1	85,9
Турки	21 729	13,8	86,2
Немцы	10 203	56,7	43,3
Корейцы	7 122	46,5	53,4
Азербайджанцы	12 970	18,3	81,7

функцию языка среди представителей различных этнических групп, способствует взаимообогащению и взаимодействию национальных культур. В изучаемом регионе, равно как и по всей республике в целом, распространено национально-русское двуязычие: казахско-русское, уйгурско-русское, немецко-русское и т.д. Особенно это заметно в этноконтактных зонах расселения, менее – в моноэтнических. Например, на вопрос: „Каким языком свободно владеете?“ от 76,5% до 82,1% опрошенных казахов в Енбекшиказахском и Коксуском районах Алматинской области указали на одновременное использование родного и русского языков. Идентичные процессы зафиксированы учеными и в других регионах Казахстана /3/.

Указанная нами ранее языковая особенность коррелируется и данными переписи 1999 г. (см. таблицу 2). По ней видно, что высокие показатели знания двух и более языков свойственны представителям тюркских этносов. Например, среди каракалпаков, кыргызов, крымских татар, узбеков, уйгур, турков и азербайджанцев на билингвизм ориентированы свыше 80%. Несколько ниже этот показатель у казахов, башкиров, татар и туркмен /1, с.67, 73/.

В то же время в Алматинской области высок показатель трехязычия. Так, на знание третьего языка в Енбекшиказахском районе указали 25,5% казахов, 38,6% уйгур, 53,3% представителей из национально-смешанных семей.

Если взять казахский язык, то им в основном владеют представители тюркских этносов (уйгуры, турки, татары и др.), для которых знание данного языка в значительной степени облегчено родственностью языков, продолжительным периодом совместного проживания и т.д. (см. таблицу 3).

Таблица 3

Степень владения государственным языком среди основных этносов Алматинской области в 1999 г. /1, с.196, 200/.

Этносы	Все население	Степень владения государственным языком, в %			Изучают государственный язык
		Владеют	из них слабо владеют	не владеют	

Все население					
Всего в том числе	1 558 534	76,7	8,2	23,3	18,0
Казахи	926 137	99,1	0,4	0,9	1,1
Русские	339 984	24,8	20,2	75,2	53,9
Уйгуры	140 725	82,8	18,1	17,2	19,6
Турки	28 187	69,3	19,4	30,7	24,9
Немцы	18 927	26,8	20,0	73,2	52,8
Корейцы	17 488	27,6	20,6	72,4	64,8
Азербайджанцы	16 073	66,0	19,3	33,9	26,6
Сельское население					
Всего в том числе	1 093 581	82,5	6,8	17,5	12,7
Казахи	713 833	99,1	0,3	0,9	1,0
Русские	160 687	25,1	19,2	74,9	46,9
Уйгуры	121 400	83,1	18,2	16,9	19,3
Турки	21 729	70,7	20,1	29,3	24,5
Немцы	10 203	27,6	19,1	72,4	47,1
Корейцы	7 122	27,2	18,6	72,8	53,7
Азербайджанцы	12 970	67,7	18,6	32,3	24,6

По степени владения государственным языком можно сделать следующие дифференциации: каракалпаки (92,4% всего населения и 92,8% сельского), кыргызы (89,0–90,5%), уйгуры (82,8–83,1), турки-месхетинцы (79,4–79,7%), туркмены (77,0–77,5%), узбеки (76,3–78,6%), татары (74,9–75,6%), дунгане (73,1–73,6%), татары крымские (71,1–71,4%), турки (69,3–70,7%), башкиры (66,8–74,7%), азербайджанцы (66,0–67,7%) и т.д. /1, с.196, 200/.

Слабое владение казахским языком русскими, украинцами, немцами и другими европейскими этносами можно объяснить следующими факторами. Во-первых, прежней государственной политикой центра, искусственно ограничивавшей сферы использования национальных языков, включая казахского. Во-вторых, отсутствием у них стремления к овладению этим языком. В-третьих, слабым контролем надлежащими государственными органами реализации Закона о языках /4/. В то же время в постсоветских республиках Прибалтики, Кавказа и Средней Азии такой проблемы не существует, там русскоязычное население не только понимает, но и владеет языками титульных этносов.

Теперь, перейдем к рассмотрению повседневной культурно-бытовой жизни сельского населения исследуемого региона. Известно, что формирование системы ценностных ориентации во многом обусловлено социально-экономическим развитием региона, расширением параметров культурного функционирования, тесным переплетением и синтезом традиционной этнической культуры и реалиями современной культурной сферы. Они определили интенсивное освоение всеми этносами изучаемого региона интегральной совокупности культурно-значимых признаков и социально-престижных норм жизнедеятельности общества в сфере культуры. На этой основе по многообразным каналам происходит усвоение различных форм культуры.

Действенными каналами обогащения духовного мира сельского населения, передачи межэтнической, культурной информации являются такие средства массовой информации, как телевидение, радио и печать.

Несомненно, ведущая роль среди средств массовой информации принадлежит телевидению, как по оперативности передач, так и по масштабам зрительской аудитории. Населению Алматинской области транслируются одновременно множество телевизионные программ, как отечественные, так и зарубежные, в основном российские. Свыше 80% опрошенных респондентов вне зависимости от этнической принадлежности ответили, что постоянно смотрят телепередачи. Аналогичное преобладающее место телевидения в структуре свободного времени граждан отмечены и в других регионах нашей республики, а также за его пределами /5-6/. С другой стороны, широкое распространение телевидения способствует преимущественно пассивному и однообразному восприятию духовных ценностей, так как оно в основном ориентировано на массового зрителя. Порождаемая им массовая культура часто отвлекает молодежь и особенно детей от других активных форм культурной деятельности.

Радио, благодаря своей доступности, является одним из самых оперативных средств передачи информации и оценки в краткой и квалифицированной форме важнейших событий дня, происходящих как в республике, так и в мире. В основном в радиопередачах слушателей привлекают последние известия, новости, международная жизнь, музыкальные передачи. Сельчане охотно слушают передачи различных программ республиканского радио, включая программу «Шалкар» и областного радиовещания на казахском, русском, немецком, уйгурском, корейском языках. Как показали опросы, практически все сельское население Алматинской области слушает радио, часто на двух языках. Так, на вопрос: «На каком языке слушаете радио, смотрите телевидение?» от 85,1% до 92,0% опрошенных казахов указали на использование родного и русского языков.

Значительную часть культурной информации (и не только культурной) сельский житель получает из периодической печати. Однако не все сельчане одинаково ориентированы на чтение газет и журналов. Здесь сказывается влияние разных социально-профессиональных и возрастных групп населения. С повышением уровня образования населения увеличиваются читательские запросы и потребности. По нашим данным, на ежедневное чтение газет указали в своих ответах более половины опрошенных респондентов вне зависимости от этнической принадлежности. В тематиках выписываемых газет и журналов их прежде всего интересуют международная жизнь, новости республики и за ее пределами, информация об общественной жизни и спорте, сельском хозяйстве и технике, науке и культуре и другие. В языковом аспекте указанные источники информации используются по-разному. Например, в моноэтнических селениях от 51,8% до 53,3% опрошенных казахов читают периодическую печать только на родном языке, от 46,7% до 47,5% – на обоих языках, родном и русском. Аналогичные показатели по полиэтническим селениям составили соответственно 27,6%–31,5% и 65,7–66,5%, что еще раз свидетельствует о том, что совместное проживание казахов с русскими и другими контактирующими этносами значительно влияет на язык чтения периодической печати, способствует взаимообогащению национальных культур. Схожие тенденции отмечены этносоциологами в Меркенском районе Жамбылской и Туркестанском районе Южно-Казахстанской областей /7/.

Такое же высокое место в жизни сельского населения Жетысу занимает музыкальная и танцевальная культура. Они содействуют формированию как интернациональных культурных установок, так и подъему национального самосознания. Казахи, как и в других областях республики больше ориентированы на национальные виды культурных ценностей. От 66,7% до 80% опрошенных казахов предпочитают слушать казахскую

народную музыку. В то же время у них невелик интерес казахским танцам, порядка 16,7%. По нашим полевым материалам особенно притягательны в народной музыке домбровая. Она представлена многочисленными произведениями выдающихся казахских композиторов Курмангазы, Даулеткерей, Таттимбета, Дины Нурпеисовой, Нургисы Тлендиева и др. С другой стороны, у казахов проявляется глубокий интерес к аналогичным ценностям других народов, включая русских. Например, на любовь к русской народной музыке и танцам указали в своих отлетах от 25,0% до 53,9% казахов. Идентичной популярностью пользуются среди других контактирующих этносов казахские народные песни и танцы. Так, в Енбекшиказахском районе соответственно 44,4% и 48,1% опрошенных русских отдали свое предпочтение отмеченным видам искусства. Наблюдение над соотношением потребления национального музыкального искусства и искусства других народов изучаемого региона позволяет говорить о его гармоничности, когда интерес к инациональной культуре во многом не связан с ограничением собственной национальной культуры. Одновременно у всех опрошенных респондентов независимо от этнической принадлежности, преимущественно у молодежи проявляется достаточно высокий интерес к современной эстрадной музыке и танцам, соответственно от 60,0% до 73,7% и от 42,1% до 68,4%. Противоположная тенденция зафиксирована нами в отношении к симфонической музыке (от 0,9% до 6,7%) и балету (от 6,7 до 15,8%), что подтверждается аналогичными данными по другим регионам Казахстана

Таким образом, этноязыковые процессы в Жетысу характеризуются сложностью и рядом отличительных черт по сравнению с этноязыковой ситуацией в республике в целом. Будучи этноконтактной зоной данный регион отличается большей интенсивностью процессов утраты национальных языков дисперсными субэтническими группами, проживающими за пределами территории основного расселения; значительным развитием национально-русского и русско-национального двуязычия; широкими масштабами функционирования русского языка не только в качестве языка межнационального общения, но и в качестве родного языка для все более значительной части нерусского населения; определенными сдвигами в знании государственного казахского языка европейскими этносами; ростом владения этого языка представителями тюркских этносов, а также дунганами и курдами.

Приведенные данные также убедительно свидетельствуют о наличии у сельских жителей изучаемого региона устойчивого стремления к расширению сфер культурного потребления. При этом их культурные интересы не замыкаются рамками лишь национальной культуры, а обнаруживают направленность на освоение культурных достижений совместно проживающих этносов, равно как и общемировой культуры. Тем самым в этнокультурном облике населения исследуемого региона отчетливо прослеживается диалектическое взаимодействие национального и интернационального: многие из рассматриваемых компонентов культуры, приобретая даже интернациональный характер, одновременно сохраняют национальную форму и этнические особенности. С другой стороны, нельзя не отметить и процессов утраты определенной частью молодежи навыков к воспроизведению и развитию многих жанров национальной художественной культуры.

Вместе с тем, несмотря на наличие указанных тенденций, которые сближают культурные устремления жителей села с ценностными установками городского населения, их удовлетворение в сельских районах оказывается неполным. Основным способом осуществления культурных запросов сельчан являются средства массовой

информации, особенно телевидение, чего нельзя сказать о работе культурно-просветительных учреждений.

ЛИТЕРАТУРА

1. Национальный состав населения Республики Казахстан. Т. 2. Население Республики Казахстан по национальностям владению языками / Итоги переписи населения 1999 г. в Республике Казахстан. Статистический сборник. Алматы, 2000. 272 с.
2. Сулейменова Э.Д., Смагулова Ж.С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. Алматы, 2005. С.47-71.
3. Шаймерденов Е.Ш., Шауқенова З.К., Ракишева Б.И. Языковая ситуация в Республике Казахстан (по данным социологического исследования) // Саясат-Поліс. 2001. № 1. С. 22-28.
4. Основные законодательные акты о языке в Республике Казахстан. Алматы, 2001. –С. 6.
5. Абдраманов Е.С. Оңтүстік Қазақстан ауыл тұрғындарының мәдени өміріндегі телевизияның орны // ХҚТУ хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. Түркістан, 2004. № 1. 134-141 бб.
6. Асанканов А.А. Социально-культурное развитие современного киргизского населения. Фрунзе, 1989. С.90-96.
7. Абдраманов Е.С. Оңтүстік Қазақстан ауыл тұрғындарының рухани өмірінде – мерзімді баспасөздің орны // Қазақстан археология зерттеулері: «Марғұлан – 14» ғылыми-практикалық конференцияның еңбектері. Шымкент-Алматы, 2002. 188-192 бб.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе статистических и этносоциологических материалов рассматриваются современные языковые процессы и культурные ориентации среди основных этносов Алматинской области.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Алматы облысы негізінде ірі этностар арасындағы қазіргі кездегі тілдік үрдістер мен мәдени бағыттар статистикалық және этносоциологиялық материалдар арқылы қарастырылған.

СЫРДЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫ ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Картаева Т.Е.-т.ғ.т.доцент (ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқының рухани мәдениетінің ерекшелігі наным-сенімдерінен, ырым-тиымдарынан көрінеді. Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойындағы қазақтар ата-бабаларынан қалыптасып келе жатқан наным-сенімдердің негізгі денін әлі күнге дейін берік ұстанып келеді. Қазақтардың наным-сенімдері күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан тәжірибеден келіп туындаған деуге болады. Сыр өңірінің қазақтарының наным-сенімдеріндегі ерекшеліктерінің бір жүйесі олардың тылсым күштерге, аңыз кейіпкерлерге сенуінен көрінеді. Сыр қазақтарының осы ерекшеліктеріне И.Кастанье, Ә.Диваев, Қ.Қостанаев, М.Мироппиев сияқты зерттеуші ғалымдар ерекше ден қойған. Қазақтардың тылсым күштерге сенуі әсіресе бақыстар сеансы кезінде көрінген.

Бақсылар науқасты емдеу үшін шақыратын тылсым күш иелері – *жын* болған. Жын иесін бақсылар сарынын орындар алдында немесе орындаған соң науқастың ауруының күштілігіне қарай шақырған. Жын көзге көрінбейтін тылсым күш. Қазақ мифологиясында Шарабас, Қорабай, Көкаман, Досыбай, Жирентай деген жын иелері болған.

«... Кей-қаптан қылша Шарабас

Тоқсан қойдың терісі,

Топ шықпаған Шарабас.

Сексен қойдың терісі

Бөрік шықпаған Шарабас...»

«..Сексен қойдың терісі

Тең шықпаған Көкаман,

Келші бермен Көкаман,

...Көкаман деген жын келді,

Айқайлап барып алдына сал»

«...Жынның басы Досыбай,

Жын шақырдым осындай

Жын әулие келе ме

Бір-біріне қосылмай...»

«...Жын атасы Қараман

Енді қайда барамын

Айтқанымда келмесең,

Алдыңа сірә түспеймін...»

«Жын атасы Жирентай

Қолына жасыл ту алар

Найзаны қанға суардың

Дертті күреп қуандың», - деген сияқты өлеңдермен белгілі бір жынды шақырған. И.Кастаньенің бақылауында жындарды шақырып болған соң бақсы орнынан тұрып, отқа қызып тұрған кетпенді жерге қойғызып, жалаң-аяқпен темірлерді басып жүрген, бақсының аяғы темірге тиген кезде быж-быж еткен күйген дабыстарды естіген. Күйген аяқтарын науқастың денесіне тигізген. Содан кейін майшам алып, оны жағып, аузына бірнеше рет салып, ақырында ауызында өшірген. Өзін-өзі және науқасты, болмаса қатысып отырған басқа адамдарды қамшымен, шоқпармен ұрғылайды. Соққы тиген жер ауырмайды, себебі жындар ұстап қалады. Жындар күшейгенде киіз үйдің туырлығы тілініп, тұрған заттар жарылып кеткен дейді.

Бақсыға жын қонғанда шегіне жете құтырып, жынданып кеткен, аузынан ақ көбік атқылап, жылқы болып кісінеп, ит болып үріп, сиыр болып мөңіреп, шошқа болып қорсылдап әр түрлі жануарлардың дауысын салған. Екі қылыштың жүзін жоғары қаратып қойып, жүзінде тұрған, жұмсарған аяғын науқас денесіне қайта басқан. Бақсы өзіне жын қона бастағаннан-ақ өз денесін өзі тістелей бастайды, көзі шарасынан шығып кетеді /1/. Қазақта «жын қаққандай», «жын ұрғандай» деген теңеулер осыған байланысты қалыптасса керек. Қазақ мифологиясында Шарабас жынның басы үлкен, бойы өте ұзын, денесі зор болып келген, оны кейбір бақсылар “Қорабай” деп шақырған екен. Көкаман болса, қазақ даласының барлық жерінде жүретін жиі кездесетін жын, оны бақсылардың барлығы дерлік шақырған.

Албасты – байырғы қазақ дүниетанымындағы әйел жынысты қаскүнем рух, тылсым бейне. Албастыны «марту» деп те атайды. Қазақтар нанымында албасты босанғалы жатқан екіқабат әйелге келіп, қылғындарған. Ол толғатып жатқан әйелдің өкпесін суырып алып, өзенге ағызған, содан әйел босана алмай немесе

босанған соң қансырап өліп кеткен. Толғатқан әйелден албастыны бақсы көмегімен қуған. Ертегілерде қазақтар албастыны жуан, сабалақ жүнді, өткір азулы тісті, кеудесі ебедейсіз бейне ретінде көрсеткен. Ә.Диваевтың Шымкент өңірінен жазып алған әңгімелерінде албасты сұлу әйел ретінде кездессе /2/, М.Миропиев, Қ.Қостанаев жазбаларынан Сыр өңірі қазақтарының оны көбіне ауызына әйел өкпесін тістеген түлкі, ұзын емшектері жерге тиген ешкі, басы үлкен мақұлық немесе қаншық ретінде танығандығын көреміз /3/. О.Полярков өзінің «Из области киргизских верований» атты еңбегінде Семей, Ақмола, Ферғана қазақтары албастыны бойы ұзын, басы үлкен, емшегі тізесіне дейін салбырап өскен, шашы жерге дейін түсетін, тырнақтары ұзын өткір болып келетін әйел бейнесінде елестеткен, -деп көрсетеді /4/. Ферғана сарттары болса албасты шашы ұйпа-тұйпа кәрі кемпір ретінде қабылдаған /5/.

Толғағы қысқан әйелді босандырар кезде албастымен күресу үшін қазақтар бақсыны көмекке шақырған. И.Ибрагимов жазбасындағы дерек бойынша бақсы толғақ қысқан әйелдің жанына кірген албастыны қамшының көмегімен қуады. Ол көмектеспесе үйір ішінен көзі үлкен, реңді (ақбоз ат, сары, жирен ат, т.б.) жылқыны ұстап әкеліп киіз үй ішіне кіргізіп, әйелдің кеудесін иіскетіп, үркітеді. Болса үкіні әкеліп бақыртады. Бақсы зиянкеспен күреспеген жағдайда албасты әйелдің өкпесін ұрлап алады немесе жолдасын тоқтатып қоюы мүмкін деген ұғым қалыптасқан /6/.

Құдабай Қостанаевтың Сыр өңірінде болған сапарынан жазып алған дерегі бойынша, бұл өңірде де әйелдің толғағы қиындаған жағдайда, оны албасты басып жатыр деген түсінік қалыптасқан. Албастыдан қорғау үшін босанатын әйел қасына үкі қадалған бас киімді қояды. Молда келіп, құран оқып, босанатын әйелдің бетіне ұшықтап түкіреді. Бұлардың барлығы көмектеспеген жағдайда бақсы шақырады. Бақсы үйге жақындағаннан “әй, шық”, - деп айқайға салады, албастыны қуалап, қамшысымен киіз үйдің ішін ұрғылайды, мылтықты алып, киіз үйдің үстіне қарай атады.

Н.Гродековке Е.А.Александровтың Қазалы уезінен жеткізген дерегі бойынша босанатын әйелге толғағының ауыр, жеңілдігіне қарамастан міндетті түрде бақсы шақырылады, себебі албасты-марту тек әйелге келеді, ер адамнан қорқады. Албасты-марту жұқпалы деп босанатын әйел жатқан киіз үйге жас келіншектерді кіргізбеген.

Сыр бойындағы қазақтар арасында “албасты” мен бақсының күресі жайында аңыз әңгімелер кең таралған. Солардың кейбірін М.Миропиев Жүсіп Қасымов деген қазақтың айтуы бойынша жазып алып айналымға ендірген. “Молжігіт атты атақты бақсы көп адаммен бірге жолда келе жатып, алыстан аузында өкпесі бар, өкпені суға тастауға асығып бара жатқан итті көреді. Молжігіт жалма-жан албастыға қарай шабады. Біраз жер қуалаған соң, атынан түсіп қалып, жерді ұрғылап, жүгіре береді. Соңынан қасындағы адамдар қуып жетіп, олар да бақсының ісін қайталайды. Біраздан соң алдарынан ауыл көрінеді. Бақсы ауылға келіп: “өлген адам қай үйде”? - деп сұрайды. Бақсы өлік жатқан үйге келіп қобызын қолына алып, тоғыз жынын шақырады.

“Ей албасты, залым, салшы өкпесін орнына,
Жанын берші бишараның қолына,
Тыңдамасаң сөзімді,
Сыйламасаң өзімді,
Алармын ойып көзіңді,
Жоқ қылармын өзіңді” – бұйыру сарынын орындайды.

Сонда өліп жатқан әйелге жан бітіп, басын көтерген екен. Әйелдің ағайындары Молжігіт бақсыға мал дүние беріп аттандырады. Бақсының ерлігі “албасты бақсыдан қорқып әйелдің

жанын орнына салды”, - деп түсіндіріледі. Бұл әңгімедегі өкпе тістеген ит бейнесіндегі албастыны бақсымен бірге қуалаған адамдардың ешқайсысы көрмеген. М.Миропиевтің Перовск қазағы Кенжебай Мәтенотен жазып алған әңгімелерінде албасты түлкі, ешкі түрінде кездескен. Оның айтуынша Ақмешітте тұрған Нүрпейіс деген бидің әйелі толғатып, бала тапқаннан кейін талып қалады. Сол кезде бір түлкі келіп, әйелдің жанына барады. Бір кісіні түлкіні көріп “албасты” деп қуғанымен жете алмайды. Түлкі әйелдің өкпесін суға тастаған кезде әйел өліп кеткен.

М.Миропиевтің 1880 жылдары Кенжебай Мәтенотенің жазып алған екінші әңгімесінде «үш жолаушы жігіт келе жатып аузына өкпе тістеген ешкіні көреді. Жолаушы жігіттің біреуі бірінші қуып жетіп ешкіні қамсымен сабап, «мына өкпені қай жерден, сол жерге апарып сал» - дейді. Ешкімен кері қайтып, бір үйге кіреді. Ешкі-албасты келмей тұрғанда келіншек баласын тауып, өзі өліп қалған екен. Өкпесін орнына салғасын келіншек басын көтеріпті. Әлгі жігіт албастына енді келместей етіп, ұрып-соғып жіберген. Үй иесі әлгі жігітке мол мал беріп аттандырған», - дейді /7/. Бұл әңгімеден албастымен тек ерекше күшке ие бақсылар ғана емес, қара күшке ие ерлер де күресе алғандығын көреміз. Дегенмен де албастыны тек бақсы сияқты ерекше қасиетке ие адамдар ғана көре алған.

Жүсіп Қасымовтың айтуы бойынша “албасты” тек босанатын әйелге ғана емес, қыз-келіншектерге де келеді. Әрі албастының екі түрі болады, бірі - қара албасты, бірі - сары албасты. Сары албастыны қашыру бақсы, молдалардың қолынан келеді, ал қара албастыны қашыру қолдарынан келмейді, - дейді. Қара албасты адам бейнесінде түнде келіп, бір қыздың өкпесін қысып, басып тыныштық бермейді. Қара албастыны жол-жөнекей сол ауру қыз үйіне түнеген қонақ танып, өлтірген екен /8/. Сыр өңірі қазақтары арасында “албасты басқыр”, - деген сөздің кездесуі “қиналған әйелді албасты басып жатыр” – деген нанымнан туындаса керек. Қ.Қостанаев та албастының қара албасты, сары албасты деген түрлерінің кездесетіндігін айта отырып, олар мінез-құлқы жағынан бір-біріне өте жақын екендігін, сары албастының өте қу, ол адамға ілесе жүріп, залалын тигізуге оңтайлы уақытты күтетіндігін көрсеткен /9/. Сыр қазақтары ашуы түскен адамға “албасты басқыр”, “қара басқыр”, “қара басын сені”, “албасты неме” деп айтып, налығандықтарын білдірген немесе осылай қарғаған. Қарғыстың немесе налудың бұл түрі Сыр қазақтарының тілінде қазір де жиі кездесетін сөз.

Албастыға сену ауруханалардың салынуымен байланысты, медицинаның өркендеуімен байланысты жойылған, осы кезеңнен бастап әйелді үйде қолдан тудыру да жойылған.

Сыр қазақтары шайтан мен үббенің барына қазір де сенеді. Оған экспедиция кезінде көз жеткіздік. *Үббе* - өзен, көлдердің терең тұстары мен иірімдерінде су астында, тұңғыықта өмір сүретін қаскүнем, тылсым күш, рух. Қазақтардың байырғы дүниетанымында Үббенің мақсаты адамдарды суға батырып, ағызып өлтіру. Оны қазақтар ұзын қап-қара, қастары түйілген адамға ұқсас деп таныған. Үббе өзенге жақындаған адамды өзіне оның атын атап шақырған. Өз атын естігенмен, шақырып тұрған адамды көрмеген соң, ол таң қалып, суға шомылғысы келіп ұмтылған. Суға түскен адамды Үббе өзіне тартып, батырып жіберген. Үббе туралы әңгімелер Сыр қазақтары арасында жиі кездеседі. Жаз айларында Сырдарияның суына кетіп өлген жиі кездеседі. Сыр қазақтары нанымында оларды «су иесі тартып тұрған» деп сенеді. Су иесі жайында Сыр қазақтары арасында таралған аңыз-әңгімелердің бірқатарын М.Миропиев Перовск қазағы Ишмұхамед Букиннен жазып алып жариялаған. Оның айтуынша, бір кісі дария жағалап келе жатып, су ішінен бір кісінің атын айтып шақырған дауысты естиді. Ол оның үббе екенін сезіп, шақырған адамы келсе суға жібермеймін деп

дария жағасында отырады. Сол жерде әлгі кісі үш күнге шейін жүреді. Үш күннен соң бір атты жігіт келіп, суға түсуге шешіне бастайды. Әлгі кісі «сен суға түспе, түссең өлесің», - дейді. Ол мен өлмеймін, деп тыңдамай өзеннің арғы бетінен, біргі бетіне алма кезек жүзіп шығады. Тағы түсемін дегенде әлгі кісі арқан байлап жібереді. Өзеннің ортасына келгенде әлгі жігіт батып кетеді. Әлгі кісі арқаннан тартып шығарса, жігіт өліп қалған. Екі аяғы қып-қызыл екен. Бұны Үббенің ұстаған жері деп ұйғарады. Ал, Ерғали Қасымов деген қазақтың айтуынша, бұрынырақта Сырдария жағасында балық аулауды кәсіп еткен Зор-Теке деген кісі болған. Ол әрі жүзгіш болған, бес пұт астықты арқасына салып, Сырдариядан оңай жүзіп өте берген. Бір күні Зор-Теке астығын арқалап, Сырдариядан жүзіп өтейін дегенде бір қария келіп, «балам, суға түспе, бағана сенің атыңды айтып, шақырды», - депті. Зор-Теке тыңдамай дарияға түсіп кетеді. Дарияның ортасына таман келгенде бір батып, бір шығып содан арғы бетке өтеді. Арқасындағы қабын жерге қойып, әлгі қарияға дауыстап «Ата, менің қатын балама сәлем айтыңыз, мына қаптағы астықты алып барып беріңіз», - деп қайта суға түсіп, батып кетеді. Зор-Текенің сүйегін халық таба алмаған соң, Қармақшы тұсындағы, Абла деген өткелдің аузына биік мұнара түрінде белгі орнатады. Қазақтар суға түскенде қорқыныш сезімде болса, Үббеге «маған тиме» деп айқайлаған. Сыр қазақтары арасында суға кеткен адамның сүйегін табу қиынға соққан жағдайда, суға кеткен адамның отбасынан әйел адамдар шашын жайып, өзен жағасына отырған. Бұл Үббені үркіту, сол арқылы сүйегін алу деген нанымнан туындаған. Болмаса, тапаға пісірілген нанды үгітіп, өзенге ағызған, нанға тойған Үббе суға алған адамның сүйегін қайтарады, - деген. Бұл ырымдар кейін келе жойылып кеткен. Сыр қазақтары Үббені «ұйықта» өмір сүреді деп сенген /10/.

Шайтанды да адам кейпінде қабылдаған. Үлкен кісілер осы күні де құдықтан су алуға барғанда алдымен суға тас лақтырады, сонда су ішіндегі шайтандар ұшып кетеді. Шайтан үйір болады деп, түнде су құйылған шелектердің бетін жауып жүреді. Ертеректе күйеуі жолаушылап кеткен бір әйел, түнде есікті ілмей, іс тігіп отырған кезінде бір ер адам кіріп келіп: «жолаушы едік әйелім жолда босанғалы жатыр», - деп әлгі әйелді мола жаққа ертіп кетеді. Шындығында мола жақтағы жолда бір әйел босанғалы жатыр екен. Әлгі әйел толғақ қабылдайды. Баланы жуындыратын су жоқ болғасын әлгі еркекті үйінен су әкелуге жұмсайды. Ол беті ашық тұрған бір шелек суды алып келеді. Босанған әйел босандырған әйел қолына білезік салып, «сен мұны қайдан алғаныңды ешкімге айтпа, айтсаң өмірден кетесің», - дейді. Әлгі әйел күндердің күнінде қолындағы білезікке қызығушыларға қайдан алғанын айтқан. Сол күні әлгі әйел қысылып, қайтыс болған. Олар шайтандар екен. Бұл аңыз Сырдың төменгі ағысындағы Арал қазақтары арасында кең таралған. Осыған байланысты түнде судың бетін және есікті ашық қалдырмайды. Шайтан азғырады деп, әйел адамдар түнде жалғыз жүрмейді. Жын-шайтандар естіп қойса, ауру шықпай қояды, - деп қызылша, ісік сияқты аурулардың атын айтпайды /11/.

Сыр өңірі қазақтарының арасында тараған «демонологиялық» әңгімелердің қатарында Әзірейіл мен Жебірейіл туралы оқиғалар да көңіл аудартады. Соның бірін Қазалы ауданы, Құмжиек ауылының тұрғыны қарасақал Әбілтай Ерназаровтан экспедиция кезінде этнограф Досымбек Хатран мен әдебиетші Ақеділ Тойшанұлы жазып алған: «Әзірейіл, Жебірейіл екеуі ел аралап жүріпті. Олар Алла тағаланың оң қолы ғой. Яғни, Алла тағаланың хақ бұйрығын орындаушылар. Екеуіне жолай бір ауылдан шыққан жігіт кездеседі. Әзірлейіл, Жебірейіл, жолаушы жігіт үшеуі сапарлас болады. Амандық сұрасқан соң екеуі жігітке «Мына ауылда, екі бала бар, соның жанын аламыз, соған «барамыз» дейді. Ауылдың шетіне келсе, бір топ бала тақырда асық ойнап жатады. Асыққа

таласып, бірі келесі баланы кенеттен ұрып қалады. Асық басына тиеді де, тиген бала тіл тартпай өліп қалады. Ол баланың шешесі келеді де ұрған баланы көсеумен қойып қалады. Ол бала да өліп қалады.

– Екеуі өлді ме?

– Екеуі де өлді!

– Онда, ал, қайттық – деп Әзірейіл мен Жебірейіл бұйымтайы біткен соң тағы да жолға түседі. «Енді алдыда бір ұл бар. Соның жанын аламыз» – дейді. Ауылға жақындағанда еріп келе жатқан жігіт «Менің жанымды қашан аласыңдар?», - дейді. «Сенің жаныңды айттырып қойған қызың бар. Соған үйленіп, той жасап, қасына жатқан күні аламыз!», - дейді. Жігіт «Ойбай, онда неғып тірі жүрейін. Қазір алыңдар», - дейді. Әлгі екеуі «Жоқ, алмаймыз. Сызығың біткен жоқ», - дейді. Кете береді. Сол күннен бастап жігіт санадан солады. Әкешесі айттырған қызды ал десе, алмай, қашқақтап жүре береді. «Шырағым-ау, алсаңшы, айттырып қойған қаншама қалың мал күйіп кетеді ғой», - дейді ата-анасы. Жігіт көнбейді. Бұл жайтты қыз да естиді. Ақыры жігітті шақырып алып, себебін сұрайды да «Сен қорықпа ол екеуінен, мені ала бер. Бір есебін табармыз», - дейді. Ақыры тойды жасап, келіннің бетін ашады, кешке қасына жатып құшақтаған кезде есікті «тық-тық» еткізіп әлгілер де қағады. Жігіт «Жаналғыш келді», - дейді үрейленіп. «А, жаналғыш келіп тұр дейсің бе? Барып аша ғой. Сіздерден бір тілегім бар, сол тілегімді орында да жанымды ала бер деп айт», - дейді келіншегі. Барып ашқан соң әлгілер «Жаныңды алғалы келдік», - дейді. «Ал, онда, жанымды алатын болсаңдар, мен сіздерден бір сұрақ сұрайын. Содан кейін жанымды ала беріңдер», - деген екен. «Сұрағың не?» дейді екеуі. Жігіт «Кеше жолдас болдық ғой біз. Менің жолдасақымды бер», - деген екен. “Не дейді?” депті де Тәңірге осы жайтты хабарлайды екеуі. Сонда Құдайтағала “Жолдасақыға ол не сұрайды?”, - деген екен. Сонда жігіт үйіне кіріп шығайын дейді де әйеліне келіп «Жолдасақыға не сұраймын?», - деген екен. Әйелі «Жүз жас сұра» деген екен. Содан жігіт қайта шығып «Жолдасақыға жүз жас бер!» , - деген екен. Әлгілер «Әумин» деп, жүз жас берген екен дейді. Содан бастап осы мысалдағыдай біздің аталарымыз жүз жасайтын болыпты. Біздің бір Қарасақал атамыз 105 жас жасап, қайтыс болды. Менің әкем 1993 жылы 99 жасында дүниеден өтті» - дейді Әбілтай Ернараров қария /12/.

Сыр бойы қазақтарының табиғат күштеріне деген наным-сенімдерінен байырғы көне мифтік, анимистік сенімнің барын табиғат күшіне қарсы «тасаттық» берулерінен байқауға болады. Тасаттықты ауыл ақсақалдары ұйымдастырған. Қазақтардың байырғы нанымдарындағы желдің иесі саналған тылсым күш – *Жалаңаш ата*. Қазақтар нанымдарында ол үстіне киім кимей жалаңаш жүріп, ылғи жортып жүретін ыстыққа күймейтін, суыққа тоңбайтын, қыста қарды оранып жатып, жазда ағаш-шөпті тасалайтын күш. Астық дәнін суырып, тазалайтын уақытта жел болмаса қазақтар Жалаңаш атаға ысқырып хабар берген. Қатты қуаңшылық, тымырсық болып, жаңбыр жаумай, жаздың аптабы өтіп кетердей болған жағдайда да қазақтар тасаттық беріп, желді шақыру мақсатында Жалаңаш атаға сыйынып өлең оқыған. Желді шақыру мақсатында оқылтын өлең үлгісін Ә.Диваев шамамен 1883 жылдары Перовск уезі, Қысбөгет болысының қазағы Пірмұхамед Тойтановтан жазып алып жариялаған.

«..Уа Жалаңаш ата, шақыр, шақыр,

Қара боран күшімен, желді шақыр.

Қара бұлтты қақ жарған

Тау басындағы қалпақты ұшырған,

Ұйытқып соққан желді шақыр

Уа, Жалаңаш ата,

Ысқырып та шақырамын,
Шығыс, батыстан ұйытқып соқ.
Тау шыңынан ұйытқып соқ.
Қаһарланып шығыстан соқ.
Сен келмесең көмекке,
Сабаным қалды ұшырылмай
Үпелек та қалды ұшпай

Жемім қалды желпінбей...», - деп дауыл соқтырушы күш Жалаңаш атаны шақырған /13/.

Сыр бойында үздіксіз соққан жел құмды аспанға дейін ұшыратын кездері қазір де болып тұрады. Оңтүстік қазақтарының байырғы нанымдарындағы боран соқтырғыш тылсым күш иесі - *Ақшаш кемпір*. Ә.Диваев «Поверье» атты мақаласында «чал-мама» деп аударып берген. Үздіксіз бірнеше күн жел соққан кезде халық боран иесіне қарсы күрескен. Ә.Диваев 1891 жылы Шымкент уезінде болған сапарында үздіксіз соққан желді тоқтату мақсатында оқылатын өлең үлгісін жазып алып жариялаған. Әйелдер, кемпірлер ұйытқып соққан боран егін басын қисайтып, тіпті ұшырып әкетуін тоқтату мақсатында қолдарына түрлі-түсті мата байланған таяқ алып, дауыл соқтырушы көрінбейтін шашы жалбыраған ақ шашты кемпірге қарсы шығады.

«Ақшаш кемпір, ақшаш кемпір,
Орын таппай тыпырлайсың ақшаш кемпір,
Жыра-жылғаға қуалап әкетесің
Ақшаш кемпір, ақшаш кемпір.
Жерге берік тұрған тасты қозғалтасың,
Бұршақтың гүлін ұшырасың,
Мен сенің ашуыңды басайын,
Соқпа қатты, бораныңды басайын
Жиналыңдар, халайық,

Құдай көмегімен желді қуайық» - деп халық «құдай жолына» тамақ үлестіріп, тасаттық жасайды /14/. Тасаттық берілгеннен соң әдетте боран басылып, желдің соғуы баяулаған.

Әскери саяхатшы П.И.Пашино Жөлектен 20 шақырым жердегі Сырдарияның Көкиірім атты жерінде болып, сол жердегі қазақтардың қаскүнем күштерге сенушіліктерін бақылай отырып, жергілікті қазақтардың су перісі, боран, дауыл иесіне, түнде жүретін қаскүнемдерге сенуін, олардың күнделікті өмірінен көрініс тауып жататындығын, ескі шамандық діннің қалдықтарының өмір сүруімен байланыстырады /15/.

Сыр қазақтарының этнографиясындағы ерекшеліктер хайуанаттардың қасиеті мен кеселі туралы аңыздардың ұрпақтан-ұрпаққа тарап, олардың осықасиеті мен кеселіне сенуі болып табылады. Сыр қазақтарының сеніміндегі мифологиялық аңның бірі - *зарап*. «Зарап деген аңның сідігі у екен. Ол бір ормандағы бүкіл аңның бәрін құртады екен. Зарап аңдарға шабуыл жасарда ұзын құйрығын жиырып бүктейді екен. Сол кезде құйрығының ұшында шұқыршақ пайда болады. Сол шұқыршаққа сиеді екен де ана уды төкпей-шашпай айуанаттарды қуады екен. Жеткеніне шашып жіберсе, бір тамшысы тисе, сеспей қатады. Сондай заһарлы аңды Зарап деп үлкендер айтып отырғанын естідік. Ол бірдеңеге жамандық жасағысы келсе, құйрығын ширатып, орайды да шұқыр жасап, соған зәрін құяды да қуады»; «Жауырыны, арқасы биік нардың арқасы тәрізді атты мұзбел дейді. Мұзбел ұзақ шабысқа жарайтын жылқы дейді», - деген әңгімелерді Қосан Әуесбаев ақсақал жеткізді.

Сыр қазақтары өрмекші қонақтың келуінен белгі береді, деп өлтірмеуге тырысады. Сондай-ақ, үйге кірген жыланды көрсе, қарғысқа ұшыраймыз, - деп ақ күйіп шығарады. Сыр қазақтарының сенімінде жылан ордалы болады. Өлтірген күнде жетіге бөліп жеті жерге көмсе де, жер астынан бір-біріне қосылып алады, - дейді. Бұл наным өрмекші мен жылан пайғамбардың жүзін көрген айуандар болуымен байланысты туындаған. Бұл жайында информатор Қосан Әуесбаев келесідей аңызды айтады: «Діни кітаптарда Мұхаммед пайғамбардың жүзін көрген адамдар мен айуандар тозақ отына күймейді деген тәмсіл бар. Бір жылан Алла тағалаға мінәжат еткен: «Ақырғы пайғамбардың жүзін көрсем» деген соның тілегін қабыл етіп, Алла тағала «Пәлен жердің пәлен деген тауында үңгір бар. Пайғамбар қасында бір жолдасымен сол тауға түбінде бір кіреді» деген екен. Жылан сол үңгірде күтіп жатып, пайғамбардың жүзін көру үшін көптеген тесік тесіп, ін жасаған екен. Күндердің күнінде пайғамбар үңгірге келіп кіреді. Қасында бір досы бар. Екеуі келіп кірсе, артында бір қуғыншы келе жатыр. Қуғыншының құмырсқаның ізін шығаратын ізшісі бар екен. Айтады, осы үңгірге кірді деп. Өрмекші деген жәндік бар. Ол да Мұхаммед пайғамбардың жүзін көрмекші-ау, енді. Пайғамбар кірісімен, өрмекші үңгірдің аузына өрмегін тоқып жөнеледі. Ізші келіп, көріп: «Мұхаммед пайғамбар осы үңгірде» дейді. Сонда жаудың патшасы айтады: «Әй, ол осында болса, анау өрмекшінің өрмегін бұзып кірмей ме?! Сенікі өтірік» - деп ананың сөзіне сенбейді. Баяғы жылан сол үңгірге адам кіргенін байқайды. Ол «Пайғамбар келген шығар» деп, көруге ниет етіп, баяғы дайындап кеткен тесіктің бәріне барса, бәрі шүберекпен тығындалған екен. Себебі, пайғамбардың қасындағы досы тесіктің бәрін киімін жыртып, бітеп, сақтық жасаған екен дейді. Сонда бір тесікті бітеуге киімдері жетпей қалған екен де, сол тесікті алақанмен жауып тұр екен дейді. Барлық тесікті жылан тіміскілесі, бітеу. Ақыры жылан бостан тесік осы деп шағып алса, ол әлгі пайғамбардың досының алақаны болады. Жыланның уы тиген соң, жолдасы шырқырап, дамылсызданғанда пайғамбар шаққан жаракатты сорып ап, жерге түкіре берген екен. Сол жерге соңынан көкнәр деген шөп шыққан деп үлкендер айтып отырады. Әлгі жылан пайғамбардың жүзін көрмек-ау, шамасы, бірақ «Мен өмір бойы күткен қонағымға қастық қылдым» деп өкініп, басын тасқа ұрыпты деседі /16/

Сыр қазақтарының арасында «Суырды «балпық» деп атап, кірпік шешен, тасбақа (қайырымсыз адам болып тас төңкеріліпті) үшеуі адам екен, қарғыс алғаннан болып, қайуанға айналған», - деген де әңгіме бар, яғни бұлар бұрын адам болғаннан соң, олар адамға еш зиянсыз, дейді.

Ертедегі адамдардың дүниетанымында құс – жоғары әлемнің бейнесі, аспан тәңірімен тілдесіп тұратын, көк пен жерді байланыстыратын күш ретінде қаралған. Сондықтан ертедегі адамдар оны өзіне тотем санап табынған. Мәселен, қазақ қыздарының, сал-серілерінің тақиясына тағылатын үкі қауырсыны, көктің, яғни үстіңгі әлемнің көрінісінің белгісі. Жалпы құс қауырсындарын төбеге қадау арқылы ертедегі адамдар аспан әлемін шартты түрде кескіндеген, өзінің көкке, тотем санаған объектісіне деген құрметін білдірген. Сыр қазақтары үкі шоғын бесікке, кілемге, шымылдырыққа, үкі қанатын қабырғаға ілінген кілемнің жоғарғы жағына іліп қоюы да үкінің қасиетіне сенумен тығыз байланысты. Жыртқыш құстың белгілері адамға күш-қайрат берумен қатар тіл-көзден, біреудің сұқтануынан сақтайды. Ертеректердегі адам аттарының *Қаршыға, Бүркітбай, Лашын, Сұңқар, Үкібай*, т.б деп қойылуы да көне сеніммен байланысты.

Қорыта айтқанда, қазақ жерінің басқа өңіріне қарағанда Сырдың төменгі ағысы бойын алып жатқан Теренөзек, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы, Арал өңірлерін қоныстанған қазақтар арасында байырғы салт-дәстүрлердің көпшілігінің қаймағы әлі бұзылмаған. Мұның себебі - Сырдың төменгі ағысында

негізінен қазақтар қоныстанып, басқа ұлт өкілдерінің санының өте аз болуымен, орыс отаршылдығының тісі батса да, қазақы дәстүрін мықты сақтап қалғандықтарында. Сыр қазақтарының наным-сенім, ырым-тиымдары күрделі, олардың қайсысы болмасын күнделікті өмірмен тығыз байланысты қалыптасқан. Қызылорда, Шымкент қазақтарын, яғни оңтүстіктің қазақтарын басқа өңірдің адамдарының «қырымшыл» деп танитындықтары жасырын емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Диваев А. Баксы. Этнографические материалы. Вып. V. Ташкент. 1896.; Кастанье И. Из области киргизских верований // Вестник Оренбургского учебного корпуса. – Оренбург. 1913. №4, 112-124 бб, №5, 149-166 бб, №6 187-196 бб.
2. Миропиев М. Демонологические рассказы киргизов собранные и переведенные Том X. Вып III. – СПб. 1888.; Кустанаев Худабай. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. – Ташкент. 1894. – 52 стр.
3. Полярков О. Из области киргизских верований. Этнографическое обозрение. Книга XI. – С. 41.
4. Наливкин В., Наливкина М. Очерк быта женщины оседлаго туземного населения Ферганы. – С. 146.
5. Ибрагимов И. Киргизы: этнографические очерки // Туркестанские ведомости. 1872. №1, 7, 8.
6. Миропиев М. Демонологические рассказы.... - С. 13-14.
7. Костанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов... – С.42.
8. Диваев А. Баксы в жизни киргиз // Известия Общества Археологии, Истории и Этнографии при Императорском Казанском Университете. Т.XV. Вып. 3. Казан. 1899.; Демонологические рассказы киргизов. Собранные и переведенные М.Миролиевым - С.15-16.
9. Дерек беруші: Аязбаева Үрімхан. Арал қаласы, 1932 жылы туылған, руы жақайым.
10. Дерек беруші: Әбілтай Ерناзаров. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Құмжиек ауылы. 1939 жылы туылған, руы қарасақал.
11. Диваев А. Поверье, призыв ветра // Туркестанские ведомости. 1892. №41. – С.201. Диваев А. Поверье // Туркестанские ведомости. 1891. №25. – С.98.
12. Диваев А. Поверье // Туркестанские ведомости. 1891. №25. – С.98.
13. Пашино П.И. Туркестанский край в 1866 году. Путевые заметки. – СПб. 1868. – 55 б.
14. Дерек беруші: Қосан Әуесбаев. Қызылорда облысы, Теренөзек кенті, 1931 жылы туған, руы табын.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы қазақтардың тылсым күштер мен қаскүнем күштерге қатысты наным-сенімдері, сондай-ақ мифологиялық аң-құстардың адамдарға тигізетін әсерлері мен кеселдері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются поверья казахов нижнего течения Сырдарьий о духоах и небесных силах как албасты, джин, уббе и т.д., и распространении рассказов и легенд, связанных с демонологическими силами.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ КИІЗ ҮЙ ӨҢДЕУ КӘСІБІ

Кенжетаетаева Г.Ж.-ізденуші(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Ағаш өңдеуді кәсіп еткен шеберлердің ішіндегі аса іскерлік пен қыруар еңбекті керек ететін түрі – киіз үй сүйегін жасайтын үйшілер ісі.

Киіз үй сүйегі, яғни керегесі мен уықтары, көбінесе, өзен жағасында өсетін әр түрлі талдан жасалады. Мәселен, оған республикамыздың әр өңірлерінде өсетін талдардың көк, қара, боз, құба, сәмбі сияқты түрлері пайдаланды. Тал, халық тәжірибесі бойынша, киіз үй сүйегін жасауға ең қолайлы ағаш түрі деп танылған. Біріншіден, жиі өсетін тал тоғай ішінен кереге мен уыққа жарайтындарын таңдап алу қиынға түспейді; екіншіден, өңдеуге өте қолайлы және одан бабымен кептіріліп жасалған уық-керегелер өте жеңіл және берік болады. Сонымен қатар қалаталы қазақтар үйшілерге киіз үй сүйегін түгелдей қайыңнан жасатқан. Әдетте, қайыңнан жасалатын үйлердің көлемі үлкен болумен бірге, оның сүйегі де салмақты және өте берік. Қайыңнан жасалған кереге-уықтарды мұқият өңдеген соң, оны боямайды. Өйткені, ағаштың жылтырата өңделген табиғи түсі үй ішіне аса ұнамды рең беріп тұрады.

Киіз сүйегіне жарайтын ағашты, көбенесе үйшілердің өздері ерте көктемнен бастап әзірлеп, кемінде бес-алты ай, кейде, тіпті жыл бойы көлеңкеде кептіреді. Киіз үй сүйегіне арналып дайындалатын ағаштың ұзындығы мен жуандығы кереге-уық жасауға жарамды болуы қажет, ал олардың қисықтығына онша мән берілмейді. Шаңырақ үшін дайындалатын қайың мүмкіндігінше түзу, бұтақсыз болуы қажет. Кейде, мұндай ағаштар тым жуан болса, оларды кесіп, ұзынынан жарып, ыңғайлап шауып қояды. Үй ағашын кесіп, бұтақтап, қабығын сыдырады. Бұлай етудің өзіндік себептері бар. Біріншіден, жаңа кесілген жас тал мен қайыңның қабығы оңай сыдырылады, көп еңбекті қажет етпейді; екіншіден, қабығы алынбаған ағашты көлеңкеге жиып қойса, ол дұрыс кеппей, қабық астында құрт пайда болып, ағаш борсып, шіри бастауы ықтимал. Сондықтан, кесілген ағашты жылдам аршып, бас-аяғын тегістеп отап, керегеге жарайтындарын бір бөлек, уыққа арналған әлдіректерін бір бөлек 20-30 ағаштан бір-бір бума жасап, көлеңкеге бірінің үстіне бірін жинай береді. Мұндай бумаларды, әдетте, сыдырылған тал қабығының өзімен-ақ буады. Үй ағашын осылайша бумалап кептірудің де өзіндік себебі бар. Біріншіден, тасымалдауға ыңғайлы; екіншіден, көлеңкеге жиналған көп бумалардың бәрін дұрыс, біркелкі кептіру үшін оларды әлсін-әлсін аударып, астын үстіне, ортасындағысын шетіне шығарып қозғап отырады. Ал, барлық бумаларды бір шамада жел қақтырып отыруға немесе шыжыған ыстықтарда ағаш тез қурап, жарылып кетпеу үшін оларға су бүркетіндей етіп бумалап жинау тым қолайлы болады. Осындай әдіспен әбден кепкен үй ағашын үйшілер «қақсал кепкен ағаш», – дейді және ол жоғары бағаланады /1/.

Үйшіге қажетті жабдықтар: тез, сықырауын, жонғы, қуыс жонғы, тісті жонғы (сызғы, ыруыш), тесе шот, шапашот, балта, қашау, қол ара, ою пышақ, үскі сияқты саймандармен бірге кереге, уық, және шаңырақ жасауға арналған әр түрлі қарапайым қалыптар мен кепкен ағашты жібітуге арналған қоз, мор, обын атанатын ыстық «пештердің» де болуы аса қажет. Осы айтылған саймандар мен жабдықтардың барлығын да тәжірибелі шебер үйшілер, көбінесе, талғамдарына сай етіп, өздері жасап алады.

Тез - үйшінің ең басты, негізгі құралдарының бірі. Тезді, көбінесе, сүйегі ауыр, тығыз және жарыла қоймайтын мықты қарағаш, қайың және жиде ағаштарының (ұзындығы 80-100 см) жуан кесінділерден жасайды. Тез жасау үшін

мүмкіндігінше ағаштың қатар өскен екі мықты бұтағы бар тұсын таңдайды. Өйткені, бір метрдей жерінен кесілген екі бұтақ сүйірлеу ұштарымен жерге кіре тездің бір басындағы екі аяғының рөлін атақарады. Ал, екінші басын қолдан жасалған, жерге мықтап орнатылған арнайы аша ағашқа жатқызады.

Сықырауын – міндетті түрде әбден кепкен, жуандығы білектей, ұзындығы 1,5 метр шамасындағы қайыңнан жасалады. Сықырауынның бір жақ тегістелген жуан басын «алақан», үйшінің жамбасына дәл келетін орта тұсын «жамбастық», ал, жіңішке ұшын «тұтқалық» деп атайды /2/

Әбден кепкен үй ағашын тезге салып түзету үшін, ең алдымен, оларды от қызуына қақтап, балқытып алу керек. Ол үшін үй ағаштарын арнайы жасалатын «мор», «обын», «қоз», сияқты «пештерге» салады.

Үйші жұмысқа кіріспес бұрын неше қанат үйдің сүйегін жасайтынын біліп, соған қарай дайындалған ағаштарының қажеттерін іріктеп, ыңғайлайды. Біреулерге тым сәнді, әшекейлі үй қажет болса, енді біреулерге қарапайым баспана болса болғаны. Осы жағдайлардың бәрі үйші еңбегіне айтарлықтай әсерін тигізеді.

Киіз үй сүйегінің ең күрделісі де, қыруар еңбекті қажет ететін де кереге болғандықтан, үйші ең алдымен кереге сағаналарын дайындауға кіріседі. Ол үшін алдын ала дайындалған қозға немесе мор мен обынға, керегеге арналған ағаштардың он шақтысын салып, әбден жұмсартады. Қозда жатқан ағаштарды біртіндеп алып өңдеуге кіріседі. Одан соң ағаштың жуан басының екі жағын түзу жонғымен тегістейді, тісті жонғымен ыру сызықтарын жүргізеді. Кереге сағаналарының қалғандарын түгелдей қуыс не ойыс жонғымен жұмырлай жонады. Жону, түзеу жұмысы біткен соң тезге салу арқылы кереге сағаналарына арнайы мүсін беріп, әр жерінен белгілі мөлшерде иіндер жасайды. Осының нәтижесінде кереге сағанасының басы сәл шалқақтау болады, мойын тұсы ішке еніпкі, бүйірі сыртқа теуіп шығыңқы келеді. Ал, бір жағы біртіндеп ішке тартып, төменгі ұшы тіп-тік келуі қажет. Кереге сағанасын тігінен қойғанда оның басы мен етегінің ең төменгі ұшы бір түзу бойында болуы шарт. Мұның өзі киіз үй сүйегінің орнықты және берік, әсіресе, киіз үйдің салмағына керегенің шыдамды болуының басты шарты.

Қазақстанның барлық аймақтарында киіз үйдің ең көп тараған негізгі түрі – алты қанат үй. Алты қанат үй дегеніміз – алты керегелі үй деген сөз. Сонда үйдің үлкен-кішілігі оның қанат санымен анықталады. Қанат санына қарай кереге бастарының саны, кереге басына қарай уық саны әр түрлі болып келеді. Мұнымен бірге, кереге көздерінің үлкен-кішілігіне қарай тор көз кереге (жұдырық сиярлықтай ғана) және жел көз кереге (қос жұдырық сиярлық кең көзді) болып екіге бөлінеді. Олай болса, тор көз және жел көз керегелі киіз үй сүйегінің кереге басы, оған қарай уық саны да әр түрлі болады /3/.

Көп қанатты үлкен үйлердің сүйегі салмақтырақ болады. Үйдің көлемі үлкейген сайын жауын-шашын, дауыл, құйын кездерінде үй сүйегіне сырттан түсетін күш те көбірек. Сондықтан, өз салмағы мен сырттан түсетін табиғи күштердің тегеурініне үлкен үйлердің сүйегі төтеп беретіндей орнықты, әлді болуы қажет. Тор көзді үлкен үйлердің сүйегінің жасалуы күрделі, бағасы да қымбатқа түсетіндіктен, оларды кезінде ауқатты адамдар ғана жасатты. Ал, жел көзді шағын үйлердің сүйегі жеңіл, жасалуы оңай, бағасы да арзан болғандықтан, орта шаруалар қауымының басым көпшілігі осыны қанағат етті. Алты қанат киіз үйдің бір тор көз керегесіне жұмсалатын сағаналардың үлкенді-кішісін түгел қосқандағы жалпы саны 42 шыбықтан тұрады. Оның ең ұзын ерісінің саны 18 болса, қалғандары сағанақ атанады да, қос-қостан барған сайын қысқара береді. Оның жалпы саны 24-ке жетеді. Кереге ерісінің ұзындығы 2 метр болса,

сағанактың ең ұзындары 1,6 метр, ең қысқалары 30 сантиметр шамасында болады 4, 28 б./.

Жасалып жатқан киіз үй сүйегінің керегелеріне жетерліктей түгел сағаналар түзетіліп, жонылып, мүсінделіп, ырулар жүргізіліп болған соң, олардың барлығына да көк өткізетін көздер тесіп шығу қажет. Әрбір кереге сағасына қанша тесік жасалатындығы керегенің тор көз не жел көз болып жасалуына байланысты. Керегенің басы қанша болса, кереге қанатында жоғарыдан төмен қарай сонша көз бар, ал әрбір кереге ерісінің соншама көк тесігі жасалады.

Кереге сағаналарының көгі мен уық алақандары тесіліп болған соң, оның әрқайсысы майда түрпі, темір қырнауыш немесе шыны сынықтарымен мұқият өңделіп, көбінесе, жосамен боялады. Ал, шамасы келгендер кереге мен уықтарды түгелдей қызыл, жасыл, көк түсті май бояулармен боятады, содан олар сырлы үй атанады. Тек қайыңнан жасалған киіз үй сүйегін мұқият өңдегеннен соң өсімдік майын неше қайтара сіңіре жағады.

Кереге мен шаңырақ арасын біріктіріп, киіз үйдің төбесін шығарып тұратын иінді ұзын ағаштарды уық деп атайды. Бір үй сүйегіне арналған уық саны кереге бастарының жалпы санына тең болады. Олай болса, уықтың саны да, әрқайсысының ұзындығы да, әлділігі де, киіз үйдің көлеміне, яки қанат санына, керегенің тор көз не жел көзділігіне тікелей байланысты болады. Әдетте киіз үйдің маңдайшасына алты уық байланады. Сонда, кереге бастарының санына 6 маңдайша ұяларын қосып, жалпы уық санын есептеп шығару қиынға түспейді. Орта есеппен 6 қанат үйдің уығының ұзындығы 12-13 қарыстай болады. Қанат саны өскен сайын уықтың ұзындығы да арта түседі. Мәселен, 8 қанат үйдің уықтары 15-16 қарысқа дейін барады. Уық иіні иінділеу келсе, яғни 130° – 135° доғал бұрыш шамасында болса, үй төбесі күмбезделіп шығады, ал иіні аздау болса, яғни 145° – 150° доғал бұрыш шамасында болып, уық алақаны қысқалау келсе, үй төбесі конус тәрізді шошақтау болады. Жетісу өңірінің киіз үй уықтары иінсіздеу, шаңырағы шағындау келеді де, үй төбесі қалмақ үйі тәрізді шошақтау болады екен, ал республикамыздың қалған өңірінде уық иіндірек, шаңырақ көлемділеу болады да, үй төбесі күмбез тәрізді жалпақтау келеді /5/.

Уықтың ұзынына қарай оны қазақ халқы төртке бөледі: алақаны – кереге басына байланып бекітілетін жалпақтау түбі; иіні – алақанға жалғаса иірілетін тұсы; қары - иіннен ұшына дейінгі оқтығы; қаламы – шаңырақ тесігіне еніп тұратын уықтың төрт қырлы ұшы. Төрт қырлы уық қаламын шапашот және түзу жоңғы арқылы теп-тегіс етіп шығарады. Оның біркелкілігіне мұқият көңіл бөледі.

Қалыптасқан қазақ шаңырағы – киіз үйдің төбесін шығарып тұратын шеңбер. Шаңырақты, көбінесе, тұтас немесе 2-3 бөлек қайың кесіндісінен, кей жерлерде қара талдан да жасайды. Шебер үйшілер шаңырақты тұтас ағаштан да, екі не үш бөлек кесінділерден де жымын білдірмей, дөп-дөңгелек етіп иіп жасайды. Ел арасында ең жиі кездесетін шаңырақтардың диаметрі 1-1,8 метрдей, кейде 2 метрге де жететін шаңырақтар болады. Шаңырақ ағашын шаппа шотпен ыңғайлап, астыңғы бетін шығара шауып, жоңғымен мұқият тегістеп болған соң, оны құрым киізге орап, дымқыл жерге көмеді, содан он шақты тәуліктен соң, шаңырақ ағашы өз бойына жеткілікті ылғал тартып үлгерді-ау дегенде, оны қазып алады. Осыдан кейін үстіне себілген су бойына сіңген кезде дайын тұрған қозға көмеді. Ыстық қозда бие сауым уақыт (1-1,5 сағаттай) жатып әбден жібiген шаңырақ ағашын кірпіштен не ағаштан арнайы жасалатын қалыпқа салып иеді. Мұндай арнайы шаңырақ қалпын байтес дейді. Шаңырақ тоғынының жалғасатын екі басын астастыру ісі де осы қалыпқа кигізіп қойып жасалғанда оңай орындалады /4, 25 б./.

Шаңырақтың төбесін шығарғанда түндікті төмен түсіріп алмас үшін оған күлдіреуіш орнатады. Шаңырақ шеңберінің диаметрімен бірге жоғары қарай көтеріле иіліп, бір-бірін дәл ортасынан кесе өтетін шыбықтарды күлдіреуіш дейді. Күлдіреуіштің әр қатарында 3-тен 8-ге дейін шыбықтар орнатылады, оларды арнайы жасалған қарғаша немесе бақалақ деп аталатын кепіл ағаш тесіктерінен өткізеді. Кепіл ағаш саны әр күлдіреуіштер тобында екіден не төрттен жасалады. Күлдіреуіштің бұлайша жасалу тәсілі – қазақ арасында ертеден келе жатқан дәстүрлі өнер.

Оңтүстік Қазақстанда шаңырақ күлдіреуішін жасау тәсілінің кейінірек қалыптасқан басқаша түрі де кездеседі. Оны халық табақты күлдіреуіш дейді. Шаңырақтың төбесін алақандай табак тәрізденген қалың дөңгелек тактай шығарып тұрады, 5-6 имектеу күлдіреуіштер оны шаңырақ шеңберімен біріктіреді. Табақтың төменгі бетінің ортасында шаңырақ көтергенде бақанның басын тірейтін саяздау ұя жасалады, оның айналасына ою-өрнек ойылады. Күлдіреуіштің мұндай түрін жасау оңай-ақ, бірақ көркемдік және беріктік жағынан дәстүрлі күлдіреуіш түрінен әлде-қайда төмен. Көпішілік бұқараға арналған шаңырақтарға еш қандай әшекей жасалмайды, тек жосалаумен ғана шектеледі. Ою-өрнектер, негізінен, геометриялық, символдық, өсімдік және зооморфтық мотивтер элементтерінен тұрады. Шаңыраққа ою-өрнек жүргізетін құралдың негізгісі үшкір пышақ сияқтанып темірден соғылатын арнайы аспапты қобы дейді. Шаңырық бөлшектерін сырлау, оюлаумен бірге күмістеу, сүйектеу тәсілдерімен де көркемдейді /6/.

Киіз үйге арналған дәстүрлі «сықырлауық» ағаш-есік: екі ашпалы есіктен, маңдайшадан, екі босағадан және табалдырықтан тұрады. Осы есік бөлшектері бөлек-бөлек жасалады, керек болған жағдайда арнайы жасалған тетіктері арқылы үйлесе бірігіп, біртұтас «сықырлауық» есік болып шыға келеді. Аталмыш есік бөлшектерінің бір-бірімен шегесіз біріктірілетіндігі көші-қон кезінде қолайлылық туғызады. Киіз үй есігінің биіктігі тігілген үйдің керегесінің биіктігіндей, яғни орта есеппен 170-175 см, ал ені 120-122 см шамасында болады. Маңдайшаның ені 10-12 см, екі босаға мен табалдырық ендері 7-8 см. Маңдайша, босаға және табалдырық ағаштары жарылмай кеткен, бұтақсыз қайыңнан шабылады. Оның астыңғы жағының, табалдырықтың үстінгі жағының екі бастарынан қос босағаның бас-аяқтары сұғынып тұратын тұзу бұрышты екі ұя болады. Ал, екі ашпалы есіктердің топсасы есебінде олардың босаға жағының, жоғарғы және төменгі шеттерінен маңдайша мен табалдырықта арнайы жасалған дөңгелек ұяларға кіріп тұратын «сықырлауық» атты жұмыр дөңестер шығарылады. Бұл жұмыр дөңестер маңдайша мен табалдырық ұяларына кіріп тұрады, есікті ашып-жапқанда сықырлаған дыбыс шығарады. Киіз үйдің екі ашпалы ағаш есігінің «сықырлауық» атануы, бәлкім, осыдан да болар /4, с.95/.

Дәстүрлі киіз үй сүйегінің құрамына тікелей енбегенімен, міндетті түрде шебер жасайтын қажетті бөлшектің бірі – адалбақан. Оны үйшілер ағаштан жасаса, ұсталар темірден жасайды. Кейде, ағаштан жасалған адалбақанды күмістелген темір ілгектермен, тағы басқа әшекейлермен де безендіреді. Оның металдан жасалатын қосымша бөлшектерін, көбінесе, үйшілердің өздері-ақ, кейде ұста-зергерлер де істейді. Адалбақанның ағаштан жасалатын негізгі бөлігінің ішкі беттеріне ою-өрнек жүргізіліп көркемделеді. Ауқатты адамдар жұмырланып шабылған адалбақанның сыртын түгелдей былғарымен қаптатып, ілгектермен күмістеп, темірден салғызады.

Сөйтіп қазақтағы үйшілер өнері сонау көне замандардағы көшпелілік өмір салтына байланысты қалыптасып, ғасырлар бойы даму, жақсару үрдісінің нәтижесінде шынайы халықтық өнер дәрежесіне жеткен. Үйші өнері XIX

ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында нағыз үй кәсібіне айналды. Онда еңбек бөлісінің нышаны да бой көрсете бастады. Арнайы зерттеулеріне қарағанда, XIX ғасырдың соңында жәрмеңкесі жақын немесе қалалар төңірегіндегі ел арасында, әсіресе, ағашы мол жерлерде киіз үй сүйегін жасаудың өзі – «керегеші», «уықшы» және «шаңырақшы» сияқты мамандықтарға бөлінген. Киіз үйдің жоғарыда көрсетілген негізгі құрамдарын жасауда көп өзгешеліктер болмаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1969. 26 б.
- 2.Муканов М.С. Казахская юрта. Алматы, 1981. С.47-48.
- 3.Тәжімұратов Ә.С. Шебердің қолы ортақ. Алматы, 1977. 96 б.
- 4.Арғынбаев Х.А. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1987. 128 б.
- 5.Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее убранство. М., 1961. С.5.
- 6.Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. Алматы, 1979. С. 48.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается особенность производства традиционного казахского переносного жилища – юрты. Показывается также процесс изготовления всех ее составных частей народными мастерами.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының көшпелі өміріндегі киіз үйдің орны және оның құрылымындағы ерекшеліктермен қатар оны жасаудағы ағаш шеберлердің жұмыстары қамтылған.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЗАНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Қозғамбаева Г.Б. т.ғ.к., доцент м.а.(Алматы қ., ҚазқызмемПУ)

Қазақ әдет-ғұрып заңдарының жалпы мазмұнынан көне дәуірлер туралы елес береді. Евразия көшпелілерінің мемлеттілігі тарихта талай рет өрлеу, талай рет құлдырау дәуірін бастан кешті. Тарихи уақытты қабылдау циклдік жүйеге құрылғандықтан белгілі бір уақытты бір адаммен байланыстырады. Ерте дәуір сақ-ғұн кезеңіндегі тарихи уақиғалар, орта ғасырлар Жошы, Әз Жәнібек, Асан қайғы, Едіге аттарымен, бертінгі уақытта Қасым хан, Есім хан, Тәуке ханмен тікелей байланысты жүйеленеді.

Түп тамыры көне дәуірге бастайтын қазақ мемлекеттік құрлысы да, заңдары да XVIII ғасырда Тәуке хан атымен байланыстыратыны сол себепті.

Қазақ шежіресі сақ, ғұн, ашина-түркілері өз-ара жалғасқан байланыстардан тұрады. Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих», Әбілғазы бахадүр ханның «Түрік шежіресі» және «Оғыз нама» дастанына қарасақ, бұл заман Евразия даласында көшпелілердің империя құрған, тұтас билігі жүрген, әлем халықтарын тізе бүктірген /1/.

Орталық Азия мен қазақ даласындағы халықтардың әдет-ғұрып заңдары туралы алғашқы жазба деректер ғұн дәуірінен бастау алады. Қытай жылнамаларын қарап отырып б.э.д. III – II мың жылдар бұрын Арқа мен Алтай

арасында көшпелі тайпалардың тұрмыс – тіршілігі мемлекет пен құқық туралы түсініктері туралы хабар аламыз.

Мөде шаньюйдің баласы Лаушан-гию Қытай патшасына жазған хатында ғұндардың қолдануға жеңіл және ыңғайлы заңдары бар. Көшпелілердің заңын орындаудан бас тартқандары, өлім жазасына кесіледі, ал ұрлық, адам өлтіру сияқты қылмыстарды билердің өздері құн төлеу, немесе кек қайтару арқылы шаньюйге жеткізбей шешті. Құн орнына жылқы мен қойдан төледі. Ал енді қашқындар мен сатқындарды ешкім де өз көшінде сақтауға болмайды. Оларды құмға қарай қуады, ол жерден тірі қайту мүмкін емес /2/.

Ғұн заңдарының көпшілігі қылмысқа қарсы өлім жазасын ұсынғанымен, ұрлықтың өзін кісі өлтірумен қатар қойып, өлім жазасын талап етсе де, бұл жазаның бәрінен де құн төлеу арқылы құтылу мүмкіндігін қарастырады. Қылмыс жазасы қашанда малға шағылады, - бұл да көшпелілер өміріндегі шаруашылық қауымның орнын күшейтеді. Ғұн заңдарының екінші ерекшелігі, барымтаға рұқсат берілуі. Өз ішінде қалыптасқан тәртіпке байланысты есесі кетіп бара жатқан ғұн өзінің билерімен келісіп, қарсы жақты шауып есесін қайтаруға хақылы. Ғұн заңдарынан аңғарылатын бір басты ерекшелік мемлекеттік тәртіптің күші. Әкімшілік жүйенің басты ерекшелігі әскери қосын заңы, әр адам, әр ру, әр халық өзіне арналған орынды, алатын үлесін, олжа сын алдын-ала біледі. Соғыс жағдайында, бейбіт уақытта қанша әскер шығару керек екенін, оның азығы, көлігі бәрі де алдын-ала есептелген.

Көне түріктің салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары көшпелілердің әлеуметтік өмірін реттейтін басты құрал есебінде қызмет жасады. Осы әдеп-ғұрыптық құқықтық қызметін атқаратын өкілдерін түріктер бектер, билер атайтын. Оларда тасқа басылған, қағазға жазылған заң болмаған сияқты. Бәрі де тұтас руханияттың құрамдас бөлігі есебінде өмір сүрді. Қарапайым өмір салты, күнделікті тіршілік заңдылығы әдет-ғұрып заңдарының өміршеңдігін қамтамасыз етті.

Түріктің тұрмыс-тіршілігі киіз үйлерде, шатырларда өмір сүрді, шөптің шығымына, суға қарай көшіп қонып жүрді, мал шаруашылығымен, аң аулаумен айналысты, жейтіні ет, ішетіні қымыз, теріден, жүннен жасалған киімді киді. Билеушісін таққа отырғызарда ең жақын бектері киізге отырғызып, күннің бағытымен тоғыз рет айналды. Қару-жарақтары мүйізден жасалған жақ пен ысқырғыш жебе қолданады, сауыт-сайман, найза-сүнгі, қылыш-қанжар бар, ал туларының сабына алтын басты қасқыр орнатыды. Ат үстінде садақпен дәл тигізіп атады, табиғаты қатал, аяусыз. Керек болған жағдайда адам, жылқы санын, алым-салық пен малға байланысты ағашқа керткік жасап санайды. Қағаздың орындаған бұйрық райын алтын басты садақ жебесі, балауыз белгімен қоса атқарады. Олардың қылмыс заңдары бойынша: адам өлімі, ханға қарсылық, қарсы жауға өту, бөтеннің әйелінің қойнына бару, тұсаулы тұрған атты ұрлау өлім жазасына кесіледі. Төбелесте болған жазым үшін құн төледі. Көзін шығарса кінәлі жақ қыз береді, қызы жоқ болса әйелінің жасауын берді. Дененің бір жеріне зақым келтірсе айыпқа ат төледі, басқа бір затты ұрлаған адам, ұрланған дүниенің құнын он есе айып төледі. Өлген адамның мәйітін шатырға сақтайды. Ұлдары, немерелері, екі жақтың туыскандары жылқы мен қой сойып, оны шатырдың алдына жайып тастайды құрбандық деп, өздері атқа мініп шатырды жеті рет айналады, осыдан кейін шатырға кірерде беттерін пышақпен жаралап, дауыс салады, қан мен жас қатар ағады. Осылай жеті рет жасайды да аяқтайды.

Белгіленген күні марқұмның мінген атын, тіршілікте қолданған заттарын мәйітпен бірге жағып жібереді, күлін жинап жылдың келісілген мерзімінде бейітке көмеді /3/.

Қытайдың Хань әулетінің тарихында, түркілердің құқықтық көзқарастарын толықтыра түседі. Көтеріліс, сатқындық, адам өлімі, өзгенің әйелімен болған ойнас сияқты қылмысқа өлім жазасы кесілді. Көзін шығарса - қызын береді қызы жоқ болса әйелінің жасауын береді денесінің бір жеріне зақым келсе жылқымен төлейді, жылқы немесе басқа бір зат ұрлағаны үшін оның өз құнынан он есе артық қылып қайтарады. Міне, қазақ билігі немесе «Жеті жарғы» аталатын жолдын түп-тамыры осындай тереңде жатыр.

Н.Я.Бичуриннің аудармасында көне түріктің заң негіздері берілген, олар: Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын; Түрік жұртының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын; Қағанат ішінде жазықсыз кісі өлтірген кісілер өлім жазасына бұйырылсын; Өзге біреудің әйелімен зинакорлық жасап, ақ некені бұзған адамға өлім жазасы бұйырылсын; Өреде тұрған атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын; Төбелесте мертігудің түріне қарай мүлік түрінде құн төленсін; Ұрланған жылқы және өзге де құнды мүлік үшін ұрыдан он есе артық айып төлеттірілсін /4/.

Өзіміздің тегімізді шын мәнінде түрік халқынан деп есептесек, мемлекетімізді бір кездегі Түрік қағанатының жұртында шаңырақ көтерген, соның мемлекеттік құрылымын мұра тұтқан далалық көп хандықтарды санайтын болсақ, «Қасым хан, Есім хан, Тәуке хандарымыздың да шығарған заңдарын сол түрік дәуірінде қалыптасқан заң-тәртіптік, жетіліп дамытылған табиғи жалғасы дей аламыз» дейді Қ. Салғараұлы /5/. Бірі, YІ ғасырдың екінші жартысының басында, келесісі қазақ хандарының тұсында ХҮІ-ХҮІІІ ғ.б.өмірге келген көшпелілердің саяси-құқықтық заңдарының бізге жеткен нұсқалары осындай. Мұнда олардың түпнұсқалық қалпын қаншалықты сақтағаны да бізге беймәлім. Халық жадында сақталып, ауыздан-ауызға көшкенде ұмытылу салдарынан түсіп қалатын, уақыт талабына сай жүре келе енетін өзгерістердің сыртында, сол заңды тудырушының ана тілінде емес, басқа тілдер арқылы қағазға түсіп, бізге жетіп отыр.

Ғұн дәуіріндегі заңда үрейлі өлім жазасы басым. Қоғамдық формацияның рулық, тайпалық кезеңінде бірлікті сақтап, ел басқаруды қамтамасыз ету үшін аяушылығы жоқ қатаң жаза қолдану өмір қажеттілігінен туған. Кейіннен қоғамның дамуының, ондағы ойлау сана-сезімнің жетілуінің, ел басқарудағы мемлекеттік жүйенің қалыптасуының кезеңдік сатыларында бұрынғы қатаң жазалар уақыт талабына сай бірте-бірте жеңілдетіліп, жазаның басқа түрімен ауыстырылып отырған, соған қоса жаңа баптар да қосылып отырған.

Жалпы бұл заңдарды салыстыра зерттеп білу арқылы өз дәрежесіне қарай қазақ халқының этникалық тұрмыс-тіршілігімен санасу және шаруашылық-мәдени жағдайын ескеру және елдің географиялық орналасу ерекшелігіне орай жасалған мемлекеттік саяси-құқықтық заңы.

Мемлекет және құқық туралы Евразия көшпелілерінің өмірінде іргелі өзгерістерді Шыңғыс хан заманы енгізді. Бірақ зерттеушілер Шыңғыс ханның көшпелілерге енгізген тәртібі өзіне дейінгі дәстүрге сүйеніп жасалғанын ескереді. Шыңғыс ханның «Яса», немесе «Жасақ» заңдарының мәтіні толықтай жиналған жоқ, дегенімен араб-парсы тарихшыларынан еңбектерінде моңғолдардың, өзінде жазу-сызу болмағандықтан, балаларын сауаттылыққа үйренсін деген мақсатпен ұйғырдың ұстаздарын алдырғандығы туралы мәліметтерді келтіреді. «Жасақ» бойынша мемлекет басшысының әр түрлі жарлықтары хатқа түсіріліп және әр түрлі құрылтай кезінде әсіресе бір жорық жасарда, көрші елдерді бағындырарда басшылыққа алынды. Шыңғысханның заңдары мен қаулылары орамалдарға тұмар жазылып, «Ясаны» терең білетін неғұрлым беделді ханзадаларда сақталған.

Моңғолдың заңы түп-нұсқада сақталмаған, ол үзінділер мен мазмұны қысқаша баяндамалар түрінде ғана белгілі /6/.

Мемлекеттік құрлысты нығайту үшін Шыңғыс хан түркі дәуірінен қалған әскери-әкімшілік жүйе ондықты пайдаланды. Ол үшін әр он адамның ішінен ондық басшы, сайлатып, оны жүздің ішіне, жүздің мыңның ішіне мыңдық еңгізді. Он мыңдықты түркі дәстүрімен түмен атады. Әр адам өз ондығына жауап беретін, олардың ішінен бір адам қашса, қылмыс істесе қалған тоғызы жауап беретін болды. Ұлы империяның бір шеті мен екінші шетін байланыстыратын сауда және керуен жолдарын, хат-хабар қызметін реттеді. Ұзын жолдың бойына жәмші, ашып, ол жерде жолаушылар демалып, ат ауыстыратын, ас-ауқат ішіп алатын мүмкіндік жасады. Осындай шаралардың арқасында мемлекеттік билік күшейіп, жергілікті келте билеушілердің менмендігі тиылды. Кең байтақ империя ішінде бейбіт тәртіп қалыптасты. «Жасақ» өзіне дейінгі рулық – көсемдік билік жүйесіне аса күшті соққы берді. Шыңғысхан өзінің жарлықтарымен Жасақ – деп аталатын кітап қалдырады, – деп жазады араб саяхатшысы Ибн Баттута 1350-шы жылдары. «Кімде – кім Жасақтың ережесін қолдамаса, орындамаса орнынан алынады. Жасақтың талабы бойынша, олар жылына бір рет жиналады, оны той немесе мереке деп атады /7/. Жер шарының әрбір қиырынан Шыңғысханның тұқымдары, әмірлері, қатындары, әскер басылары бас қосады. Егер сұлтан, Шыңғыс ханның ережелерін бұзса, басқалары орнынан тұрып тәртіпті бұзғаны үшін оны орнынан алып, оның орнына ханның тұқымынан өзге бір адамды отырғызады.

Белгілі әмірлердің бірі ережені бұзса, қылмысына қарай сол елдің өз ішінде жазасын береді. Шыңғыс заманында елдің тәртібін қатаң ұстайтын жаугершілік заңдар күшейіп, жау әскерінен қорқу қашу үлкен қылмыс саналатын, сүйекке таңба деп есептелінетін еді. Оның бір жарқын мысалын Жошының өмірбаянынан кездестіреміз. 1216 жылы меркіт пен найман елдерін қуа келген Жошы Ырғыз – Торғай даласында Хорезм шах әскерлерімен жолықты. Құпия шежіреде – «Жошы хан Сұлтан Мұхаммедтің қуып жететін көріп бектерімен ақылдасты. Олар: Шыңғыс хан бізді Сұлтан Мұхаммедпен соғысуға жіберген жоқ, шап деген елін шаптық. Жау көп, біз азбыз, сондықтан біз жүре берейік, егер бізді қуып азғана әскер жетсе, онымен соғысайық. Сонда Жошы тұрып «ертең елге барғанда әкеме, ағаларыма не айтамын. Алыстан жауды көріп қаштық деймін бе?» – деп бектерінің сөзін тындамай, жаумен соғысуға дайындалды. Жошы хан алдыңғы әскермен Сұлтан Мұхаммед әскеріне қарсы шабуыл жасап, Тушыға дейін жетіп, оның қалқанын үш рет шапты. Шах әскері шегінуге жақын еді...» – деп баяндайды /8/.

Хорезм шахтың жүрегіне мәңгі жазылмас үрей салып кеткен соғыс осылай көзсіз ерліктің арқасында болған еді. Моңғолдың мемлекет басшылары үшін аталмыш заң ұзақ уақыт бойы билік беделі болып қалды. Ясаның талабын орындамаған хан тұқымының мүшелері билік деген түрік сөзімен аталған Шыңғысханның нақыл сөздеріне сәйкес қатаң жазаланатын еді. Шыңғысханның «Ясасы» көшпелі өмірдің нормаларын ғана реттестірді. Көшпелілердің әдеттегі құқықтық негізінде әрбір, көбіне көшпелілер үшін қалыптасқан монғолдардың құқық жүйесі басқа жағдайларға мейлінше қолайсыз болды. Әлеуметтік тұрмыстық және қоғамдық өмірдің, оның ішінде Қазақстанның оңтүстігі мен Оңтүстік шығысының әлеуметтік- тұрмыстық және қоғамдық өмірдің көптеген жақтары Ясада реттестірілген жоқ. Ал оның жекелеген қағидалары мұсылманның діни құқығына және жергілікті халықтың әдет-құрпына қайшы келіп отырды. Осының негізінде «Яса» заңын сақтаушылар мен жергілікті халықтың арасында қақтығыстар болып тұрды, ал бұл қақтығыстар әдетте жергілікті халықты қайғы-қасіретке душар етті. Алайда уақыт өткен сайын Шыңғыс ұрпақтары мен көшпелі-

әскери үстем тап мұсылман мәдениеті мен мемлекеттігінің дәстүрлерін көбірек қабылдап өз өмірінде «Ясының» қағидаларын орындауы кеми берді.

Тәуелсіздікті аңсаған елге мемлекет құру үшін де ел намысы деп басын өлімге қиятын ерлер қажет болды. Евразия тарихына Жошы ұлысы, немесе Алтын Орда деген атақпен енген ұлыс та ерлік жолын тұтынған азаматтардың қажыр – қайратымен құрылды. Қазақ сахарасында өмірге келген бұл ірі мемлекеттік құрылым осы кезеңге дейін қордаланған әдет – ғұрып заңдарына одан қалды соның құнарлы бөлігі жинақталған «Жасаққа» сүйенді. Алтын Орда хандарының жанынан қара сүйек ішінен шыққан ірі жыраулар мен билерді көреміз. Олардың ішінде Әз Жәнібек ханның ақылшысы Асан қайғы, Тоқтамыспен ренжісетін Едіге би тағы басқалары бар. Шығыс хан тұқымының билігі әлсіреген тұста қара сүйектен шыққан ел билеушілерінің күшейгенін Қият Мамай, Теңіз Бұқа, Жыр Құтлы, тағы басқа мысалынан көреміз. Осылардың ішінде қазақ әдет – ғұрып заңдарының одан әрі даму процесіне тікелей ықпал еткен Едіге би (Ел қамын жеген Едіге) бар. Едіге тек Ноғай Ордасының негізін салған ел басшысы емес, ол көшпелілердің құқықтық көзқарасын әрі қарай дамытқан заңгері /9/. Қазақ халқының аңыздарында Едіге жас күнінде-ақ билік айта бастапты – мыс, оның билік айта жүріп үлкен беделге ие болуының арқасында мемлекет қайраткеріне дейін көтерілетіндігі айтылады. Қазақ хандарының заңдарының шығу тарихы туралы пікірлер де сан алуан. Кейбір ғалымдар оның негізін Шыңғыс ханның атақты Ясасынан іздейді, енді біреулер одан бөлек, өзінше жеке жазылғанды дегенді айтады. Ал, енді біраз ғалымдар қазақ хандарының заңдары сонау түркі дәуірінен бастау алып, бүкіл далалықтарға тән әдеттегі желісі үзілмеген сабақтастығы жатыр дегендей пікірлер білдіреді. Ясамен ауызданып, соның жөн-жосығының бұзылмауы жолында күресіп өскен Дешті Қыпшақ хандарының бірінің ұрпағы XV ғасырда өмір сүрген Қасым ханның да, XVI ғасырдың перзенті Есім ханның да заңдарының ойдан шығарылмағаны, көктен алмағаны, керісінше барды байыптап, оны өз заманына, кезең жағдайына қарай бейімдеп жетілдіргені, өзіндік өзгерістер енгізгені қазір ешкімге де күдік тудырмаса керек. Олай болса, бұл заңдылықты Тәуке ханның да сақтағанына дау жоқ.

Қазақтың ежелден ғасырлар бойы қалыптасқан, құқық дәрежесіне ие болған әдет-ғұрып қағидалары, солармен бітискен хан-би ережелері талай дәуірді басынан кешірді. Соған қарамастан өзіндік алғашқы ішкі қасиеттері мен құрылымдарын сақтап қалды, жаңа дәуірге шейін жеткізді. Айнала дүние өзгеріп жатса да, дамыған көрші елдердің ықпалы күшейе түссе де қазақ құқық ережелерінің өмірі ұзақ болды. Ертедегі тұғыры мен қасиеттерін сақтап қалған ата-баба заңдары қазақ қоғамы тарихының ажырамас бөлігі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. III том. Алматы, 2002. – 432-433-бб.
2. Көпейұлы М. Қазақ шежіресі. Алматы, 1998. – 126-127-бб.
3. Қазақтың мемлекеттік құрылымы. Алматы, 1987. – 162-164-бб.
4. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. М.–Л., 1987. 296 б.
5. Салғараұлы Қ. Жеті-жарғы жөнінде – қазақтар. Роман-эссе. Алматы, 1995. – 311-312-бб.
6. Аманжолов К. Қазақстан тарихы. Алматы, 2004. –172-174-бб.
7. Жақыпов Е.Қ. Шыңғысхан және ол құрған жаулап алу жорықтары (XII- XIII ғасырдың бірінші жартысы): Т.ғ.к. дисс. авторефераты. Алматы, 1999. – 12 б.
8. Монғолдың құпия шежіресі. Өлгей, 1979. –36-38-бб.
9. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарихи- Рашиди. Алматы, 1999. –106-108-бб.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе специальных исследований рассматривается история и особенности происхождения степного законодательства, начиная с эпохи гуннов и вплоть до Казахского ханства.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ғұн дәуірінен Қазақ хандығына дейінгі дала заңдарының қалыптасу тарихы қарастырылады.

**РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ АҚМОЛА ЖӘНЕ СЕМЕЙ
ОБЛЫСТАРЫНА УКРАИНДАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ**

Маханова А.О. – оқытушы (Алматы қ., Қазақ қатынас жолдары университеті)

Украиндық шаруаларды Солтүстік Қазақстанға көшірудің бастапқы кезеңі. Украиндықтардың көшіп-қонушылардың құрамына еніп, Солтүстік Қазақстанда пайда болуы және казактанудың басты кезеңі Орта Жүз қазақтарының Ресей империясының құрамына кіруімен байланысты XVIII ғасырдың бірінші жартысына сәйкес келеді. Бұған тілдің, діни сенімдерінің, мәдениеті мен тұрмыстарының ортақ болуы ықпал жасады. Ал, екінші жағынан, олардың шығыс славян халықтарының негізі болып табылатын белорустар сияқты санының аз болуы орыс әкімшіліктеріне оларды орыс ретінде санауға негіз берді. Патша үкіметі XIX ғасырдың 60–жылдарынан бастап әскери-казак отарлаудан жалпылай сипатқа көшті. Сондықтан, жергілікті орындарда қазақ даласын отарлау және ол жерлерге орыс-украин шаруаларын қоныстандыру бойынша шараларды дайындай бастады. Қазақстанды жаулап алу Ресейдің XIX ғасырдың орта кезіндегі буржуазиялық реформасымен сәйкес келді. Шаруалардың көтерілістері жалғаса берді. Осындай жағдайларда үкімет шаруалардың төңкерістік қозғалыстарын тоқтату бойынша бір қатар шараларды қабылдады. Олардың бірі – көші-қон саясатын белсендіру болып табылады. Шаруаларды шығыс аудандарға қоныстандыру Ресей империясының орталық және батыс губернияларындағы жерге деген қажеттілікті күшейтіп қана қоймай, сонымен қатар, үкімет оларды жаңа жерлерде өзіне сүйеніш етіп пайдаланды.

Егер біз зерттеу жүргізіп отырған украиндық көшіп қонушыларды қарастыратын болсақ, олардың санының аз болуына байланысты статистикалық органдардың есебіне алынбай, XIX ғасырдың 70–жылдарына дейін орыс халқы ретінде саналғандығын байқаймыз. Мұндай субъективті жағдай XIX ғасырдың 80–жылдары, көшіп келушілердің келген орны бойынша әкімшілік-полицейлердің есебіне тіркеу тиісті деңгейде жұмыс істеген кезде ғана өзгерді.

Қарастырылып отырған мерзімде, әкімшілік тұрғыдан Ақмола және Семипалатинск облыстары Дала генерал-губерниясына бағынды. Алғашқы облыстың құрамына Омбы, Петропавл, Ақмола, Көкшетау және Атбасар уездері, ал екінші облыстың құрамына Семей, Павлодар, Қарқаралы, Өскемен және Зайсан уездері кірді.

XIX ғасырдың аяғында аймаққа украиндардың көшіп қонуының күшейтілуі. Солтүстік Қазақстанда шағын украин халқының пайда болуы 1891-1893 жылдарға қатысты және ол келесі объективті себептермен байланысты. Біріншіден, 1889 жылдың 13 шілдесінде ауыл тұрғындары мен мещандардың қазына жерлеріне өз

еркімен көшіп қонуы туралы негізгі заңның шығарылуымен байланысты. Ол жоспарлы және төтенше көшіп-қону қозғалыстарының белсенді жүзеге асуына ықпалын тигізді. Екіншіден, Патша әулеті тікелей басқарып отырған Сібір темір жолының іс-әрекет етуі ықпал етті. Құрылысы 1891 жылы басталған Транссібір темір жол магистралі Солтүстік Қазақстан бойынша өткізілуі тиіс болды. Мәселен, «Сібір темір жолының Ерекше Комитеті» Ақмола облысының үш уезі бойынша 160 мыңнан артық орыс-украин шаруаларын көшіру үшін көлемі 2241,5 мың ондық болатын жер қорын дайындады /1; 2, с. 94/.

Көшіп келген қоныстанушылардың басым бөлігі біз зерттеу жүргізіп отырған аймақпен қатар, Қазақстанның басқа да алты облысынан орын тепті. Алайда, көшіп қонушылардың негізгі бөлігі Ақмола облысында орналасып қалды. Бұл облыста 1869-1896 жылдары көшіп келушілердің 36,3% орналасқан. Мәселен, 1894 жылы Ақмола облысының 54 ауылында 39,7 мың орыс-украин шаруалары орналасқан болатын /2, с. 104/.

1–кесте

1897 ж. Солтүстік Қазақстандығы украиндардың қоныстануы /3-5/

Облыс, уезд	Жалпы аумағы, шаршы верст	Жалпы халық саны	Соның ішіндегі украиндар	
			ада м	%
<i>Ақмола</i>				
Омбы	59 716	100 528	4 298	4,3
Петропавл	63 590	155 137	20 351	13, 1
Кокшетау	69 290	155 461	19 328	12, 4
Атбасар	219 420	86 413	1 899	2,2
Ақмола	108 390	185 058	5 207	2,8
Барлығы	520 406	682 597	51 083	7,5
<i>Семей</i>				
Семей	69 880	156 801	801	0,5
Павлодар	98 130	157 487	121	0,1
Зайсан	34 960	95 072	18	0,0
Өскемен	55 970	103 575	2 316	2,2
Қарқаралы	186 370	171 655	1	0,0
Барлығы	445 310	684 590	3 25 7	0,5
<i>Жиынтығ</i> <i>ы</i>	965 716	1 367 187	54 340	4,0

1897 жылы жүргізілген санақ бойынша Ақмола және Семей облыстарының он уезіндегі жалпы халықтың 21,5% (293,9 мың адам) орыстар мен украиндар құраған. Ал, түпкілікті қазақ тұрғындарының саны 1032 мың адамды (75,5%) құраған /3-5/.

Біз жоғарыда айтып кеткендей, украин халқының басым көпшілігі Ақмола облысында орналасқан. Бұл олардың мемлекет меншігіндегі жерді тұрақты иеленуге алуымен, сондай-ақ, қазыналық және зем салықтарын төлеуден және әскери борышын өтеуден үш жылға босатылатындығымен түсіндіріледі /6/. Осындай жағдай Жетісу, Сырдария, Орал және Торғай облыстарынан орын тепкен қоныстанушыларға да тән болды. Мысалы, Қазақстанда қоныстанған 86,7 мың украиндықтардың 51,1 мыңы (58,9%) аталған облыста тіркелген (1 кестені қараңыз). Сонымен бірге, біз зерттеу жүргізіп отырған этностың басым бөлігі, сәйкесінше, 20,4 мың адам Петропавл уезінде және 19,3 мың адам Көкшетау уезінде орналасқан. Негізінен мал шаруашылығымен айналысатын түпкілікті қазақ халқы басым орналасқан оңтүстік уездерге қарағанда, облыстың үштен бір бөлігін алып жатқан аталған уездерде қоныстанушылар көбірек орналасқан.

Егер көрші жатқан Семей облысын алып қарастыратын болсақ, онда Өскемен уезінде 2,3 мың украиндықтар есепке алынғандығын байқауға болады. Бұл уезде, негізінен Полтава, Киев және Чернигов губернияларынан шыққандар қоныс тепкен. Аталған уезде қолайлы табиғат жағдайы, суармалы және шабындықты жерлері көп, сондай-ақ, су қоймалары мен ормандары жеткілікті болғандықтан көшіп келушілер кешенді ауылшаруашылық өндірісімен ғана емес, сондай-ақ, әр түрлі кәсіптермен де айналысу мүмкіндігіне ие болды.

Ақмола облысында тұруға келген көшіп қонушылар санының көп болуына байланысты XIX ғасырдың 90 жылдары көшіп келгендерге арналған жер телімдері жеткіліксіз бола бастады. Үкімет көшіп келген шаруаларды жермен қамтамасыз ету үшін «көшіп келгендерге арналған жер қорын» қалыптастырды. Оны қалыптастыру үшін жергілікті тұрғындардан ауыл шаруашылығын жүргізуге ыңғайлы жер массивтері тартылып алынды.

Орыстар сияқты, украиндарды ауқымды көшіп келуі 1906-1912 жылдары анық байқалады. Бұл жерде көшіп қону қозғалысының күшеюімен қатар, қазақтардың жайылымдық жерлерін (қыстақ, күзеу, жайлау) тартып алудың да ықпалы болды. Сонымен бірге, бұл жерде көші-қон басқармасы да өз ықпалын жасады. Мәселен, 1895 жылы құрылған және Ф.А.Щербина төрағалық еткен арнайы комиссия өзінің мақсаты ретінде алдына Дала генерал-губерниясының Ақмола және Семей облыстарының барлық он уезіндегі артық қазақ жерлерінің есебінен орыс-украин және басқа көшіп келген халықтың пайдасына көшіп қону және қосымша жерлерді ұйымдастыруды жүзеге асыруды қойды. Түпкілікті қазақ халқының көшпелі мал шаруашылығын зерттеген жоғарыда аталған комиссияның тексеру нәтижелері 1898-1909 жылдары «Материалы по киргизскому землепользованию» деген атымен 11 томдық басылым болып жарық көрді. Осыған ұқсас міндет үш томнан тұратын, А.В.Перплетчиковтың жетекшілігімен жинақталған «Материалы по повторному обследованию 1910-1911 гг. хозяйств и землепользования киргиз Семипалатинской области» атты басылымдардың алдында да тұрды. Көші-қон басқармасының шешімі бойынша жергілікті қазақ тұрғындары бір қазақ шаруашылығына 234 ондық жер есебімен жердің 51% өзіне қалдырып, ал 49% көші-қон қорының пайдасына беріп отырған /7/.

XX ғасырдың басында украиндық қоныстанушылардың негізгі ағымы Украинаның далалық сол жағасынан, атап айтқанда, Полтава және Чернигов губернияларынан келді. Жаңадан қоныстанып келушілер солтүстік аймақтың өзінің табиғи-климаттық жағдайы бойынша олардың бұрынғы өмір сүру жағдайына ұқсайтын уездерінде орын тебуді жөн көрді.

Қарастырылып отырған кезеңнің ерекшелігі Көші-қон қозғалысының ұйымдасқан үкіметтік бағдарламасы, сондай-ақ, су көздері (өзен, көл, су қоймалары) жеткілікті және жерлері ауылшаруашылық өндірісін жүзеге асыруға

қолайлы Солтүстік Қазақстанның жерлері еуропалық халықтардың, соның ішінде, орыс-украин халықтарының көшіп қонуының өсуіне ықпал етуі болып табылады. Бұл украиндықтардың санының кенеттен өсіп шыға келуіне әкелді. Мәселен, 1911-1914 жылдары олардың саны он есе өсіп, 531,5 мың адамнан тұрды немесе Қазақстандағы украин халқының 58,1% құрады (2 кестені қараңыз). Сонымен бірге, Ақмола облысында украиндардің саны 458,9 мың адамға жетіп, олар 423,4 мың адамды құрайтын орыстарды басып озып, саны бойынша қазақтардан кейінгі екінші орындағы этнос болып саналды. Бұл облыстағы көшіп келушілердің басым бөлігі Көкшетау (124,9 мың адам) және Омбы (114,4 мың адам) уездерінде орналасқан.

2-кесте

1911-1914 жж. Ақмола және Семей облыстарындағы украиндардың саны /8-9/

	Жалпы халық саны	Соның ішіндегі украиндар	
		саны, мың адам	%
<i>Ақмола</i>			
Омбы	395,3	114,4	29,1
Петропавл	302,0	87,1	28,8
Кокшетау	161,9	50,0	35,2
Атбасар	354,5	124,9	30,9
Ақмола	344,0	82,5	24,0
Барлығы	1555,7	458,9	29,5
<i>Семей</i>			
Семей	211,6	19,4	9,2
Павлодар	242,5	40,8	16,8
Зайсан	130,3	0,6	0,5
Өскемен	151,9	10,9	7,2
Қарқаралы	169,4	0,9	0,5
Барлығы	905,7	72,6	8,1
<i>Жиынтығы</i>	2461,4	531,5	21,6

Көрші жатқан Семипалатинск облысында зерттеу жүргізіліп отырған этностың басым бөлігі - 40,8 мың адам Павлодар уезінде орналасты. Бұл жерде олар, негізінен, Ертістің оң жақ жағасын жағалай орналасты. Олармен 1906 жылы – Алексеевка, 1907 жылы – Новопарковка, 1909 жылы – Ковалевка, 1910 жылы – Дмитриевка ауылдары салынды. Ертістің сол жағалауында украиндықтарды 1908 жылы бір қатар ауылдар (Артемка, Беловодск, Голубовка, Горноставека, Грабово, Котельниково), ал 1910-1911 жылдары Иртышск және Корниловка ауылдары салынған қазіргі кездегі Ертіс ауданының аясында орналасқан солтүстік жағы қызықтырды /10/.

Сонымен қатар, орыс-украин халықтарының арасында тұрғылықты өмір сүру үшін шарауалардың көшіп келуімен қатар, еңбек етіп, ақша табу үшін Қазақстанға келіп уақытша жер өңдеу сияқты көшіп қонудың кеңінен тараған түрі де қалыптасқан. Олардың еңбегі қазақтар мен казактарда айналысып көрмеген бір қатар кәсіптердің (тасымал, ұсталық, құрылыс) арасында өте қажет болды. Олар білікті және біліктендірілмеген адам ресурстары қажет болып табылатын Сібір темір жол құрылысына кеңінен тартылды /11/.

Осылайша, қарастырылып отырған хронологиялық мерзім ішінде украиндардың Солтүстік Қазақстанның аумағына және Қазақстанның басқа да аймақтарына көшіп келуінің басты факторы ретінде олардың бұрынғы тұрған жерлерінде жердің тапшылығы, ашаршылық және кедейшілік, жақсы өмір сүруге

ұмтылыс жасауы саналады. Екінші жағынан, казактармен қатар, орыс-украин шаруаларының төтенше және ұйымдасқан көшіп қонуы Қазақстанның аумағын одан әрі отарлау бойынша патша әулетінің ұзақ мерзімді саясатын жүзеге асыруға және осыған сәйкес стратегиялық мақсаты – еуропалық этностардың, соның ішінде шығыс славяндардың санын көбейтуге мүмкіндік берді.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Кауфман А.А. Переселение и колонизация. СПб., 1905. С.100-103.
- 2.Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.). М., 1986. 245 с.
- 3.Первая всеобщая перепись населения Российской империи, 1897 г. Вып. VII. Наличное население обоего пола по уездам с указанием числа преобладающих родных языков.СПб., 1905. С.8-10, 36-37.
- 4.Первая всеобщая перепись населения Российской империи, 1897 г. Вып. LXXXI. Акмолинская область. – СПб., 1904. – С.1-3, 50.
- 5.Первая всеобщая перепись населения Российской империи, 1897 г. Вып. LXXXIV. Семипалатинская область. СПб., 1905. – С.1-3, 54.
- 6.Шкапский О.А. На рубеже переселенческого дела // Вопросы колонизации. – СПб., 1907. – С.117-130.
- 7.Журнал совещания о землеустройстве киргиз. СПб., 1907. С.17.
- 8.Обзор Акмолинской области за 1914 г. Табл.1.– Омск, 1915.
- 9.Обзор Семипалатинской области за 1911 г. Табл.1.– Семипалатинск, 1913.
- 10.Калышев А.Б., Акишев А.А. История Павлодарского Прииртышья с древнейших времен до XIX в. // Павлодарское Прииртышье: История и современность. Павлодар, 1996. – С.37-41.
- 11.Тихонов Б.В. Переселение в России во второй половине XIX в. – М., 1978. – С.101–147.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблема переселения украинцев на территорию Северного Казахстана, приобретшего в конце XIX– начале XX века массовый характер.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Солтүстік Қазақстан аумағына украиндардың қоныс аударудағы мәселелері қарастырылады.

МЕРКІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ ЭТНОТІЛДІК ҮРДІСТЕРІ (1990-2000жж.)

Сулейменова Л.А. – оқытушы (Алматы қ., ЮКА)

Тіл адамзат өркениетіндегі ілгерілеудің негізі болып табылады. Тіл сөйлеудің ғана құралы емес, ол – әркімнің және барша қауымның кемелденуіне озық тәжірибе мен жетістіктерді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыратын құдіретті күш.

Қазақ тілі елімізде өзінің заңды қолданысына, заңды мәртебесіне тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 1991 жылы ғана ие болды. Қазақ тілі - қазақ халқының этникалық тілі, яғни бұл тұрмыстық тілден бастап, ғылыми тілге дейінгі барлық салаларды қамтитын кешенді тіл.

Қазіргі таңда мерзімді басылымдарды екі тілде еркін оқитын азаматтар жиі кездеседі. Мысалы, қазақ тіліндегі газет пен журналды көбіне ауыл тұрғындары пайдаланса ал, қала тұрғындарының басым бөлігі орыс тілінде немесе қос тілде (қазақ және орыс) оқуды жақсы меңгерген.

Сондай-ақ мерзімді басылымдарды бірнеше тілде оқып пайдалана білу адамның біліміне, жасына, мамандығына және қанадай этникалық топқа жататынына да байланысты болып келеді. Мақала Жамбыл облысы Меркі ауданында жүргізген этносоциологиялық сұрауларының нәтижесі бойынша алынған статистикалық мәліметтерден тұратынын ескертеміз.

Бұл мәліметтер бойынша Меркі ауданында қазақтар ана тілінде 46,3%, орыс тілінде, 4,9%, ұлттық және орыс тілінде 49,1% сөйлейді. Ал Меркі ауданында тұратын орыс этностары ана тілінде 52,0%, қазақ тілінде 0,0%, қазақ және орыс тілінде 2,3% сөйлей алады. Түріктердің 60,6% газет, журнал оқу барысында орыс тілін пайдаланса, 30,3% ана тілімен қатар орыс тілін пайдаланады және олардың 3,6% тек ана тілінде, түріктердің 6,8% газет және журнал оқу барысында қазақ тілінде газет журнал оқиды екен /1/.

Яғни тіл білудің басты ерекшелігі, ол - алуан түрлі хабарларды сараптап өзінің мәдени-ақпараттық қорын молайтуға зор мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда этносоциологиялық зерттеулердің нәтижесінде ауыл тұрғындары газет, журналдарды сирек оқитындары анықталды. Оның үстіне баспасөз басылымдарына қазіргі кезеңде баға еселене түсуде, сондықтан да болар көпшілік халық оны сатып алуға мүмкіншіліктерінен айрылып отыр. Яғни, 1990 ж. дейін әлемде ең оқырманы көп саналған кеңістік бүгінгі ТМД мемлекеттерде өзінің алдыңғы позициясын жоғалтып отыр /2/.

Меркі ауданында тұратын тұрғындардың қазақ және орыс тілдерінде оқитын баспасөз басылымдарының әр түрлі екенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Оған әсіресе Республика мен аймақтардың ішкі саяси өмірінің мәселелері, шетелдегі оқиғалар, мәдениет пен тарих, ойын-сауық материалдары, спорт, қылмыс істері жайында ой қозғайтын мақалалар кіреді. Дегенменен қазіргі кезде газет, журнал оқу барысы айтарлықтай төмен. Тіпті мектеп оқушылары газет, журнал оқудан бөлек кітап оқуға деген ынталары төмен екені этносоциологиялық зерттеулердің барысында айқындалды. Мәселен, өткен ғасырмен салыстырғанда Қазақстанның ақпарат ахуал саны мен сапасы жағынан өзгеріске ұшырады. Себебі қазіргі кезеңде баспасөз беттеріне мемлекет тарапынан қаржының бөлінуі едәуір қысқарған, ал бұл жағдай республика көлемінде газет пен журналдан басқа өзге де басылымдардың шығарылуына кері әсерін тигізуде. Егер, 1991 ж. елдегі газеттердің жылдық таралымы 932 миллион дананы құрған болса, ал 1996 ж. республикадан тек 257 миллион дана ғана газет шығарылды. 1991-1996 ж.ж. аралығында газеттер саны 3,6 есе журналдар 4,6 есе және жинақтарды шығару 4,5 есеге қысқарды. Дегенменен 1999 ж. аралығында газеттер саны 1,3 есеге және шығарылатын кітап саны 1,06 есеге өскен /3/. Әсіресе егемендік алғалы бері 1991 ж. салыстырғанда 2000 ж. газет, журнал, кітаптар қазақ тілінде шығарыла бастады, сол қазақ тіліндегі басылымдарға сұраныс саны қазіргі таңда да артуда. Соның ішінде қазақ тіліндегі көркем әдебиетке сұраныс көбейген. Көркем әдебиеттің ең басты қызметі – ол адамдардың рухани сұранысын, ой-өрісін кеңейтеді. Руханилық қазіргі кезеңдегі жастарға өте қажет. Әсіресе, ұлттық тілімізді дамыту, жандандыру, тіпті шарықтатуға алып келетін осы руханилық.

Тілімізді дамыту үшін біріншіден халық қазақ тілінде газет, журналдармен қатар кітаптар оқуға тиіс. Енді біз төменде қазақ тіліндегі баспасөз емес, қазақ тіліндегі кітаптардың қолданылуы жөнінде талдау жасап көрейік. Яғни, елімізде қазақ тілінде кітаптар көп шығарылып, халыққа тиімді бағада болу қажет. Қазіргі

кезеңде қаншалықты қазақ тіліндегі басылымдарды көптеп шығардық десек те, орыс тіліндегі басылымдар басымырақ. Мысалы, Қазақстанда кітап саудасының 96-98% шетел кітаптары құрайды екен. Яғни оның барлығы орыс тілінде /4/.

Қазіргі кезде орыс тіліндегі кітаптарды Қазақстанда тұрып жатқан этностардың басым бөлігі оқиды. Қазақтардың өздері кітап оқу барысында қос тілді қолданады. Мысалы, Меркі ауданында қазақтар кітап оқу барысында 46,6% тек ана тілін пайдаланатындары белгілі болды. Ана тілінде және орыс тілінде 48,1%, ал орыс тілінде 5,3% оқиды. Орыстар ана тілінде 52,8%, қазақ және ана тілінде 1,7%, ал түріктер ана тілінде 3,2%, қазақ және ана тілінде 32,0%, қазақ тілінде 6,8% кітап оқиды /1, 36 б./.

Елімізде қазақ тілінде кітап шығару саласын жетілдіріп, оны одан әрі дамыту, бұл ұлттық мәдениеттің дамуының ең қозғаушы күші болып табылады. Жоғарыда айтып кеткендей, қазіргі таңда қандай тілде болмасын кітап оқуға деген ынта төмен. Оған дәлел ретінде Меркі ауданындағы 60 және одан да жоғары жастағы респонденттердің жауабы мынадай болды: ауыл қазақтары 36,1% кітапты тұрақты оқыса, 19,4% кітапты сирек оқиды екен, ал 44,4% көркем әдебиет шығармаларын мүлдем оқымайтын болып шықты.

Қазақстан – демократиялық, зайырлы мемлекет. Қазақстан Республикасының Ата Заңының 7 бабында қазақ тілі – мемлекеттік тіл деп жазылған. Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. «Қазақстан Республикасы Әкімшілік бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 81, 82- баптарында тіл заңын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту жайлы көрсетілген /5/.

Қазақ тілі – қазақ халқы үшін әдебиет, мәдениет, ғылым мен білім, тілі, оқу-ағарту тілі, түрлі іс қағаздардың тілі. Елбасымыз айтқандай, Қазақстанның болашағы қазақ тілінде, сондықтан әр қайсымыз қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін ат салысуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 1990 жылы Жамбыл облысы Меркі ауданында жүргізілген «Қазіргі кездегі Қазақстан халықтары арасындағы этникалық және этномәдени процестері» (жетекшілері т.ғ.к. Х.А. Қауанова және А.Б. Қалыш) атты ғылыми-зерттеу тақырыбының этносоциологиялық материалдары.
2. Нуртазин Р.А., Байдаулетов А.Т. Многонациональная пресса Республики Казахстан. – Алматы, 1994. – С.48.
3. Адраманов Е.С. Оңтүстік Қазақстан ауыл тұрғындарының қазіргі кездегі мәдени өмірі: Тарих ғ.к. дисс. . авторефераты. – Алматы, 2004. – 101 б.
4. Мәдениетті көтеретін майдан келді // Шымкент келбеті. – 2000. – 13 қаңтар.
5. Основные законодательные акты о языках в Республике Казахстан. – Алматы: Юрист, 200. – 31 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада, Жамбыл облысында жүргізілген этосоциологиялық мәліметтер негізінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тілінің жағдайы баяндалған.

РЕЗЮМЕ

На основе этносоциологических материалов рассматриваются современные этноязыковые процессы в культурной жизни современного населения Жамбылской области. Они прослежены на примере казахского, русского и турецкого этносов.

**ВНЕДРЕНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ
«КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ» В НАУЧНЫЙ И УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС**
(на примере работ экспедиции по изучению памятников каменного века
Казахстана КазНУ им.аль-Фараби)

Таймагамбетов Ж.К. , - д.и.н., профессор (г.Алматы, КазНУ им.аль-Фараби)

1. С момента принятия Программы «Культурное наследие» учеными Казахстана проведена большая работа по созданию целостной системы изучения культурного наследия страны, воссозданию значительных историко-культурных и архитектурных памятников. А началась она с Послания Главы государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана в 2003 году, где он предложил реализовать Государственную программу «Культурное наследие». Первый этап проекта предполагал работы по поиску, обследованию и сбору архивного, историко-археологического материала. На втором этапе накопленный материал уже в виде открытых и отреставрированных памятников истории и культуры, через средства массовой информации, опубликованных научных работ стал широко известен обществу. А в конце 2008 года на заседании правительства РК была принята Концепция национального стратегического проекта «Культурное наследие» на 2009–2011 годы что, по сути, является третьим этапом национального проекта, в ходе которого программа «Культурное наследие» должна стать мощным стимулятором и механизмом, способствующему повышению авторитета Казахстана на мировой арене, а также росту конкурентноспособности нашей страны. Если первый этап – это был поиск, а второй этап – унаследование и введение результатов в научный оборот, то третий этап – вовлечение и реализация полученных результатов и выводов в учебный процесс не только высших учебных заведений, но и общеобразовательных школ республики, доступность широкой общественности.

2. Одним из ведущих научных центров археологии в Казахстане является Казахский Национальный Университет им.аль-Фараби, сотрудники которой проводят разведочные и стационарные работы на памятниках эпохи каменного века, бронзы, раннежелезного и средневекового периода. Коротко заострим внимание на результатах работ Экспедиции по изучению памятников каменного века Казахстана, которой руководит автор статьи.

Одним из актуальных вопросов в современной фундаментальной науке является проблема первоначального заселения человеком территории Казахстана. Особый интерес к древнейшей истории Казахстана не случаен, ибо ее огромные территории, безусловно, играли важнейшую роль промежуточных ареалов, через которые проходили миграции древнего человека с юга, с востока на запад, и наоборот, что предопределяло очень раннее заселение этих районов человеком.

Когда появился человек на территории Казахстана и каким была палеографическая ситуация первобытного человека в эпоху плейстоцена?

За последние годы нами обнаружены и изучены сотни стоянок каменного века датирующихся в хронологическом интервале от верхнего плейстоцена до голоцена. Для аридной зоны Казахстана есть одна характерная особенность – это абсолютное преобладание стоянок открытого (наземного) типа, Кызылтау (Южный Казахстан), Новый Узень, Мугалжары, Арал, Арал-2, (Западный Казахстан), Семизбугы, Саяк (Центральный Казахстан) и др. Многие из них являются комплексными и несут следы очень длительного пребывания древних гоминид на одних и тех же геоморфологических позициях, нередко на протяжении нескольких сотен и сотен тысяч лет.

Предпосылки появления древнейших гоминид на территории Казахстана заложены палеографическими условиями второй половины верхнего плиоцена. Наиболее ранние следы обитания, зафиксированные на огромной территории от африканского материка до территории Сибири, свидетельствуют о довольно обширном пространстве расселения первобытных гоминид. Сейчас ясно, что на рубеже 1,5-1 млн. лет назад в сходных экологических условиях на открытых пространствах Прикаспия, в Туранских пустынях, в Монголии, Северном Китае уже обитали гоминиды. Палеографические условия плиоцена позволяют считать, что равнины Азии с относительно невысокими горами и благоприятным климатом могли способствовать быстрой их миграции далеко на север. Казахстан, Монголия, Северный Китай, видимо, были северными районами ойкумены.

Территория Казахстана являлась одним из центров интенсивного развития палеолитических культур. Этому способствовала устойчивость палеогеографических условий на протяжении всего четвертичного периода.

Важное значение имеет открытие уникальных палеолитических комплексов Кызылтау, на юге Казахстана. Наиболее массовые скопления находок приурочены к озерам, такырам и пониженным участкам рельефа, что вероятно обусловлено наличием здесь в определенные периоды пресной воды и обнажением кремнистых пород временными водотоками. В отличие от культурного слоя, поверхностные культурные горизонты включают в себя разновременные скоплениями артефактов, отделенные друг от друга десятками, а то и сотнями тысячелетий. Состояние поверхности артефактов, сопоставленное с их морфологией позволяет говорить о разновременности многочисленных коллекций. Чем сильнее степень дефляции, тем древнее возраст.

Немалый интерес представляют многочисленные палеолитические комплексы Мугалжарских гор, Актюбинской области. В результате работ было открыто и изучено около сотни местонахождений с поверхностным залеганием артефактов, из них только 40 памятников впервые открыто в 2009 году. На стоянках в Мугалжарах, Кызылтау, Мангышлаке на выходе древних пород и древнего материала, куда в течение тысячелетий приходил первобытный человек делать орудия, на одном квадратном метре артефакты обнаруживались десятками! Ранние стоянки с поверхностным залеганием культурного слоя значительно древнее указанной ниже микролитической коскорганской культуры.

Недавно обнаруженные и исследуемые нами стратифицированные памятники в травертинах Коскорган и Шоктас в Южном Казахстане вызывают немалый интерес у специалистов. Здесь на площади около сотни кв.км. выявлено семь древних восходящих источников – грифонов, которые функционировали на протяжении всего плейстоцена. Большое содержание солей в водах, привело к образованию травертиновых колец диаметром от 17 до 30 метров. Особая палеоэкологическая ситуация, существовавшая в данном районе в каменном веке, благоприятствовала частому посещению источников древним человеком и окружающими его животными

На местонахождении Коскорган I в результате полевых исследований выявлены каменные орудия в самых нижних горизонтах вместе с фауной раннего плейстоцена. Человек, обитавший на этой стоянке, охотился на таких крупных млекопитающих, как лесной слон, слон Вюста, или трогонтериевый слон, лошадь Мосбаха, двух видов носорога – сибирского эласмотерия и носорога Мерка, бизона Шетензака, антилопу Зоргели и других животных. Среди орудийного набора, безусловно, доминируют скребла различных типов, в небольшом количестве имеются резцы, ножи, скреблышки, зубчатые, выемчатые орудия, скребки, орудия из галек.

Методом ЭПР (электронно-парамагнитный резонанс) в Институте химической кинетики и горения СО РАН (г. Новосибирск), по костям ископаемых животных получена следующая дата: 501+/- 23 тыс. лет. Сравнение индустриальных комплексов вышеназванных стоянок с микроиндустриями ашельского времени Европы и Востока указывает на их близость. Автор имел возможность ознакомиться с ходом раскопок и материалами Бильцингслебен в Германии, Чжоукоудяне в Китае и убедиться в их схожести. Далеко на востоке аналоги кошкурганской индустрии можно найти в Нихэваньских памятниках, Дунгудо и Сяочанлян. В Средней Азии к микроиндустриям можно отнести инвентарь стоянок Кульдара, Лахути в Таджикистане и Кульбулак в Узбекистане. Наиболее древняя из них стоянка Кульдара датируется временем около 800 тыс. лет.

Отсюда следует, что территория Казахстана еще в древности являлась одним из центров развития палеолитических культур и была связующим звеном между западом и востоком Евразии.

С 2004 года ведутся стационарные работы на стратифицированной стоянке Майбулак обнаруженной на территории Алматинской области, в 44 км к западу от города Алматы. Впервые для палеолита Жетысу на основе взятых проб угля со стоянки была получена серия радиоуглеродных датировок. Наиболее ранняя дата, полученная по углям III горизонта (5,8 м), равняется 34970+/-665 лет назад. В целом, полученные абсолютные даты подтверждают выводы о периодическом обитании здесь первобытных людей и развитии позднепалеолитической индустрии Майбулака.

3. В последние годы нами налажены и укреплены научные контакты со специалистами ближнего и дальнего зарубежья, предпринимаются попытки совместного осмысления многочисленного материала по палеолиту Казахстана и введения их в научный оборот. Примером могут служить серии изданных коллективных монографий в России и Казахстане, многочисленные научные статьи, опубликованные в странах СНГ, а также в КНР, Южной Корее, Турции, Бельгии, Германии, Франции, Италии.

Результаты научных исследований докладывались нами на международных симпозиумах и конференциях различного уровня в Казахстане, странах СНГ и дальнего зарубежья, а также в 2008 году в штаб-квартире ЮНЕСКО во Франции.

4 Для внедрения полученных результатов Государственной программы «Культурное наследие, в Казахском Национальном Университете им. аль-Фараби нами была открыта лаборатория каменного века, в фондах которой насчитывается более 500 тысяч артефактов. Ежегодно она пополняется новыми находками. В лаборатории студенты исторического факультета проходят практические занятия по археологии и знакомятся с первоисточниками – оригиналами древнейших орудий труда первобытного человека, на основе которого пишутся курсовые и дипломные работы. Далее, открыт и успешно функционирует уникальный Музей палеолита Казахстана, который является единственным и не имеющим аналогии на территории СНГ. Здесь можно проследить эволюцию каменной индустрии Казахстана от раннеашельского периода и до энеолита включительно, узнать о фауне того времени, искусстве неолитических племен на примере артефактов пещеры Караунгур, увидеть самые древние наскальные рисунки Казахстана. Кроме того, желающие могут ознакомиться с последними достижениями археологической экспедиции по изучению памятников каменного века с помощью показа видеофильмов и т.д.

Основными задачами Музея палеолита являются:

- прием, введение, учет и сохранность музейных фондов (каменных изделий);
- сбор материалов по каменному веку Казахстана, классификация, типология их и введение артефактов в научный оборот;
- классификация и составление реестра многочисленных артефактов находящихся в музейном фонде (лаборатории каменного века), но самое главное это:
 - постоянная выставка новых материалов по результатам ежегодных исследований экспедиции по изучению памятников каменного века Казахстана;
 - проведение экскурсий для студентов, школьников, гостей университета и всех тех, кто интересуется древнейшей историей Казахстана, знакомство с результатами Государственной программы «Культурное наследие».

К примеру, к нам приезжают для написания диссертационных работ соискатели и аспиранты из ближнего зарубежья. (Россия, Кыргызстан, Узбекистан.) На основе наших материалов защищена докторская диссертация (Phd) аспиранткой из дальнего зарубежья (Университет Сорбона 1, Париж) Ф.Брюне. Студенты КазНУ им.аль-Фараби специализирующиеся на кафедре археологии, получили уникальную возможность знакомиться с первоисточниками "седой старины", смотреть видеофильмы и слайдовые материалы, самим выезжать в археологические экспедиции, слушать лекции из первых уст, быть участником дискуссии маститых ученых академических учреждений и вузов различных стран в полевых условиях. Ведь в нашей экспедиции принимают участие ученые-археологи из России, Японии, Бельгии, Франции, Италии.

5. Культурно-историческое наследие Казахстана должно пропагандироваться на международном уровне, а для этого необходимо создание документальных фильмов об исторических местах Казахстана, шире практиковаться организация международных конференций и выставок; выпуск новых серии книг, чтобы полученные новые сведения своевременно включались в учебный процесс в вузах и школах. В этом отношении уже немало сделано соответствующими организациями и учреждениями, но многое еще предстоит сделать.

Чтобы огромная работа по исследованию памятников каменного века Казахстана не оставалась научным изысканием только для определенного круга ученых, мы стараемся, чтобы материалы научных исследований по археологии вводить в учебные и типовые программы вузов.

Материалы полученные в ходе археологической экспедиции послужили для написания учебного пособия «Археология Казахстана», для вузов Казахстана, которая издана в издательстве КазНУ. А сейчас, совместно с коллегами Института археологии КН МОН РК подготовили новое учебное пособие по археологии на казахском языке, в которой отражены результаты Государственной программы «Культурное наследие».

Кроме того, отметим, в свое время коллекции каменных изделий послужили основой для написания учебника для 5-го класса общеобразовательной школы «История древнего Казахстана» изданной в 2001 и переизданной в 2005 году. В последнее издание вошли предварительные итоги Государственной программы «Культурное наследие» первого этапа.

Однако, написание монографий и написание учебников несопоставимо. Это разные вещи. Внедрение учебников в учебный процесс дело нелегкое, трудное и долгое, оно не должно быть скоропалительным решением. В этом мы сами убедились. Прежде всего, важным является качество школьных учебников, а для этого, на мой взгляд, необходимо шире привлекать учителей-практиков по той или иной специальности, чтобы учебники были написаны доступным для

школьников языком и были не только привлекательными, но и интересными, в первую очередь для детей. Далее, при экспертизе учебников необходимо заключение независимых и компетентных экспертов, а не их отписки или зачастую готовые к подписи «трафареты» самих авторов учебников. Тогда и будут у нас востребованные, нормальные, интересные и качественные учебники. Но это уже другой вопрос.

РЕЗЮМЕ

В статье впервые рассмотрены некоторые вопросы о внедрении результатов Государственной программы «Культурное наследие» в учебный процесс на примере научных исследований экспедиций по изучению памятников каменного века Казахстана КазНУ им. аль-Фараби.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің археологиялық экспедицияларының Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының нәтижесінде Қазақстанда тас дәуірінің табылған ескерткіштерін оқу үдерісіне енгізуі қарастырылған.

МАГИСТРАТУРА

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕРДІҢ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ МАҢЫЗЫ.

Адамбаева М. С. – магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қай заманда болсын өз дәуірінің қайталанбас тұлғалары болады. Дәл сол тұлғалар замана бейнесін жасайды, қаһарман болып халық жадында қалады. Сондай ұлы тұлғалардың бірі – Бауыржан Момышұлы. Бүгінге дейін батыр аға жайында аз айтылып, аз жазылған жоқ. Көзі көрген замандастары мен артынан ерген қаламдас інілерінің естеліктері қаншама? Осы естеліктердің дерек көздері ретіндегі ғылымдағы орны қандай? Берері не? Осы мәселені талдау мақсатымен, Бауыржан Момышұлы туралы мына бір естеліктерге тоқталсақ.

«Әке ұлағаты» деген очеркінде Бақытжан Момышұлы: «Әкем көзі тірі кезінде қасымда болғанымен, басқа, әлдеқайда биікте, сындарлы дүниеде өмір сүрген екен. Қолыммен иығынан сипай алғанымен, өрем оның тізесіне де жетпегенін енді аңғарғандаймын. Дауысын естігеніммен, сөзін ұғына алмаппын. Жүзіне үңіле отырып, жан сәулесін байқамаппын. Әкемнің жер басып жүрген шағында менің құлағым керең, көзім, жүрегім мылқау болыпты. Тек елу деген шіркіннің табалдырығын аттағанда ғана барып көкірегім оянып, оның сөзін ұғына, құдіретін сезіне бастағандай хал кешудемін. Алайда, әкемнің бүкіл болмысын терең игеріп, толық түсіну қолымнан ешуақытта келмейтіні анық. Ол туралы білетінім мүлде аз екенін ойлағанда мүшкіл халге түсем, кеудемді өксік кеулейді. Әкем бар кезде тағдыр берген сыйдың миллионнан бір бөлшегін пайдалана алмағаныма өкінем. Дегенмен, «өз әкемді толық білуші едім» деген ұл болса, мені таспен ұрсын.

Менен әкем туралы айтып беруді өтінушілерден «Естір құлақ бар ма?» деп сұрағым келетін кездер аз емес. «Ал шын Бауыржан қандай екенін көрсетіп бере аласың ба?» дегендерге: «Оны көре алатын көзің бар ма?» - деп қарсы сұрақ

қойғым келеді. Менің өмір бойы әкемді танып білуге, көре білуге ұмтылумен келемін дегеніме біреу сенсе, біреу сенбейді. Оны мен әлі ұғынып болғам жоқ, тек енді ғана әкемнің мәңгілік Құдіретті Рух иесі екенін сезіне бастадым десем, кейбіреулер маған қолын сілтеп, теріс бұрылып кетуі әбден мүмкін», - деп тебірене жазады. Расымен де, халқы таныған Бауыржан батыр қандай еді, өз деңгейінде тани алдық па? Осы орайда Бақытжан Момышұлы тағы да былай дейді: «Мен болсам, өз шама-шарқыма қарамастан, өте аз білетінімді де былай қоя тұрып, арамыз жер мен көктей, былайша айтқанда, мен жер бетіндегі дүниетанымның ең төменгі сатысында тұрсам, ол жеті қат аспанның ар жағындағы, самсаған жұлдыздар арасына біржола сіңіп, Бүкіләлемдік Парасат биігіне көтерілген, сол жолда мүсәпір адамдарды бір сәт те назарынан тыс қалдырмай, өзі жанындай сүйген, бүкіл өмірінің мәнін, сәнін арнаған туған халқына ылғи да оралып, соғып отыратын ғажайып та құдіретті, тек аты ғана емес, тұтас болмысы аңызға айналған адамның жан дүниесінің бір пернесін болса да қозғап, жұртқа жария етіп жазуға батыл барып отырмын»

Өзге емес өзегін жарып шыққан өз ұлы мінезінің сан қырын емес, «бір пернесін» дейді. Демек, халқымыздың ұлттық батыры, халық қаһарманы Бауыржан туралы жазылар жайт әлі де көп. Тағы бірде былай деп келтіреді: «Әкемнің отты сөзі соқырдың көзін ашқандай еді. Оның қаһарлы дауысы өз басын күйттеп, елін ұмытқандардың жүрегін мас ұйқыдан оятқан. Өңменнен өтер көзқарасы бейшара адамдардың жанын тіліп түсіп, оларды қамаудан жарыққа, тазалыққа, адалдыққа сүйрегендей еді» /1/.

Осы бір естеліктен халқы білетін Бауыржан батырды жаңа бір қырынан танығандай боламыз. Мысалы, әке мен бала арасындағы мына бір диалог:

« - Қорқыныштың тұрақтылығы жөнінде айттың. Адамдар оны ылғи сезіне бермейді ғой.

Ол басын шайқады:

- Қорқыныш көп қырлы. Көшеден өтіп бара жатып, машина қағып кете ме деп қорқасың. Сым темірді жалғап жатып, тоқ соғып кете ме деп қауіптенесің. Танымайтын адамдардан да сескенесің. Бұл ксенофобия. Біреу өлімнен қорқады. Бұл сезімді танатофобия деп атайды. Клаустрофобия - тұйық кеңістіктен, биіктіктен, судан қорқу. Жоғарыда бастықтан қорқу, дүкендегі сатушыдан, ертеңгі күннен, қызметтен кетуден, кедейленіп жұтаудан, өрттен қорқу бар. Біреулер жазықсыз жәбірленуден, енді біреулер таяқ жеуден, үшінші біреулер ағайынның қылығын бетке басып ұялтқанынан қорқады. Қысқасы, қорқыныштың бет-пердесі көп, сондықтан, адам оны ылғи тап басып біле бермейді. Қорқыныш біртіндеп бүлдіргенімен, дөптігінде мін жоқ. Оның үрейден зұлымдығы артық.

Бұл жөнінде адамдар баяғыдан біледі. Жәй біліп қойған жоқ, олар басқа дүниеге шығуға, тіл қатысуға көлденең болып келген өз бойларындағы қорқыныш атаулымен үнемі күрес үстінде болды. Адамдар қорқыныштан арылса, таным әлемінің шексіз екендігіне, өлім дегеннің шын мәнінде жоқ, жәй ғана алдамшы құбылыс екеніне көздері жетер еді» /1/

Не аңғардық?

Жоғары таным мен жантанулық терең білімді көреміз. Бұл да болса ұлттық батырымыздың халқына беймәлім қыры. Және де асқан көрегенділікпен баласымен құрған осы бір сұхбатында: «Батырлар ескерткіштер арқылы емес, есте тұту арқылы сақталуы тиіс» - деп даналық ой тұжырымдайды /1/.

Бір кездере мүсінін санап жасаған көсемдерді бүгінгі ұрпақтың есіне де алмайтынын білгендей. Шынында да, еліне сүйікті ұл ғана халық жүрегінің төрінен мәңгілік орын алады. Асқар тауға ұқсап алыстаған сайын заңғарлана береді, ал маңайындағылар сол асқаралы таудың биіктігін бауырында жатып

байқай қоймайды. Біздің ұлттық қаһарманымыз Бауыржан батыр да біздер үшін сол заңғар. Алыстаған сайын биіктігіне тамсанумен келеміз.

Енді бір естеліктен ұлттық батырымызды жаңа бейнеде көреміз. Ақын Тұманбай Молдағалиев «Батыр аға – Бауыржан» естелігінде былай деп сыр шертеді: «Сарыағаштың бас корпусындағы Баукең жатқан 47 бөлмені әлі күнге дейін ыстық сезіммен аялаймын. Сарыағашқа барған сайын сол бөлменің есігін бір тартып кету әдетіме айналды. Бөлме ішінен олпы-солпы киінген Бауыржан ағам маған бір үн қататындай елендеймін әлі мен. Осы бір 47 деген номері бар бөлме мен барған сайын есігін бір ашпайды. Сол бөлменің ішінде Баукеңнің рухы тұрғандай жалтақ-жалтақ қарап кете барам мен. Батырдың гүрілдеген арыстан даусы естілетіндей елендеймін мен. Батыр аға трубкасын сорып келе жатып сүрініп кете жаздаған тас алаңға да ішімнен тәжім етем. Бейне Бауыржан ағам жан-жағына бұрылмай трубкасын сорған қалпы аспанға қарап маң-маң басып кетіп бара жатқандай бір қызық сезімдерге бөленем» /2/.

Осы бір біріздік сырда қаншама сағыныш жатыр, ары қарай тағы да былай деп жазады: «Бауыржан ағаның Ғылым академиясының кең залында өткен елу жылдық мерей тойына қатынастым. Сахнаға жас жігіттей ойнақтап шықты Бауыржан аға. Өзіне сөз берілген тұста «Менің еліме деген қарызым басымдағы шашымнан да көп», - деді. Мен ішімнен «Қайран батыр аға-ай, кішіпейілдігіңмен айтып тұрсың-ай, әйтпесе, ел алдындағы қарызыңды сен баяғыда-ақ Отан соғысының отты күндерінде түгел өтеп едің ғой. Сен елге қарыз емессің. Саған өзің қызғыштай қорыған туған елің, қазағың қарыздар. Кім көрінген сайланып болып жатқан халық депутаттығын да қимадық біз саған. Ерлігіңмен, терең білгірлігіңмен қол бастаған Бауыржан аға саған біз батыр атағыңды да алып бере алмадық», - деп ойладым» /2/.

Ақын аға өзі көрген, өзі білген ағасы жайында жүрегі лүпілдеп отырып жазады. Батырдың халқына деген сүйіспеншілігін, зор махаббатын, үлкен жүрегін көргенін айтады. Біздер де кейінгі ұрпаққа аңыздай болып көрінетін ұлы тұлғаны жақыннан тани түскендей боламыз. Тұманбай аға былай деп тағы да ойын сабақтайды: «Оның сөйлеген сөздерінің бәрі де соғыста қайтыс болған өзінің қаруластарына арналатын еді. Ол өзінің барлық өмірін, өнерін сол шейіт болған ерлерді жырлауға арнады. Сол өлгендер арасынан аман келгеніне де біртүрлі қысылатын сияқты еді. Оны сүйген жүректер көп еді дүниеде. Мен батыр ағаға кейін де арнап өлеңдер жаздым, әлі де жаза беремін. Батыр ағаны Отан соғысында шейіт болғандардың арасында да сүйгендер, оған сенгендер көп еді. Тірі жүргендердің де арасында оны шексіз сүйетін жүректер әлі де көп. Сол көп жүректің бірі - менің жүрегім. Елім деп еңіреген ермен кейде дәмдес, кейде сапарлас, кейде сырлас болғанымна іштей қуанам мен. Ол менің майданнан оралмай қалған ағаларымның да, әкемнің де командирі еді, сүйікті Бауыржаны еді. Қанша заман өтсе де осы бір Совет офицері – исі қазақ, батыр қазақ ұрпағының жадында жақсылық күйінде, ерлік жырындай жаңғыра беретініне сенудің өзі ләззат сияқты маған» /2/.

Ақын ағаның жүрекжарды ойтолғауы осылай деп сыр шертеді. Бүгінгі мен келешек ұрпақты біз көрмеген Батыр Бауыржанның асыл қасиеттерімен таныстырады. Дәп осындай жоқтаушы інілері бар батырдың халық жадынан жоғалуы мүмкін емес екендігіне тағы да көзіміз жеткендей.

Батыр Бауыржан жайында енді бір үзік сырды тарих ғылымының докторы, Ұлы Отан соғысының ардагері Көкіш Рысбайұлы жазады. Мынандай бір қызық дерек келтіреді: Баукеңмен Франциядан келген бір жазушы әйел сұхбаттасыпты. Сол сұхбатында «...Лермонтовты ақын ретінде Абай түзеткен. Кавказдағы асау Терек өзенінің бұйра толқындарын Лермонтов ұрғашы арыстанның жалындай деп

суреттеген» дей келе Баукең: - Пардон, документ! – деп, «Демондағы» сол шумақтың тұсына өз қолымен баттита қойған жуан сұрау белгісін көрсетіпті. Сөйтіпті де: - Пардон, кешіріңіз, сіздің сақалыңыз неге жоқ? – деп сұрапты. – Мен әйелмін ғой. – Көрдiңiз бе, Абай Лермонтовты дұрыс түзеткен және өзiнше көрiнiстi дәл суреттеген. Жал хайуанаттардың еркегiнде ғана болады» - деген екен. Қонақ келiншектiң ендi бiр сұрағы мынадай болыпты: - Сiз Мағжан Жұмабаев жайында не айтар едiңiз? Баукең Мағжанның әлi ақталмаған бiр өлеңiн жатқа айтып берiптi де, Мағжан бiздiң қазақтың ұлы ақыны! – деп жауап берген екен.

Осы деректен де аларымыз ұшан теңiз. Дәл сол уақытта, Кеңес өкiметi тұсында ақталмаған Мағжан ақынды «қазақтың ұлы ақыны» деп бағалау, оқуға тыйым салынған өлеңiн оқу үлкен қатер едi. Әйтседе, батырдың аты батыр, ешнәрседен қаймықпайды, айтқанынан қайтпайды. Барды бар дейдi, жоқты жоқ дейдi.

Жоғарыда келтiрiген естелiктерге тоқталу арқылы Бауыржан Момышұлы жайындағы қандай да болмасын естелiктiң деректанулық маңызы зор екенiн аңғарамыз. Батыр Бауыржанның халқына беймәлiм жаңа қырларын тануға мүмкiндiк аламыз. Демек, естелiктердi бiрден бiр дерек көздерi ретiнде қарастыру деректану саласында жаңылысуға, қате тұжырым жасауға жол бермейдi.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Момышұлы Б. Әке ұлағаты // Парасат. – 1995. – №4. – 2-3-бб.
2. Молдағалиев Т. Батыр аға – Бауыржан // Жас Алаш. – 1994. – 17 мамыр.
3. Рысбайұлы К. Ұмытылмас кездесулер // Егемен Қазақстан. – 1996. – 6 қаңтар.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается актуальность воспоминаний отечественных авторов о Б. Момышұлы в источниковедческом аспекте.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Б.Момышұлы туралы отандық авторлар естеліктерінің деректанулық негіздегі маңыздылығы қарастырылады.

ТҮРКІСТАН-СІБІР ТЕМІР ЖОЛЫ - ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИАЛАНДЫРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАРЛЫҒАШЫ

Ахметова А.Ж. – магистрант (Қызылорда қ., Қорқыт Ата атын. ҚМУ)

XX ғасырдың 20-30 жылдары КСРО-да бұрын соңды болмаған индустриаландыру жоспары жүзеге асырылды. Ресейде патша билігінің орнына келген большевиктік партиясы артта қалған аграрлық КСРО-ның Европа және АҚШ сияқты дамыған елдерімен бәсекеге түсе алуын қамтамасыз ету үшін, ел шаруашылығын индустриаландыруды қолға алды. Осы жоспар бойынша Қазақстандағы ең ірі жобалардың бірі Түркістан-Сібір темір жолын салу көзделді.

1926 жылдың 3 желтоқсанында КСРО Еңбек және қорғаныс комитеті Түркістан-Сібір темір жолын салу туралы арнайы қаулы қабылдады.

Жалпыодақтың құрылыстардың ең маңыздыларының бірі Түркістан-Сібір темір жол магистралі деп көрсетілді.

1927 жылдың 2 наурыз күні КСРО халық комиссарлары кеңесі Түркістан-Сібір темір жолына қатысты қаулы қабылдап, осы магистралдың Қазақстан мен Орта Азияның шаруашылығын дамытудың орны зор деп айтылды. Бұл темір жолдың маңыздылығы біріншіден, Орта Азиядағы мақта өсіретін аудандардан шикі зат көзін Ресейге тасымалдау, екіншіден Қазақстан мен Оңтүстік Ресейден астықты Орта Азияға жеткізу екендігі атап көрсетілген. Орта Азиядан 1926-1927 жылдар аралығында экспортқа 131 905 алтын рубліне тең келетін мақта шығарылған. Сонымен қоса Орта Азия мен Қазақстаннан пайдалы қазбаларды, табиғи байлықтарды ішкі Ресейге алып отыру жоспарланды /1,175б/.

Төменде 1927-1933 ж аралығында мақта өндірісі көрсетілген.

Жылдар	КСРО		Орта Азия		Закавказье	
	мың т.	%	мың т.	%	мың т.	%
1927/28	204,5	100	177,6	86,8	26,9	13,2
1928/29	247,7	100	216,3	87,3	31,4	12,7
1929/30	295,6	100	257,5	87,1	38,4	12,9
1930/31	342,0	100	294,8	86,2	47,2	13,8
1931/32	370,8	100	315,5	85,1	55,3	14,9
1932/33	394,3	100	332,2	84,3	62,1	15,7

Жоғарыдағы кестедегі мәліметтерге қарағанда Орта Азиядағы мақта өнімінің бүкіл одақтың 80 пайызынан астам үлесін беріп отырған. Сол себепті экономикалық тұрғыдан Орта Азия аймағы өте маңызды болды.

КСРО кеңестерінің III съезінде «үкіметтің жоспары бойынша Днепрде салынатын гидроэлектра станция мен Түркістан-Сібір темір жолы құрылысын съезде толығымен қолдап, бұл құрылыс елді электрлендіру жоспарымен пара-пар келеді» деп айтылды /2,612б/.

Түркістан-Сібір темір жолы өзінің бастауын Арыс бекетінен алып, Новосібір бекетінен аяқталуы тиіс еді. Жалпы магистральдің ұзындығы 2558 км қамтыды. Аталмыш темір жол Қырғыстан, Қазақстан және Сібір аумақтарын қамтып, жалпы ауданы 124 374 345 га жерді алып жатты. Солардың ішінде магистралдың Қазақстаннан-77,3%, Сібірден-13,1%, және Қырғыстаннан-9,6% өтті /1,176 б/

1927 жылдың 7 қаңтарда КСРО халық комиссарлары кеңесі жанынан құрылған жәрдемдесу комитеті, құрылысқа байланысты туындайтын барлық мәселелер кешеніне басшылық жасады. Комитет құрылыстың оперативтік және әкімшілік жұмыстарына басшылық етіп, оның басты міндеті құрылысты уақытылы қаржыландыру, жұмыс күшімен қамтамасыз ету, құрылыс материалдарымен жабдықтау жұмыстары жүктелді. Жәрдемдесу комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұловтың барынша қолдауы арқасында, М.Тынышбаев комитет құрамына қосымша енгізілді. Түркісіб тарихының ең күрделі кезеңінде М.Тынышбаев есімі мәңгіге қалды. Ол жәрдемдесу комитеті орталық органының белді мүшесі болуымен бірге, Түркісібтің оңтүстік қанатында түрлі жауапты қызметтер атқарды. Олардың ішінде жобалау жұмысының, жоспарлау бөлімінің, б-зерттеу бөлімшесінің басшысы, Түркісіб темір жолын салуға байланысты Жетісу көмек комитеті мен Жетісу губерниялық атқару комитетінің мүшесі /3,193б/.

1927 жылдың көктемінен бастап Түркісіб темір жолын салу жұмыстары басталды. Құрылыстың алғашқы кезеңінде мамандандырылған жұмыс күшінің

жетіспеушілігі байқалды. Сол себепті Ресейден, Украинадан жұмыс іздеп ағылған келімсектер көбейіп, олардың көбісі түрлі әлеуметтік топтардың шыққындар еді.

Құрылыс барысында Т.Рысқұлов темір жол магистралінің оған жақын аудандарының шаруашылық дамуы үшін қолдану мәселелерін қарастырды. Т.Рысқұлов Түркістан-Сібір темір жолын Н.Григтің «На турксибе» атты кітабына жазған алғаш сөзінде КСРО-дағы Днепрострой, Волга-Дон сияқты ірі құрылыстармен теңестірсе, ал бүкілресейлік ОАК-нің органы болған «Власть советов» газетіне жариялаған мақаласында: «Түркісіб КСРО-дағы жаңа құрылыстардың ішіндегі алыптарының бірі, әрі әлемде жаңадан салынып жатқан темір жолдарның ішіндегі ең ұзыны» деген пікірлер жазды /4,125 б/.

Түркістан-Сібір темір жолын салудың негізгі мақсатын Т. Рысқұлов «Известия» газетіне жариялаған «Орта Азияны жақын аудандарға (Сібір, Қазақстан, Қырғыстан) арзан нан мен қамтамасыз ету, мақта шаруашылығын дамыту, тоқыма өнеркәсіп орындарын мақта өнімінен тәлықтыру» -деп көрсеткен еді /4,126б/

Т.Рысқұлов пікірінше, аймақты индустрияландыру және Түркісібі салу Қазақстанның Батыс Қытай мен Батыс Монғолия аудандарымен достық өзара пайдалы экономикалық қарым-қатынастарды кеңейтуіне және тереңдетуіне жағдай жасауы тиіс. Батыс Қытай мен Батыс Монғолия, бұлар жолдың салынуы арқасында кеңес одағымен жақындаса түседі, орасан зор шикізат ресурстарына ие және олардың одан әрі тездете дамыту мүмкіндіктері бар» - деп жазды.

Т. Рысқұлов Түркісіб темір жол құрылысына арнайы ғылыми еңбектер мен мерзімді баспасөз беттеріне мақалалар жариялады. 1920 жылы «Түркістан-Сібір темір жолы және оның КСРО халық шаруашылығы үшін маңызы зор» атты мақалаларында темір жол құрылысының салыну барысы ерекшелігі көрсетіледі. Ал 1930 жылы жарық көрген «Түркісіб» атты кітабында Т.Рысқұлов темір жол құрылысының негізгі көздейтін мақсатын көрсете отырып, бұл құрылыстың мемлекет шаруашылығына аса қажет екендігін атап өтеді. Өйткені Орта Азияға Сібір астығы айналма жолмен, Новосібір-Орынбор-Ташкент арқылы тасылды. Мұның бәрі көптеген поезд құрамы және қаржыны талап етті. Астықтың бағасының қымбаттауына әкеліп соқтырды. Орта Азияға Қазақстан мен басқа республикалардан сойыс малы мен күш-көлік, ал Сібірден құрылысқа қажетті ағаш көптеп тасылды.

Т.Рысқұлов темір жол салуда кездесетін қиыншылықтарға да тоқталады. 1930 жылдың 12-13 наурызында «Известия» газетіне жарияланған «Түркісіб және Орта Азияны қамтамасыз ету» атты мақал Т.Рысқұлов темір жол салуға келтірілген ең басты қиыншылықтар қатарына жартылай игерілмеген территория қолайсыз ауа-райы құрылыс жұмысына қажетті материалдармен жұмыс күшінің жетпеушілігіне жатқызды. Сонымен қатар темір жол құрылысындағы қаражат пен құрылыс материалдарын дер кезінде жеткізу мәселелерін атап кетті.

1930 жылдың 28 сәуір күні Түркістан-Сібір темір жолының Солтүстік және Оңтүстік магистралі қосылды. Темір жолды 5 жылдың ішінде салу көзделген еді. Бірақ Түркістан-Сібір темір жол магистралі өз жұмысын 1930 жылдың сәуір айында бастады. Еңбек және қорғаныс кеңесінің бекітуі бойынша Орта Азияға алғашқы кезде 835,4 млн тонна астық жіберу көзделді. Ал 1932-33 жылдары бұл көрсеткіш 733,3млн тоннаға жетуі тиіс болды.

Түркістан-Сібір темір жолы Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік дамуына үлкен әсерін тигізді. Құрылыс барысында қиыншылықтар өте көп кездесіп, жұмысшылар өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Бірақ соған қарамастан бұл құрылыс сол кездегі ірі жобалар қатарына жатып, мәртебесі жоғары болды.

Қазіргі уақытта бұл темір жол экономикалық тұрғыда, жүк, жолаушылар тасымалында өзінің маңыздылығын жойған жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рыскулов Р.Т. Избранные труды. А., 1984 г.
2. Решения партии и правительства по хозяйственным вопросам (1917-1967) т.1, М., 1979 г.
3. Нейштадт С.А. Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР (1917-1937), А., 1957 год
4. Аширбекова Ж.Б. Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси қызметі және тарихи зерттеу еңбектері. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылым дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. А., 2004 .

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Түркістан-Сібір темір жолының Қазақстанды индустрияландырудағы да маңызды рөлі айтылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена строительству Турксиба.

ИСЛАМ ДІНІНІҢ СЫР БОЙЫНА ТАРАЛУ ТАРИХЫ

Әбілдашев Д.Ш-магистрант (Қызылорда қ., Қорқыт ата атындағы ҚМУ)

Адамзат тарихының орта ғасырлық кезеңінде дәуірлеген Қытай, Еуропа, Ислам өркениеттерінің ішінде соңғысының алатын орны ерекше. Ислам бүгінде 1 миллиард 200 миллионнан астам мұсылмандардың басын біріктіретін үлкен өркениетке айналды. Ислам діні Араб елінде VII ғасырдың алғашқы жартысында пайда болғаны белгілі. Ол негізінен Араб, Парсы, Түрік, Пәкістан, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азия елдерін қамтыды.

Ислам Қазақстанға VIII ғасырда келгені тарихта мәлім. Ислам елдері әлемдегі ең үлкен өркениеттің бірі ғана емес, адамзат дамуының рухани және ғылыми жағынан өсу тарихына аса зор ықпал еткен қуатты күшке айналды. Қазіргі таңда дүние жүзі бойынша 45 мемлекеттің ресми діні ислам болып табылады. Қазақстанда қазіргі кезде 1648 мұсылмандық діни бірлестіктер, 1534 мешіт бар. Халықтың 9 миллионы ислам дінінде. Орыс проваcliffe шіркеуіне қарасты 230 діни бірлестік жұмыс істейді /1, 37 б/7

Ислам дінін ұстанушы мұсылмандар ұғымында бұл дін құдай тарапынан барлық адамзатқа жіберілген ең соңғы өсиет болып есептеледі. Әрбір мұсылманға исламның бес парызына қосымша білім, ғылым жұмыстарымен шұғылданду, таза жолмен ризық табуға мүмкіндік берілді. Ислам дінінің түсіндіруінде Алла адам баласын ізгілік жасауға ол дүниедегі нәрселердің бәрін адамның игілігіне жаратқан делінеді. Ислам діні адамдардың кез келген әрекеттерінде шектен шығудан, азғындықтан сақтандырудан, бекер мал шашудан, асыра сілтеушіліктен, сондай-ақ дүние жүзіндегі халықтардың арасында татулық, теңдік, дұрыс өмір сүру дәстүрін насихаттайды. Міне, мәселеге осы тұрғыдан келгенде қазіргі кезде жастар арасында ислам дінін насихаттау аса қажет. Ол үшін ислам дінін әлемге таратқан арабтар тарихына тоқталған жөн.

VIII ғасырдың басында Орта Азия мен Қазақстан жеріне арабтар келгенде түркі тілдес тайпалардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне, мәдениетіне айтарлықтай өзгерістер енді. Әсіресе шаман дінін ұстанып, тәңірге сыйынған Сыр бойының халықтары ислам дінін бірден қабылдаған жоқ. Жетісу түріктері ислам дінін 960-жылы қабылдаса Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ тайпалары XI-ғасырға дейін өзара тартысып қабылдай қоймаған. Оның мәнісі оғыздардың бір қанаты исламды қабылдап, батысқа қарай қоныс аударса, Сыр бойында қалған қыпшақтар көп уақыт өздерінің ежелгі наным-сенімдерін сақтап қалған еді /2, 28 б/7

Арабтар ислам дінін тарату мақсатында жорықтар жүргізді. Нәтижесінде жер аумағын кеңейтіп ірі империяға айналды. Арабтар өздерінің Солтүстігіндегі Палестина, Сирия, Ирак, Иран, Ауғанстан елдерін бағындырған. Олар VIII ғасырда Мауреннахр жеріне әскери жорығын бастайды. Құтайба Ибн Муслим бастаған Араб әскері Бұхара мен Самарқандты, Шаш, Фарабты алады. Тарихи айғақтарға жүгінер болсақ, арабтардың Мауреннахр жеріне алған табан тіреуі 705-жыл делінеді. Олар Орта Азияға екі бағытта еніп, жаугершілік жорықтарын жүргізген.

XI ғасырда өмір сүрген Хорезмдік ғұлама Әбу Райхан Бируни арабтардың әскери жорықтары туралы: Құтайба ибн Муслим әл-Бахили барлық сауатты кісілер мен дін қызметкерлерін қырып болған соң, олардың кітаптарымен қол жазбаларын өртетіп жіберген.

Мұхаммед (с.а.у) пайғамбар исламды тарату үшін сахабаларын жан-жаққа аттандырғанда, мұсылмандықты қабылдаған әр ұлттың салт-дәстүріне сергек қарауды қиянат, зорлық жасамауды қатаң тапсырған. Пайғамбардың бұл өсиетін ұмыт қалдырған Құтайба ибн Муслим, Зияд ибн Салих сияқты арабтардың әскер басыларының зорлық-зомбылығынан ислам діні түрік тектілер арасында тарай қоймады /3, 17-18 б/.

712-жылы Самарқандты алған арабтар одан әрі Орта Азияның қойнауына тереңдей түсті. Осы кезде Мәуереннахрға Мочжо бастаған түркі тайпалары келіп, Соғданы жаулайды. Арабтар болса Шаш, Ферғанаға тұңғыш мешіт салдырады. Құтайба бастаған араб басқыншылары Сырдың төменгі ағысына жете қоймаған. Антикалық дәуірде бұл өлкенің Кир, Дарий патшаның қол астына кіргені сияқты, хорезмшахтар тұсындада Сыр бойы тайпалары өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысқан. Олар Құтайба әскерінің әлсіреген сәтін пайдаланып оның ықпалынан 715-жылы құтылған.

Сыр бойы тайпаларының Мауреннахр мәдениетіне қатысты тарихы зерттелді. Оны В.В.Бартольд өзінің «Туркестан в эпоху мангольского нашествия», Е.Э.Бертельс «Персидская поэзия в Бухаре», И.С.Брагинский «Из историй таджикской народной поэзии», Н.И.Веселовский «Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве», Г.Вамбери «Путешествие по Средней Азии в 1863 году», «История Бухары или Трансоксании», В.В.Григорьев «Караханиды в Мавераннахре по «Тарихи Мунеджим-баши», В.А.Крачковский «Арабская географическая литература», М.Е.Массон «К вопросу о взаимоотношениях Византии и Средней Азии по данным нумизматики», И.П.Петрушевский «Из истории Бухары в XIII в.», Л. П.Потапов «О сущности патриархально-феодалных отношений у кочевых народов Средней Азии и Казахстана», А.А.Семенов «К вопросу об этническом и классовом составе северных городов империи хорезмшахов в XII в. н. э.», О.И.Смирнов «Из истории арабских завоеваний в Средней Азии», С.П.Толстов «Древний Хорезм», «По следам древнехорезмийской цивилизации», А.Б.Ханыков «Описание Бухарского ханства», А.Ю.Якубовский «Вопросы периодизации истории Средней Азии в средние века» атты зерттеулерінде сөз еткен. Осыған біз А.Н.Кононов,

А.Н.Бернштам, С.Г.Кляшторный, О.Г.Большаков, Б.Н.Заходер сияқты көптеген шығыстанушылардың еңбектерін де атауға болады. Арабтардың Мауреннахрға келуі Қазақстан тарихында аз зерттелген тақырыптардың бірі. Арнайы еңбектер күрделі ізденістер жоқтың қасы. Сексенінші жылдары баспа жүзін көрген бес томдық тарихымызда бұл мәселер жол жөнекей баяндалса, соңғы кездері жарияланған «Қазақстан тарихы» атты кітапта тіпті орын берілмеген.

Тарихшылар дендеп бара қоймаған тақырыпқа қазақ әдебиетшілері назар аударып, біршама зерттеулер жарияланғанын көреміз. Солардың қатарында профессор Ә.Қоңыратбаев еңбектерін атап өтуге болар еді. Өзінің «Араб шабуылы және Орта Азия ренессансы» деген еңбегінде ғалым араб шапқыншылығының Мәуреннахр мәдениетіне тигізген ықпалына кеңінен тоқталған. Сол сияқты Орта Азия және Қазақстан мәдениетінің сабақтастығы мәселелері Р.Бердібаев, Ө.Күмісбаев, Ә. Дербісалиев, еңбектерінде одан әрі жалғасын тауып, зерттелуде. Ғылымдағы дәстүр жалғастығы деп осыны айтса керек

Дегенмен Орта Азия мен Қазақстанның араб шапқыншылығы кезіндегі тарихы толық зерттеу аяқталды деуге болмайды. Бұл мәселе болашақта тіл мамандарының, тарихшылардың, географтардың, теологтардың, археологтер мен этнологтердің қатысуымен қажетті зерттеуге бағытталуы керек. Сол кезде тақырыптың қатпар тұстарын ашуға әр саланың мамандары септігін тигізері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдулпатаев С. Ислам әлемінің халықаралық қауіпсіздікті нығайту жолындағы күресі //Ақиқат, №12.- 2003.
2. Қоңыратбаев Т. Ертедегі ескерткіштер. -Алматы: Өнер 1996.-268 б.
3. Ғизатов Ж. Исламның Қазақстанда таралуы //Қазақ тарихы, №2. 2009.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ислам дінінің Сырдың төменгі ағысы бойында таралуы және осы мәселеге қатысты зерттеулерге шолу жасалған.

РЕЗЮМЕ

В статье дан обзор исследования о распространении исламской религии в области Сыр-дарьи.

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫ

Бөбекбай М.-магистрант(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Отбасы мен неке тағдыры қандай болмасын қоғамдық құрылыспен, ондағы өндірістік қатынаспен тығыз байланысты болады да, әр қоғамдық формациядағы әлеуметтік өзгерістер отбасы мен неке сипатына да әсер етіп өзгертіп, жаңартып отырмақ. Қоғамнан, өзін қоршаған табиғи ортадан тыс отбасы болмаған. Сондықтан жер шарын мекендеген халықтардың отбасы олардың тарихымен бірге дамып отырған. Шет елде өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының бірі Монғолия қазақтарының отбасы да осындай.

Әрбір семья кішігірім мемлекет болғандықтан оған көп нәрселер сыйысады. Бұған отбасы мен неке формаларын, әртүрлі отбасылық некелік қарым-қатынастарды, бала тәрбиесі мен өлікті жерлеу ғұрыптарын, үйлену тойына қалыңмал төлеу, жасау беру дәстүріне байланысты әртүрлі жол-жора, әдет-ғұрыптарды, сондай-ақ, қазіргі қазақ отбасы мен некелік қатынастарын этнографиялық тұрғыда зерттеу.

Отбасы құрылымының тарихи дамуына тоқталатын болсақ, Монғолия қазақтарында XIX-XX ғасыр аралығында қазақ халқына тән отбасы түрі-әке, шеше және үйленбеген балалардан тұратын дара шағын отбасы болды /1,75/.

Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда егіншілікпен шұғылданатын ең үлкен патриархалдық отбасының негізінде өмір сүріп келген көшпенді халықтарда патриархалдық семья тым арыдан тараған.

Бірақ дара отбасында үлкен патриархалдық отбасы қауымының көптеген сипаттары сақталды. Морган өзінің «Көне қоғам» еңбегінде үлкен патриархалды отбасын «қарауындағы жерін өңдеп, малын бағу, әке үкіміне бағыныштылықтан белгілі мөлшердегі ерікті және еріксіз адамдардың отбасын құруын» сипаттайды /2/ .

Монғолия қазақтарында, жалпы қазақ қауымында *қара шаңырақ* (үлкен үй) сыбағасы дегеніміз–үлкен патриархалды отбасының қазіргі кездегі көрінісі. Үлкен патриархалдық отбасы дегеніміз–бір атаның балалары бір қазаннан ас су ішіп, бірігіп пайда тауып, олжасын да тең бөлісуді айтады.

Монғолия қазақтары ортасында революцияның алғашқы жылдарына дейін көп әйел алушылық болған. Шарифат бойынша бір кісіге 4 әйелге дейін алуға рұқсат етілсе, Монғолия қазақтарының ең ірі байлары 7-8-ге дейін әйел алған. Моногамиялық отбасы ежелден бері үстемдік етсе де, қазақ қауымында көп әйел алу салтының түп тамыры әріде жатты. Бұл салт Монғолия қазақтары үшін 1938 жылға дейін жалғасты. Бірақ, Монғолия қазақтарының отбасы негізінен моногамиялы болды/1,82/.

Қазақ арасында жастай некелестіру ежелден келе жатқан дәстүр. Бұл XIX ғасырда мықтап сақталды. Кейде қыздарды 13-14 жасында ұзатса, ер балаларды 15-16 жасында үйлендірді. Халық түсінігі бойынша неғұрлым жастарды ерте үйлендірсе, олар әрбір жағымсыз қылықтардан аулақ болып ұрпақтары мықты болады деген сенім болған. XIX-XX ғ. аралығында Монғолия қазақтарының некелесуінің ең негізгі түрі–қалыңдықты қалың мал төлеп сатып алуға негізделген құдалық арқылы неке құру болды. Айттыру арқылы қосылған ерлі-зайыптылардың жас ерекшелігі кейде керісінше болды, яғни әйелі ерінен әжептәуір болады.

Сирек те болса кездесетін некенің түрі-туған туысы жоқ, қалың төлеуге шамасы келмейтін, жалғыз басты, жарлы жігіттер қыз әкесіне қалың мал орнына күшін сату, (белгілі бір мөлшерде қызмет істеу), немесе қыз әкесінің ер балалары болмаған жағдайда қолына «*күшік күйеу*» болып кіру арқылы неке құру болды.

Монғолиядағы қазақтар бүгінгі күнге дейін балаларының барлығына отау көтеріп енші бөліп беруді парыз санайды. Ал, балалары әке-шешесі көтеріп берген отауды «ордаға» бөліп берген енші малын өсіріп, ата дәулетін арттыра түсуге талпынады, егер бөліп берген еншісін дұрыс игере алмаса үлкен сын болып саналады/3, 24/.

Көп балалы ата-аналар ержеткен балаларын мезгілінде үйлендіріп, оларға енші беріп, бөлек шығарып отырады. Әдетте, кенже бала ержетіп үйленгенше, кейде тіпті шаруашылыққа әбден қартайғанша әкенің өзі басшылық етеді. Халық дәстүрі бойынша кенже інісі үйленіп, шаруашылықты өз қолына алғанша қартайған әке-шешесінің шаруасына үлкен бала мен келін көмектесу керек.

Мұндай жағдайда әкенің басшылығымен бір отбасы болып үш ұрпақ, әкешеше, үйленген бала әйелімен және немерелері бірге тұрады. Бұл отбасында әкенің үйленбеген інілері мен кіші балалары да бірге тұруы ықтимал. Міне осы жағдайлардың бәрі бір уақытта үстем болған үлкен патриархалды отбасының сарқыншағы деуге болады. Моңғолия қазақтарында мұндай патриархалды отбасы XX ғасырдың 50-ші жылдарына дейін сақталған. Оны В.А. Коноваловтың «Казахи Южного Алтая» деген еңбегінде нақты келтірген/4,106/.

Балаларына енші беріп бөлек шығару әдеті негізінен олардың үйленуіне байланысты болады. Жаңа түскен келін әдетте 1-2 жыл ата-енесімен бірге тұрып, әр нәрсеге үйреніп, өз бетінше үй болуға дағдыланған соң өз алдына отау болып бөлінетін де, еншісін алатын.

Әке шаңырағынан бөлінген жаңа отауға туған-туыстары өз әлінше мал мен мүлік қосады, оны халық тілінде «жылу», «тамыздық», «немеурін» деп атайды. Ал, Моңғолия қазақтары мұны жылу дейді.

Осы дәуірдегі қазақ отбасының бүкіл мазмұнына экономикалық және әлеуметтік қатынастар шешуші фактор ретінде әсер етеді. Неке құру мәселесінде қалың мал мен жасаудың орны ерекше. Жалпы, қыздың малына сәйкес жасауы да мол болды.

Бүгінгі таңда дәстүрлі және қазіргі отбасылардың құрылымын мамандар үш жікке бөліп қарастырады:

а) бірге тұратын отбасылардың құрамындағы адам саны;
ә) бірлескен отбасы мүшелерінің құрамы және оның ішіндегі ата-аналар, жас жұбайлар, т.б. туыскандар;

б) қарапайым нуклеарлық және күрделі отбасыларындағы ұрпақтар саны, яғни туыстық қатынастар негізіндегі жас ерекшеліктері/5, 175/.

Отбасылық қарым-қатынас қазан революциясынан кейін біршама жаңарып өзгергені мәлім. Бұрынғы отбасылық неке құру, қалың малға сатуға негізделген, көбінде әке билігінде болса, қазір екі жастың келісімімен, сүйіспеншілігіне негізделген ерікті түрде неке құратын болды. Қалалық жерде көбінде екі жастан /ерлі-зайыпты/ тұратын және 1-2 балалы жас жанұя көбейсе ауылдық жерлерде отбасының көбі екі ұрпақтан әке-шеше және үйленбеген балалардн тұрады. Үйленбеген кенже баласын шығармай қолда ұстайтын жағдайлар бар. Бірақ, қазіргі заманның бір ерекшелігі кенже баласын отау болдырып бөліп жіберіп, үлкен ұлдарының бірінде бірге тұра береді. Оның себебі, кіші ұлы мен келінің мамандығына байланысты. Олар басқа жерге қызметке орналасса, әке-шеше қоныс аударғысы келмегендігіне байланысты. Әртүрлі жағдайлармен әкешешеден ерте айрылған жас балалар туған ағаларының немесе туыстарының қолында ержетіп үйленгенше бірге тұратын салт бұрын да болған, қазір де бар/6, 92/.

Жанұя басында әйелдер болатындығы олардың күйеуі өлген соң балаларының жас үйленбегенінен болады. Балалары ержетіп үйленсе жанұя билігі баласына көшеді. Қазіргі жанұя заңы бойынша отбасы құрамы қандай болуына мемлекет араласпайды. Әркім өз еркімен қандай отбасылық құрамды қаласа, ұнатса, соны таңдайды. Бұған қоғамдық, экономикалық жағдайлар әсер етеді. Үйленген ағайынды адамдар бір отбасы болып табыстарын да, шығындарын да біріктіріп тұруы ұзаққа созылмайды. Өйткені, әр отбасы мүшесі еңбек етеді, табыс табады, соған қарап киініп, ішіп жейтіндіктен ерлі-зайыпты жастар бөлек тұруды ұнатады. Оларды бір тұруға мәжбүр ететін экономикалық, әлеуметтік факторлар қазір жоқ. Бұдан болып туыстық қарым-қатынас әлсіремейді, олар керек жағдайда бір-біріне сүйеу боп, көмек беріп, бас көз болады. Қазір бір отбасында тіршілік етіп, екі үй болып есептелетін жағдай да бар. Ол әке-шеше

мен қолында тұратын үйленген балалары болуы да мүмкін. Үйленген балаларын отау етіп бөлек шығарғанда енші беріп, тілеу істейтін. Егер отбасы қорының көпшілігі әке табысынан тұрып, әке тұғырдан түспеген болса, қолындағы ұл мен келіні әке ықпалында болады. Отбасы қоры бала мен келін табысынан болып, әкешеше қартайған жағдайда отбасы тізгіні балаға өтеді. Бірақ ата-ананы сыйлау дәстүрімен олардың ой-пікірімен санаса отырып іс басқарады. Ескі дәстүрдің сақталуына байланысты үйдің ішкі шаруасын негізінде әйел басқарып істейді. Бірақ осы кезде үй шаруасына еркектер де араласып ақыл қосып отырады.

Бүгінгі таңда жаңа отбасы мүшелерінің ішінде жоғарғы білім алғандар көптеп кездеседі. Мұндай жағдай жас жұбайлардың білімділігін, мәдениеттілігін, парасаттылығын, адамгершілік қасиеттерін молайтып жаңа өмірдің кілтін өз қолына ұстай білуге мүмкіндік береді. Жаңа типтегі қазақ отбасының қалыптасуы, ең алдымен келіннің үй жайының жақсаруы мен келген жерімен қарым-қатынасының жаңа жағдайға байланысты мүлдем өзгергеніне байланысты болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ислам Қабышұлы Моңғолия қазақтарының тарихы.– Өлгий.–1980.–242 б.
2. Морган Л. Көне қоғам. Л.–1934 . 275 бет.
3. Нұрсәуле Мешелқызы Моңғолия дағы қазақтардың тіршілік цикліне байланысты әдет-ғұрыптары: Алматы, 2006.-64 бет.
4. Коновалов А.В. Казахи Южного Алтая. Алма-Ата, 1986.-144 с.
5. Арғынбаев Х.А. Қазақтың отбасылық дәстүрлері.-Алматы, 2005-216 б.
6. Хожанияз Қапасұлы Қазақ халқының салт-дәстүрлері. 2008.-144 бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Моңғолия қазақтарының отбасы және неке қатынастары баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об семейных и брачных отношениях казахов Монголы.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ БИЛЕР СОТЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

Бөлекбаева А.А. –магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Әрбір халықтың көп ғасырлық тарихында келер ұрпақ баға беріп, мақтан тұтатын, олардың жүріп өткен өмірлік жолдарын маңызды әрі елеулі кезеңдер, рухани ағымдар деп еске алатын оқиғалар, жолдар, тұлғалар болады. Олар келер ұрпақтың санасында сақталып өткен ғасырлардың маңызды құндылығы ретінде өмір сүреді. Осындай елеулі тарихи оқиғалардың біріне қазақтардың көшпелі қоғамында құрылып «Алтын ғасыр» әділеттілігі деген атқа ие болған билер соты жатады.

Сот – халықтық орган ретінде барлық кезеңдер мен дәуірлерде бірінші кезекте биліктің демократияға ұстанымын және халықтың мүддесін ескеретін билік пен басқарудың критеріі мен символы болып қалады. Қазақстанның

жағдайында тарих сахнасында ерте кезден-ақ пайда болған билер сотының беделі мен мәртебесі – біздің көп ұлттық қоғамымыздың қайғысы мен арманының жетістігі болды.

«Қазақтардың көшпелі қоғамының билер соты жайында» деген түсініктемеге анықтама берсек, бұл жерде қазақтың көшпелі қоғамын, сонымен бірге оның көшпелі және қалалық өмірінің бір-бірінен бөліп, оқшау қарастыру ниеті сөз болып отырған жоқ. Негізінен билер әділдігінің құнды имманенттік статусы Орта Азия континентінің байтақ кеңістігін және Далалық өлкенің көптеген тұрғындарын қамтыған қазақ қоғамының классикалық көшпелі өмірінде ғана құрылып, қалыптасып, бекітілген.

Революцияға дейінгі тарихнамадағы билер соты. XIX ғасырдың басында шетел, әсіресе орыс зерттеушілері қазақ қоғамының ішкі құрылымында жалпы құндылықтарды көрсететін ерекше институттар мен құбылыстар бар екенін көріп, оларды зерттеп ашты. Оларға – ең алдымен шешендік пен данышпандық жолын ұстанушылық, қоғам санасында және тұрмысында бекітілген ауызша және жазбаша тілмен білдірілетін шығармашылықпен заңдылық культі жатады.

XIX ғасырдың 20 жылдарында Қазақстанда зерттеген, аса ірі орыс ғалымы, шығыстанушы, қазақтар туралы еңбектерді ізденіп тапқаны үшін әлемдік атаққа ие болған А.И.Левшин былай деп жазады: «Біздің де тәртіп, заңдар және әділдік орнатылған «Алтын ғасырда» аңыз – әңгімелерге сүйенетін болсақ өзінің шығу тегінде ғұлама болған және қазақ шежіресінде Солан мен Ликурттың қатарында тұра алатын атақты Тәуке ханның патшалық құрған жылдары жазылған. Ұзақ уақыт келісімге келе алмаған әулеттер мен ұрпақтарды табыстырып, оларға тәртіп орнатып қана қоймай, ол оларға көптеген заңдар шығарды. Үлкен және Кіші орданың қырғыздар (қазақтар) олардың халықтық заңдары Тәуке хан заңдарынан әлде қайда көне» /1/ деп айтады.

А.И.Левшиннің тағы бір құнды ойларын айта кеткен жөн: оның пайымдауынша игі ниеттегі қазақ қоғамының «Алтын ғасыр» кезеңін Тәуке хан билік еткен жылдармен сәйкестендіреді (XVIII ғасырдың аяғы). Сондықтан халық санасында бұл дәуір жақсы сақталған. Тәуке хан тұсында билердің қазақ қоғамындағы саяси өмірінде маңызды орын ала бастады. Тәуке ханның ең ұтымды шешімдерінің бірі билер арқылы шешілген әділеттілік пен шындықты мемлекет саясатында жоғары бағалауы.

XIX ғасырдың екінші жартысында көшпелі қазақтар өмірі мен ішкі жағдайлары туралы орыс шығыстанушылары В.В.Григорьев маңызды мағлұматтар қалдырды. Ол он жылдай уақыт аралығында Батыс Қазақстан бөлігінің (XIX ғасырдың ортасы) әкімшілік билігін басқара отырып, қазақ қоғамымен тығыз байланыста болды. Сонымен бірге В.В.Григорьев патша архивында қазақтар туралы мәліметтерді қолданды. Өзінің шығыс-түрік халықтарының тарихын сараптаған бір еңбегінде – қазақтар туралы былай жазады: «Көшіп – қонуды көпшілік экономикалық және интеллектуалдық дамуда кері әсерін немесе мүлде әсерін тигізбейді» – дейді. Алайда ол анықталған жоқ. Соған дәлел ретінде ойын төмендегідей жалғастырды «Қырғыздарда қалыптасқан сот жүргізу ісі мен әділеттіліктің, соттың процестеріне, бұларға дейін әлде қайда алға кеткен халықтар қызғана қарайды» /2/.

Қазақтар туралы жиналған фактылық материалдарды Л.Баллюзек /3/, Г.Загряжский /4/, Д.Я.Самоковасов /5/, И.Козлов /6/, П.Е.Маковецкий /7/, А.И.Краханев /8/, Н.И.Гродекова /9/, А.Леонтьев /10/, Н.Максимов /11/, И.И.Крафт /12/, Я.Гурлянд /13/ және тағы басқалардың еңбектерінен көруге болады. Бұл басылымдарда жалпы Қазақстан аумағы жекелеген аудандар туралы толық мәнді мағлұматтар бар.

Көп жылдар бойы патшаның әкімшілік тапсырысы бойынша Қазақстанда жұмыс істеген орыс ғалымы Л.А.Словохотов (юрист) билер соты мен «Жеті Жарғы» құқығы туралы қызық мәліметтер береді. Ол қазақ тілін үйреніп, еркін меңгерген ғалым, жергілікті зиялылармен араласқан. Л.А.Словохотов өз еңбегінде билер сотын «түп нұсқалық» және «халықтық» деп көрсетеді, себебі, бұл сот түрі халыққа жақын және түсінікті болатын. «Жылдар бойы қырғыздар сот жүргізу ісін қарапайым, халыққа түсінікті және әділетті етіп қалыптастыра алды». Автор даладағы билер сотын «халыққа жағымды және шынайы сот билігі» /14/ – деп есептейді.

XIX-XX ғасырдың басында ұлттық мәдениет қызметкерлерінің билер сотын бағалауы. Ш.Ш.Уалихановтың (1835–1865) еңбектері аса құнды. Замандастардың сипаттауы бойынша ол «Шығыстың ғұлама зерттеушісі», «Шығыстануда жарқ еткен жұлдыз». Патша үкіметінің жүргізген реформасының нәтижесінде – Даладағы билер соты, отаршыл сот жүйесімен алмастырылды, Ш.Уалиханов патша үкіметінен қазақ қоғамындағы тыныштықты сақтау үшін бұл саясатты тоқтатуды талап етті. өзінің «Ежелгі халықтың үлгідегі сот» атты хатында, былай деп жазды: «Билер ешкіммен ресми түрде тағайындалып, өз беделдерін Еуропадағы ақындар, ғалымдар және адвокаттар секілді жоғарылатып, ұлы адамдарға айналады. Шекспир мен Гете өз замандарының ұлы ақындары болып, ресми емес халықтың сайлауда жеңіп ғұлама тұлғалар болды»; қырғыздар соттың дәстүрлерін тани отырып, оны шешендікпен ұштастырып беделдерін көтеріп отырды»; «Билер соты әр кезде шешендік тұрғыда өткізіліп, адвокаттылыққа жол берді. Халық арасында үлкен сыйға ие болған билер соты ешқашан дисциплиналық шараларды қажет етпеді»; «Біздің ойымызша билер сотының құндылығы мен маңызы оларды ресми түрде болмағандығында. Бидің беделі мен білімі – сот практикасында патент болып табылды» /15/.

Қазақтың ұлы ақыны, қазіргі кезде дүние жүзіне танылған Абай Құнанбаев (1845-1904) билер, билер соты туралы былай деп жазды: «Бұл билік деген біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білім, күтімі, сыпайылығы, тазалылығы төмен болған, бірақ замандағылардан артық екі міні зор екен... Көшқонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт, жақсы жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басыларды қалай қылса, қалай бітірсе халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүрмек болмайды екен» /16/.

XX ғасырдың басында Қазақстандағы саяси бостандықтың өкілі, қоғамдағы сауаты зиялы Әлихан Бөкейханов, билер соты қазақ тарихына құрылымы және құрылысы жөнінен «халықтық сот» деп енді, ал патша үкіметінің оны отаршыл сот жүйесімен ауыстыру саясаты сәтсіз шешім болды деп көрсетеді. Өзінің бір мақаласына «Қазақ биінің орны бөлек еді» /17/ деген ат берді. Ол мұнымен көп нәрсе айтқысы келді.

«Алтын ғасыр» кезеңіндегі әділеттілікті жоғары бағалаған билер соты мен патша үкіметі дәуірінде мемлекеттік аппарат құрамына айналған билер соты арасындағы үлкен айырмашылықты Ахмет Байтұрсынов дәлелдеп, айқындап берді. Ахмет Байтұрсыновтың «Бұрынғы әділ билер» атты мақаласында былай деп көрсетілген. «Халық сот дегеніміз қазақтың ғадетіндегі қағидалар бойынша айтылатын билік. Бұрынғы әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді, бүгінгі арам билердің қолында дәрі болмақ түгіл, у болып жұғып тұр» /18/.

Кеңестік тарихнамадағы билер соты. Отар халқы болса да, қазақ қоғамы әр уақытта билер және билер сотын үнемі жоғары бағалаған. Бұл ойларын жария еткен адамдар да болды. Мұндай ой білдіру өте қауіпті болатын, оларды «саяси

жау» және «ұлтшыл» деп айыптауы мүмкін еді, сол себепті олар өз ойларын «біреу» арқылы, оқиғамен байланыстырып жеткізіп отырды.

Әлемге әйгілі ғалым, геолог Қ.И.Сәтбаев өзінің XVII ғасырда Ноғай ордасындағы Едіге биге арнаған еңбегінде халықта кең тараған сипаттаманы қолданды – «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары, білімі бар». Оның айтуынша «халық ханнан гөрі биді жоғары бағалап, сыйлағын» /19/.

Дүние жүзіне танылған ақын және ғалым М.О.Әуезов мақаласын «Билер айтысы» деп атап, осы мақалада билерді барынша мақтап, тамсанарлықтай бірнеше шешендік сөздерін жазып көрсетеді /20/.

Ұлттық ғылым академиясының академигі, қазақтың ежелгі және орта ғасыр тарихын жан-жақты зерттеуші ғалым Ә.Х.Марғұлан XIX ғасырда отаршылдықтың орталығы болған Омбыға басқа зиялылар мен бірге атақты билер де шақырылған деп көрсетеді. Оның пікірінше «Мұнда алтын дауысты билер, импровизатор ақындар, рухани мәдениет пен халықтың ауыз әдебиетін дамытушы әнші-күйшілер шақырылды» /21/.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы билер сотына көзқарас. Халық тарихының алдында билер сотына жоғарғы баға атақты қазақ жазушыларының тарихи ізденістері арқылы танымал шығармаларында берілді. «Қан мен тер», «Парыз» романдарының авторы Ә.Нүрпейісов өзінің бір мақаласын «Билер соты мен шешендер» деп атады. Бұл мақалада ол былай деп жазады: «негізінен, мен көп ғасырлық қазақ тарихын ойша қайтадан сараптағанда, халықтың данышпандылыққа және рухани құндылыққа үлкен сенімділігіне таңғаламын. Осы уақытқа дейін олардың бұл сенімділігі ақталып келді. Сол себептен тарихтың беттерінен би-шешендердің мың жылдық институты мен мысалдарын көре аламын» /22/.

Тамаша жоғары дәрежеде жазылған, философиялық роман мен повестердің авторы Ә.Кекілбаев өзінің мақаласына «Есімдері дүние тұрғанша ұрпақтардың жадында сақталады». Мұнда ол былай деп жазады: «Біз өмірге – өзіміздің ұлы ұлдарымыздың, яғни екі әлемнен – жер және аспаннан рухани байлық алған тұлғаларымыздың еліміздің ұлттық санасына оралғаны үшін алғанымызды айтуымыз керек» /23/.

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін газет және журналдардың бетінде қазақтың билері, шешендері, атақты фольклорлық жазбалары туралы көптеп басыла бастады.

Нақты және маңызды зерттеу жұмыстары. Академик С.З.Зимановтың редакциясымен және жоғарғы кәсіпқойлық заңгерлер ұжымының қолдануымен он томдық «Қазақтың ата заңдары» деп аталған еңбек жарық көрді /24/. Бұл еңбек шын мәнінде билер, шешендер, данышпандар туралы құнды еңбек бола отырып, жаңа зерттеулерге жол ашты. Бізді аталған ұжымдық еңбектегі С.З.Зимановтың, С.С.Сартаевтың, сонымен бірге заңгер-теоретиктер Т.М.Культелеевтің, С.Ө.Созақбаевтың мақалалары ерекше қызықтырады. Олар XVI ғасырдың басы мен XVIII ғасыр аралығындағы қазақ хандарының заңдары туралы маңызды мәліметтер берді.

Қысқаша тарихнамалық талдауды қорыта келе, төменгідегідей негізгі сәттерді бөліп көрсету қажет.

Тұжырымдамалы-теориялық және әдістемелік критерийлердің баорысында тарихнамадағы мәселелерді нақты екі хронологиялық кезеңге бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең (1991 жылға дейін) маркстік-лениндік әдістемеге жақын дәстүрлік бағыттармен сипатталатын тұжырымдамалы және теориялық көзқарастарды жатқызуға болады. Тарихнамада 1991 жылдан бастап жаңа кезең басталады. Бұл кезеңдегі көз қарас осы күнге дейін келе жатқан әдістемелік

тұжырымдардың дұрыс еместігін түсіндіріп, жаңа теориялық-санаттық аппаратты және жетілдірілген тұжырымдамалық құралдарды меңгеруді білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Ч. III. Этнографические известия. СПб., 1832.– С. 169.
2. Баллюзек Л. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие, в Малой Киргизской орде силу закона // Записки Оренбургского отдела Русского географического общества. Вып. 2. 1871. С. 45-167.
4. Козлов И. Обычное право киргизов // Памятная книжка Западной Сибири. – Омск, 1882. С. 219-338.
5. Маковецкий П.Е. Материалы по изучению юридических обычаев киргизов. – Вып. I. Омск, 1886. 82 с.
6. Крахалев А.И. Суд и следствие у киргизов Сибири // Юридический вестник. – 1888. Вып. XXVIII. Ч. V. С. 23-48.
7. Словохотов Л.А. Народный суд обычного права киргиз Малой орды // Труды Оренбургской архивной комиссии. – Вып. XV. – Оренбург, 1905. – С. 80-81.
8. Байтұрсынов А. Жаңа низам. Алматы, 1998. 14 б.
9. Нурпеисов А.К. мысли, навеянные деяниями предков // Айтеке би. Алматы, 1998. С. 49-54.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается традиционный суд биев в Казахстане, по данным дореволюционной, советской и отечественной литературы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада революцияға дейінгі, кенес дәуірі кезіндегі және отандақ тарихнамада дәстүрлі қазақ билерінің сотының зерттелуі қарастырылған.

СЕМЕЙНЫЙ УКЛАД ЖИЗНИ УЗБЕКОВ КАЗАХСТАНА

Боранкул К.М.- лаборант (г.Алматы, КазгосженПУ)

Интерес, который представляют на наш взгляд, семейно-брачные отношения узбеков Казахстана, оправдывается несколькими причинами. Во-первых, узбеки, равно как и другие народы Средней Азии и Казахстана придают им чрезвычайную важность, в отличие от соседних европейских этносов, прежде всего русских, украинцев, белорусов и немцев, где они занимают довольно скромное место. Во-вторых, такие исследования предоставляют не только общую, но и более детальную картину не только о сути супружеских, но и в целом о внутрисемейных отношениях, без знания которых трудно представить в целом специфику семьи и быта любого этноса.

В-третьих, для обоснования необходимости изучения данной проблемы следует учитывать и то обстоятельство, что мы должны изучать этнокультурные особенности не только таких крупных этносов республики, как казахи или русские, но и немногочисленных, какими являются узбеки. Так, например, по переписи 1999 г. насчитывалось 370663 узбеков или 2,5% от всего населения республики /1, с.11/.

Узбеки традиционно уделяют особое внимание семейным отношениям. Считается, что пока в семье крепки традиционные устои, пока она прочна, жизнь

всего общества с его социальными, культурными и прочими составляющими полнокровна и динамична. Но если семья морально и духовно ослабла, это скажется на всем.

Если говорить об особенностях жизнедеятельности изучаемого нами этноса, то следует отметить, что одним из важнейших его институтов является семейно-брачная организация. Известно, что у узбеков, равно как и среди контактирующих с ними казахов существует два типа организации семьи:

а) по «горизонтальной оси» (дети родителей, двоюродные братья и сестры и т.д.);

б) по «вертикальной» (разные поколения – младшее, среднее и старшее).

Узбеки, как и другие родственные им тюркские народы, считают родственниками намного более широкий круг людей, чем это принято среди европейских этносов. По вертикали, прежде всего принимается в расчет отцовская линия: родственники мужа считаются более авторитетными и коренными. Специфика географических, традиционных и этнокультурных условий, а также религиозные принципы благоприятствовали не только формированию такого широкого семейного круга, которому трудно найти аналогию в известных европейских культурах, но и многовековой стабильности этого типа семейной структуры. Узбекское общество функционирует вокруг достаточно широко представленной системы семьи. Каждый человек ощущает наличие тесных связей не только со своими прямыми родственниками, но и со всеми своими родственниками – тетьми, дядями, двоюродными братьями и сестрами и т.д. Степень отношений, которые складываются между членами семьи, связанными узами крови, может в известной мере варьироваться. При этом количество людей, которые рассматривают себя в качестве родственников, естественно довольно разнообразно. Но следует отметить, что среди подавляющего большинства узбеков распространено представление, что к категории их настоящих, действительных родственников можно отнести, по меньшей мере, сотню человек. О степени распространенности таких связей можно судить по данным этносоциологического опроса респондентов-узбеков из числа сельского населения Туркестанского района Южно-Казахстанской области, которые показаны в таблице 1 /2/.

Таблица 1

Сведения о предпочитаемых друзьях

Социально-профессиональные группы	Ответили	Ходят в гости, в %			
		к родственникам	к соседям	к товарищам по работе	к друзьями знакомым
Руководители и специалисты высшего и средн. звена	28	46,4	19,4	21,4	12,8
Служащие	150	63,3	16,0	12,0	8,7
В т.ч. интеллигенция	63	61,9	15,9	13,9	8,3
Квалиф-ные рабочие	195	61,5	13,8	10,3	14,4
Неквалифицированные рабочие	274	58,4	17,9	5,5	18,2
Итого	650	59,7	16,8	9,5	14,0

Материалы таблицы показывают, что большинство опрошенных

респондентов предпочитают ходить в гости к своим родственникам. Сюда же следует отнести и соседей, которые среди узбеков, как правило, по традиции предпочитают селиться в основном рядом с родственниками. Такие родственные поселения наблюдаются не только во многих селах, но и в городах. Они образуют многочисленные кварталы родственников, известные как «махалля», что характерно и для их соотечественников в Узбекистане.

Таким же представляется сохранение и распространение среди узбеков значения родственной и соседской взаимопомощи (см. таблицу 2). Она распространяется на все стороны жизнедеятельности исследуемого этноса: при организации различных семейных торжеств (детской и свадебной, при проводах и встречи из службы в Армии, дней рождения и юбилеев), при устройстве похоронно-поминальной обрядности, при строительстве или покупке дома, квартиры. Это же относится к помощи при сезонных сельскохозяйственных работах, стихийных бедствиях (пожар, наводнение, землетрясение и т.д.). Следует подчеркнуть, что традиция такой взаимопомощи нередко распространяется на соседей или односельчан вне зависимости от их этнической принадлежности.

Таблица 2

Распространенность обычая родственной и соседской взаимопомощи в среде узбеков

Ұлты	Ответили	Степень распространенности, в %			
		довольно распростран	забывается	распространен мало	затрудняются ответить
Руководители и специалисты высшего и среднего звена	28	60,7	10,7	10,7	17,9
Служащие	148	58,1	20,9	7,5	13,5
В т.ч. интеллигенция	63	68,3	19,0	4,8	7,9
Квалифицированные рабочие	193	58,5	22,3	8,3	10,9
Неквалифицированные рабочие	268	55,6	22,0	9,0	13,4
Итого	637	57,3	21,4	8,5	12,8

Несмотря на то, что семейно-брачные отношения узбеков характеризуются в течение многих веков устойчивостью и стабильностью, эти отношения в настоящее время подвержены серьезным переменам. Обретение независимости, развитие экономики, стремительный рост урбанизации, усиление роли средств массовой информации и их воздействия на жизнь казахстанского общества – все это не могло не сказаться на социальной и экономической структуре семьи.

Исследования проблем узбекской семьи, которые проводились в конце 1990-х годов учеными Центра археологии и этнологии Международного Казахско-Турецкого университета им. Х.А.Ясави и исторического факультета Казахского национального университета им. аль-Фараби, в частности, публикации З.К.Исабекова и А.Б.Калыш констатируют, что:

1. Узбекская семья – это, как правило, крупная и сложная семейная структура, которая включает в себя несколько поколений членов одной семьи, объединенных родственными узами по мужской линии. Все они достаточно крепко связаны между собой.

2. Узбекская семья – это институт с определенными законами и иерархией.

Для нее, в основном, характерно пирамидальное (вертикальное) главенство мужчин. Наибольшей властью обладает старший по возрасту мужчина. Основные решения принимаются отцом, часто после консультаций с родственниками мужского пола. Отцу постоянно оказывается уважение, жены и дети демонстрируют такое же отношение к другим старшим членам семьи.

3. Члены семьи представляют собой тесно сплоченную экономическую единицу, где каждый член в любую минуту готов прийти на помощь другому. Их связывают не только общие экономические интересы и родство, но и родству по мужской линии. Единодушие, взаимное речательство и взаимные интересы, а также социальная близость вселяют в сознание членов семьи чувство защищенности и безопасности, чувство привязанности.

4. Узбекская семья отличается своим консерватизмом и традиционностью, что поддерживается стереотипами поведения, ценностными ориентациями и установками, народными обычаями и обрядами. Семья исследуемого нами этноса, равно как и у других тюркских или восточных этносов, существенно отличается от европейской семьи. И дело не только в количестве членов семьи (у европейских, как правило, меньше чем у тюркских или восточных), но и в традициях семейной жизни. Это напрямую проявляется в нравственно-моральных воззрениях, стиле жизни, уважении родителей и родственников старшего возраста, кровнородственной солидарности /3/

Известно, что веками в народной среде подчеркивался высокий статус мужа-отца, и его превосходство наряду с послушанием жены, т.е. культивировался авторитарный стиль семейных взаимоотношений. В большинстве случаев подростков и юношей оценивали на основе репутации и общественного положения их отца. Общество не всегда приветствовало независимость детей и считало, чтобы они всегда подчинялись главе семьи /4/.

Указанная особенность сохраняется и в наше время. В том же Туркестанском районе более половины опрошенных респондентов-узбеков в своих ответах подчеркнули значимость роли мужчины в решении важнейших семейных вопросов (см. таблицу 2). Такой же высокий семейный статус мужчин выявлен исследователями и среди других этносов Южного Казахстана, включая казахов /5-6/.

Таблица 2 *Решают в семье важнейшие вопросы*

Социально-профессиональные группы	Ответили	Решают вопросы, в т.ч. (в % к числу ответивших)				
		муж	жена	родители мужа и жены	все взрослые вместе	затрудняются отв-ить
Руководители и спец. высшего и средн звена	29	55,2	17,3	3,4	20,7	3,4
Служащие	148	54,1	16,9	2,3	23,3	3,4
В т.ч. интеллигенция	62	56,1	14,9	4,3	21,5	3,2
Квалифицированные рабочие	190	58,4	13,7	3,1	21,1	3,7
Неквалифицированные рабочие	263	51,2	14,6	5,2	23,6	5,4
Итого	630	54,3	15,2	4,0	22,2	4,3

Вместе с тем следует иметь в виду, что на особенности функционирования узбекской семьи оказывают серьезное воздействие различия, которые существуют между разными социально-профессиональными группами, между городским и сельским населенным пунктом, а также их этническим составом.

Изменения, происшедшие в последние годы и оказавшие довольно ощутимое влияние на лицо и характерные черты узбекской семьи, особенно затронули крупные города и, главным образом, жителей, имеющих высшее образование или занимающих достаточное высокое положение в обществе, на производстве или в бизнесе. Это выразилось, в первую очередь, в выделении и формировании базовой семьи, которая строится на нуклеарных отношениях и состоит только из отца, матери и детей.

В сельской местности у узбеков встречается и большая неразделенная семья, состоящая из супружеской четы, родителей мужа, женатых и неженатых детей. Причиной существования таких семей, на наш взгляд, являются:

1) отсутствие у молодежи средств на строительство или приобретение жилья;

2) проблемы с устройством на постоянную работу в родном селе или поиск работы в городской среде, а также в других областях и регионах Казахстана;

3) традиции «минората», в силу которого младший сын, как наследник домашнего очага, должен жить с престарелыми родителями.

Указанные нами выше тенденции характерны не только для узбеков, но и для других тюркских этносов, включая казахов, и они отмечены исследователями и в других регионах Казахстана /7/.

Таким образом, главной формой семьи узбеков в республике стала малая нуклеарная семья. Новая семья отличается стремлением к самостоятельности, к поддержанию стабильных связей со своими родственниками. Изменения в сфере социальных отношений сказываются в рамках упомянутой формы семьи как на отношениях между детьми и их родителями, так и между братьями и сестрами. Представители старшего поколения по-прежнему убеждены, что структура семьи и характер отношений между ее членами способствуют сохранению преемственной связи. Дети не могут отказаться от своих родителей ни при каких обстоятельствах: отказ от родителей делает детей безродными. Отношение родители – дети принадлежит к категории базовых, определяющих развитие культуры и истории данного народа. Разорвать эти отношения, считают узбеки, значит нарушить ход истории, традиции, порвать со своей собственной культурой, обратиться к чужим ценностям, к чужому опыту.

ЛИТЕРАТУРА

1. Краткие итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Статистический сборник. Алматы, 1999. 211 с.
2. Исабеков З.К., Калыш А.Б. Современная казахская и узбекская семья в Туркестане // Вестник университета им. Х.А.Ясави. 1998. №1. С.126-134.
3. Жақсыбеков Д.С. Отбасы ішіндегі қарым-қатынастардағы басшылық // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2008. №1 (11). 24-29-бб.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Оңтүстік Қазақстандағы өзбек ауыл тұрғындары арасындағы ішкі-отбасылық қарым-қатынастар қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются внутрисемейные взаимоотношения в среде сельского узбекского населения Южного Казахстана.

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ: ЗЕРТТЕУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Жарасхан А.Ж.-магистрант (Алматы қ., Абай атын.ҚазҰПУ)

XX ғ. басынан бастап адамдардың қарапайым күнделікті өмірінің тарихын ғалымдар зерттей бастайды. Ғалымдар күнделікті өмірді зерттеуде бұл мәселенің маңызды әрі құнды екеніне көздері жетеді. Батыс тарихнамасында күнделікті өмір мәселелерін түсіндіру «Анналар» мектебімен тығыз байланысты. Оның негізін қалаушы М.Блок пен Л.Феврдің басты мақсаты ретінде қоғамдық ғылымдар арасындағы қарама-қайшылықты жою, зертеушілер іргеліс пәндердің әдісін меңгеріп, тарих ғылымын тарихи кеңістіктегі адамдар туралы ғылым ретінде қарату болып табылады. М.Блок пен Л.Феврдің ізбасары Ф.Бродель адам өмірін рәсімдеу мен ұйымдастырудан тұратын (ландшафт, архитектура, бөлменің ішкі көрінісін әзірлеу; іс-әрекет пен қарым-қатынас: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, әдеп) «күнделікті құрылым» терминін енгізді /1/.

Ғасырлар тоғысында «Әлеуметтану ғылымы адамның әдеттегі бір ізді әрекеттерімен айналысу керек», -деп Макс Вебер жазып кеткен. М.Вебердің арқасында күнделікті өмір тарихына қатысты ғылыми тілге «түсіну», «талдау» деген жаңа терминдер енді/2/. «Күнделікті өмір тарихы» (everyday life history, Alltagsgeschichte, histoire de la vie quotidienne) –тарихи білімнің жаңа бағыты, оның зерттеу пәніне тарихи-мәдени, саяси-оқиғалық, этникалық, конфессионалдық контекстегі адамзаттың үйреншікті өмір сүру ортасы жатады.

Ғылымға күнделікті тәжірибе әлемін айқын ашып көрсеткен Гуссерльдің кейінгі феноменологиясы адамның күнделікті тәжірибесіне көп көңіл бөлудің тәжірибелік және теориялық себебін түсіндіреді. Өзінің ойлап тапқан әдісі – феноменологиялық редукция (барша әлем жақшаға алынып, нәтижесінде күмән туғызбайтын мәліметтің сұрыпталуы) арқылы Гуссерль «айқын» шынайылықты табады. Феноменология негізін қалаушы пікіріне сүйене отырып, біз алғашқы айқындықты жаратылыстану мен математикалық физиканы сипаттайтын әлемнен емес, бізді қоршаған күнделікті өмірден таба аламыз. Ол әрбір адамға толық айқынмен тікелей беріледі /3/.

«Күнделікті өмір – бұл жерде адамдар өмірге келеді, өмірге сүреді, өмірден кетеді, қуанады, ренжиді, жақсы көреді және жек көреді. Осыған орай тарихшылар ғасырлар бойы күнделікті өмірге мән бермей, көбіне терең әрі қиын мәселелерге көңіл бөлді: патшалар, дипломаттар, саясатшылар өмірі, соғыстар мен революциялар т.б. Күнделікті әлем аймағында ғана адам дүниеге келіп өседі, мәдениет, ғылым, өнер, дін дамиды», – деп И.Б. Бутенко пайымдайды /4/.

Ғылымның жалпы заңдарының абстрактілік аралық қайшылықтары (соның ішінде тарих) және қарапайым адамдардың нақты өмірлері тарихи танымда жаңа амалдардың пайда болуына себеп болды. Тарих жекеліктен алшақтап, заңдылықтар мен даму тенденцияларына мән беріп, жалпы көрініс береді. Өзінің нақты жағдайлары мен өмірдің жан-жақтылығы, әлемді тану мен қабылдау ерекшелігі бар қарапайым адамға орын болмады, ол шетте қалды. Адамдардың жекелеген күнделікті өмірі, күйзеліс аймағы, оның болмысының нақты тарихи аспектілеріне тарихшы ғалымдар аса назар аудармады. Жоғарыда аталып өткен мәселелерді шешу үшін тарихшылар күнделікті өмірді зерттеуге бет бұрып, нәтижесінде XX ғ. 60 ж. күнделікті өмір тарихы гуманитарлық ғылымдар қатарында пайда болды. Қазіргі заманғы тарихи ғылымның терең зерттеу парадигмасы, тарих тілі, интеллектуалдық бағдары ауысып, терең ішкі өзгеріске ұшырап отыр. 1960 жылдары «жаңа сциентизм» болған «структурализмді» және

XX ғасырдың 80 жылдары «лингвистикалық төңкеріс» немесе «семиотикалық жарылысты» бастан өткізген тарихнама гуманитарлық білімдер желісінде кең таралған постмодерндік парадигманың ықпалына түсті. XX ғасырдың 70 жылдары батыс елдерінде болған тарихи дағдарыс, отандық тарих дамуына енді ғана әсерін тигізіп жатыр. «Тарихи айқындық» мағынасының өзі қайта қарауға ұсынылып, онымен бірге тарихшының өзіндік ұқсастығы оның кәсіптік егемендігі, дерек көзінің шынайылығы (факт пен жалғандық мәселесі) қайта қарастырылды. Дағдарыстан шығу үшін тарихшылар жаңа идеялар мен тәсілдер ойлап таба бастады, соның ішінде «күнделіктілік» категориясына көп мән беріле бастады.

XX ғ. басында тарихи танымның жаңа қажеттіліктерін айқын көрсеткен «Анналар» мектебінің өкілдері болды. Олар: Марк Блок, Люсьен Февр, Фернанд Бродель. XXғ. 30 жылдары «Анналар» еңбекші адам өмірін зерттеуге бет бұрып, «жұлдыздар тарихына» қарама-қарсы «бұқара халық тарихы» олардың зерттеу пәніне айналды. Тарих «жоғарыдан» емес, «төменнен» басталып зерттелді. «Адам географиясы», материалдық мәдениет тарихы, тарихи антропология, әлеуметтік психология пәндері жасақталды.

Фернанд Бродельдің «Материальная экономика и капитализм (XV-XVIII в.в.)» деп аталатын еңбегінің бірінші кітабы «Структуры повседневности: возможное и невозможное» деп аталады. Бұл еңбекте материалдық өмірдің ескішіл тәртібі мен тарихи шындықтың әртүрлі деңгейінде кездесетін шиеленістер, уақыт және кеңістік диагностикасы туралы философиялық тарихи ойлар анық көрінеді/5/

XX ғасырдың 60–90 жылдары батыс ғалымдарының күнделікті өмір тарихына қызығушылығы арта бастады. Күнделікті өмір мәселесін қозғаған алғаш еңбектер пайда болды. «Одиссей» альмонахында күнделікті өмір тарихының теориясын түсіндіру үшін арнайы мақалалар жүйесі басылды. Г.С.Кнабенің («Общественно-историческое познание второй половины XX века, его тупики и возможности их преодоления»), А.Я. Гуревичтің («Историк конца XX века в поисках метода»), Г.И.Звереваның («Реальность и исторический нарратив: проблема саморефлексии новой интеллектуальной истории») мақалалары шығады. С.В. Оболенскаяның «Некто Йозеф Шефер, солдат гитлеровского вермахта» деп аталатын мақаласында күнделікті өмір тарихын зерттеу әдісі Йозеф Шефердің жеке өмір баянын мысалға ала отырып түсіндіріледі. Веймар Республикасының күнделікті өмірі сәтті зерттелген И.Я.Бисктің жұмысы 1990 жылы жарыққа шықты. Көлемді, әрі әртүрлі дерек көздерін қолданған ол Веймар кезеңіндегі Германия халқының күнделікті өмірін сипаттайды. И.Я.Биск дәлелді мәліметтер, нақты мысалдар көрсетіп, азық –түлік, киім, тұрмыс жағдайын т.б. баяндайды. Егер де Г.С. Кнабье, А.Я. Гуревич, Г.И.Звереваның мақалаларында «күнделіктілік» мағынасында теориялық түсінік берілсе, С.В.Оболенская мақаласы мен И.Я.Биск монографиясы – «күнделікті өмір» мағынасын нақты мысалдар арқылы түсіндіруге талпынған тарихи еңбектер болып табылады /6/.

Батыс тарихнамасы Англия, Франция, Италия, Германия елдерінің тәжірибесін ұмыт қалдыруға болмайды. XX ғ.ғ. 60–70 жылдары адам өмірін зерттеуге байланысты қызығушылық артты, осыған орай күнделікті өмір тарихымен ең алғаш неміс ғалымдары айналыса бастады. «Мемлекеттік саясат пен жаһандық қоғамдық құрылымдар мен үрдістерді талдаудан басқа, қарапайым адамдардың күнделікті өмірін зерттеуге бет бұрайық»деген ұран жүрді.

1984 жылдың 3-6 қазанында Берлинде күнделікті өмір тарихы мәселесіне қатысты дискуссия болып өтті. Ю. Кокканың редакторлығымен дискуссия материалдары «История сверху – история с низу» деген атаумен жарыққа шықты.

Қазіргі заман ресей тарихнамасында күнделікті өмір тарихына арналған арнайы методологиялық аспектілер жасауға көңіл бөлініп отыр. 2002 жылы 16 сәуір күні Ресей ғылым академиясының жанынан Ю.А.Поляковтың төрағалығымен «Человек в повседневности: прошлое и настоящее» деп аталатын Ғылыми кеңес ашылды. Кеңес жұмысы төрт бағытта жұмыс жасайды:

Бірінші бағыты: тарихи –демографиялық, туылу, өлім, өмір сүру ұзақтығын, денсаулық, ауруға шалдығу, медициналық жәрдем беру.

Екінші бағыты: жанұя, жанұялық сырластық қатынастар, ұрпақ арасындағы қарым–қатынас, жанұядағы бала тәрбиесі.

Үшінші бағыты: тұрмыс жағдайына мән береді: үймен, азық – түлікпен, киім, байланыс құралдарымен қамтамасыз ету.

Төртінші бағыты: демалыс, туризм, спортпен айналысу, мерекелік шаралар өткізу дәстүрлері мәселелерімен айналысады.

Ғылыми кеңес Ресей және шетел ғылыми мекемелерімен бірлесе ғылыми еңбектер жазумен айналысып, ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізеді.

«Күнделікті өмір тарихын» зерттеудің алғаш нәтижелері журналдар мен жинақтарда басылып шықты. 1994 жылы тамыз айында Санкт-Петербургтік экономика және финанс университеті жанынан өткен «Российская повседневность 1921-1941г.г.: новые подходы» деп аталатын халықаралық конференцияның материалдар жинағы маңызды еңбек болып табылады. Конференцияға Ресей және шетелдің білікті экономистері, тарихшылары, саясаттанушылары, әлеуметтанушылары, этнограф, әдебиетшілері қатысты /7/.

Е. Ю.Зубкованың «Послевоенное советское общество: политика и повседневность. 1945-1953 г.г.» монографиясы құнды еңбек болып табылады. Еңбек «Социальная история России XX века» сериясынан шықты. Монография екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі бірінші онжылдық тарихына арналады. Зерттеу жұмысы үлкен кешенді мұрағат материалдарына жүгініп, қоғамның көңіл-күйін, саясатқа көз-қарасын білдіреді.

2003 ж. «Документы Советской истории» деп аталатын жинақтың сериясынан «Советская повседневность и массовое сознание 1934-1945» және «Советская жизнь 1954-1963 г.г.» деп аталатын еңбектер шықты. 1934-1945ж.ж. аралықты қамтитын бірінші жинақта соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі күнделікті өмірді сипаттайтын құжаттар қамтылып, қоғамдық көңіл-күй, армиялық өмір мен соғыс күндері, халық шаруашылығы, өнеркәсіп және еңбек қатынастары, кеңестік адамдар тұрмысы, тұтыну, баға, шығындар мен кіріс мәселесі, демографиялық жағдай және репрессиялық тәжірибе мен қылмыс мәселесі қарастырылады.

Қалатанушы зерттеушілер А.Б.Каменеский, С.Ю.Малышева, А.С.Синявский Ресей ғылымының дамуына маңызды үлес қосты. 2003 жылы «Живая история: повседневная жизнь человечества» деп аталатын сериядан Г.В.Андреевскийдің, Д.Засосова, В.Пызинаның еңбектері жарыққа шықты.

Г.В.Андреевскийдің еңбегі Мәскеу қаласының XX ғ. 20-40 жылдарына арналып, естелік, мұрағат және баспасөз материалдары негізінде жазылған. Автор соғысқа дейінгі және соғыс кезіндегі уақытты сипаттап, Мәскеу қаласының қарапайым адамдарының еңбек әрекетіне, тұрмыс жағдайына, қылмыс әлеміне, коммуналдық құрлыс жұмысына сараптама жасайды.

Күнделікті өмір тақырыбы қазіргі ғылыми қызығушылық аймағына берік еніп, тұрмыстық мәдениет, әртүрлі кезеңдегі өмір сүру салтына қатысты мәселелер зерттеле бастады. Күнделікті өмір мәселесі зерттеушіден әртүрлі әдіснамалық принциптерді қажет етеді. Қазіргі ғылым өрісінде көбіне пәнаралық

зерттеулерді талап етеді. Күнделікті өмірді түсіну схемасын жасай отырып, зерттеуші гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарына сүйенеді. Күнделікті өмір тарихын зерттеу арқылы біз қоғамның мәдени, әлеуметтік және саяси даму жүйесі туралы толық мәлімет бере аламыз.

Күнделікті өмір тарихы туралы шынайы мәлімет беретін материалдар:

- 1) табиғи деректер—шынайы және қолдан жасалған өмір сүру ортасы (рельеф, климат, флора, фауна т.б.);
- 2) жаппай (демографиялық) деректер – туылуды, неке, ажырасуды, өлімді тіркейтін құжаттар, әртүрлі түрдегі төлқұжаттар, мүшелік билеттер т.б.
- 3) заттай деректер –құрылыстар (құрылыстың сырт келбеті, ғимарат жоспары), жиһаз, тұрмыстық заттар, ыдыс-аяқ, киім, балалар ойыншықтары т.б;
- 4) жеке тұлғаға қатысты материалдар –күнделіктер, жұмыс блокноттары, жазба кітапшалары, күнтізбелер, мекен-жай мен телефон алфавиттері, хаттар, мемуарлар;
- 5) көркем деректер –сурет, живопись, гравюра, карикатура, хроника, документалдық кино, теледидар бағдарламалары, көркем әдебиет, т.б;
- 6)заттар тізімдемесі, музей жинақтары, архитектуралық жобалар, қалалар жоспары, карталар, ресми есептер, статистикалық мәліметтер;
- 7) хабарламалар, афишалар, театрлық және концерттік бағдарламалар, плакаттар, ас мәзірі, ашық хаттар;
- 8) жазба деректер – ережелер жинағы соның ішінде иллюстрацияланған басылымдар, газет, журнал басылымдары.

Күнделікті өмір тарихын зерттеуде күнделік жазбаларына аса назар аудару керек, өйткені «күнделік», «күнделікті өмір» ортақ түбірге ие. Күнделік жазбасынан тікелей автор туралы мәліметтер мен бұл адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын анықтауға болады. Күнделік жазбаларында 2 түрлі күнделікті өмір сипатталады:

- 1) қоршаған ортаның өмірі мен автордың күнделікті өмірі;
- 2) тікелей автордың жеке өмірі.

Күнделіктердің 2 белгісі таралған: тақырыптық-хронологиялық және әлеуметтік кәсіптік бағыт.

Н.Н.Козлова күнделіктермен жұмыс істеу барысында «адамдар құжаттарын оқу» деп аталатын ерекше әдіс ойлап тапты. Ол қарапайым адамдар қолданған тілмен жұмыс істеуді қарастырады. Күнделік жазбалар хаттар мен естелікке қарағанда адамның өзіндік тұлғалық ерекшеліктерін айқын көрсетеді және «адамдық құжаттар» әртүрлі типте мәлімет беретініне көзіміз жетті, әртүрлі топтарға жататын адамдар хаты әртүрлі болады», –деген шешімге келді /8/.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Лебедева Л.В. Повседневная жизнь пензенской деревни в 1920-е годы: традиции и перемены/ Л.В.Лебедева. -М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2009. С.5-6.
- 2.Дорофеева З. Е. Социология культуры и повседневность // http://sociologist.nm.ru/articles/zlata_01.htm#u25.
3. Сыров В.Н. О статусе и структуре повседневности (методологические аспекты) // Личность. Культура. Общество. 2000. Т.2. Спец. выпуск. С. 147-159.
- 4.Бутенко И.Б. Социальное познание и мир повседневности: горизонты и типики феноменологической социологии. М.. 1987. С. 25.
- 5.Бродель Ф. Материальная цивилизация, экономика а капитализм XV-XVIII в.в. Т.1. Структуры повседневности: возможное и невозможное.М., 1986, С.41

- 6.Пушкарева Н.Л. Предмет и методы изучения «Истории повседневности» //Этнографическое обозрение. 2004. № 5.С. 21.
7. Вамбольдт Н.В., М.П.Шубина. Повседневность в истории // Электронный научный журнал «Вестник Омского педагогического университета». – 2006№ – (www.omsk.edu.ru)
- 8.Козлова Н.Н. Социология повседневности: переоценка ценностей // Общественные науки и современность. 1992. № 3. С. 48.

РЕЗЮМЕ

В последние годы в науке возрос интерес к проблемам повседневности, стали появляться исследования по проблемам бытовой культуры, образа жизни в различные эпохи. Тема повседневности прочно вошла в сферу современного исследовательского интереса и уже успела обрести собственной традицией.

ТҮЙІНДЕМЕ

Соңғы жылдары тарих ғылымында тұрмыстық мәдениеттің әр дәуірлерге жататындығы және күнделікті қажеттіліктен тұратындығы анық байқалады. Күнделікті қажеттілік қазіргі кездегі ғылыми зерттеулердің өзіндік дәстүріне айналды.

ЯСИР АРАФАТТЫҢ ПАЛЕСТИНАНЫ АЗАТ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Жалмагамбетов Е.А. магистрант (Қызылорда қ., Қорқыт Ата атын. ҚМУ)

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдегі саяси, әлеуметтік, экономикалық процестер екі алпауыт мемлекеттердің АҚШ пен КСРО-ның ықпалымен дамыды. XX ғасырдың 50-60 жылдары әлем картасында жаңа мемлекеттер пайда болды. Солардың ішіндегі Израиль мемлекетінің құрылуы, Таяу Шығыста қазіргі кезеңге дейінгі созылып келе жатқан қақтығыстарды тудырды. Таяу Шығыстағы қақтығыстарды шешу үшін бүкіл әлем күш жұмылдырды. Палестина аумағында құрылған Израиль мемлекеті сол аймақтағы араб және еврейлердің қақтығыстарына ұласып, сол кездегі бүкіл араб-ислам әлемі еврейлерге қарсы шықты. Осы Палестина халқының мүддесін қорғап. Бүкіл өмір бойы қызмет еткен ұлы адамдардың бірі Ясир Арафат

Арафаттың өмірбаянына келсек, оның әкесі Әбдель Әль-Кудва дәулетті жанұядан шыққан. Оның әулеті ғасырлар бойы саудамен айналысып, Газа және Хан Юнис қалаларында әйгілі әулеттердің бірі еді. Арафаттың анасы – Захва Әбу Саид Иерусалимдегі Махмут Әбу Саид деген саудагердің қызы. Захваның әкесі Махмут Әбу Саид Иерусалим қаласының муфтиясы Әмін Әл-Хусейнидің ағасы болған. Ал Әл-Хусейн әулеті өзінің бастауын Хусейн бен Әлиден алды. Хусейн бен Әли пайғамбарымыздың қызы Фатиманың екінші ұлы. Бұл Захваның Мұхаммед пайғамбарымыздың ұрпақтарының бірі екендігін көре аламыз. Махмуд саудагер болғанымен де, олар дәулетті жанұялар қатарына жатпады /1/.

1927 жылы Арафаттың жанұясы Каир қаласына қоныс тебеді. Алғашқыда жас жұбайларға Әбдел Әл-Кудва туысқандары көмектеседі. Сол жылдың желтоқсан айында Арафаттың әкесі Каирдің шетіндегі аймақтан үй сатып алады да, өзінің барлық заттарын осы жерге көшіреді. Бірақ ол жеке шаруаларымен Палестинаға, көбінесе Иерусалим, Газа қалаларына барып тұрды. Абдел Әл-

Кудва жанұясында 1929 жылдың 23 тамыз күні 4-ші бала дүниеге келеді. 24 тамыз күні Абдел Әл-Кудва Каир қаласында 4-ші баласын тіркейді. Оның атын Рахман Абдел Рауф Арафат Әл-Кудва Әл-Хусейни деп қояды. Баланың өзінің аты Рахман, Абдел Рауф әкесінің аты, Арафат – Мекке қаласындағы киелі таудың аты. Алғашқы жылдары Рахман анасының тәрбиесінде болды. Рахман «мейірімді» деген мағына береді. 1933 ж. Рахман 4 жасында анасы Захва қайтыс болады. Абдел 7 баласымен жалғыз қалады. Ол Рахманды және оның інісі Фатхиді Захваның ағасы – Салим Әбу Саидке Иерусалим қаласына жібереді. Иерусалим қаласында ол бүкіл жастық шағын өткізеді. Кейінірек Арафаттың айтуы бойынша Иерусалим қаласы оның нағыз үйіне айналды және өзінің азамат ретінде қалыптасуына көп әсерін тигізді. 1936-1939 жылы арабтар мен еврейлердің арасындағы қақтығыстарын өз көзімен көреді. 1937 ж. Рахманның әкесі 2-ші рет үйленгеннен кейін Рахман мен Фатхи Каирге қайтып келеді. Рахман көшіп келгеннен кейін оның әкесі Каир қаласының Яс-Сакакини ауданынан үй сатып алады. Көршілесі Захваның үлкен ағасы Юсуф Авад Әл-Акбар тұратын. Юсуф Әл-Акбар сол жердегі иман қызметін атқарып жүрді. Рахман Юсуф Әл-Акбардың қол астында болып, ол Рахманға құранды жаттатып, суниттік тәрбие береді. Рахман Юсуф Әл-Акбардың шәкірттерінің ішінде ерекшеленіп тұрды /2/.

1948 ж. Израиль мемлекетінің құрылуы мен І-ші араб-израиль соғысы нәтижесінде Арафат жанұясы Газаға көшіп келеді. Сол кезде 19 жастан Арафат алғашқы рет соғысқа қатысып, сионистерге қарсы қару көтереді. Бірақ соғыс нәтижесінде арабтар жеңіліс табады. Миллионға тарта арабтар үйлерінен айырылып қалады, өз жерлерінен көшуге мәжбүр болады. Израиль Палестинаға БҰҰ шешімі бойынша берілген жерлерді тартып алады. Ал Газа секторы Египетке өтеді, Иордан өзенінің батыс бөлігі Иорданияға өтеді. Осы соғыстан кейін палестиналықтар жалғыз өздері Израиль сионистеріне қарсы соғыс жүргізе алмайтынына көз жеткізеді. 1950 жылдың басында Арафат Каирге қоныс аударады. Арафат Каир университетінің инженерлік факультетіне оқуға түседі. 1952 жылы ол Мысырдағы Палестиналық студенттер одағын құрады. Бұл ұйым сол кездегі «мұсылман бауырлары» ұйымымен тығыз қарым-қатынас жасайды /3/.

1957 ж. Арафат университет біріктіргеннен кейін Каирден Кувейтке көшіп келеді. Кувейтте сол уақытта үлкен палестина диаспорасы қалыптасады. Дәл сол жерде 1950 ж. соңында келешекте үлкен саяси күшке айналатын шағын ұйым құрылады. Бұл ұйым «Палестинаны азат ету ұлттық қозғалысы», қысқаша «Фатх» деп аталды. Арафаттың ойынша «Фатх» басқа ислам мемлекеттердің ішкі саяси жағдайына араласпай, тек қана Палестинаны сионистерден азат ету үшін қызмет жасау керек деп сенді. «Фатх» басқа араб елдерінің ішкі саясатына араласпау саясатын ұстанды. Ал, басқа ислам ұйымдары араб елдеріндегі ішкі саясатына белсенді араласып тұрды. Мысалға «Мұсылман бауырлары» ұйымы Мысырдағы шілде революциясын жасауда маңызды рөл атқарды. Ал Фатхтың көтерген идеясы ол тек қана Палестинаны азат етуді мақсат тұтты. «Фатх» ұйымы араб әлемінде қолдау тапты. Оның ең негізгі тірегі бай араб елдері қаржылай көмек көрсетіп отырды. Бұған қоса ол басқа да мұсылман ұйымдарынан тірек тапты.

1964 ж. қаңтар айында араб мемлекеттерінің кезекті кездесуінде жаңа ұйымды құруды талқылады. Нәтижесінде 2 млн. Палестиналық арабтардың мүддесін қорғайтын Палестинаны азат ету ұйымы құрылды. 1964 ж. Иерусалим қаласында ұлттық Палестина конгресінің 442 делегаттар қатысуымен жиналыс өтеді. Жиналыста Ұлттық Палестина кеңесінің І-сессиясы өтеді. Осы сессияда 1964 ж. 1 маусымда Палестина Азат ету ұйымы құрылғандығын жариялайды. ПАҰ негізгі мақсаты Израиль мемлекетін жою, сонымен қоса Палестина жерінен

еврейлерді қуып, сионистерден тазарту міндеті жүктелген. Мақсатқа жету үшін тек қана қарулы жолмен, соғыстар нәтижесінде жету керектігін айтты.

1964 ж. қыркүйек айында Палестинаны Азат ету армиясы құрылды. Ол алғашқыда 3 бригадadan тұрды. «Фахт» алғашқы әскери операциясын 1965 ж. жүргізген. Осы күннен бастап Палестина қарсыласу қозғалысы (ПҚК) дүние келген күні деп есептейді. Осы ұйымға алғашқы көмекті Сауд Арабиясының королі Фейсал қаржылай көмек көрсеттіп, саяси көмекті алғашқы көрсеткен мемлекеттер Сирия мен Алжир, ал Мысырдағы Насер үкіметі нейтралитет сақтайды /4/.

1969 жылы Фатх ұйымының лидері Ясир Арафат ПАҰ бас хатшысы болып сайланды. 1970 ж. Арафат Палестина азат ету армиясының бас қолбасшысы қызметіне кіріседі. Ясир Арафатты осы кезден бастап бүкіл араб әлемі мойындап, Палестинаны азат ету қозғалысында ең жоғарғы сатыда тұрды. 1970 ж. Палестинаны азат ету ұйымы үлкен саяси күшке айналғанымен де, азат ету қозғалысын өте қиын жағдайларда жүрді. Израиль Палестинаның көптеген аймағын жаулап алды. Әлем тек қана Газа секторы мен Иордан өзенінің батыс бөлігін ғана окупациялық аймақтар деп есептеді. Қалған Палестина территориясын Израиль мемлекетінің заңды жері деп есептелінді. Осындай әділсіздікке қарсы ПАҰ күресті. Газа секторы бұл кезеңде Египет мемлекетінің қол астында болып, ал Иордан өзенінің батыс бөлігін Иордания өз мемлекетінің шекарасы санады. Алғашқыда ПАҰ бас штаб пәтері Иорданияда орналасқан еді. Бірақ 1970 ж. Иорданиядағы азамат соғысы ПАҰ-ның Ливанға ауысуына мәжбүр етті. Бұған қоса Иордания королі ПАҰ-мын Иорданиядағы азамат соғысына тікелей қатысты деп айыптады. 1970-1982 ж. Аралығында ПАҰ штаб-пәтері Бейрут қаласына ауысты. Осы кезден бастап Арафат Тәуелсіз Палестина мемлекетін құру екендігіне көз жеткізді. Осы кезден бастап ол халықаралық аренада ПАҰ-ын Палестина халқының заңды уәкілі деп тануға күш салды /5/.

Нәтижесінде 1974 ж. Рабат қаласындағы жалпы арабтық кеңесте ПАҰ Палестина халқының заңды уәкілі деп таныды. Бұл Я.Арафат және Палестина халқы үшін болған үлкен қуаныш. Көп кешікпей ПАҰ-ын Кеңес Одағы, Батыс Еуропа, БҰҰ және басқа да араб-ислам елдері мойындады. Осындай нәтижелерге жету, ол тек қана күрестің алғашқы жемістері. Алда Палестина халқы үшін жеке мемлекет құру, босқындар мәселесін шешу керек болатын.

1974 жылдың қараша айында Ясир Арафат БҰҰ сөз сөйледі. Осы кездесуде Я.Арафат Израиль мемлекетіне Палестина түйінін бейбіт түрмен шешуге шақырады. Осыдан кейін ПАҰ-ын 100-ден аса мемлекет мойындайды. Тек қана Тель-Авив пен Вашингтон ПАҰ террористік ұйым ретінде қабылдайды. 1980 ж. Арафат және ПАҰ-мы өзінің тірек базасы ретінде Ливан мемлекетіне ауысады. Палестина түйіні осы кезде жалғыз Палестина емес, сол аймақтағы барлық мемлекеттер соғыстың астында қалады. Сондықтан осы аймақтағы қақтығыстарды тоқтату үшін бүкіл әлем қолға алады /6/.

1982 ж. Ливан соғысынан кейін Арафат Бейруттан кеткеннен соң, аймақтағы тыныштық сақталған жоқ. Керісінше радикалды ислам ұйымдары Израильге қарсы 1982 жылғы Ливан соғысы үшін террористік актілерді күшейтті. Әсіресе 1987 жылдан бастап Хамас, Ислам-Джихада сияқты ұйымдар Палестина, Ливан жерінде демонстрациялар, көтерілістер және террористік актілерді жиі ұйымдастырып отырды. Бұлардың барлығы Израиль жаулаушылық агрессиясына бағытталған актілер болатын. Израиль қазіргі уақытқа дейін өзін жапа шегуші, қорғанушы, ел ретінде көрсеткісі келеді. Бірақ нағыз террорист ол Израиль мемлекеті. Сол себепті 1987 ж. Израильге қарсы Интифада басталады /7/.

1988 жылы Я.Арафат және ПАҰ біртіндеп Израиль мемлекетін жою идеясынан бас тарта бастайды. Арафат өзендей ағылып жатқан палестиналықтардың қанын тоқтату үшін күрестің басқа жолдарын іздестіре бастайды. 1988 ж. Алжирде Палестина Ұлттық кеңесінің өткізілген жиналысында тарихты өзгерткен үлкен жаңалық болады /8/.

1988 жылы 15 қараша күні ПАҰ «Палестина мемлекетінің» құрылғандығын мәлімдеп, 1989 ж. 2 сәуірінде Палестина Ұлттық кеңесінде Арафатты құрылған Палестина мемлекетінің президенті етіп сайлады. Құрылған мемлекетті Израиль мойындамайды. Бірақ соған қарамастан бұл Палестинада мемлекет құрудың алғашқы қадамдары еді.

1993 ж. 13 қыркүйекте Вашингтон қаласында Израильдің сыртқы істер министрі Шиман Перес пен ПАҰ өкілі Махмуд Аббаспен кездесу болады. Осы келіссөздер нәтижесінде Газа секторы мен Иордан өзенінің батыс бөлігінде Палестина автономия құрылғандығы жөнінде келісімге келеді. 1994 ж. 4 мамыр күні ресми түрде Каирде Израиль мен ПАҰ кездесуінде Палестина автономия құрылғандығын хабарлайды. Палестина аумағына Газа секторы және Иерихон аймақтары кірді. Израиль жоғарыда айтылған аймақтардан 3 апта ішінде өз әскерін шығаруына келісті. Палестина кеңесі құрылу керектігі және кеңес 24 адам тұру тиіс еді. Жаңа әкімшілік құқығында территориялық, функционалдық міндеттер болды. Ал қоғамдық тыныштық сақтау үшін автономияда полиция құру керектігі айтылды. 1994 ж. 17-18 мамыр күндері Газа секторы және Иерихон территориялары палестиналықтар қол астына өтіп, Тунистен Газаға ПАҰ лидері Ясир Арафат көшіп келді /9/.

1993 жылы Я.Арафат және И.Рабин Нобель сыйлығының лауреаттары атанды. Бұл Таяу шығыстағы Палестина түйінінің шешімін тауып, сол аймақта бейбітшілік орнатқан үшін берілді. 1995 жылы И.Рабин сионистік террористердің қолынан қаза тапты. Сионистерге Палестина Автономиясының, Израиль-палестина арасындағы бейбітшілік қарам-қатынас олардың жоспарына сай келмеді. 1993 жылдан басталған бейбітшілік орнату іс-әрекеттері 1997 жылы Нетаниягунің күшімен тұйыққа тірелді. Осы тығырықтан шығу жолдарын іздеген Израиль, Палестина Автономиясының басшыларымен 1997 жылдың соңында диалогты жалғастыруға шешім қабылдады. АҚШ-тың араласуымен аймақтағы бейбітшілік сақтау үшін 1998 жылдың 23 қазанда Вай Ривер қаласында екі тараптар келісімге келді /10/.

Осылай Израиль мен Палестина Автономиясы арасындағы кездесу бітіп, біршама келісімдерге келді. Израиль 13,1 пайыз жерді беруіне кепілдік бергенімен бұл өте күрделі процесс. Ясир Арафат соған қарамастан шағын саяси жеңіске жетті. Я.Арафат өмір бойы Палестина халқының әл-аухатын, бейбітшілігін ойлап, ғұмыр кешкен жандардың бірі еді. Оның өмір жолы өте ауыр болды. Оған қарсы көптеген қастандықтар ұйымдастырған еді. Солардың ішіндегі ең ірілері:

1960 жылдың соңында Израильдің сионистік ұйымы палестиналық арабты Иордания ПАҰ бас пәтеріне жіберіп, Арафатты өлтіруге бұйрық берді. Иорданияға барған араб ПАҰ-ның қызметкерлеріне барып Бейрутке не үшін келгенін айтып береді.

1973 жылы Ливанда болған қастандықтан кейін Арафат тірі қалады. Қастандықты Израиль әскері ұйымдастырған. Сол әскердің құрамында болашақ Израиль премьер-министрі Э.Барак қызмет етті. Қастандық нәтижесінде 3 палестиналық қаза тапты. Я.Арафат тірі қалды.

1982 жылы ПАҰ мен Арафат Бейрутта Израиль әскерінің қоршауында қалған болатын. 29 маусым күні Израиль үкіметі қоршаулағы адамдарға шыға

беруіне рұқсат берді. Бірақ « Моссад» ұйымы Бейрутты бомбалай бастады. Бомбалаудың мақсаты Арафаттың көзін жою еді. Бұл әрекет сәтсіз аяқталды.

1985 жылы 1 қазан жұлдызында Израиль әуе күштері Я.Арафат пен ПАҰ-ның орналасқан Тунис мемлекетінің астанасын бомбалады. Арафат аман қалды, 73 ПАҰ-ның қызметкерлері мерт болды.

1995 жылдың 15 қараша күні Палестиналық тәртіп сақшылары бір топ адамды қамауға алады. Кейіннен бұл қылмыскерлер тікелей Әбу Нидала ұйымы мен тығыз байланысын анықтайды. Осылай Арафатқа ұйымдастырылатын қастандыққа жол бермеді.

2002 жылдың 6 маусымда Я.Арафат ресми түрде Израиль мемлекетінің танкілерінің Раммалладағы резиденциясын оқ атқылауын айыптады. Арафаттың айтуынша сол кезде ол төменгі қабаттында жүрген, сол себепті аман қалды.

2003 жылы мамыр айында ПАҰ ішкі істер министрі Хант Әл-Хасан Я.Арафаттың атына сібір язвасының вирустары бар хат келгендігін хабарлады. Қауіпсіздік қызметі дер кезінде бұл өте қауіпті хатты заласыздандырды.

Сонымен бірге Я.Арафат екі апаттан кейін тірі қалды:

1991 жылы Парсы шығанағындағы соғыс кезінде Арафаттың көлігі Амман-Багдад трасасында көлік апатына ұшырады. Оның көлігі бірнеше рет аударылып, қасындағы адамдар түгел қаза тапты. Тек Ясир Арафат аман қалды.

1992 жылдың 7 сәуірде Суданнан келе жатқан ұшақта Я.Арафат Ливия аумағындағы дауылда апатқа ұшырады. Ұшақтағы барлық адамдар мерт болып, Я.Арафат ғажайып түрде тірі қалды. Бірақ аз ғана жарақаттар алды. Ол 13 сағат бойы Сахара құмдарында көмек күтіп отырды /11/.

2004 жылы 28 қазан айында Я.Арафаттың денсаулығы қатты нашарлап қалғанның хабарлады. Келесі күні 29 қазанда оны Париждегі Percy de Clamart әскери ауруханасына рак немесе ұланған деген диагнозбен түседі. Арафаттың денсаулығы сағат сайын күрделілей түсті. Біраздан кейін оны комаға түскендігін хабарлайды. 11 қараша күні Я.Арафат Палестина Автономиясы мен ПАҰ басшысы, бүкіл өмірін палестина халқы үшін күресте өткізген жауынгер, Палестинаны азат ету үшін бар күшін, денсаулығын жұмсаған азамат Париждің әскери ауруханасында көз жұмды. 2004 жылдың 24 желтоқсан күнінде Я.Арафаттың денесі тік ұшақпен Каирге әкелінді. Кейін оны Раммаллаға апарып, сол жерде көмді. Кейінен Раммаллада мавзолей салып, сол жерде Я.Арафаттың бүкіл өміріне байланысты музей салынды. Я.Арафатты көмгенде оған арнайы Омар мен Әл-Акса мешіті арасындағы 10 қапқа толтырылған арнайы топырақ әкелінді. Өйткені, Я.Арафаттың соңғы сөзінде оны осы екі мешіттің арасында көмуін тапсырған /12/.

Ясир Арафат бүкіл ғұмырын Палестинаны азат етумен өткізді. Студенттік шақтан бері ол барлық күш-қайратын сионистерге қарсы күреспен жұмсады. Келешек ұрпақ үшін ол өз халқының сүйікті ұлы, өз жауына кешірімсіз жауынгер болуды өнеге еттіп кетті. Ясир Арафаттың есімі өз халқының жадында, бүкіл әлем тарихында мәңгілікке қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Страны мира. Краткий политико-экономический справочник. М., 1986.С.246-247.
2. Юрьев Ф.М. История стран Азии и Африки (1945-1990гг.)М.,1994.С.130
- 3.Флоден Г. Мирный процесс на Ближнем востоке.//SIPRI Yearbook, World Armaments & Disarmament. Oxford University Press,1998. 223б
4. Г.П.Колыхалова. Внешняя политика стран Азии. М., 1983.С.250.

5. История международных отношений и внешней политики: Учеб. Пособие. В 3-х ч., ч.3 (под ред Ж.У.Ибрашева.), -А., 1998. С.216.
6. Шреплер Х.А. Международные экономические организации. М., 1999. С.321
7. Дотух Яхья Баба. Большой потенциал сотрудничества с Россией// Международная жизнь. -М., 1997. - №11-12. С.69.
8. Актуальные проблемы Ближнего Востока. М., 1998. С. 696
9. Супонина Е. Кэмп-Дэвид-2// Новое время. №43-44. 1998. 32б.
10. Примаков Е.М. Годы в большой политике. Москва, 1999. С. 379б.
11. Новгородова М.А. Институт экспорта Израиля: становление и современный этап. Востоковедный сборник. Выпуск 2. Москва .2001. С.285б.
12. Сатановский Е.Я. Израиль в современной мировой политике. Москва.2001. С.142.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала Ясир Арафаттың өмірі мен күрес жолына арналған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена жизни и деятельности Ясир Арафата.

ОТБАСЫНДАҒЫ ТУЫСҚАНДЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

Жолдасбаева Ж.А., -3 курс студенті (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Дәстүрлі қазақ қоғамын саяси – экономикалық, идеологиялық біртұтас организм ретінде қалыптастырған маңызды институттың бірі – туыстық қарым-қатынастың алатын орны мен беретін тәрбиесі және оның әлеуметтік саяси мәнінің қазіргі қоғамдағы ролі өте маңызды. Ата-бабаларымыз «адам - адаммен бай», «кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар» деп арасындағы қарым-қатынасқа зор мән берген.

Үлкенді сыйлау, кішіге қамқоршы болу, тіпті бейтаныс жолаушыға қой сойып, дастарқан жаю, сот абақтысыз-ақ ел арасында түрлі жан-жалдың әділетті шешімін табу және т.б. Бұның бәрі қазақтың қарым-қатынасының имандылыққа, жалпы адамгершілікке сүйенген негізін, бір тәртіпке бағынған жүйелілігін дәлелдейді.

Қоғамдағы қарым-қатынастың бір бөлшегі – туыстық қарым-қатынас. Соның ішінде отбасылық қарым-қатынас. Қазақ халқында туыстық қарым-қатынас (еркек тарапынан) жеті атаға, яғни ұрпаққа созылады. Жетінші ұрпақты қазақтар «немене» немесе «туажат» деп атайды. Мұның өзіндік мәні бар. «Немене» деген атаудың өзі беймәлім, түсініксіз деп сұрақ қойып тұрған сияқты. Ал «шөпшек» шөбереден кейін. Шөпшек деп қазақтар ағаштың қурап, сынып түскен жіңішке бұтақтарын айтады. Осыған қарағанда, жеті атаға толғанда сегізінші ұрпақтың туыстық мәні жойылып, туажат (бөтен) елге саналады да, қыз алысуға жол ашылады.

Адамның туып-өскен үйі, әке шаңырағы ер жетіп, бөлек отауға шыққан кезде «қара шаңырақ», «үлкен үй» атанады. Ағайынды жігіттердің әке-шешелері қайтыс болса «қара шаңыраққа» кенже бала ие болады. Кенже балаға ауысқан киелі шаңырақ бұл ата-анасының түтін түтеткен орны, барлық ұрпақ үшін қадірлі, қасиетті орда есебінде қастерлі. Оған барлық отаулар, ұзатылған қыздар, құда-жекжаттар ырым қылып әр түрлі киіт, сыйлықтар, соғым сойғанда мүшелеп сыбағалар әкеліп тұрады. Қара шаңырақты қадірлеу – ата-баба аруағын қадірлеу

болып табылады. Ата-ананың басқа балаларына енші, жасау бөліп беруде қалған барлық мал-мүлкі де осы «қара шаңырақта» - кенже балада қалады. Кенже баласын әке-шешесі «Шаңырағымның, барлық жиған-тергенімнің иесі, анық мұрагерім» - деп те еркелетіп жақсы көретін болған.

Туыстық қарым-қатынас қазақта бір-біріне қол ұшын беріп, көмек көрсету тұрғысында да өзінің кең пейіл бауырмалдығымен, дарқандылығымен, жомарттылығымен, білек түре белсенді кірісіп кетер қауымшыл аралас-құраласшылдығымен айқын байқалады. Мәселен, қыз ұзату, келін түсіру, енші беру сияқты қуаныш кезінде немесе кісісі өлген үйге аза салу, оның жетісін, қырқын, жылын беру, яки кездейсоқ апатқа, жұтқа, өртке ұшырап, мал-мүліктен жұрдай болған, ақшадан-дүние қаржаттан қысылған туысқа туыстық жақындығымен өз шама-шарқынша «қосқаным» деп көмек көрсету әдеті бұған дәлел. Мұндай көмек халық арасында әр жерде әр түрлі «жылу», «немеурін», «үме» деп аталады.

Отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға, бекітуге байланысты «Салт-дәстүрлер халықтардың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Оның жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттері дамып, жетіліп жаңа мағынаға ие болады». Ендеше, қоғамның мүшесі, ұлт өкілі сол қоғам қабылдаған жүріс-тұрыс ережелерін өз бойына дарытады.

Қандай қоғам болмасын оның құрылымдық ерекшеліктері, ортақ заңдылықтары алдымен отбасында, қауым ішінде қалыптасатыны заңды.

Қазақ этносының тіршілігіне қарай отырып қауым мен отбасының ортақ моделі болуы мүмкін бе деген сауал ойға келеді. Оның себебі қазақ қоғамы біртұтас болғанымен оның құрамдас бөліктері әр түрлі екендігі. Біз бұл жерде қазақтың әр түрлі рулардан құралғандығын емес, этноәлеуметтік құрамындағы әр түрлі этнографиялық топтарды айтамыз. Әрине, жалпы ел тұтас көшпелі болғандықтан оның ортақ қасиеттері болмай қоймайды, дегенмен де қоғамнан оқшау шаруашылық-мәдени типтері, субэтникалық топтар отбасы мен қауымның қандай үлгісін құрды екен, осы мәселеде қызықты болып есептеледі.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында, қазақтың ірі рулары өз ішінде қыз алып, қыз берісуге үзілді-кесілді қарсы болатыны да оңайлықпен ыдырамауының кепілі. Қазақ өзінің отбасын қатты қадірлейді. «Өзімнің үйім - өзіме мешіт» деген сөз қазақтың ұғымына сәйкес. Сонымен қатар, бала асырап алуы өте жиі кездеседі. Қазіргі таңда, яғни XXI ғасырда бала асырап алу салты бойынша тастанды балалар үйінен бала асырап алу санының өскенін статистикалық мәліметтер көрсетеді. Қазақ шежіресінде осы құбылысты әр қырынан, әр түрлі мысалдармен суреттейді. Қазақ арасында жиі кездесетін қалмақ немесе жетімдер, мамадайыр, құсшы, сабашы, естек, ноғай, сарт атауына қатысты рулардың көпшілігі қазақ ішіне асырап алу арқылы сіңген.

Қазақ халқы да барша халықтар сияқты, еңсесін сала еңбек ете білетін, жұрттарды озық өнерімен тамсандырған, думаншыл, сауықшыл елдердің бірі. «Той десе қу бас домалайды» деп бекерге айтылмаған.

Той – өткендегі ізгіліктер мен жақсылықтарды, озық дәстүрлерді жаңғыртып, жалғастырып отыратын тәлімі мол мереке.

Той – аға ұрпақ пен бала ұрпақ арасындағы дәнекер көпір.

Ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып ерекшеліктері адамның дүниеге келуімен, өмірінің әр кезеңдегі түрлі оқиғалармен (шілдехана, бесікке бөлеу, тұсау кесу, сүндетке отырғызу, атқа міну, мектепке бару, үйлену немесе тұрмысқа шығу т.б.)

байланысты туындаған және баланың дүниеге келуін ерекше бағалап, қуанышпен атап өтетін болған.

Қазақ халқының жалпы өмірінде қарым-қатынасты реттеп отыратын, туыс-туғандардың, құда-жегжаттардың, дос-жарандардың басын қосып, тығыз байланыс орнатып отыратын тойлардың түрі өте көп.

Шаңырақ көтеру (салт). Жас отаудың алғаш рет шаңырағын көтерудің өзі қазақ үшін тағы бір қызықты, ерекше сәт. Әдетте киіз үйдің шаңырағын ер адамдар көтереді. Ал, жас отаудың шаңырағын кәрі күйеуге көтертуде үлкен мән, ырым бар. Өйткені жасы үлкен күйеу қашанда елге сыйлы және тілектес адам. Қазақ елі осы жолдан әлі айрылған жоқ.

Қапқа салар. Қалыңдығын алуға келген күйеу барлық жол жоралғыларымен, яғни құдалық кәделерімен, үлкендерге арналған сый-сияпатымен, той малымен келеді. Той басталды. Қыз өз үйінен аттанар алдында оның әкесі барлық құдаларға киіт кигізеді. Күйеу баласына да сыйлық береді. Бірақ ол киіт емес «қапқа салар» деп аталады. Ол бағалы киім, қымбат ер тоқым, жігіт жарақтары немесе мал болуы мүмкін.

Қыз ұзату (салт, той). «Ұлын ұяға, қызын қияға қондыру» ата-ананың тілегі әрі парызы. Соның ішінде қыз ұзату үлкен той, думан әрі қызық. Қызды алуға құда (тақ санмен) бес не жеті кейде одан да көп адам келеді. Мұның ішінде бас құда, құдалар және күйеу жолдас болады. Құдалар әдетте кешкілік баруы керек. Мұнда ойын сауық, құдалық рәсімдер мен кәде жоралар жасалады. Жақын адамдар құданы үйіне шақырады. Ұзатылған қызды дәстүр бойынша таң ата, күн шыға жөнелтеді. Оның алдында қыз «Қоштасу жырын», жастар «Жар жар», «Аушадияр» айтылады.

Аушадияр (дәстүр). Үйлену тойы кезінде айтылатын дәстүрлі өлең, жыр. Және жай өлең емес, өзіндік айтылар әні, ерекше тұлтық маңызы бар. Мұны іздеп тауып, өмірге әкелген көп жасағыр жазушы Уахап Қыдырханов екен. Аушадияр жырының үлгілерін шетелдегі қазақтар сақтап, бізге жеткізген. Шынын айту керек бұл қазіргіт қазақстан елінде айтылмайды.

Есік ашар (дәстүр). Күйеу жігіт келіншегін алып, үйлену тойы өткен соң келісілген уақытта өзі қатарлас жас жігіттермен ата-енесінің үйіне келеді. Мұны халық әдебиетінде күйеудің алғаш яғни есік аша келуі дейді. Демек бұл жауапкершілігі мол, бұрын ел жұрт көрмеген күйеуді сынайтын келіс. Күйеу бұл жолы да кәде жорасымен, әдет салтымен келеді.

Беташар (дәстүр). «Уә әлеумет! Енді беташар тыңдайық!». Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі «беташар» жасалады. Оған тойға жиналған туыс-туғандар тегіс қатынасады. Жас келіннің екі жағында екі көргенді келіндері тұрады. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туысқандары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар көрімдік береді.

Егіншілікпен айналысқан жикандар қауымының күзгі жиын-терімнен кейінгі еңбек жемісін атап өтетін той, мереке – *сабантойі*. Уақыт өте келе өмірімізге терең бойлап, кең тараған бұл дәстүр әрбір игі істің сәтті аяқталуына орай да жалғасып жатты. Әр халық сабантойды өзінше ағиды және өткізу тәртібі де әр қилы. Алайда, оның мазмұны «қашанда астық мол, ел тоқ болсын» деген ізгі тілекке ұласып жатады.

«Тумақ болған соң, өлмек парыз» деп, қазақ халқы өлімді шамасы келгенше туған-туыс ауыл аймақ, ел-жұрт болып аса құрметпен аттандыруға ат салысады. Әрине, әрбір өлген адамды соңғы рет алыс жолға аттандыру оның жасына, жынысына, дәулетіне, қоғамдағы орнына және жеке басының беделіне, адамдық

қасиетіне, қала берді артында қалып бара жатқан әке, бала, туған-туыстардың дәулетіне, олардың беделіне, қоғамдағы орнына байланысты.

Халық дәстүрі бойынша науқас адам әлсіреп, өлім халіне жеткен кезде ағайын туғандар жиналып арыздасып, бір-біріне кешірім айтысып, дүниеден өтер алдындағы өсиетін, тілегін сұрап қалуға тырысады. Әдетте өмірде айтқан өсиет, тілек әр уақытта орындалады.

Адам өлісімен, жанында отырған ақсақалдар, оған иман тілеп, бетін жауып, үйдің оң жағына құрылған шымылдық ішіне кіргізіп, басын солтүстікке бетін құбылаға қаратып шалқасынан жатқызады да, үстіндегі киімдерін шешіп, үстін ақ шүберекпен жабады.

Мүмкіндігі бар ауқатты адамдар дер кезінде мәйітке арнап үй тіккізеді де оның денесін сол үйге шығарып, онда да шымылдық ішіне қояды. Мәйітті жерлегенше жеке қалдырмай, ауыл ақсақалдары кезектесіп күзетеді, әсіресе түнге қарай шырақты сөндірмей, мәйітті күзетушілер көз ілмей, әңгімелесіп таң атқанша отыруы керек.

Мәйіт шығатын үй иелері мен ауыл ақсақалдары кеңесіп, жаназаға қай ауылдардан кімдерді шақыру керек екенін шешеді. Халық жаназаға жиналып болғанша өлікті жөнелту қамы жасалып бітеді. Шығарылатын мал, киім, жыртыс, ақша, берілетін ас бәрі ескеріледі. Ауыл адамдары бірінен соң бірі түгел келіп, өлген адамға иман тілеп, үй ішіне, туған туыстарына көңіл айтып жұбатқан болады. Ауыл әйелдері өлген кісінің әйеліне, қыздарына көрісіп жылайды.

Жаназаға шақырылған адамдардан басты-басты адамдар, қожа молдалардың бас аяғы жиналып болған соң өлік иелері ақылдасып 5-7 атаның ұрпағынан бір-бір адамның сүйекке түсуін сұрайды. Бұл арада айтып кететін бір жайт кейбір адамдар өлер алдында сүйегін кімдерге ұстатындықтарын айтып кетеді. Бұл өсиет міндетті түрде орындалады. Ер адамның сүйегіне еркектер түссе, әйел адамның сүйегіне әйелдер түсіріледі. Мәйітті жуып болған соң оны ақыретке (кебінге) орайды. Әдетте әйел кебіні бес, еркек кебіні үш қабат болатындай етіліп пішіледі. Мәйітті үйден шығарарда әйелдер міндетті түрде дауыс шығарып жылайды. Қабір басына әйел адамдар бармайды, тек ер азаматтар ғана барады. Қабір басына жетісімен мәйіт оралған кілемді шешіп алып, алты қабірші мәйітті қабірге түсіріп, жайлап жатқызады. Лақат ауызы жабылмай тұрып жиылған халықтың әрқайсысы бір-бір уыс топырақ тастаған соң қабір шұңқырын көмеді. Қабірге топырақ тастау тек қазақ халқына ғана тән емес, ол басқа да көптеген халықтарға кеңінен тараған көне әдеттің бірі.

Көміп болған соң молда құран оқиды. Жасы келген адамның өлімінде бейіт басында тәбәрік ретінде жыртыс жыртылады. Ауыл әйелдері мәйіт шыққан үйді дереу басқа жерге ауыстырып, оның орнын тазалап, от қойып арулайды. Ал мәйітті жуып шығарған мұндай орынды «аруланған жер» деп атайды.

Мәйіт жерленіп қонақасы берілген соң жетісі, қырқы, жүзі және жылы өткізіледі. Бұл ырымдарды әркім шамасына қарай мал сойып, құран оқытып, марқұмға тие берсінін айтып, еске түсіреді.

Қауымдық дәстүр күшеюі қазақ халқында шаруашылық мәдени өмірінің маңызды жағы болды. Қауымдық өмір салт тек қазаққа ғана тән емес, сонымен бірге басқа да Орта Азия халықтарының яғни өзбек, түрік, қырғыз, тәжіктердің де қоғамдық шаруашылық өмірінде жетекші және топтастырушы қызметін атқарады.

Әр халықта тарихи қалыптасқан өз алдына ежелгі шаруашылық кәсібі бар. Біреулері малшылық кәсіп етсе, екіншісі диқаншылықты т.б. түрлерін кәсіп еткен.

Қоғамдық әрекеттердің көп тараған түрі – асар. Асар – көлемді, үлкен жұмыстарды адамдардың бірігіп атқаруы. Былайша айтқанда, ағайын, туыс, руластар арасында болатын туысқандық жәрдем. Бұл үшін асар жасаған адам

еңбектенгені үшін, ақы емес, қой сойып беретін болған. Осы дәстүр күні бүгінге дейін сақталып келеді. Асар терминінің мағынасына тоқтала кеткен жөн. И.Петрушевскийдің ғылыми еңбектерінде асар сөзіне берілген «0алы4 топ» деген мағынада тұжырымдалған. Ал өзбек тілінде асар сөзі «қорған» деген мағынаны береді.

Жалпы түркі халықтары алғашқы егіншілік жұмыстарын көктемгі мереке – Наурызды қарсы алудан бастайды. Қазақ диқаншылары егіншілікті әдеттен тыс күштің күдіреті Тәңірдің ісі деп санаған.

Егінді егіп болған соң шілде айында жаңбырдың жаумай қалатын кезі болады. Ол кейде екі-үш жыл сайын, кей кезде төрт-бес жыл сайын қайталанып отырады. Жаңбырдың жаумауынан егістік алқап қурап қалады. Осы кезде қазақ халқында «тасаттық» деп аталатын ырым бар. Тасаттық кезінде қария адамның арықтағы сумен беті-қолын айналасына су шашу ырымын жасайды. Сонымен қатар тасаттықта адамдарды суға лақтырады. Аспан тәңірісінің рухы және оның бір бөлігі деп есептелген «Жайық» суда өмір сүреді. Сонда ғана лақтырылған адам Жайықтан (Жайық өзені) «құт» алып шыққан болады.

Қорыта келе, қазақ халқының тұлға аралық қарым-қатынас мәселесі ерекше жіктелетін, арнаулы зерттеуді талап ететін, сонымен қатар қазақ мінез бітісінің генезисін анықтау факторы болатын психологиялық феномен деуге болады.

Қазақ этникалық бет-бейнесінің, менталитетінің түп қазығы – көшпелілік. Ғасырдың алғашқы ширегінде қазақтар Орта Азияның шаһарлы өлкесіне қанша байланысты болса да негізгі кәсібі мал шаруашылығы, мал өнімін базарға шығарудан ажыраған жоқ. Қазіргі ХХІ ғасырда қазақ халқы осы кәсібін дамытуда. Қазақ халқының шаруашылығын қолға Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2003-2005 жылдарды «Ауыл жылдары» деп атап көрсетіп, мәдени тұрмысты жақсарту мақсатында пайдалы істерді жүзеге асырды, әлі де жүзеге асыруда.

«Атадан ұл тумас па, ата жолын қумас па» - дейді атамыз қазақ кейінгі ұрпаққа, елдігімізді сақтап, жерімізді қорғап, атымызды жаңғыртып, есімізді жалғастырар деген ниет, үмітпен. Ал қазір жастар арғы ата-тегін білмек түгіл, әкесінің атын да бұзып, тілін бұрап, орысшаға бұрмалап айтады. Бабаларының жөнін білмейтін жеткіншектен не үміт, ата жолын қайтіп қуады. Айта берсек, бұл да бүгінгі күнгі халқымыздың көкейінде жүрген өзекті мәселе. Осынау өзекті мәселені жойып, келешек жеткіншектерімізді бабалар дәстүрімен тәрбиелеп, бауырмалдыққа баулуымыз керек. Осы туысқандық қатынастардың ара жігін танып, тармақтап ажырата білу, ғасырлар бойы тар жол, тайғақ кешулерден өтіп, бүгінге дейін жалғасып келген ата дәстүрімізді сақтап, жалғастыру біздің міндетіміз деп санасақ артық болмас.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973.
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы, 1976.
3. Қалиев С., Оразбаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт – дәстүрлері. – Алматы, 1994.
4. Абдраимова Б.Ж. Халық дәстүріндегі әлеуметтік көмектің қолдауы // ПМУ хабаршысы. Гуманитарлық сериясы. – 2006. – №2.
5. Катанов Н.Ф. О погребальных обрядах у тюркских племен с древнейших времен до наших дней // Известия Общества археологии и этнографии при Казанском университете. – 1984. –Т.ХІІ. – Вып.ІІ.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается особенность родственных взаимоотношений и взаимопомощи казахского народа, которые во многом сохраняют традиционные черты.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының отбасылық жағдайындағы туыскандық қарым-қатынастардағы өз-ара көмек пен байланыстағы әдет-ғұрыптың сақталуы қарастырылған.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

Кайдаулова Н.К.-3 курс студенті (Алматы қ.,ҚазмемқызПУ)

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда төл тарихымызды, ұлттық мәдениетімізді жаңаша көзқарастар тұрғысынан зерделеудің мәні арта түскені заман талабынан туындаған үрдіс. Осы тұрғыда мәдени құндылықтардың әрқайсысын талдап, жеке зерттеудің берер нәтижесі мол болары сөзсіз.

Қазақ халқының ұлттық тағамдары ғасырлар қойнауынан қалыптасып, дамып, жетіліп келген негізгі байлығының бірі. Күнделікті тіршілікте дайындалатын немесе ғұрыптық тағамдар, оны қабылдаудың дәстүрлі реті, дастархан басындағы түрлі ұсыныстарды, тартылатын кәделі ет сыбағалары қазақ халқының қоғамдық қатынастарын бейнелейтін негізгі элементтерінің бірі болып табылатын мәдени көрініс.

«Ас адамның арқауы» деп қазақтар тағам адамның өміріне қаншалықты қажет екенін бір ауыздан түйіп айтқан. Қазақтың ас-тағамы: «ас», «ауқат», «дәм», «қорек», «нәр», «тағам», «тамақ» болып әр аймақта түрліше аталады.

Қазақтардың тағам түрлері мен тамақтануды жергілікті табиғатқа, ауа-райы жағдайына және осы ерекшелікке негізделген шаруашылыққа тікелей байланысты болып келеді. Қазақтардың тағамы, заттай мәдениеттің басқа элементтеріндей, халықтың шаруашылығына, экономикалық жағдайына, саудасаттық және этникалық байланыстарына, отбасының қаржылық қорына, табиғи-жағрафиялық жағдайына тікелей қатыста болып келе, өзіндік белгілермен ерекшелінеді. Тағам ата салтымен, әдет-ғұрпымен, діни-нанымдарымен біте қайнасып, сол халықтың жанды өзегі, ұлттық генетикалық негізгі ерекшелігі болып қала береді. Қазақ халқының шаруашылығы көп салалы болған. Кең – байтақ ата қонысымыздың табиғи-жағрафиялық жағдайына икемделініп, қазақ халқы ежелден егіншілікпен, мал шаруашылығымен, қол өнер кәсібімен және қосалқы кәсіптің түрлері болып табылатын аңшылықпен, балық аулаумен айналысқан.

Ұлттық тағамдардың еттен дайындалатын түрлері көбінесе ауылдық жерлер есебінен ғана сақталып келеді. Кейінгі жас ұрпақ өзінің ұлттық тағамдарын жетік біліп, оларды өздерінің күнделікті тағамдарына айналдырып, оның санын, сапасын арттыра беруі керек.

Төл мәдениетімізді ғылыми тұрғыдан саралау-ұлттық өркендеудің ең басты факторының бірі.

Ежелгі және ортағасырлық кезеңдерден жеткен жазба деректерден қазақ халқының этникалық тарихын, шаруашылығын, материалдық мәдениетін тарихи этнографиясын қарастырған біршама еңбектер бар. Алғашқы мәліметтер П.Паллас, И.Георги. А.И.Левшиннің (1832) үш томдық еңбектерінде бар. 1771

жылы әскери экспедиция сапарында Қазақтаның солтүстік, батыс өңірлерін аралаған белгілі шығыстанушылардың бірі капитан Н.П.Рычков. И.Р.Андреевтің «Орта жүз қазақтарының сипаттамасы» атты еңбегінде қазақтардың негізгі тағамы мал өнімдері жылқы, түйе т.б адал малдың еті болды деген мәліметермен шектелді /1/.

XIX ғасырдың бас кезегінде Қазақстан жеріндегі отырықшы және көшпелі қазақтардың шаруашылығын зерттеу үшін әрбір облыстарда шолу жұмыстары жүргізілді. Жарық көрген алуан санды еңбектерде жергілікті халықтардың тағамдары туралы деректер жиналған.

Жалпы, этнология және этнография ғылымы Қазақстанда тек Ұлы Отан соғысынан кейін ғана даму жолына түсті. 1946 жылы Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының ұйымдасуы елімізді жан-жақты зерттуге жол ашты. Белгілі этнограф Х.А.Арғынбаевтың еңбектерінде қазақтың ұлттық тағамдары туралы, дәстүрлі тамақтанудағы атқарылатын әдет-ғұрыптарына байланысты ырымдар мен тыйымдар жайлы құнды деректер мол кездеседі /2-3/. XIX-XX ғғ. қазақтардың шаруашылығы туралы монографияда Р. Ходжаеваның тек сүт тағамдары туралы ғана мақаласы орын алған /4/. Т.А.Мұқанова «Революцияға дейінгі сүт шаруашылығы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Осы тақырыпқа арналған мақаласы қазақтың сүт тағамдарына арналған /5/. Д.Қатранның «Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті» атты монографиясында қазақтың дәстүрлі тағамдары және оған байланысты атқарылатын байырғы әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер жүйесі мен ұстанымдары зерделенеді, атап айқанда, табақ тарту, сыйлы, кәделі, сыбағалы ас қаттарлы ұғымдар баяндалады /6/.

Ет пен сүт тағамдарының қолданылуы ара салмағы көшпелінің шаруашылықты ұйымдастыруының науқандық маусымына тікелей байланысты болды. Бір жылдағы тамақтану режимі жазғы және қысқы деп екіге бөлді. Жазғы тамақтану-сәуірден қазан айына дейін яғни мал төлдеген уақыттан бастап, мал суалып сүті азайған, соғым сояр кезге дейінгі аралық. Ал қысқы ас мәзірі соғымға сойған мал еті мен қысқа деп кептірілген, қатырып сақталған ет, сүт өнімдерінен құралады. Дән дақылы, егіншілік өнімдерінен дайындалатын ас-сусын түрлері қысы-жазы ас мәзірін қосымша толықтырып отырады.

Көшпелі қазақтардың тамақтану жүйесінің жылдың маусымдық ерекшелігіне сәйкес бөлінуі олардың тіршілік еткен ортасының биоэкологиялық жағдайы мен шаруашылықты ұйымдастыру факторларына ғана байланысты емес, сонымен қатар, көшпелі организмнің биохимиялық қажеттілігінен туындаған. Атап айтсақ, қыс бойы негізінен алғанда ет тағамдарымен ғана тамақтану салдарынан организмнің биохимиялық балансы қышқылдыққа қарай ауытқыса, ақ молайған шақта сүт өнімдерінен жасалған тағамдар арқылы қалыпқа келтірген.

Алты ай қыста қатал табиғат сынына, өмірі аттың жалы, түйенің қомында жүрген көшпелінің тұрмыс тауқыметіне төтеп беруге нәрлі де, қуатты ет, сүт, тағамдарының негізгі азық болуы-табиғи қажеттілік.

Қыста және мал төлдеген жазғытұрымға дейін малдың арықтауына байланысты мал союға болмайтындықтан, осы аталған мерзім ішінде тұтынатын азық қорына арнап, қарашаның соңғы, желтоқсанның басында соғым сояды. Көшпелілердің тағамдар жүйесінің көне болмысы мен кейінгі, яғни қазірге дейінгі кезеңдердегі тағамдар жүйесіндегі ет, сүт тағамдарының алар орны мен маңызының айырмашылығы-жергілікті этномәдени дамулардың ерекшелігіне сай шаруашылық мәдени типтің өзгеше сипат ала бастауына байланысты, тағамдар жүйесінде шаруашылықтың қосалқы салаларының өнімдерінің де мол орын ала бастауымен байланысты. Егіншілік өнімдерін ежелден тұрақты пайдаланып келе жатқан Оңтүстік Қазақстан аймағының өзіне тән табиғи-жағрафиялық

ерекшелігіне байланысты осы аймақ құрайтын үш облыстың өзара айтарлықтай ерекшелігі бар. Күнделікті тағамдардың негізін бидай, тары, күріш, жасымық, ноққат, маштан жасалған тағамдар құрайды. Қазақ жеріндегі тайпалардың ежелгі мекендері мен қола дәуірінде өмір сүрген сақ тайпаларының көсемдерінің обаларын, қоныстарын, ерте және орта ғасырлық қалалар мен қорғандарды қазу кезінде тары сабаны мен дәнің көптеп табылуы қазақтардың егіншілік кәсіппен сонау ертеден-ақ айналысқанын, егетін дәні жер шарына кең таралған, көп бағым-күтім тілемейтін ең көне дақыл- тары екенін дәлелдейді /7-8/

Бидай бүкіл әлемде 148 елдің негізгі азық-түлігі болып табылады. Бүкіл дәнді-дақылдар өнімнің 60% мөлшерін бидайдан алады. Бидай дәні аса құнарлы да, қуатты азық. Сақтау қиын емес, оңай өңдеп, алуан түрлі өнім алуға болады. Адам ағзасына қажетті ақ уыздардың жарымына жуығын, В витаминінің 70-80%-ын, РР және Е витаминінің едәуір бөлігін, минералдық тұздарды және т.б. қажеті заттарды бидай өнімі береді.

Дүниеге кең тараған дәннің бірі – күріш Эмудария мен Сырдария сияқты өзендердің бойында б.з.д. III мың жылдықтарда егілгендігін археологтар еңбектерінде қазба кезінде табылумен дәлелденген /9-10/. Кеңес өкіметі жылдарында Қызылорда өңірінде күріш егуге қолға алынып, күріш дақылының «ақмаржан» аталатын сорты сапалы өнім берді.

Аңшылықтан алынатын аң еттері (арқар, тауешкі, киік, бұғы т.б. қоңыр аңдар) таңсық ас ретінде, күзде пайдаланды, балық тағам ретінде өте аз тұтылды. Қазақстанда орыс ұлтының көбейіп, Ресеймен сауда-саттық қатынастарының қатарында балық және балық өнімдеріне сұраныс болуымен байланысты XIX ғ. мен XX ғасыр басынан Жайық өзені мен Каспий жағалауларында, Шалқар, Имантау, Шортанды, Шабакты, Зайсан, Балқаш көлдерінде балық аулау кәсіпке айнала бастады. Сырдария, Іле, Шу өзендерінің бойындағы көптеген малшылық, егіншілік шаруашылықтарында балық аулау қосалқы кәсіпке айналды.

Қысқы азық қорының негізгі болатын ет тағамын мол етіп дайындау үшін қараша айының басынан соңына дейін, яғни суық әбден түскен кезде соғым науқаны басталады. Күздің соңғы айларында мал қоңы төмендей бастайды. Осы кезде ет пен тері арасында көбік пайда болуына жол бермеу жағын қарастыра отырып, отбасындағы жан есебіне қарай белгілі түлік малы сойылады. Соғымға міндетті түрде қара мал мен ұсақ мал арастырыла сойылады. Көбіне жылқы, сиыр, қой сойылса, түйені сою сирек. Малды ыстық райлы, суық райлы деп бөледі. Жылқы мен қой ыстық райлы малға. Сиыр, түйе, ешкі суық райлы мал етіне жатады. Ыстық райлы мал етін өте жоғары бағалап, жұғымды, нәрлі болады деп есептеген. Суық райлы малдың астық қасиеті төмен, майы тез қатады. Мал етінің қасиетін, ерекшелігін, сіңімділігін- «жылқы еті татқанша, қой еті жатқанша, сиыр еті таң атқанша» деген қазақ мәтелі ерекше айғақтайды.

С.А.Артутюнов ұсынған азық-түлік өнімдерін өңдеудің негізгі классификациялық сатыларын еске алған жөн. Олар мына топқа бөлінеді:

- 1) азық-түлік өнімдерінің шикізаты;
- 2) белгілі деңгейде өңделген, бірақ жеуге әлі дайын емес азық-түлік
- 3) (полуфабрикат);
- 4) сақтауға болатын, ары қарай өңдеуді талап етпей жеуге болатын азық;
- 5) ұзақ сақтауға келмейтін, бірақ жеуге дайын ас.

Ет сақтаудың бірнеше тәсілі бар. Олар – қатыру, кептіру, сүрлеу, ыстау амалдары. Қыста соғымға сойылған етті аздап сорғытып, дегіген соң тошалаға апарып арсаға іледі де, тобылғы, изен, құрайды бықсыта жағып, түтінмен ыстайды еттің сақталу мерзімі ұзартылып қана қоймай, оған ерекше дәм береді, әрі

үсітпеді. Жаз айларында ет сақтаудың да өзіндік тәсілдері бар. Жіліктелген етті қандыра тұздап, малдың өз терісіне орап тастап, күн бата ет пен теріне арсаға іліп сорғытады. Таңертең ет пен теріні жинап алып, етті теріге орап көлеңкеге қояды. Келесі түні қайта іліп, етті желге қақтырады. Осылайша бірнеше күн кепкенше желге ашық ауаға ұстайды. Егер бірден аңыздық желге ілсе, сырты бірден кеуіп, іші болси бастайды. Ал теріге орап отырып, бірнеше рет кептіру еттің қан сөлінің түгел сыртқа шығуына мүмкіндік береді.

Қазақтың «ет етке, сорпа бетке» деуінде сорпаның денсаулыққа пайдалы екендігін, сорпа ішкен адамның реңі кіретінін айтқан халықтық тәжірибе жатыр. Ас пісіретін ыдыс-аяқ түрлерінің пайда болмаған адамзат дамуының алғашқы дәуірлерінде осындай тәсілдермен қатар ешқандай ыдыссыз-ақ, асты малдың немесе жануардың терісіне, іш құрлыстарын пайдалану арқылы пісіру жолдары дүниеге келді. «Мұндай тәсілдер-мал шаруашылығына дейінгі аңшылық шаруашылық-мәдени тип дәуірінің жемісі».

Малды союдың белгілі тәртібі бар. Аяғын байлап басын құбылаға қаратып, малдан кешірім сұрап, « Бісіміллә, Аллах әкбәр сенде жазық жоқ, менде азық жоқ » деп құдайға табынып, малдың тамағын бауыздайды. Қойды сойып мүшелегенде жамбас, ортан жілік, асықты жілік, бел омыртқа, сүбе, қабырға, төс, жауырын, тоқпан жілік, мойын бас, ішкі құрлысы-ішек-қарын, жүрек, бауыр, бүйрек, өкпе деп бөлінеді.

Дәстүр бойынша сиырды 12 жілікке бөледі: бас, мойын, бұғана, екі қолы мен саны, төс жиегі, жалпақ омыртқа.

Жылқы малы да осылай мүшеленіледі. Тек дене тұрқы мен салмағына қарай мүшеленуінде ерекшеліктер болады. Жамбас – 4–8 бөлікке, ортан жілік 2–4-ке, омыртқа 16 бөлікке оның ішінде сегіз үлкен, сегіз кіші омыртқаға бөлінеді. Белдеме 6 омыртқадан тұрады, жылқыда 24 қабырға болады, әр қабырға екіге бөлінеді. Ет тағамы – «ет дегенде бет барма ма» дегендей, қазақтардың ең жеңістік асы болуымен қатар, күнделікті тұрмыс-тіршілік әрекетін атқару үшін жұмсалған энергияның орнын толтыратын құнарлы азық.

Түйенің сүтінен шұбат жасайды. Жылқының сүтінен қымыз жасайды. Сиырдың сүтін ішеді, айран, ірімшік, құрт, май, қаймақ, сыр жасайды.

Қазіргі кезде қазақ дастарханына әр түрлі тағамдар еніп, азық-түлік өнімдерінің есебінен молаюмен ерекшеленеді. жалпы алғанда ежелгі қазақтың ұлттық тағамдарының қажеттілігі қазірде кеміген жоқ қайта түр-түрі көбейді. Жаңа мен байырғыны байланыстырып жаңа тағамдар жаңа ас мәзірі пайда болды.

Ұлттық тағамдардың қадыр-қасиетін білу отбасынан басталуы қажет. Отбасынан алған тәрбие жастардың азамат болып өсуіне негіз салады. Қазақ халқында «ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың » деген қанатты сөз текке айтылмаған. Қалада, ауылда тұратын қазақтар ұлттық тағамға айрықша мән беретін болуы тиіс. Үлкендер жастарды сол қасиетке негіздеп тәрбиелеп, оларға ұлттық тағамдарды жоғары дәрежеде дайындайтын тәрбие бере алуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз- кайсаков. Алматы, 1998.280с.
- 2.Арғынбаев Х.А Қазақ халқындағы семья мен неке. Алматы, 1973. 326 б.
3. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы. Алматы, 1996. –286 б.
4. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Алматы, 1980. – 253 с.
5. Муканова Т.А. Молочная пища казахов (по материалом 19-20 в.) // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1968. №5. С. 35-39.
6. Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті (тарихи-этнологиялық зерттеу). Алматы, 2002.–208 б.
7. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов. Алматы-Москва, 1995. –320 с.

8. Алимбай Н., Муканов М.С., Арғынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы, 1998. 234 с.
9. Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. Алматы, 1991. 272 с.
10. Кадарова Р.Х., Жангабылов А.Х. Национальные молочные продукты в лечебном питании. Алма-Ата, 1981. 126 с.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе специальных исследований рассматривается традиционная система питания казахского народа, которая состоит из следующих трех взаимосвязанных элементов – мясного, молочного и растительно-злакового.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының ұлттық тағамдары ғасырлар қойнауынан қалыптасу мен даму тарихымен қатар, олардың негізгі түрлері: ет, сүт және дәнді дақылдар өнімінен дайындалатыны қарастырылған.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Мұхтаров К.Т – магистрант (Қызылорда қ., Қорқыт Ата атын. ҚМУ)

XX ғасырда Қазақстан күрделі демографиялық дамуды бастан кешті. Ғасыр басында тұрғындардың негізі көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ауыл адамдары ғасыр соңында қала халқы көпшілік болған мемлекетке айналды.

Қазақ халқы талай «тар жол – тайғақ кешулерге» душар болды. Бұл қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі кезеңдердегі тарихи жағдайларға тікелей байланысты. Патша үкіметінің Қазақстанға шаруалар мен казактарды қоныстандыру саясатының жеделдете жүзеге асырылуы, 1916жылғы ұлт-азаттық қозғалысы мен қазан төңкерісінен кейінгі «кіші қазан төңкерісінің» салдары, 1921-1922 ж.ж, 1931-1933 ж.ж аштықтары мен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының зардаптары, өндірістің ірі «алыптарын» тұрғызу мақсатында республикаға жан-жақтан мыңдаған жұмысшылар мен мамандардың әкелінуі, тың және тыңайған жерлерді игеру, «комсомолдық бауырластық жолдамалар» нәтижелері көңілді қыңжылтатын демографиялық ахуалға еріксіз әкеліп тіреді /1,36/.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен қатар, отандық тарихтың жаңа беттері мұрағат қорларындағы жаңа деректермен толығып, жаңаша көзқарастар тұрғысынан қарастырылуда, соның қатарында тарихи демография мәселесінің алатын орны бөлек.

Демографиялық тарихнамада облыс халқының құрамындағы өзгерістер толық зерттеле қойған жоқ. Сондықтан да, облыс тарихын, халық санындағы өзгерістерді, оған әсер еткен факторларды зерттеудің маңызы зор, әрі ғылыми сұранысқа ие болып отыр. Қызылорда облысы халқының саны 1999 жылғы санақ нәтижесінде 595,5 мың адамды құрады. Оның ішінде аудан орталықтары мен Қызылорда қаласы халқын қоса есептегенде қала халқы 360,7, ал ауыл халқы 234,8 мың адам. Олардың 297,2 мыңы ер адамдар, 298,3 мыңы әйелдер. Ал, 2006 жылғы көрсеткіш бойынша облысымызда 618 249 адам өмір сүрген. Аудан орталықтары мен Қызылорда қаласы халқын қоса есептегенде қала халқы 368 118 адамды құрап, ауыл халқы 250 131 адамға жетті. Тұрғындардың 307 912 ерлер, 310 337 әйелдер /2, 26/ Облыстағы тұрғындар саны 2009 жылдың желтоқсанында ағымдағы деректер бойынша 650,8 мың адамды құрады. 2008 жылдың осы

кезеңімен салыстырғанда 1,5 пайызға артты, бұл туғандар санының артуына ықпал етті,

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерден байқайтынымыз облысымыздағы халықтың жыныстық жіктелуіне байланысты ер адамдар әйел адамдарға қарағанда аз екенін көреміз. Бұл жағдайға негізгі себеп: біріншіден туылуы жағынан ер балалардың саны көп болғанымен өлім-жітім жағынан жоғары болып отыр. Мәселен, 2007 жылы барлық дүниеге келген сәбилер саны 16 491 болса, оның ішінде ер балалар 8 521, ал қыз балалар саны 7 970. Ал, қайтыс болғандарының саны - 4 839, оның ішінде ер балалар - 2 787, қыз балалар - 2 052. Сонымен бірге ер адам мен әйел адам арасындағы орташа өмір сүру ұзақтығын, ер адамдардың ауыр жұмыстарға (мұнай компаниялары, құрылыс т.б) көптеп тартылуынан екендігін ескерген жөн.

Аудан орталықтары мен қала халқының ауыл халқынан басым болуының себебі: ауылдық жерлердегі егін, мал шаруашылықтарының, сонымен қатар басқа да жұмыстардың тоқтауы, ал жұмысы болған жағдайдың өзінде жалақының төмендігі, ауыл халқының қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмауы әсер етуде. Қалалық жерлерде құрылыстың қарқындап дамуы, шетелдік компаниялардың мұнай саласына келіп, өндіріс орындарын ашуы ауыл халқының қалаға қоныс аударуына бірден-бір себеп болып отыр

Қазіргі кездегі отбасын және ондағы процестерді зерттеу тек қана ғылыми-теориялық сипат емес, сонымен қатар тәжірибелік мазмұнға ие болып отыр. Отбасы мәселесі, неке-отбасылық қатынастың нығаюы қоғамды да, мемлекетті де ойландырады. Ол адам баласының дүниеге келуімен, оның өсіп, қалыптасуын қамтамасыз етіп отырғандықтан, адамзат тарихының даму кезеңдеріндегі шешуші факторлардың бірі болып табылады. Отбасы мен неке тағдыры қандай да болмасын қоғамдық құрылыспен, ондағы өндірістік қатынаспен тығыз байланыста болады да, әлеуметтік өзгерістер отбасы мен неке сипатына әсер етіп, жаңарып отырады. Мұның өзі отбасы мен неке мәселесінің үлкен қоғамдық мәселе екендігін айқындайды. Отбасы және отбасы-некелік қатынас көптеген қоғамдық ғылымдардың этнология, демография, социология, экономика, педагогика және т.б. зерттеу объектісі. Қазіргі отбасын анықтауда этнографтар мен этносociологтар отбасы құрылымы мен отбасы-тұрмыстық қатынаста этникалық ерекшеліктің белгілі мөлшерде сақталатындығына көңіл бөліп отыр /3,4816/.

Отбасы-қоғамның алғашқы ұясы. Оның негізін неке құрайды. Ал неке дегеніміз ер адам мен әйел адамның арасындағы құрылған одақ, материалдық және рухани қажеттілік. Неке тірегінің берік болуына жұбайлардың арасындағы түсіністік, психологиялық сәйкестік, яғни бір сөзбен айтқанда ішкі отбасылық факторлар әсер етеді. 1999 жылы облысымызда некеге тұрғандар саны 3 867 болса, ал некелік одақтары бұзылып, яғни ажырасқандар саны 732 болды. 2007 жылы отбасы құрғандар саны 5 749-ға жетсе, ал ажырасқан отбасы 939-ға жетті. 2008 жылы отбасы құрғандар саны 5 111 болса, ал ажырасқан отбасы 809 болды. Ал 2009 жылы отбасы құрғандар саны 5 259 болса, ажырасқан отбасы 1029 болды. Некелердің бұзылуына негізгі себепші болатын төмендегідей жағдайлар мыналар: әлеуметтік жағдайдың қиындығы, яғни жұмыссыздық, жалақының отбасы мүшелерін қамтамасыз етуге жетпеуі. Сонымен қатар отбасы құрған екі жастың бір-бірін жете танысып барып, шешім қабылдамауы, яғни аяқ асты некелесу. Статистикалық зерттеулерге қарағанда үйленгеннен кейін 2-3 жыл аралығында ажырасу саны көбейеді. Дегенмен, облыстармен салыстырмалы түрде біздің аймақта некелік қатынасатарды бұзу жағдайының аздығы бізді қуантады. Қазіргі жанұялардың берік болуының негізгі себебі, облысымыздағы қаймағы

бұзылмаған қазақи ортаның, қазақы салт- дәстүрдің, әдет-ғұрыптың сақталуы мен қайта жаңғыруы екені шындық.

Көші – қон адамзат тарихының өн бойында жүріп отырып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси даму барысында өзіндік орын алады. Адамдардың көші-қоны мен олардың орналасуының шыққан және барған жерлеріндегі этодемографиялық процестердің дамуына әсері зор. Көші-қон деп халықтың барлық әлеуметтік мәнді орын ауыстыруларын, территориялық жылжуларын айтамыз. Халықтың қолайлы көші-қоны экономикалық және әлеуметтік қозғалысының міндетті шарты болып табылады /1,736/ 2007 жылы 7646 адам аймағымызға келсе, 12 136 адам облысымыздан көшіп кеткен.2009 жылы облысымызға барлығы 8299 адам келсе, 10377 адам қоныс аударған.Оның ішінде сыртқы көші-қон бойынша 341адам келсе 36бадам сыртқа қоныс аударған, ішкі көші-қон бойынша 3473 тұрғын өңірімізге келсе, 5526 адам кеткен /4.8-9б/.

Тарихшы, демографтардың пайымдауынша тәуелсіздік алған он - он бес жыл ішінде облысымызда тұруға тиіс 300 мыңдай адам сыртқа көшіп кеткен /5/. 2009 жылдың қаңтар қарашасында табиғи өсім 11 991 адамды құраған, ал 2008 жылдың қаңтар қарашасында 12 167 адам болған. Облыс бойынша өлім көрсеткіші – 4 292 адам (2008ж. қаңтар қарашасында 4 326 адам) бұл өткен жылмен салыстырғанда 34 адамға кеміген. Ал жалпы өлім көрсеткішінің коэффициенті әрбір мың тұрғынға шаққанда 7,37 ден 7,13 ке дейін кеміген /4.8 б/ Халықтың өлімінің негізгі себептері ішінде ең үлкен меншікті салмаққа қан айналымы жүйесі аурулары (45,2%) ие болып отыр.

Қорыта келгенде, мәселен облысымызда 1979 жылы ауылдағы жанұялардың 46 пайызының әрбірінде 7-ден артық адам болған. 1999 жылғы есеп бойынша ауылдық жерлердегі 7адамнан артық жаны бар отбасы 33 пайызды құраған /5/. Белгілі демограф – ғалым Мақаш Тәтімөвтің пікірінше «тағы да аналарымызға қарапайым тілмен айтқанда бірінші бала, егер ол ұл бала болса, әкесінің орнын,екінші бала, егер ол қыз бала болса, шешесінің орнын ғана басады. Ал, үшінші бала халықта болып жатқан әртүрлі шығындардың орнын толтырады, яғни, үшінші баланы әйелдер құрбандық үшін туады. Бұл үш баладан халықтың саны не өспейді, не кемімейді, тек төртінші бала ғана халықтың өсіміне бір ақ сан қосады. Сондықтан төртінші перзентті қазақ әйелі ұлт үшін өмірге алып келуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асылбеков.М,Құдайбергенова.А Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939-1959 жж). Алматы 2005 159 б.
2. О демографической ситуаций в Кызылординской области. Кызылорда облысының статистика басқармасы. Кызылорда, 2004. 19 б.
3. Қ.Б.Баудиярова Қазақстан жалпы адамзаттық тарихи ойлау аясында. Халықаралық Бекмаханов оқуларының материалдары. Алматы, 2005.
4. Кызылорда облысының әлеуметтік – экономикалық дамуы. Кызылорда облысының статистика басқарамасы. Кызылорда, 2010.
5. Оразбақов А.Ж. Аналарымыз жасанды түсік жасатудан аулақ болса екен. //Ақмешіт апталығы 2009 жыл 15-сәуір.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Кызылорда облысы тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық ахуалі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается социально-демографическое положение Кызылординской области на современном этапе.

САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ НАУҚАНЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АҒАРТУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Сахимова А.М – магистрант (Қызылорда қ., Қорқыт Ата атын.ҚМУ)

Патшалық Ресейдің отарлауынан құтылып, большевиктер үкімет басына келген кезде қазақ қоғамы мен халқының саяси жағынан белсенді жұмыстары негізінен Ташкент пен Омбы қалаларында, сонан соң Орынбор мен Қызылордада өткені бәрімізге белгілі. Қазіргі кезеңде бұл шеткері жатқан қалалардың мұрағат құжаттары аз зерттелген. Әсіресе Қазақ халық ағарту институты жайында және де сауатсыздықты жою туралы мұрағат парақтары жарыққа шықпай отыр. Мәдени құрылыс атауына ие болған бұл құрылыстың бір тармағы республикамыздағы сауатсыздықты жою болып табылады./1/

Кеңес өкіметі орнатылғаннан кейін, нақтыласақ 1920 жылы РКФСР ХКК-нің шешіміне орай Өлкелік Халық ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздардың есебін алуды ұйымдастырумен, педагог мамандарды даярлаумен, курстар мен мектептерді ашумен, оқу құралдарын басып шығару мен шұғылданатын сауатсыздық жөнінде комиссиялар құрылды.

1924 жылдың қаңтар айында Қазақстанда "Сауатсыздық жойылсын" ұйымын құру жөнінде жұмыстар жүргізілді. Осы жылдың 17 ақпанында өткен алғашқы ұйымдастырушылық жиналыста Қазақстандағы сауатсыздықты жою ұйымы (СЖҰ) рәсімделді. Олардың негізгі мақсаты сауатсыздықты жою болғанымен олар жергілікті жерлерде жұмысшы, шаруа, малшылар қатарын социалистік құрылысқа тартумен және сауатсыз село халқын бар күш жігері мен қаражаттарын қоғамдық іске жұмсауға үйрету сияқты коммунистік идеологияның принциптерін насихаттаумен де айналысты./2, 113 б/

Қазақ халық ағарту институты сауатсыздықты жоюға айтарлықтай үлес қосты. Институт Орынборда 1919 жылы ашылған. Орынборда ашылған институт алғашқыда Қырғыз халық ағарту институты деп аталды. Тарихы 1919 жылы басталатын бұл институтта қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлаған.1921 жылдың өзінде 140 оқушы оқыған. Оқу жоспары бойынша институтта сабақ тек қазақ тілінде жүргізілді.Институт оқушылары мен студенттері елде сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты./3, 433 б/


Ең алдымен хат танытудан басталған жұмыс 1925 жылы шақырылған Қазақ АКСР Кеңестерінің Ү съезінің негізгі құжатының бірі Қырғыз халқының тарихи дұрыс атын қалпына келтіруі еді. Яғни, Кеңестердің Бүкіл Қазақтық Ү съезі "бұдан былайғы жерде "киргиз" деген атау "қазақ" деп аталсын" деп қаулы қабылданды. Сонымен бірге съезд "Киргиз Республикасын" "Қазақ Республикасы" деп атауға,ал оның астанасы Ақмешітті Қызылорда деп атауға қаулы алды./4/ Осы съездің күн тәртібінде халық ағарту ісі де қаралды. Қазақ АКСР-нің астанасы болған Қызылорда қаласына 1925 жылы Орынбордан Қазақ ағарту институты (КазИнПрос) көшірілді.1924-1925 жылдары Сырдария облысының Ақмешіт халық ағарту бөлімі, 1925-1927 жылдары Сырдария губерниясы Қызылорда уездік-қалалық халық ағарту бөлімі жұмыс істеді.1927 жылы Кеңес үкіметінің 10 жылдығында мектептер саны облыс көлемімен есептегенде 149-ға жетіп, ондағы оқушылар саны 12495 болған.

1927 жылы 29 мамырында БК(Б)П Орталық Комитеті қабылдаған сауатсыздықты жою туралы қаулы "Сауатсыздықты жоюдың мұнан былайғы жұмысына батыл өзгеріс жасау", бұл жұмысты "бірыңғай жоспар, күштер мен қаражатты біріктіру, сауатсыздықты жоюға қатысатын барлық ұйымдарға кең ықтияр беру негізінде" жүргізу қажеттілігі көрсетілді /5, 13-17 б/Т

Кеңестік биліктің алғашқы жылдарында ағарту саласына зор үлес қосқан қазақ зиялыларының қатарында Сәкен Сейфуллин болды. Ол 1925 жылы 7 сәуірде Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылым орталығының төрағасы, 12 шілдеде қазақтың пролетар жазушылары ассоциациясының басшысы болып тағайындалады. Сәкен Сейфуллин 1926 жылы БКП Өлкелік комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, 1927 жылы Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі Қазақ педагогика институтының директоры болып жұмыс істеді және, 1925-1928 жылдар аралығында дәрістер оқып, сабақ берген. Сәкен- Қазақ Кеңес ағарту жұмысының қарыштап дамуына үлкен роль атқарған жаңашыл азамат. Оның поэзиясы- Абай мен Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығының заңды жалғасы бола тұрса да, идеялық-шығармашылық принципі жағынан айрықша ерекшелігі бар үлкен дүние. Сәкен шығармаларының идеялық нысанасы жаңа дәуірдің, кеңестік заманның көкейкесті мәселелерімен тығыз ұштасып жатты. Сәкен шығармашылығын сөз еткенде, ерекше назар аударатын мәселе – оның замана бейнесін жасауы және де өз білімімен жас ұрпақтың сауатын ашуы болды. Тәжірибелі педагогтар, республикада жұмысын ұйымдастырушы қайраткерлер – С.Мендешев, Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, М.Жолдыбаев т.б. институтта дәріс берді./6/

Осы жылдары мектеп жасындағы балалардың оқуға жалпы қамтылуы 83,6 пайыз болса, оның ішінде қазақтардың жалпы үлесі 45 пайызды құрады. Жоғары мектептерде оқитын қазақтардың санына келсек, ол тіптен төмен деңгейде болатын. Жоғары мектептерде оқығандар және оның ішіндегі қазақтар туралы мәлімет төмендегідей:

Жылдары	Жоғары мектеп оқушылары	Оның ішіндегі қазақтар
1928-1929жж	30560	мәлімет жоқ
1929-1930жж	36000	мәлімет жоқ
1930-1931жж	39161	4521
1931-1932жж	50720	6020



Осы статистикалық мәліметтер 1930-1931 оқу жылындағы қазақтардың бұл мектептерге оқуға қамтылуы біршама жақсарған. Мысалы: 1928-1929 оқу

жылында 14 педагогтық техникумда оқыған 2198 оқушының 1363-і қазақ болса, 1931-1932 оқу жылында 29 педтехникумның 5816 оқушысының 3978-і қазақ болды.

Кеңестік жүйе жағдайында орыс тілінен хабары шамалы бұқараны "таптық" және "большевиктік" рухта тәрбиелеу басты назарға алынды. Оның құралы – жергілікті ұлт тіліндегі басылымдарды және әдебиеттерді көбейту ауадай қажет болды. Мұны Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығында қазақ тілінде жарық көрген жалпы әдебиеттерді басып шығару сипатынан байқауға болады:

Жылдар	1925жыл	1926жыл	1927жыл	1928жыл	1929жыл
Қазақша әдебиеттердің алатын саны	46	56	49	127	127
Таралымы (мың)	408.000	434.000	420.400	1.054.500	1.412,7

Қазақстан үкіметі де, орталықтағылар да республикадағы білім беру ісін қаржыландыруға ұмтылмады. Қазақстан халыққа білім беру ісіне жұмсалатын шығын жөнінен басқа Кеңестік республикалардан бәрінен төменгі орында болды. Халыққа – білім беру ісінде 1927 жылы жан басына шаққанда жұмсалған шығын Қазақстанда небәрі 1 сом 35 тиын болса, ал бұл көрсеткіш РКФСР-да 2 сом 61 тиын, Түркменстанда – 3 сом 88 тиын, Бурятияда – 4 сом 24 тиын, Закавказье Федеративтік Республикасында – 5 сом 26 тиын болды. Бұл мәселеге мән бергісі келмеген Ф.Голощекин, 1927 жылғы ҮІ Бүкілқазақтық партия конференциясында "менің өзім әрқашан аударып отырған халыққа білім беру бюджеті үш жыл ішінде өсіп кетті...", - деп біржақты мақтанды.

1929 жылдың 25 шілдесінде "Жаңа қазақ орфографиясын бекіту туралы" қаулы жарық көрді. Жаңа қазақ орфографиясы Халық ағарту Комиссариатының Қызылордада 1929 жылдың 2-4 маусымында өткізілген ғылыми конференциясында қабылданып, ал 20 шілдеде Орталық Атқару Комитеті оны бекітті./7, 29 б/

Сауат ашу науқанының тағы бір осал тұсы оқулықтардың жетіспеуі еді. Ресми мәлімет бойынша 1928 жылы қазақ тілінде 22 оқулық атауы (жалпы данасы 732.000) бар болатын. Жаңа әріпке сәйкес келетін жаңа оқулықтар дайындау қажет бола бастады. Қазақ тілінде оқулықтарды жазуға даярлығы бар топ Алаш қозғалысының қайраткерлері еді. Бірақ та алаш қайраткерлерін жазықсыз 1928-1929 жылдары жаппай тұтқындалып, жер аударылды. Сол қазақ зиялыларының бірі әйгілі ғалым-теоретик, эстетик сыншы Ахмет Байтұрсынов болатын. Оның жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы "Әдебиет танытқыш" ("Теория словестности") деген атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып, авторы ұсталып кеткен соң, бұл еңбек көпшілік арасына мол тарап үлгермеді. Бірақ қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған./8, 30 б/

“Әдебиет танытқыш” кітабындағы термин, ұғым, категория әдеби тілімізге, ғылыми оралымға кезінде кіргенін айта отырып, бұл еңбекте эстетикалық ойлау жүйемізді әлі де байыта түсетін тамаша қазына, ересен тапқырлықтар бар екенін көрсетуіміз қажет. Сонымен Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат болар еді Ахмет Байтұрсыновтың әдеби-ғылыми мұрасының ішіндегі ең көлемді және айрықша тиянақталған тұжырымды еңбегі – “Әдебиет танытқыш”. Шолу ретінде, атүсті айтылғанмен, бұл еңбек дәлді зерттеліп, әділ бағасын әлі алған жоқ./9/ Қазақ тіліндегі әдебиеттер Ташкентте,

сондай-ақ, 1925-1929 жылдары Қызылорда астана болып тұрған кезде көптеп шығарылған. Мысалы, қомақтысы Сәкен Сейфуллиннің "Тар жол тайғақ кешу" романын айтуға болады. 1930 жылдары республикада педагогтар мен мұғалімдер даярлайтын институттар көбейді. Соған байланысты 1933 жылы 15 қазанда Қазақ халық ағарту институты қызметін тоқтатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Самрат Ж. Қазақтың тұңғыш жоғарғы оқу орны біз айтып жүргеннен әлдеқайда ертерек ашылыпты. // Егемен Қазақстан, 2010 жыл, 1 қаңтар, №1.
2. Сайлан Б.С. Қазақстан жастарының 1920-30 жылдардағы сауатсыздықты жою науқанына қатысуы. // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Хабаршысы-2008. №1.
3. "Қазақстан" Ұлттық энциклопедиясы/Қазақ халық ағарту институты. Алматы., 2003.
4. Қалиев Ы., Шілдебаев Е. Дария жағасындағы қала. // Оқу ордалары. Алматы; 1980.
5. Ақпанов Қ.А., Нұрғалиев Н.С. Қызылорда - халық ағарту мекені // Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Хабаршысы-2006. № 2.
6. Интернет. <http://www.google.kz/>. Сәкен Сейфуллин.
7. Омарбеков Т. Мәдени құрылыс тарихы: тапшыл көзқарас сабақтары. // Ақиқат, 1996. № 3.
8. Омарбеков Т. Сауатсыздықты жою: науқаншылақ және оның. // Ақиқат, 1996. №2.
9. <http://www.google.kz/>. Ахмет Байтұрсынұлы – бес арыстың бірі.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 1930 жылдардағы сауатсыздықты жою науқаны мен халық ағарту саласындағы атқарылған ішаралар қамтылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена ликвидации неграмотности население Казахстана и образованию Института просвещения.